

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫ
ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

У.А.БАЙҚАБЫЛОВ, Ш.И.БОТИРОВА

МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті,
бастауыш білім және мектепке дейінгі білім
мамандығына арналған оқу қолданба)*

ТОШКЕНТ
«ISHONCHLI HAMKOR»
2021

УДК: 811.512.122(075)
КБК: 81.2(5Каз)
Б 17

Байқабылов, У.А., Ботирова, Ш.И.

Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті [Мәтін] / У.А. Байқабылов, Ш.И. Ботирова.
- Тошкент: «ISHONCHLI NAMKOR», 2021. - 220 б.

Оқытушының тіл мәдениеті пәнінен өтілетін тақырыптар үшін оқулық педагогика жоғары оқу орындарының 5111300 - Қазақ тілі және әдебиеті бағытының оқу жоспарында “Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті” пәндерінен оқу бағдарламасында белгіленген тақырыптарды өту үшін, сонымен қатар, студенттердің мәнерлеп оқуға икемділігін арттыру, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру бойынша жастардың тіл мәдениетін дамытуға арналған.

Жауапты редактор:
С.Матчанов.

Құрастырушылар:

У.А.Байқабылов – ТОШМПИ-дің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің аға оқытушысы.

Ш.И.Ботирова – ТОШМПИ-дің Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының доценті

Пікір жазғандар:

Т.Төртқұлбаева – Әжінияз атындағы НМПИ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, PhD

Р.Расулов – ТОШМПИ-дің Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры.

Қазақ тілі мәдениетінің сан алуан қиын да күрделі теориялық мәселелері бар. Соның көбі бүгінгі күн талабымен, тәжірибесімен астарласып жатады. Ондай көпшілік назарын әрдайым аударып отыруды тілейтін тіл мәдениетінің өзекті мәселелері мыналар: орфоэпия, орфография, баспасөз тілінің мәдениеті, сөз қолдану және аударма мәдениеті.

Оқу қолданбада әдеби тіл мен тіл мәдениетінің өзара байланысы, қазақ тілін оқыту талаптары, сөйлеу мәдениеті мен шешендік туралы сөз болады. Ауызекі сөйлеу тілін меңгеруді жақсарту түсу туралы нұсқаулар берілген.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2021 жыл «31» майдағы «237» - санды бұйрығына негізделіп.

ISBN 978-9943-7091-8-8

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті талапкер! Міне, қазақ тілінен мектеп қабырғасында алған бүкіл біліміңізді қорытындылап, жинақтайтын соңғы межеге де жеттіңіз. Он бір жыл бойы ана тіліңіздің қадір қасиетін сезіндіретін сан алуан тілдік құбылыстармен, заңдылықтармен таныстыңыз, қазақ тілі білімінің ғылыми негіздерінен хабардар болдыңыз. Біліміңіз ғана тереңдеп қойған жоқ, білігіңіз де дамыды.

«Тіл (сөз) мәдениеті» атты бұл курс осыған дейінгі меңгерген сол білім-біліктеріңізді жетілдіруді көздейді.

Сөз мәдениеті дегеніміз – біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді орынды жұмсау (сөз шеберлігі). Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұтану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі – тек нормаға тән дұрыстықты ғана емес, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғау дегенге саяды.

Сөз мәдениеті адамның ойлау мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттар.

Тіл мәдениетіне тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпикалық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормалар қамтылып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық норма жүзеге асады. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады. Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін

қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану; сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс - лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.



КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда үлкен мән беріліп, жедел қолға алынып отырған мәселелердің бірі - тіл (сөз) мәдениеті. Ол қазір мақсаты мен мазмұны, объектілері мен әдістері біршама айқындалып, қазақ тіл білімінің дербес саласына айналып отыр. Сөз (сөйлеу, тіл) мәдениеті дегеніміз - өзінің барлық қаттауында (ярусында) нормалары қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың көпшілік тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты. Әсіресе қазіргідей көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен телевидениенің, ұлт театры мен киноның, топ алдына шығатын ауызша сөйлеу түрлерінің (үгіт-насихат жұмыстары, лекция, баяндама, жиналыстардағы сөз т.б.) дамыған тұсында сөз (тіл) мәдениеттеріне ерекше назар аударылады.

Тіл мәдениетінің тірегі - әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астарласып жататындықтан, «тіл мәдениеті» деген ұғымның аясы кең. Өйткені тілдік нормалар мен тілдің стильдік тармақтарының әдеби тілдің қоғамдық қызметі ұлғаю барысында көп жылдар бойы берік қалыптасқандарға да, жаңадан пайда болғандары да бар.

«Мәдениет» сөзін бұрын қоғамның материалды, рухани байлықтарының түрлі тарамдарын қамтиды деп қолдансақ, осы күндері оның жұмсалыу аясының кеңейгені байқалады, мысалы: еңбек ету мәдениеті, сауда-саттық мәдениеті, егін жинау мәдениеті, мәдениетті дақылдар. Осылардың қатарында «тіл мәдениеті» деген ұғым да жиі қолданылатын болды.

Бұл атаудың пайда болуы тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшейюімен, тіл білімі ғылымының ілгері дамуымен байланысты болса, мақсат-жұртшылықты сол мәдениетке баулу болмақ.

Мәдениетті әсіресе тіл мәдениеті жоғары азаматтар қатарына қосылу әркімнің - ақ абзал арманы. Жастарды мәдениеттілікке тәрбиелеу жүйесі жастарға жан-жақты білім беріп, мәдениетті, жаңа қоғам өмірінің белсенді азаматы етіп тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Тәрбиенің түрі көп: саяси тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамды еңбекке, тәртіптілікке тәрбиелеу сияқты оқушының тіл мәдениетін арттырудың да мәні зор. Оның тәрбие ошақтары, оқушы-

ның тәрбие алатын алтын ордалары - жанұя, мектеп, еңбек коллективтері, баспасөз, телевидение, радио, кино, театр, жиналыс т.б.

Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекеттің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Қазақ халқының тіл мәдениетінің мұрагерлері мектеп оқушылары дейтін болсақ, олардың биік мақсат-міндеті - қазақ тілінің байлығына қанық болу, ойын анық, дәл айқын, әсерлі ұтымды етіп айта, жаза алатын болу. Мектеп оқушылары ой-пікірін айқын, әсерлі жеткізу үшін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем құрылыстарын, морфологиялық тұлғаларды олардың айтылуына сәйкес дұрыс қолданылатын болса, осының өзі-ақ оқушының тіл мәдениеті дәрежесінен біршама көрініс береді.

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардың құралған сөйлемдерге негізделеді. Тілдің бас арқауы - сөз. Арқаусыз кілем, алаша, мата тоқылмайтын сияқты, сөзсіз сөйлем де құралмайды. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оқушының сөзден сөйлем құрап, өзгелермен тілдесе, жаза білуі - оның ақыл-ойының дамып, сана-сезімінің арта түскенінің белгісі.

Тіл - әлеуметтік құбылыс. Бала ана тілін қоғам мүшесі ретінде пайдалануда табиғи айналадан үйренеді. Балаға де малу, тамақтану қаншалықты табиғи болса, жастайынан тіл үйрену де сондай табиғи. Бірақ олардың әрқайсысының тіл үйрену негізі болмаса, оның себеп-салдары әр түрлі.

Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Сондықтан бастауыш мектептен бастап бала ана тілін білу, үйрену, тіл мәдениетін арттыруды барлық саналы өмірінің әрекеті деп түсінуі керек.

Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тіл өткір құрал ретінде ұстарта білу - үлкен өнер. Әрбір мәдениетті кісі сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін арттыруға талпынады.

Әдетте мәдениет - қоғамның оқу-білім, ғылым, өнер тағы басқа

рухани табыстарының жиынтығы деп білеміз. Тіл оған жатпайды, бірақ мәдениеттің елеулі формасы деп есептеледі. Осы орайда оның мәдениетті дамыту қызметі ерекше болады.

Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік... тіл мәдениеті дегенге енеді. Максат – сол мәдениетті дамыту сол үшін күресу.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану.

Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды:

1. тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы);
2. этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);
3. коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениетін қалыптастыруға қажетті лингвистикалық орталықтар қатарына лингвистикалық болжау орталығы жатады. Лингвистикалық алдын ала болжау орталығы дәстүрлі тіл жүйесінің сапалық және сандық бағыттарын кешенді түрде зерттеу міндеттерін, сөз, сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыру мәселесін қарастырады. Сөз мәдениетіне қатысты лингвистикалық экология тіл және сөз мәдениетінің экологиясы деп аталады. Сөз мәдениетінің

экологиясына тілдік ситуация, тілдік сана, тілдік орта, тілдік ортаның тазалығы, сөз қызметіндегі стилистикалық қатынастардың бұзылуы, сөйлеу этикасы мәселелері, сөз мәдениеті және мониторинг, т.б. мәселелер жатады.

Сондықтан бұл құрал ең алдымен қалам иелеріне, содан соң көркем туындыларды оқитын, сол арқылы ана тілінің табиғатын, тәртіп-жүйесін, заңдылық-нормаларын, әсемдік құдіретін біле түсетін қалың оқырман қауымға араналады. Оқырман қауымға ұсынылып отырған мына шығын еңбекте тіл мәдениеті мәселелерінің едәуір жақтары өз шешімін табады деп ойлаймыз.



I тарау. Мәнерлеп оқу жайлы мағлұмат

Мәнерлеп оқудың характері мен мазмұны жайында

Сөйлеу - мұғалімнің негізгі құралы. Мұғалім өзінің мазмұнды, анық, түсінікті сөзімен студенттеріне әсер етеді. Мұғалімнің сөзін ешбір оқулықпен теңестіруге немесе басқа нәрсемен айырбастауға болмайтындығы белгілі. Өйткені мұғалім қандай пән болса да өз атынан сөйлеп түсіндіреді. Сондықтан мұғалім ойын мазмұнды етіп құрумен қатар, әрбір сөйлемді өз әуенімен түрлендіріп, сазына келтіріп айта білуі қажет. Студент мұғалімнің не сөйлегенінен гөрі қалай сөйлегеніне көңіл аударады.

Демек, мәнерлеп, тиісті дауыс ырғағымен сөйлеу, оқу - мұғалімнің негізгі құралы. Ол тек тіл мен әдебиет сабағының мұғаліміне керекті жағдай деп қарауға болмайды., бұл барлық мұғалім атаулыға тән қасиет болуы керек. Онсыз қандай пәнді болса да оқыту да, түсіндіру қиын, өйткені мұғалімнің ойын студенттер толық қабылдай алмайды.

Студент мұғалімнің сөйлеу мәнеріне қарай оның ойын толық түсінеді. Сондықтан А.М.Пешковский: «Біз өз сезімімізді сөзден не интонация арқылы түсіндіреміз», - десе, В.Н.Всеволодский-Гернгросс та «адамның жан-дүниесінің қанша құбылысы болса, соның бәрін интонация арқылы беруге болады», - деп көрсетеді. Демек, мұғалім сөзі мәнерлі дауыс ырғағымен айтылғанда ғана студенттің құлағына жағымды тиіп, оның сол сабаққа деген ынтасын оятып, қабілетін күшейте түсетіндігі белгілі нәрсе.

Профессор Құдайберген Жұбанов – өзақ тіліндегі сөйлем сазына тоқтай отырып, адам көңілінің түрлі күйіне сөздің түрлі әні сәйкес келеді. «Адам көңілінің қобалжуының түрі көп, ұшы-қиыры жоқ десек те болады. Бұларды білдіруге арналған амалдың - дауыс сазының да түрі көп», - деген болатын.

Мәнерлеп оқитын кісінің даусы ашық, дикциясы анық, әрбір сөзді өз әуенімен айтатын, әдеби тілде дұрыс сөйлей білетін болуы керек. Бұған қосымша оқитын материалды жақсы түсініп, оның идеясын, мазмұнын толық меңгерумен қатар, оны мұғалім барлық жан-дүниесімен, сезімімен (қуанып та, қиналып та, тебіреніп те, қобалжып та) айта алатын болуы керек. өзіргі кезде сөзге талап күшейді, өйткені мәдениетті сөйлеу бұрынғыдай бірлі-жарым кісінің

ғана құралы болып қалмай, жалпы қалың бұхараның күшті құралына айналды.

Қазақ халқы қай заманда да терең ойлы, көркем тілді, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін дүлдүл шешендердің есімін көздің қарашығындай қастерлеп, біздің дәуірімізге жеткізген. өзақ халқы табиғатынан әнді, әсерлі, сұлу сөзді қадірлеумен қатар оны майын тамызып айта да білген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен , бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік», - деп орынды айтқан. Сұлтанмахмұттың «өнерлі тіл» деп отырғаны тілдің сан қырлы функциясы. Ол көркем сөзді қастерлей білумен қатар, оның айтылуына да аса көп көңіл аударған.

Мәнерлеп, ырғағына түсіріп айтып немесе оқып берудегі негізгі шарттың бірі - оның мазмұны. Мұғалім немесе дауыстап оқушы кісі сөйленетін мәтіннің мазмұнын егжей-тегжейіне дейін толық меңгерген болуы керек. Сол тақырыпқа байланысты қосымша деректермен де танысып, өзінің ойын студентке терең, толық, сенімді етіп түсіндіруді мықты ойластырғаны жөн. Мұғалімнің көп білетіндігі, әсерлі, мағыналы, мазмұнды сөйлеуі студентке күшті әсер етеді.

Мәнерлеп оқу үшін, сол тақырыпты жақсы білу, түсіну керек. Олай болмаса, жалаң құрғақ-сылдыр сөз қанша ырғағымен айтылса да, ешкімге әсер етпейді. өйткені оны түйіп алар түгі жоқ, құлаққа қонбайды. Ал, көркем әдебиеттен өтілетін материалдарды түсіндіре келіп, кейбір әсер етерліктей жерлерін оқып беруге тура келеді. Бұндай материал алдын ала дайындалып, ырғағына түсіріліп, оқылып шыққан болу керек. өйткені таңдалып алынған үзінді өзінің мазмұны, көркемдігі жағынан тыңдаушысының сезіміне дәл тиіп, түсіндірген ойының дәлелі сияқты болып көрінеді. Әлбетте, бұндай жағдайда мәнерлеп оқу мазмұнды тереңдете түседі, оның экспресивтігін арттыра түседі.

Сөйлемдегі сөздердің дұрыс қолданылуы өз орнымен орналасуының да маңызы күшті. өзақ тіліндегі қара сөз жүйесінің белгілі орын тәртібі бар. Олардың орнын ретсіз өзгертсең, буынсыз жерге пышақ ұрғандай үйлесімсіз болып шыға келеді. Ондай сөйлемнің

айтылуы да құлаққа қонымды болмайды.

Ең алдымен мұғалімнің тілі бай болсын, ол студенттен де соны талап етуі керек.

Мәнерлеп оқудың мақсаты мен міндеттері

Сөз өнерінің, әсіресе көркем сөздің құдіреті шексіз. Адамзаттың сөйлеуіне нәр келтіретін көркем сөз көркем әдебиетте және де әсерлі әрі эстетикалық әсер ету күшін арттырады. Мәнерлеп оқу – ауызша тіл дамыту жұмысын жетілдірудің кепілі. Мәнерлеп оқуға соңғы жылдары жан-жақты көңіл бөліне бастағаны сезіліп келеді. Себебі, әдебиетті оқытуда бүгінгі таңда мақамдап, келістіріп оқу әдісі тиімді әрі сапалы болып отыр.

Бұл арада мәнерлеп оқуды келістіріп оқу деп те атап жүргендігін айтқанымыз жөн. Алайда бұлардың бәрі де бір-біріне жат емес...

Сонымен мәнерлеп оқудың анықтамасы қалай болмақ? Бұл жөнінде С.Тілешева: «Мәнерлеп оқу дегеніміз - көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс үнділігін, ырғағын сақтай отырып оқу», - дейді. Демек, бұл ең алдымен, көркем сөз мәтінін дұрыс оқу, түсініп оқу және белгілі дәрежеде жылдам оқу шарттарын сақтап оқу деген сөз.

«Оқи білу дегеніміз – оқушыны шығармаға сүйсіндіру, оның көркемділік ойын тереңдету, шығарманы тану, бағалау деген сөз», - деп Т.Ақшолоақов өте дұрыс айтады.

Ал, мәнерлеп оқудың мақсаты - дұрыс, тез, көркем оқуға үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеру, оқушының тіліндегі Әр түрлі кемшіліктерді болдырмау, дем алу аппаратын, дауысын жолға қою, дұрыс, анық сөйлеуге үйрету.

Студент мәнерлеп оқу арқылы ғана әдеби шығарманың нәріне бойлай алады. Сонымен бірге көркем туынды туралы тұжырым жасап, талғамын танытады. Сондықтан да студенттің ауызша тілін дамытуда мәнерлеп оқу өзекті әдіс саналады.

Осындай мақсатқа жету үшін мәнерлеп оқуды меңгерту қазіргі оқытудың басты міндеті болып отыр. Ол үшін студенттерге келістіріп оқудың шарттарын үйретіп, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырған жөн.

Студенттің сабаққа ықыласы мен қызығушылығын арттыру үшін мұғалім мәтін талдау жұмысын, көбіне көркем шығарманы сәнді үн, әсерлі дауыс ырғағымен оқудан бастайды. Студенттің назарын жаңа мәтінге аударады, оның шығарманы меңгеру құштарлығын оятады.

Студенттерге эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім, эстетикалық баға, көркемдік талғам немесе интонация, логикалық екпін, дауыс кідірісі (пауза), жылдамдық, ырғақ т.б. туралы түсінік бермей тұрып мәнерлеп оқу талаптарын жүзеге асыру қиынға соғады. Сондықтан мәнерлеп оқудың мән-мазмұнын жай оқудан ерекшелігін, оның көркемдік компоненттерін студенттер біршама танып білуі керек. Ол үшін әдебиеттің кіріспе сабақтарында тағы басқа жоғарыда айтылған мәселелерді мәнерлеп оқудың техникалық элементтерін, көркемдік компоненттерін кеңінен талдап, одан студенттерге белгілі дәрежеде білім дағдысын үйретуіміз керек.

Көркем әдеби шығармалардағы эстетикалық қабылдауды шығарманың мазмұн-идеясын, көркемдік қасиетін тану, сезіну деп түсінсе болады. Эстетикалық қабылдаудың маңызды ерекшелігі - оның адамның сезім күйін, әсерленуін туғызуында. Сезім күйі, әсерлену болмаса эстетикалық қабылдау да болмайды. Студенттер көркем шығарманы біліп, танып, оқып қана қоймай, оқу не тыңдау үстінде ондағы кейіпкерлердің тағдырымен ойша ортақтасатындай, оның тағдыр-талабын бастан кешісіп, онымен бірге қайғырып, бірге жылап, толқып, бірге қуанатындай күйге келсін.

Міне, сонда ғана көркем шығарманың шын бағасы танылады, әрі шын мәніндегі эстетикалық қабылдау туады.

Эстетикалық қабылдау эстетикалық сезіммен тікелей байланысты. Эстетикалық сезім деп көркемдік сұлулық әлемін сезім күйі арқылы қабылдап, өзгеше әсер, ләззат алу деп таниды. өнер, оның ішінде көркем әдеби шығарма эстетикалық сезім күйін тудыру арқылы адамдардың жан сарайын байытады, олардың рухани және идеялық жағынан өсуіне пәрменді ықпал етеді. Біздің көркем шығарманың қандай түрін болмасын талдауға, түсінуге, тануға селқос қарай алмайтынымыз да осыдан.

Көркем шығарманы эмоциялық қабылдаудан соң, соның заңды нәтижесі ретінде студенттерде эстетикалық пікір мен баға пайда болады. Студенттердің көркем шығармаға деген пікірі мен бағасы

неғұрлым терең әрі мазмұнды болу үшін оларды шығарманың сапасын, көркемдігін танып білуге, түсіне білуге тәрбиелеу қажет. Эстетикалық тәрбиенің мұрат-мақсаты да сонда.

Белгілі мақсатты көздей дамытылған эстетикалық пікір мен баға – студенттердің көркемдік талғамын қалыптастырады, ұштайды. Өалыптасқан көркемдік талғам шын-шынайы көркемдік пен жабайы, жасанды көркемдіктен ажырата алады. Адам жанының сұлулығы, нәзіктілігі көркемдік талғам күшінің жетілгені осыдан аңғарылып сезіледі.

Мәнерлеп оқудың екі түрі бар. Бірі – дауыстап, мәнерлеп оқу, екіншісі, іштен оқу. Дауыстап оқу барысында студент әр сөзді, әр сөйлемді саналы түсініп оқуға дағдыланады, мәтіндегі оқығанын көру және есту арқылы жадында ұзақ уақыт сақтауға бейімделеді, оқығанын дұрыс айтып беруге жаттығады.

Мәтінді іштен оқудың да практикалық мәні күшті. Өйткені іштен оқу арқылы аудиторияда және үйде бірнеше тапсырмалар орындалады. Мәселен, аудиторияда өтіліп отырған теориялық материалдарды іштен тыңдау нәтижесінде мазмұнын ұғады және оны жете түсінеді. Сонымен бірге өтілген тақырыпты оқулықтан іштен оқу арқылы дұрыс түсінеді.

Сөз, оның мағынасы дыбысталу (естілу бейнесі) арқылы жанданады. Өандай сөзді болсын терең мағына, мән беріп, белгілі мазмұнда айрықша мәнермен айтуға болады. Соның бір көрінісі студенттерге өленді жатқа айтқызу, баяндама жасату, кездесу кештерінде ақын-жазушыларға өздерінің шығармаларын оқытып тыңдату, театр, радио, кино, теледидар арқылы артистердің, көркем сөз шеберлерінің, дикторлардың оқуына зер салып, қадағлап отыруға әдеттендіру - бұлардың бәрі студенттердің сөз мәнерін, сөйлеу тілін жетілдіре түсетін факторлар болып табылады.

Мәнерлеп оқу дауысты жай ғана құбылту емес, мәтіннің идеялық мазмұнын сапалы меңгеруден туған дыбыс үйлесімі мен мағыналық екпін, дауыстың әсері, мәнді ырғағы. Мәтінді алдымен мұғалім өзі оқиды, студенттің ішінен оқуына, шығарма мазмұнын, идеясын, негізгі бөлімдерін аңартуға мүмкіндік береді, содан кейін оны мазмұндап айтқызады. Осындай жұмыстардан соң ғана студенттерге мәнерлеп оқудың сыр-сипаты мен техникасы туралы түсінік беріліп, жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Мәнерлеп оқу әдебиеттік оқу сабағының үлесі. Оны студенттердің қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін ұштастыра жүргізген дұрыс.

Мәнерлеп оқудың техникалық негіздері мен жаттығудың жолдары

Мәнерлеп оқуға қажетті элементтер мен сөйлеу техникасы жайлы мәселелерді қарастырған жөн.

Сөйлеу техникасы, өз объекті және фонукциясына қарай дауыс, тыныс алу, артикуляция және дикция деген топтарға бөлінеді. Мәнерлеп оқитын студенттің сөйлеу техникасы сөз орындаушылық өнері дәрежесінде болуы керек.

Мәнерлеп оқуға керекті шарттардың бірі – тыныс пен дауыс. Белгілі мәтінді оқығанда дауыс тұншығып, міңгірлеп, болмаса шаңқылдап шықса, не оқып тұрғанда орынсыз жерде жиі-жиі тыныс алса, не басынан аяғына дейін бірыңғай тонмен оқылса, ондай оқудан әсер алу былай тұрсын, оны тыңдаудың өзі ауыр. Ондай оқу тыңдаушыны мезі қылып зеріктіреді, шаршатады. Мәнерлеп оқуда тыныс пен дауысты жетілдіруге ерекше көңіл бөлінетіндігі осыдан.

Ендеше тыныс алу мен дауыстың пайда болу жолдарына тоқтап кетсек, тіл дыбыстарының өкпедегі ауыз қуысы арқылы сыртқа шығуынан пайда болып, құлаққа естілетіні белгілі. Дыбыстар сөйлеу аппараты: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, тіл, таңдай, ерін тағы басқалардың қатысуымен жасалады. Оларды тіл білімінде дыбыстау мүшелері деп атаймыз.

Өкпе көрік секілді бірде ауаны сыртқа теуіп, бірде ауаны ішке тартып тұрады. Екінші сөзбен айтқанда, ондай физиологиялық процестің бірі – дем шығару, екіншісі – дем алу деп аталады. Дем алғанда кеуденің аумағы кеңейеді, дем шығарғанда ішке жұтқан ауаның бір бөлігі сыртқа шығады да, содан өкпе тартылады. Оқығанда, сөйлеп тұрғанда дем алу мен дем шығару мөлшері үндемей тұрғандағымен бірдей болмайды. Сөйлеп тұрғанда өкпедегі ауа сыртқа біртіндеп шығады да, дем алғанда сырттағы ауа ішке тез енеді. Ал жайшылықта дем алу мен дем шығаруға жұмсалған ауаның мөлшері бірдей болады.

Артикуляция деп, сөйлеу мүшелерінің әрекетіне байланысты ай-

тылады.

Сонымен, оқу, сөйлеу техникасы деп дұрыс тыныс алуды, дыбыстың, үннің құлаққа жағымдылығы мен сөздің, буынның құлаққа ашық, анық айқын тұтас естілуін айтамыз.

Мәнерлеп оқу үшін дауыс пен тыныс қандай болса, сөз мақамы да (дикция) сондай қажет. Дикция латынша *distio* деген сөзінен алынған болып, сөйлемдегі сөздің, сөздегі буынның ашық, айқын оқылуын айтамыз. Көркем шығарманы мәнерлеп оқығанда тыныс алу мен дауыстың орны сияқты дикцияның да орны өзгеше. Егер әрбір дыбыс ашық, анық айтылмаса, бірыңғай тыныс пен дауыстың да атқарар рөлі шамалы. Бұл әрине дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты.

Дикция орфоэпиямен де тікелей байланысты. Орфоэпиялық заңдылықтар сөйлеудің табиғи, анық және айқын, барлығына түсінікті болуын талап етеді.

Тіліміздегі дыбыстардың дұрыс айтылуы оқылған сөздің құлаққа анық, айқын естілуі деп біз дыбыстау мүшелерінің ақаусыз қызметін, дыбыстардың жасалу заңдылықтарының дұрыс сақталуын, сөзді тындаушылардың тосырмай қабылдауын айтамыз. Тәжірибеде тіл дыбыстарының анық естілмеуі салдарынан сөздерді қайта айту, сөйлегенде, оқығанда сөз аяғында, сөз ортасында тұтас буынды жұтып қою тәрізді кемшіліктер жиі ұшырайды. Сонымен бірге студенттердің сөзінде, оқуында ширақтық пен шымырлықтан гөрі баяулық пен болбырлық басым келеді.

Көркем оқу – әдеби шығарманы мәнерлеп оқу өнері болып табылады. Шығарманы оқыған уақытта оны келістіріп оқу қажет. Келістіріп оқу дегеніміз – әдеби мәтінді сазына келтіріп, мәнерлеп оқу. Бұл ең алдымен, көркем сөз мәтінін дұрыс оқу, түсініп оқу және белгілі дәрежеде жылдам оқу шарттарын сақтап оқуды талап етеді. Студенттер осы шарттарды толық орындап, оқу техникасын меңгергенде ғана әдебиеттік шығарманы келістіріп оқи алатын болады.

Келістіріп оқу әдебиет сабақтарында аса маңызды орын алады. Келістіріп оқу қарсаңында жүргізілетін дайындық жұмыстарда шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін дұрыс түсінуге айрықша көңіл бөлінеді. Шығарманы мәнерлеп оқи білу студенттердің оқығанын дұрыс ұғуға, шығарманың қайшылықта байқалмай қалатын өзгешеліктерін танып оқуға жаттықтырады.

Студент оқу дағдысына төселе, жаттыға отырып, мәтінді аңғарып оқуға, оқығаннан әсер ала білуге үйренеді, тілін дамытады. Студенттердің мәтінді келістіріп оқу кезінде алған білім дағдылары олардың тіл мәдениетін арттырып, сөзін мазмұнды, мәнерлі етіп сөйлеуге көмек етеді.

Кейбір студенттер арасында көркем шығарма мәтінін келістіріп оқи алмаушылық бар. Мысалы, мәтіннің идеялық-көркемдік өзгешеліктерін ескермей, үнемі бір сарынмен оқушылық немесе үкіп-бөліп, жаңылыс оқушылық кездеседі. Студенттерді келістіріп оқудың техникасына төселдіру үшін мәтінді дұрыс оқудың бастауыш түрдегі қағидаларымен таныстыру керек. Ол үшін әдебиет сабағы мен грамматиканы керекті жерінде өзара байланыстыруға болады. Мәселен, бірінші курс студенттері грамматикадан фонетиканы өткенде, олар сөйлеу мүшелерінің атқаратын қызметін жақсы ұғынумен қатар, содан алған білімдерін мәтінді дұрыс оқуға жарата білуге тиіс.

Студенттер осымен дұрыс дем алудың ережесімен танысады. Жайшылықты адам демінің сыртқа шығару ұзақтығы мен ішке алуының ұзақтығы бірдей болады. Ал кітап оқыған уақытта дем алу шұғыл өзгереді, яғни демді ішке алу өте жиі болса, сыртқа шығару онан сирегірек болады. Мұғалім студенттерді дем алудың кеудемен және диафрагма (көк етпен) таныстырады. Сөйтіп оларды дұрыс дем алып үйренуге дағдыландырып, тиісті жаттығулар жүргізеді.

Студенттерге фонетика сабақтарында дыбыстардың жіктелуімен қатар әр дыбыстың жасалатын орны мен жолы түсіндіріледі, оны дәл етіп айтуға үйретіп, олардың тіл мүкістігі сияқты кемшіліктерін жайып отырады. Ал грамматикалық екпінді өткенде, студенттердің сөзді есіту қабілетіне көңіл бөлінеді, ондай екпіндерді айрықша үнмен, өзгеше рең бере оқуға жаттықтырылады. Студенттердің сөз екпіні жөнінде жіберетін қателері де осыған байланысты түзетіледі. Жай және құрмалас сөйлем тақырыптары өтілгенде, студенттерге логикалық екпін, кідіріс туралы түсінік беріледі. Сабақтың алғашқы күнінен бастап-ақ мұғалім көркем сөз мәтінін оқыған уақытта студенттерді демін дұрыс алуға, дыбысты айқын, анық айтуға, сөзге дұрыс екпін қоя білуге, сөйлемді сазына келтіріп айта білуге әдеттендіреді.

Студенттер келістіріп оқудың техникасына жаттықтырудың не-

гізгі бір жолы мәтіннің мазмұны, ой-сезімінің әр түрлі болып келу өзгешелігіне қарай дауыс сазын құбылта білуге үйрету болып есептеледі. Ол үшін дауысты ретті жерінде көтере де, баяулата да күшейте де білуге үйрету қажет. Ал бұларды көркем сөз мәтінін оқыған уақытта қисынын тауып қолдану, іске асыру жақтары әрбір әдеби шығарманың өзіне тән идеялық-көркемдік мазмұнына байланысты.

Студенттерді келістіріп оқуға үйрету үшін бағдарламаға енген шығарманың қай жанрын алса да болады. Бірақ алынатын шығарманың көлемі шағын болуы керек. Егер көлемді шығарма болса, оның аяқталып біткен үзіндісі алынады. Ең алдымен студенттер шығарманы іштерінен оқып шығып, мазмұнын ұғады. Одан кейін мәтіннің мазмұн ерекшелігіне байланысты студенттерге сұрақтар қойылады. Бұдан соң бұл шығарманы қандай дауыспен оқу керектігі қарастырылады. Өай мәтінді қандай дауыс сазымен оқу – әр шығармада әр түрлі. Баяндау түрінде жазылған проза мен ертегілерді, мәселен, «Күн астындағы Күнекей қыз» (ертегі), «Аяз би» (ертегі), «Кітап оқуға құмарлық», «Он бес үй» сияқты шығармаларды әңгімелеу түріндегі дауыс сазымен оқылады. Лирикалық шығарманы ақынның көңіл-күйін, ой-сезімін білдірерлік сазбен оқуға болады. әрине шығарманың қандай дауыспен оқылу керектігін оның жанрлық өзгешелігі (белгілері) үзілді-кесілді шешіп бере алмайды. өйткені бір жанрға жататын шығармалардың әрқайсысы өзінің идеялық-көркемдік өзгешелігіне сәйкес сөзбен оқылады. Сондықтан қай шығарманың қандай дауыспен оқылатынын сол шығарманы идеясына, мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне байланысты алып қарастырған жөн.

Мәтінді өту жұмысының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ шығарманың қандай дауыс сазымен оқылатынын алдын ала белгілеп қойған жөн. Бұл сол шығарманы қалай талдауға, онда қандай мәселелерді қарастыруға болатынын анықтап, шығарманың мазмұнын тереңірек түсінуге жәрдем етеді.

Шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнымен байланысты қандай дауыспен оқылатыны шешілгеннен кейін, оның құрылысы қандай бөлім, жіктерден тұрғаны қарастырылады: қай бөлімі қалай оқылатыны, қай жерде қандай дауыс кідірісі болу керектігі анықталады. өажет болған жерде кідірісті сақтап оқу – келістіріп оқу шарттарын орындаудың белгісі. әрине, кідірісті сақтап оқу оңай

емес. өйткені ол – мәтіннің қай жерінде қалай болатындығын бірден тауып алу қиын, мәтіннің қай жерінде кідіріс қалай болатыны белгілі болғанның өзінде де кідіріс сақталмай оқылуы ықтимал. Ол кідіріс дағдысының берік қалыптана алмағандығынан да, топ тыныштығын бөлетін кейбір себептерден де болуы мүмкін.

Интонация және дауыс кідірістері

Мәнерлеп оқу үшін дем алудың дұрыс болуымен қатар дауыстың естілуі, үнділігі мен жуан-жіңішкелігі, әуені, екпіні, дауыс кідірісі, әрі ырғағына көңіл бөлу өте қажет.

Мұғалім сөзінің тартымды, әсерлі болуы оның үнінің тазалығына, ойының саралылығына және дауыс ырғағына – интонациясына байланысты.

Сөздің айтылу мәнеріне А.П.Чехов та көп көңіл бөлгендігін айта келіп, профессор З.Қабдолов: «әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар», - дейді. Бұл салада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсілі – интонация (латынша *interpaga* - дауыс ырғағы) яки әр сөздің айтылу мәнері.

Ғалым Ф.Мұсабекова: «Пунктуацияны дұрыс қолдана білудің үшінші критерийі – интонация. Интонациясыз сөйлеу болмайды. Пунктуация жазу тіліміздің құралы болса, интонация ауызекі тіліміздің құралы. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты», - деп жазады.

Егер ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, Зәки Ахметов өзінің «әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбегінде интонация жайлы мынадай пікірді ілгері сүрген: «Интонация – дауыс толқыны, сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуын айтамыз. Сөздің көтеріңкі леппен, салтанатты түрде, не терең ойға шомып, сабырмен, байсалды қалыпта немесе нәзік сыршыл сезіммен айтылуға орай дауыс толқыны да бірде биіктеп, өршеленіп, бірде төмендеп, бәсеңдеп, сөздердің үнділігін, саздылығын ұдайы өзгертіп отырады. Дауыс толқынының өзгешелігі дауыстың көтеріліп төмендеу қалпынан, сөздің, сөз тіркестерінің қандай сазбен, қандай жылдамдықпен айтылуынан, дауыстың өзіндік бояу-реңкімен, құбылмалы әсерлігінен тағы сол

сияқты белгілерден айқын аңғарылады. Мәселен, көтеріңкі лепті интонация бір түрлі де, сұрау, сауал қою интонациясы одан басқа түрде болатыны белгілі.

Әдеби шығармадағы сөздің интонациялық байлығы мәтінді мәнерлеп оқығанда әсіресе айқын танылады. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу шеберлігі өз алдына үлкен өнер болып саналады. Поэзияда интонация, дауыс толқыны өлеңнің ырғағымен тығыз байланысты болады, өлең сөздің ырғағын түрлендіруге үлкен әсер етеді. Оқылатын, сөйлеп, тақпақтап айтылатын өлеңдерде интонацияның, дауыс толқынының неғұрлым құбылмалы келіп, түрленіп отыруы айрықша қажет».

Мәнерлеп оқуда сөздің дұрыс айтылуына, дұрысырақ айтқанда әдеби айтылу нормасына ерекше мән беріледі. Әсіресе, тіліміздің орфоэпиялық заңдылығының қатаң сақталуына назар аударған жөн.

Ал, Н.Нұрмаханованың «Мәнерлеп оқу практикумының программасы» атты еңбегінде мынадай пікірлер айтылады: «Интонацияның ауқымы кең, мүмкіндігі мол. Интонация құрамына: дауыс екпіні, оның фразалық және логикалық түрлері, дауыс кідірісі (пауза), оның логикалық және психологиялық, грамматикалық түрлері, дауыс мөлшері (темп), сөздердің бірде көтеріңкі, бірде бәсең, бірде баяу, бірде жылдам оқылуы, сөз ырғағы (ритм), үннің мелодиясы мен дыбыс саздылығы жатады». Ал, методист-ғалымдар интонацияны тыныс белгілеріне байланысты жинақтау интонациясы, санамалау интонациясы, сұраулық интонациясы, леп белгісіне байланысты интонациялар деп жіктеп жүр.

Дауыс айтылуына, құлаққа естілуіне қарай: дауыс күші, биіктігі, қарқыны, әуені деп бөлінеді. Дауыс күші дегенде, оқығанда дауыстың құлаққа қатты не жай көтеріңкілігін, не бәсеңдігін дауыс қарқыны деп, не жылдам не баяулығын, дауыс әуені дегенде не қатқыл, не жұмсақтығын ұғамыз.

Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркестерінің өзара бір-бірімен байланысып келуі арқылы жасалады. Сөйлемдегі сөздің белгілі буынында дауыстың көтеріңкі айтылуы екпін деп аталады. Екпін түскен буын өзгелерден көтеріңкі дауыспен айтылады. Ондай екпінді буынды екпінді буын дейміз.

Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратып қоймай, дауыс екпіні бір сөз табы мен екінші сөз тіркестерінің арасын бөліп тұратын да-

уыс екпіні фразалық екпін деп аталады.

Оқығанда сөйлем ішіндегі бір сөзге айрықша назар аударыла оқылады. Ол сөз өзгелерден ерекше екпінмен дараланып оқылады, айрықша әуенмен айтылады. Оны логикалық екпін дейді. Ал көтеріңкі дауыспен оқылатын сөзді логикалық екпінге ие сөз деп атайды. логикалық екпін мәтінде жасырын келеді. Көркем шығармаларды мәнерлеп оқудан алдын жасырынған логикалық екпінді анықтау үшін мәтінді алдымен бірнеше рет оқып, автордың мақсатын түсінгеннен кейін логикалық екпінді анықтауға болады. әдетте, логикалық екпіннен кейін қысқа кідіріс (пауза) жасалады.

Тілдің құрылыс материалы сөз болса, сөздер белгілі бір тиянақты ойды білдіру үшін бірімен–бірі жалғасып сөйлем құрайды. Сөйлем бір немесе бірнеше мағыналы сөз табынан не сөз тіркесінен тұрады.

Студенттер көркем шығарманы оқығанда оның мазмұнын меңгеріп қана қоймайды. Сол мазмұнды беру қызмет етіп тұрған сөздер тобын, олардың мағыналы тұтастығын игереді. Сөйлемдегі сөздердің ондай жігі, мағыналық тобы – синтагма деп аталады.

Шығарманың әуен-сазы, ырғақ-ұйқасы, барлық интонациялық құрылымы сөйлегенде ғана көрінеді.

Мәнерлеп оқуда темп пен ритмге де көңіл бөлген жөн. Темп латынша темпус сөзінен алынған болып, дәреже, уақыт деген мағынаны білдіреді. Темп мәнерлеп оқудың ішкі сезімі, оның тебірене тыныс алуды айтамыз. әдеби шығармаларда кейіпкерлердің ішкі сезімдері, оқиғалар дамуының қайшылығына байланысты өзгеріп отырады. Мәнерлеп оқуда темпті көтеру әсірелеу дегенді емес, керісінше жандандыру дегенді білдіреді. Сонымен бірге мәнерлеп оқуда темпке көңіл бөлінбесе сөз жансыз болып, әсер ету күші төмендейді. Ал, ритм грекше ритмос сөзінен алынған болып, дыбыстас, дауысы бірдей деген мағынаны білдіреді. Мәнерлеп оқуда ритмнің орны ерекше мәнге ие.

Осында ырғаққа аса көңіл бөлген жөн. өйткені ауызша сөйлеуде де, мәнерлеп оқуда да ырғақтың орны бөлек.

Ырғақ дегеніміз - өлең сөз бен қара сөздің сөйлемдерінде дауыс толқынының бірде бӘсең, бірде көтеріңкі келіп отыруы. Бұған мысал ретінде Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал өлеңін алайық. Мысал өлең автордың, ше-

гірткенің және құмырсқаның сөздеріне қарай бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Сонда бұлардың сөйлеген сөздері әрқайсысының өздеріне тән көңіл-күйі, ой-сезіміне сәйкес дауыс ырғағымен оқылуы керек. Мәселен, автордың сөзі баяу, салмақты дауыс реңкімен оқылады:

*Шырылдауық шегіртке,
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап
Қызықпен жүріп жазды алған...*

Ал шегірткенің:

*- Қарағым, жылыт, тамақ бер,
Жаз шыққанша асыра,*

- деген сөзі жалбарыну реңкінде бәсең оқылса,

-Мұның, жаным, сөз емес.

Жаз өтерін білмең пе ең?

Жаның үшін еш шаруа

Ала жаздай қылмаң па ең?

– деп өзіне-өзі сенген шаруа иесі құмырсқаның сөздері шегірткенің қылығын жақтырмаған реңкпен көтеріңкі оқылады.

Идеялық-тақырыптық мазмұнына байланысты көркем шығарма қандай дауыс сазымен оқытылатыны белгіленгеннен соң, мәтіннің құрылысы қандай бөлім-жіктерден тұрғаны қарастырылады. Соған орай қай бөлімі қалай оқылатындығы, қай жерде дауыс кідірісі болу керектігі анықталады.

Пауза сөйлемдегі дауыс кідірісін білдіреді, ол жеке әріптерді жалғастырады, сөз құрайды, ол сөздерден мағыналық топ құрайды әрі ол сөздерді оқшаулайды, даралайды. өажет болған жерде кідірісті сақтап оқу – мәнерлеп оқу шарттарын орындаудың бір белгісі.

Дауыс кідірістері грамматикалық, логикалық және психологиялық болып үшке бөлінетіндігі белгілі. Бұлардың жеке-жеке анықтамаларын беріп, мысал келтіре кетейік.

Грамматикалық кідіріс деп – көркем шығармаларды мәнерлеп оқығанда тыныс белгілеріне аздап кідіріс жасап оқуды айтамыз.

Қазақ тілінде төмендегідей тыныс белгілері қолданылады: Үтір (,) нүкте (.), қос нүкте (:), сұрау белгі (?), леп белгі (!), көп нүкте (...), сызықша (-), тырнақша («») т.б.

Мәселен: Нүкте мен үтірге қойлатын кідіріс.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, //
Күз болып, // дымқыл тұман жерді басқан. //
Білмеймін, // тойғаны ма, // тоңғаны ма, //
Жылқы ойнап, // бие қашқан, тай жарысқан. // (Абай)

Бұл үзіндіде тыныс белгілеріне кідіріс «//» екі таяқша қою арқылы көрсетілген. әрине, тыныс белгілері тұрған жерлердің бәріне кідіріс жасалмайтын реттер де болады.

Мәселен:

Мен, мен едім, мен едім.
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім...
(Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны)

дегенде алдыңғы тармақтағы бірінші сөзден кейін (мен) үтір қойылған. Бірақ оқыған уақытта оған кідіріс жасалмайды. Немесе:

Нүктеге кідіріс жасау.
Жүйткіді поезд, жүйткіді.
Жүйткіді, желді тұлпардай.
(Н.Бағжан «Ер туралы жыр»)

дегенде екінші тармақтағы жүйткіді мен желді деген сөздердің арасындағы үтірге кідіріс жасалмайды.

Меңіреу, мылқау, қимылсыз.
Мүлгіген мәңгі даланың.
Адыр-белес, биік құз.
Саңғалтау сай-саланың. (С.Мұқанов)

Бұл үзіндіде тыныс белгілеріне кідірмей, аттап өте алмайсың.

Леп белгісіне жасалатын кідіріске Қ.Аманжоловтың «Ұшқыш болғым келеді» атты өлеңінен мына үзіндіні алайық.

Ұшқыш болмай немене!
Қуат бітті денеме!
Қанатым бар қайыспас,
Ұшқыш болғым келеді!

Ал сұрау белгіге кідіріс жасау Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» атты өлеңінен мынадай үзіндіні алуға болады:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте - бұлт, жерде – желмін гүлеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

Қ.Бекхожиннің «Әмір Темір мен ақын» атты балладасынан мысал:

*Тақсыр-ау, қалап сізді кім алады?
Кездескен шеңгеліне шырмалады?
Жүрегін жұттың ба сен айдаһардың?
өылышын әзірейілдің қайрап алдың.*

Көп нүктелі кідіріске Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» атты өлеңінен үзінді келтірейік.

*Ел қыстап күн көреді жанабында,
Дәм болар, алуан-алуан балығында...
Тас-таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында...*

өос нүктеге жасалатын кідіріс:

*Арыстан айға шапты: аяқ сынды,
Жемқорлар жолда қалды: қара түнді
Ел көз жасы тиеді тұқымына,
Әділ ұлық қуалар оңды-солды.* (Жаяу Мұса)

Сызықшада қолданылатын кідіріс:

*Бабамыздық басқан табанымен
Бірдей екен жақсысы жаманымен:
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.
Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.
Бір жаманы – кетпенге орашалақ,
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.* (Қ.Мырзалиев)

Әр жолға, тіпті жеке сөздерге, сөз тіркестеріне әдейі тоқтап, тыныс алып оқу керек. Сұрау, леп белгілерінің де өзіне сай оқу ырғағы, шылау, одағай, қаратпа, қыстырма сөздердің де оқылуы, сөйлем мүшелерінің жігі әрқайсысы өзгеше, арасы ашық болады. Кейде өзі де бөлінуі мүмкін. Мәселен, жоғарғы үзіндідегі меңіреу, мылқау, кимылсыз, даланың саңғалтау, саланың т.б. көптеген сөздер буынға бөлініп оқылуы мүмкін. Ме-ңі-реу, мыл-қау, қи-мыл-сыз...

Грамматикалық кідіріс, сөйтіп шумаққа, ұйқасқа, сөйлемге, тармаққа, кейде бунаққа түссе, кейде тіпті сөзге, буынға түседі.

Логикалық кідіріс деп – сөйлемнің мағынасына бірден, тез түсіне алу үшін, ондағы кейбір жеке сөздерді немесе белгілі сөз тізбегін

өзге сөздерден бөліңкіреп, нығырақ, ой екпінінің сазын бере кідіріс жасап оқуды айтады. Мұндай ретте логикалық кідірістерге тыныс белгілері қойылмайды.

Былайша айтқанда, кідірістің бұл түрі көбіне аяқталған, тиянақталған ойды білдіреді, сөйлемдердің арасын, тіпті мәтін бөлімдерін жалғастырады, яғни тиянақты ойдан кейін, сөйлем соңындағы тыныстау. Дұрыс жасалмаған логикалық кідіріс мәтіндегі ой пікірді бұзады, тыңдаушының эстетикалық әсерін кемітеді.

Мысалы, *Жөкей көлінің солтүстік жақ қабағында Аюлы деген бір кішкене таусымақ бар. Сол таусымақ пен көлдің арасынан өткенде, // біразға шейін жолдың екі жақ шетінде сирегірек өскен қарағай жарысып отырып барып бітеді.*

Осы қарағайға кіргенде, // Асқардың үрейі тіпті ұшты. Оған қарағай атаулының бәрі // аңдып тұрған жаудай елестеді. (С.Мұқанов «Итбайдың сазайы»). Бұл үзіндідегі қос сызық қойылған жерлердің бәріне логикалық кідіріс жасап оқылады. Ал олардың ұзақтығы, әрине барлық жерде бірдей емес.

Логикалық кідіріс – табиғи кідіріс. Шығарманың бойындағы терең сыр мен философияға, өкініш пен үмітке, жирену мен сүйінуге, талап пен талғамға сай мағыналы, түсінікті етіп, сөйлеу тіліне ыңғайлас оқылуы керек. Мазмұн тұтастығы сақталып ұғынуға жағдай жасалуы тиіс.

Мысалы, Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді алайық:

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге...
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз...
Ақыл сөнбей сөнбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.*

Алғашқы екі тармақ грамматикалық кідіріс заңымен оқылса, соңғы тармақтар бір-біріне тұтасып («Құмарланып шаттанба, ойнап босқа күлуге», «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз», «Ақыл сөнбей сөнбеңіз. Бір іске кез келсеңіз»), тыныс белгілеріне көңіл аударылмай, екі жол жалғасып логикалық кідіріс заңымен оқылады.

Ал енді психологиялық кідіріс дегеніміз не? Соны қарастырайық. Көркем шығарманың Әрбір бөлімін бірінен-бірін көңіл-күйіне (шаттық, қуаныш, күйініш, келеке, сықақ) қарай айыру үшін, сөйлемдер мен үзінділерге психологиялық мән-мағына беріп күшейте түсу үшін жасалатын кідірісті *психологиялық кідіріс* дейміз.

Келістіріп оқыған уақытта мұндай сөйлемдердің ара-арасына кідіріс жасалады. Жасалатын кідірістің дұрыс болуын қамтамасыз ету үшін оқылғалы отырған шығарма алдын ала оқылып, талданып, идеялық мазмұны анықталады.

Кідірістің бұл түрінде шаттық, қуаныш, күйініш, ашу-ыза, кекесін-сықақ, шындық, Өрелі ойды білдіретін жеке сөз, тармақтарға екпін қойылады.

Бұған мысал ретінде Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал Өлеңіндегі автордың, шегірткенің және құмырсқаның сөздеріне қарай жіктелген мысал бөлімдеріне белгілі мөлшерде психологиялық кідіріс жасалады.

Немесе Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі:

Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,

Адам үшін батысып қызыл қанға, -

деген үзіндіде «*Жарқ-жұрқ етіп*» тіркесіне көңіл аударайық. Бұл бүркіт пен түлкінің арпалысқан айқасын от шашыратқандай етіп көз алдымызға елестетіп тұр емес пе? Оған ерекше сипат беріп оқу, баса назар аудару, салмақ түсіре айту сол тармақтардың немесе бүкіл лириканың тынысын танытқандай.

Сөзде екпінді буын болатыны сияқты сөйлем, сөз тізбектерінде де екпінді айтылатын сөздер бар. Ондай сөйлем ішіндегі жеке сөздердің біреуіне екпін түсіре айту ой екпіні делінеді. Сөйлем ішіндегі ой екпіні түсіріле баса айтылатын сөздерді табу, оларды дауыс ырғағын келістіріп оқу шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда, ұғынуда маңызды орын алады. Мәселен, І.Жансүгіровтің «Шаттық жыры» деген өлеңінен үзінді келтірейік.

Ырысты, еркін, азат елім қандай,

Кең байтақ, ен дәулетті жерім қандай!

өлкемнің оңы-мақта, солы-қырман,

Бітетін біздің жерге егін қандай!

өрбіткен алуан түрлі асыл тұқым,

*Төгілген ойда-қырда төлім қандай!
Бал еткен малдың сүтін, аңның етін
Гүл жұпар, күшті дәрі, шөбім қандай!*

Немесе:

*Тыңда, дала, Жамбылды!
Тыңда, өастек, өаскелең!
Сөйлесін кәрі бауырың. (Жамбыл)*

Бұл келтірілген үзінділердегі асты сызылған сөздердің бәрі – екпін түсіріле айтылатын сөздер.

Кейде сөйлемдегі сөздердің қайсысы екпінді, қайсысы екпінсіз оқшау келетінін айыру, ажырату тіпті мүмкін емес.

Мәселен, *Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,*
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып... (Жамбыл)

деген екі жолды өлеңдегі бірыңғай мүшелердің әрқайсысына түсетін ой екпіні бірдей. әрине, мәтіндегі екпінді сөздердің екпінділік дәрежесі бірдей бола бермейді. Біреулеріне екпін күшті түсіріліп айтылса, біреулеріне сәл бәсеңдеу тәсіріле айтылады. Мәселен,

*Менің жаным отандық,
Отан деп өлем, өлсем де!
О, сүйікті Отаным!*

Балам деп көм көмсең де, (Н.Байганин «Ер туралы жыр») - деген төрт тармақ Өлеңдегі сегіз бунақтың қай-қайсысы да оқыған уақытта ой екпіні түсіріле, күшті айтылады. Бірақ солай бола тұрса да, олардың екпінділік дәрежесі бірдей емес, яғни Отан деп Өлем, О сүйікті Отаным! деген бунақтар айрықша екпін беріліп айтылады. өйткені ақынның айтайын деген негізгі ой-пікірі адамның отанына деген шексіз сүйіспеншілік сезімін білдіру, жырлау.

Қазақ тілінде екпін онша аңғарылмағанмен грамматикалық екпінді қойып оқуды үйрету керек. Сұлтанмахмұттың кекесінді өлеңіндегі:

Калқам, жаным, қарағым!

Бетіңе келмес қарағым, – дегенде «қарағым» сөзінің біріншісінде екпін үшінші буынға, екіншісінде екінші буынға түседі.

Сөйтіп, поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқуда интонациямен бірге кідіріс түрлеріне және екпінге де көңіл бөлген жөн.

Көркем шығарманы жанрына қарай оқу

Көркем шығармалардағы мәтінді үйрену алдымен дұрыс, келістіріп оқудан басталады. Көркем шығармаларды келістіріп оқу мәнерлеп оқудың негізін құрайды. Әдеби шығарманы оқып, оны ауызша баяндап беру шығарманың мазмұнын толық түсініп алуға мүмкіндік тудырады.

Әдеби шығармаларды оқудан алдын олардың жанрлық ерекшеліктеріне көңіл бөлген жөн. Жанр әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Жанр сөзі негізінде француз тілінен алынған болып, түр, тек деген мағынаны білдіреді. Көркем әдебиет негізгі үш түрге бөлінеді, яғни проза, поэзия, драматургия. Олар да өзара бірнеше түрлерге бөлінеді. Бұл ретте В.Г.Белинскийдің «Поэзияны тегіне, түріне қарап бөлу» деген еңбегінде әдебиетті алдымен эпостық поэзия, лирикалық поэзия, драма деп үшке бөледі. Бейнелеріне, өзіндік ерекшеліктеріне қарай жанр түрлері бір-бірінен ажыралып тұрады. Ал көркем әдебиетте бұлай бөліну әдеби жанр деп аталады. Әдеби жанрды белгілеп алғаннан кейін ол шығарманың қай жанрға жататындығын анықтап алуға болады. Себебі, шығарманың қайсы жанрға жататындығын анықтағаннан соң келістіріп немесе мәнерлеп оқуда оның өзіндік ерекшеліктерін ескере оқу мүмкіндігі туады.

Әдебиеттік шығарманы келістіріп оқуда оның эмоциялық жақтарын дұрыс бере біліп оқу маңызды орын алады. Бұл мақсатты толық орындау үшін көркем сөз мәтінін оқыған уақытта, одағы автордың және кейіпкерлердің ой-сезімін білдіре оқу керек. Жазушының ой-сезімі өмірдегі шындық болмысты бағалауы оның эпитет, метафора, тенеу, метонимия сияқты көркем сөз құралдарын қалай қолданылуынан байқалады. Сонда келістіріп оқудың эмоциялық жақтары дегеніміз – автордың мәтінге айтпақ болған ой-пікіріне сай, сезімнің түрлі реңкін сазына келтіріп оқи білу. Шығарманың мазмұнына қарай мәтіннің бір жері – жәдігөйлік, жарамсақтық мінез-құлықпен, үшінші бір ызғарлы, ашулы дауыспен т.б. оқылады. Қорқыныш, сүйсіну, таңданушылық сияқты сезімдер де дауыс реңкі арқылы беріледі.

І.Жансүгіровтің «Қазақстан», М.Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы»,

«Бір адамға» атты өлең-жырларын оқығанда да, алға қойылатын негізгі мақсат сазына келтіріп оқу арқылы, осы шығармалардың идеялық-көркемдік қасиеттерін айқындау болады.

әдеби шығарманы оқыған уақытта сөздің логикалық және эмоциялық жақтарын тиісті кідіріс, екпін, ырғақ арқылы берілумен қатар, оқу қарқыны, яғни сөзді не жылдам, не жай оқу арқылы да беріледі.

Поэзия кең мағынада сөз өнері дегенді білдіреді. өлең жолымен жазылған шығармалар (поэма, өлең т.б.) поэзия деп аталады. Поэзияның объекті адам және оның әлеуметтік өмірі мен күресі болып табылады. В.Г.Белинский айтқандай: «Бүкіл әлем, барлық түс, рең, бояулар, табиғат және өмір көріністері поэзия құбылыстары бола алады». Демек, әрбір оқығаның өз поэзиясы бар. Сол нәрсені айтып өту қажет, яғни әрбір шығарманың, әрбір өлеңнің өз поэзиясы, өз эстетикасы бар. Мәнерлеп оқу үшін таңдалған шығармадан сұлулықты таныту қажет болады.

Қазақ поэзиясында Абайдан кейінгі дәуірде Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен, Ілияс поэзиясы сөз өнерін жаңа идеялық мазмұнымен де, көркемдік бояу-нақышымен де байыта түсті.

Өлең сөзді оқудың қара сөзге қарағанда өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер өлеңнің буын, бунақ, тармақ, ұйқас, шумақ, ырғақ сияқты құрылыс жақтарындағы өзгешеліктерімен байланысты.

Өлеңді келістіріп оқудың бір шарты – оның ырғағын, ұйқасын келістіріп оқу. Жоғарыда айтқанымыздай ырғақ өлең сөзбен қара сөздің сөйлемдерінде дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі айтылуы ғой, олай болса, өлеңді оқыған уақытта оқушылар ондағы дауыс ырғағының түрлі әуенін толық меңгеріп, дұрыс сақтап оқуға тиіс. Ал, екінші шарты – оның тармағымен байланысты. Әдетте өлеңді оқығанда тармақтың соңынан тиісті кідіріс жасалады да, сол арқылы әрбір тармақтың өз алдына тұтас бір бүтін екендігі аңғарылып тұрады.

Мәселен: *Есепсіз тау суреті көз жетпейтін
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
өрік, алма, алмұрт, жиде жемістерінен,
Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін. (Жамбыл)*

Алайда тармақ соңындағы кідіріс барлық өлеңдерде бірдей жасала бермейді. Ондай реттерде өлеңнің алдыңғы тармақтары сөзді тасымалдағанымыз сияқты кейінгі тармақтарға жалғасып оқылады. Мұндай тармақтардың соңынан ешқандай кідіріс жасалмайды.

Ал енді өлең оқудың үшінші шарты – шумақпен байланысты болады. өлеңдегі Әрбір шумақ тұлға жағынан да синтаксистік бір ойдың аяқталып біткенін көрсетеді. Демек, өлеңді оқыған уақытта әрбір шумақтың соңынан кідіріс жасалып отырады. Бұл тармақ соңынан жасалатын кідірістен сәл ұзақтау болады.

Өлең шумақтарының арасындағы кідірістердің ұзақтығы бірдей болмайтын реттер де кездеседі. Мәселен, өлең-жырдың, поэманың бір күрделі ойды білдіретін негізгі бөлімі аяқталып біткеннен кейін жасалатын кідіріс басқа шумақтардан соң жасалатын кідірістерге қарағанда ұзақтау болады. Мәселен: С.Торайғыровтың «Кедей» поэмасындағы бөлімдердің арасына, Б.Майлиннің «Көк сиыр» өлеңіндегі Айжан мен көк сиырдың сөздері арасында жасалатын кідірістер. Бұл жәйт диалогқа құрылған мысал, айтыс өлеңдерінде байқалады. Мұның айқын көрінісі Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысынан анық көрінеді. Сапарғалидың жұмбақталған шумағы мен Нұржанның оны шешкен жұмбағының арасында жасалатын кідірістер осыған жатады.

Кейде шумақ пен шумақтың арасында кідіріс жасалмауы да мүмкін, бірақ бұл сирек кездеседі.

Ал, енді лириканы мәнерлеп оқу жүйесіне тоқталайық. Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының бірі болып, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Ол тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған. Лирикаға жан беретін сезімнің отты нәзіктігі. Лириканы басқа жанрлардан, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармалардан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да – міне осында. Лирика негізінен өлеңге тиісті. Лириканың табиғат лирикасы, саяси-әлеуметтік лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы сияқты түрлері бар. Табиғат лирикасы – ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын Өлең-жыр болып табылады. Айнала қоршаған орта және оның түрлі жара-

тылыс сырлары адамның назарын өзіне аудармай қоймайды. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді. Абайдан соңғы ақындар да табиғат лирикасын көптеп жазды. Мәселен, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров т.б. шығармашылығы бұған дәлел. Мысал ретінде Абайдың «Қыс» атты өлеңінен үзінді келтірейік.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сілкісе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.*

өз-өзінен белгілі ақын қыс мезгілінің нақ өзінен мысал келтірген.

С.Дөнентаевтың «Бозторғай» өлеңіндегі:

*Келді де сәлем берді төресіне,
Аз-ақ тұр шықпай жаны денесінде.
Шақты кеп тұрымтайдың мінездерің:
«Ей тақсыр, бейбағыңды көресің бе?»*

- деген шумақтағы соңғы тармақ, алдыңғы үш тармаққа қарағанда әрі бәсең, әрі жай оқылады.

Ал: қырғи сал торғай сөзі бітер-бітпес:

*«Сабыр қыл ! – деді, тоқта еш нәрсе етпес!
Қазірде қол бос емес, жұмыс қатты,
Аз күтсең жаның шықпас күнің өтпес...»*

деген шумақтағы соңғы үш тармақ көтеріңкі, ашулы, ызғарлы

дауыспен оқылады. Мұндағы мақсат – қырғидың әділетсіздігін, қаталдығын, менмендігін көрсету.

С.Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңіндегі :

Бұрынғы атамызға сыйға берген

Біздерде мынадай бар, мынадай бар...

деген байдың сөзі феодалдың дандайсу реңкіндегі дауыспен оқылады да, автордың жауап сөздері зілді мысқыл, кекесін реңкінде оқылады.

Ал, мысалдарды оқығанда, онда адамдардың мінезіне сай ерекшеліктер жануарлар мен өсімдіктерге байланыстырылып айтылады. Жазушы онда кекесін, мысқыл, әжуалауды пайдаланып адамға тиісті болған жақтарын күлкі ету мақсатында айтылады. Мәселен, А.Байтұрсыновтың «Аққу, шортан һәм шаян», С.Көбеевтің «Көзі тоймаған ит» т.б.

Прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу үлкен шеберлікті талап етеді. Себебі, әдеби шығарманың көркемдік ерекшеліктері, ондағы ой-пікірлер жазушының дүниеге көзқарасын тануда мәнерлеп оқудың маңызы бар. Мұның үшін мұғалім мәтінді дұрыс тандай білуі керек. Прозалық шығармалар дегенде әңгіме, ертегі, роман түсініледі. Прозалық шығарманы оқуда ертегілерден бастаған жөн. Ертегілер туралы мәлімет беру, оның түрлері мен композициялық құрылысына көңіл бөлу кректігін айтып өткен жөн. Ертегілердің бір-бірінен айырмашылығын да ескерген жөн. Мәселен, мынадай ертегілердің басталуына көңіл бөлейік:

«Күн астындағы Күнікей қыз» атты ертегі былай басталады: «Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзенті дегенде жалғыз баласы болыпты...» Ал, «Қанатты қара қасқа» атты ертегіде, «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде бір қарт болыпты», «Шаямардан патша» ертегіде: «Бұрынғы өткен заманда бір молда болыпты» т.б.

Ал, әңгімелерді мәнерлеп оқу үшін алдымен әңгіме жайлы мәлімет берілуі тиіс, соң оның оқиғалы болып келетін көлемі шағын шығармаға айтылатындығын ескереміз. Мәселен: Б.Майлиннің «Түйебай», М.Әуезовтің «Бүркітші», Т.Ахтановтың «Дәрігер Галя», Т.Әлімқұлұлы «Қараой», Қ. Жұмаділов «Қаздар қайтып барады» т.б.

Әңгімеде оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жа-

зылған шағын көркем шығарма. әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалатындығын айтып өту қажет.

Прозалық шығармалардың ендігі бір түрі – повесть. Повесттерді мәнерлеп оқудан алдын повесть дегеніміз не деген сұрақ туындайды. Міне, осыны анықтап алайық. Повесть – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі. Онда бірнеше кейіпкерлер бас кейіпкердің айналасында жиналады. Повесттерді мәнерлеп оқуда оның жанрлық ерекшелігіне көңіл бөлу керек. Себебі, повесттердің барлығын бір түрде оқуға болмайды. Мәселен, М.Әуезовтің «Қилы заман» т.б.

Ал, енді романдарды оқу мәселесіне келсек, романдарды мәнерлеп оқудың өзіндік ерекшелігі бар. Алғаш роман туралы түсінік берген жөн. Ендеше роман деп – сюжеттік құрылымы көрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарманы айтамыз. Романның әңгіме мен повестен айырмашылығы, онда тұрмыстың үлкен мәселелері тілге алынады, көптеген кейіпкерлер қатысып отырады. Роман жанрындағы шығармаларды мәнерлеп оқудың өзіндік ерекшелігі де сонда. Себебі, әрбір кейіпкердің табиғатын, мәдениеттілігін және іс-әрекеті, адамдармен өзара қарым-қатынасы, жалпы қоғам өміріндегі орнын түсінбей тұрып оны мәнерлеп оқуға болмайды. Мәселен, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» атты романынан үзінді келтірейік.

Әдетте, күрестен бұрын бәйгенің аты кетеді.

Аттар жөнелгеннен кейін бас балуан шығару жолы тиген қытшақ «Түйе балуанын» шешіндіреді. Түйе балуан күресерде қойдың жүнінен жуан ғып тоқыған, балағы тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу өткізіп, белін тас қып буады екен, үстіне басқа киім ілмей. тырдай жалаңаш шешінеді екен. Күрескен балуанмен бел ұстасқанша ғана иығына түйе жүн шекпенін жамылып отырып, күресерде оны сыпырып тастайды екен.

Сол әдетін істеп, түйе балуан қара жолдың жиегіне кеп отырады. Оған Керей, Уақтың көзі түсіп еді – «Түйе балуанға» еріп келген адамдар бүркіп қасындағы торғай сияқтанды...

Ал, драма жанры қалай оқылады?

Драма поэзия жанрына өте жақын жанр. Ал, драма дегенде көркем әдебиеттің негізгі бір түрі, яғни тек қана кейіпкерлердің сөйлеуіне, қимыл әрекетіне негізделген көркем шығармалар – пьесаларға айтылады. Драманы мәнерлеп оқудан алдын ондағы кейіпкерлердің Өзара диалог, монолог түрінде сөйлеуін ескерген де мақсатқа сай болады. Драмалық шығарма түгелдей дерлік диалогқа сөйлестіруге және жеке кейіпкерді сөйлетуге, монологқа құрылады. Әдеби оқуда драма термині көбінесе жанр ерекшелігі және мазмұнды білдіреді, сол үшін де сахналық көрініске ие болған бұл жанрда терең ой, пікір, кескін іштей күрестерге негізделген жанр драма болып табылады. Негізінде драма грек тілінен алынған болып, сахнаға арналған, оқиғаны оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар дегенді білдіреді. Бұл туралы Белинскийдің - «Драмалық шығарма сахнада толық өмірді қамти алады» деген пікірін ескерген жөн. Драмалық шығарманы екі түрде оқуға болады: пьесаны бір адамның оқуы, яғни оқытушы оқиды және пьесаны рөлге бөліп студенттер оқиды. Осылай екі түрлі оқуда да мақсат драмалық жанр ерекшелігін тыңдаушыларға жеткізу болса да, жеке адамның оқуы мен рөлге бөліп оқудың арасында айырмашылық бар.

Драмалық шығарманы бір адам оқыған кезде орындаушы бейнеге толық ене алмай, тек қана ол туралы түсінік немесе сол бейне жайында әңгімелеп береді.

Драмалық шығарманы оқуда орындаушы кейіпкердің іс-әрекеті, қимылы және сөйлеу интонациясына қарай өз сөзін құбылтып отырады.

Драмалық шығармаға анализ жасайтын болсаң, эпикалық жанрға ұқсас келеді, бірақ өзіндік ерекшелігі де бар. Драмалық шығармадағы көрініс үздіксіз дамып отыруы тиіс. Драманың идеялық мазмұны көрініс барысында анықталып отырады. Драмалық жанрдың комедия және трагедия атты екі түрі бар. Комедия – грек тілінен алынған болып, көңілді топ, өлең деген мағынаны білдіреді. Комедия ірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, қасиетсіздікті оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Мәселен, Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі», М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты комедияларын атауға болады. Ал,

трагедияда өмірдегі шиеленіскен күрес-тартысты, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс-таласын суреттейді. Мәселен, М.Әуезовтің «Қаракөз», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты» трагедияларын атауға болады.

Пьесаны рөлге бөліп оқығанда орындаушылар тобы алдын ала жаттығу жасай алуы тиіс. Сонымен бірге драмалық жанрға енетін шығармалар Өзінің лирикалық, сатирикалық, саяси және драмалық сияқты бірнеше көріністерімен басқа түрлерден ажыралып тұрады. Мұны да ескерген жөн.

Мәселен: Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасынан үзінді алайық.

Мүсірепов. Қайрат – қыран, қайғы – жылан. Қайғыра бермей қайрат қылайық (Аспанға қарайды). Иә, қайрат қылайық.

Балым. Аспаннан не іздейсің, қайным? Аспанға қанша тесіліп қарасаң да періштелер көрінбейді. Құдай да, өкімет те бізді ұмытқан.

Мүсірепов. Біздің елді қырқадан қырсық шалғаны рас. Бірақ қиялдан қысыр, арманнан ада болмайық. Үміт үзілмесін. Жол көрсетіңіз. Босқындарды қуып жетейік.

Балым (екі ойлы). Бетінен тозақ оты лапылдаған мына даладан кімді іздеп табар екенбіз?..

Поэзиялық туындыларды оқу

Ереуіл атқа ер салмай
Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын түске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,

Ашаршылық, шөл көрмей,
өзегі толып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
ёлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай?
Ерлердің ісі бітер ме?

Қызғыш құс

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,	Аспандап ұшқан қызғыш құс
Қанатың қатты, мойның бос.	Сені көлден айырған-
Исатайдан айрылып,	Лашын құстың тепкіні.
Жалғыздықпен болдым дос.	Мені елден айырған-
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,	Хан Жәңгірдің екпіні.
Ел қорыған мен едім,	Айтып-айтпай немене?
Мен де айрылдым елімнен,	Құсалықпен өтті ғой
Көл қорыған сен едің,	Махамбеттің көп күні !!!
Сен де айрылдың көліңнен.	

Мен, мен едім, мен едім

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегіскен дұшпанның,
Екі талай болғанда,
Азыққа етін жеп едім.
Хан баласы ақ сүйек,
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас.
Хан баласы ақ сүйек,
Бәйеке, сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,

Тамағыма қылқаның кетер демес ем.
Мінгені Исатайдың ақтабаны-ай!
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.
Зеңбірек үш атқанда дарымады,
Құдайдың міне қара сақтағаны-ай.
Мінген Исатайдың көгілдір –ай,
Әскерін барша құмға төгілдірді-ай.
Мыңды алған, бірді беріп Ақтабанды,
Жыландай белге соққан бүгілдірді-ай.
Баласы Исатайдың Жақия-ды,
Жақия жауды көрсе ақияды.
Түлейді түнде жортқан жолбарыстай,
Алдырдым қабыланымды қапияда-ай!
Махамбет өтемісұлы

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
Жел сокса, ыстық сокса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілін суын ішсең ашылады.
Денеңде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады..
Он мың мал айдап өтсең, лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.
Тасыған зен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.
Ед қыстап күн көреді жанабында
Дәм болар алуан-алуан балығында..
Тас-таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында...

II тарау. ӘДЕБИ ТІЛ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ана тілін ардақтай біл

Ана тілі - мәдени өрлеудің аса зор рычагі.

(Н.Я.Март)

Ана тілім... Осы бір-ақ ауыз сөзді мен аса қасиетті ұғым деп қараймын. Шынында да, осы сөзді естігенде немесе тілге тиек еткенде үлкен тебіреністі күй кешіледі. Өйткені «ана тілім» деп өміренгенімізде әлдеқайдан «Отан», «Ана», «Туған жер» деген ұғымдар да еріксіз ойымызға орала кетеді. Сонда барып әлгі бір ауыз сөздің жанымызды баурап алған тылсым сиқырын, оның құдіретін сезінеміз. Осы орайда халқымыздың ақиық ақыны Әбділда Тәжібаевтің бір шумақ өлеңін есіке түсіруге болады:

*Ана тілім -тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өмсе тілім, мен де бірге өшемін!*

Осы өлеңмен ол туған тілдің аса күштілігі мен құдіреттілігін паш ете салған. «Ана тілім» деп қанша ойланып -толғансаң да, шабытың тасып, тасқындасаң да осыдан артық теңеу, осыдан мазмұнды өлең жаза алмайсың. Ана тілінің аса қасиетті екенін дәріптемек боп өлең жазуға отырасың да, әлгі бір шумақ өлеңді көрген соң, «Дария маңынан құдық қазғың келмей» әрі асыра алмайтынына нанып, қолыңды сілтей саласың.

Міне, қазір кез келген қазақтың қыдыры боп саналатын ана тілі жайлы азғана сөз айттық. Ал енді, қазақ тілінің болашағы, оның бүгінгі мен кешегісіне көз салайық.

Бізғырықты XX ғасырдың халқымыз үшін ең елеулі, қуанышты оқиғаларының бірі, тіпті бірі емес, бірегейі. Менің ойымша, Республикамыздың егеменді ел болып тәуелсіздік алуы. Ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алды. Басқа тілдермен құқықтық тұрғыдан теңелді.

Тіл туралы Заң мен тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда білім саласы айтарлықтай оң өзгерістерге қол жеткізді.

Өзбекстан Республикасының негізгі Конституциясында Өзбек-

станда жасайтын барлық ұлттардың тілін мәдениетін салт-дәстүрлерін дамытуға толық мүмкіндіктер жасалтындығы толық айтылған.

Елбасымыз Ш.М.Мирзияев: «Біздің басты стратегиялық мақсатымыз - берік те табанды, еркін, демократиялық мемлекет құру. Мемлекетімізде ұлты, тілі мен дінінен тыс әрбір адамның барлық хұқықтары мен еркіндіктеріне кепілдік берілетін, жасампаз тұрмыс салты қамтамасыз етілетін демократиялық даму жолын жүйелі түрде жалғастыру.

Тағы бір маңызды міндетіміз - бұл Өзбекстанда өмір сүріп жатқан барлық ұлт пен ұлыстардың тілі, мәдениеті, әдет - ғұрпы және дәстүрін дамытуға көмектесу, оларға жасалған мүмкіндіктер мен жағдайларды одан әрі кеңейтуден тұрады», - деген болатын.

Өзбекстан территориясында ежелден өмір сүріп келе жатқан қазақ халқының әрбір азаматы басына қонған осындай бақытты қолдан бермей, оны мәңгі тұрақтандырып, нығайту жолында бар мүмкіндіктерден барынша мол пайдаланып ат салысуы шарт.

Бұл бақыттың негізгі тірегі –тіл. Өз ана тілі жоқ халықтың ұлты болмайды. Өз ана тілін білмеген, оны жанындай сүймеген адамды сол ұлттың өкілі деп санауға болмайды. Жер шарында көптеген мемлекет бар. Әрбір мемлекет ішінде неше түрлі халық болуы мүмкін. Әр халықтың өз тілі болады. Олар өз ана тілінде де, ана тілімен қатар, сол мемлекет ішінде көп тараған бірді-екілі басқа тілдерде де сөйлеуі мүмкін.

Ана тілінің маңызы мен қоғамдық қызметі аса зор. Біріншіден, ол - қатынас құралы. Әр халық өкілдері бір-бірінің ойын ең алдымен ана тілі арқылы түсінеді, бір-бірімен ана тілінде сөйлеседі. Екіншіден, әр адам ана тілінде оқып білім алады, тәрбиеленеді, өнер үйренеді. Үшіншіден, ана тілі - халықтың рухани мәдени байлығының құралы.

Қазақ тілі - қазақ халқы үшін әдебиет, мәдениет, ғылым мен білім тілі, оқу-ағарту тілі, түрлі іс-қағаздарының тілі.

Қазақ халқын құраған рулар мен тайпалар тарихқа өте ертеден - біздің жыл санауымыздан бұрыннан-ақ мәлім. Одан бермен қарай бұл тіл халқымыздың қарыштап алға басуынын бірден-бір қуатты құралы болып келе жатыр. Қазақ тілі - ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға жеткен ұлы мәдени мұра.

Буыны бекімеген икемсіз саусақтарын ананың жылы төсіне жүгіртіп, ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрсетенің құлағына алдымен ана сөзі естіледі. Ана сүті баланың қанына тарап, ана сөзі баланың сезімін оятады. Бара-бара баланың тілі шығып, ата-ананың, отбасының, бүкіл халықтың дәстүрімен емін-еркін сөйлейтін болады. Сүтпен еніп, миға сіңген сол тіл есейген адамның саналы өмірінің аса керекті рухани байлығы, адамның адамдық белгілерінің бірі болып табылады.

Адам тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, іс-әрекетсіз өмір сүрмек емес. Сол өмірінде ол өзін қоғамнан тыс жүрген жанмын демей, ата-ананың ұлы-қызы болғандықтан, халықтың, Отанның ұлы-қызымын деп есептейді. Кісіні сондай саналы ойға баулитын, еңбек процесіне белсене қатысуға мүмкіншілік тудыратын қарым-қатынас құралы - ұлы мәртебелі сол ана тілі.

Кісі білімді, тәлім-тәрбиені, тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді. Тіл - ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысандары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрып, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады.

Тілді жақсы білу оңай жұмыс емес. Өйткені оның шегі жоқ. Тіл адамдардың еңбек ету процесінде, қарым-қатынас жасау тәжірибесінде мыңдаған жылдар бойы жасаған. Оның орасан көп байлықтары сол тілде сөйлейтін халықтың бастан кешірген ұзақ өміріндегі ойлау жұмысының нәтижесі ретінде үнемі дамып отырады. Тілді сіресіп қатып қалған қалпында емес, сол даму, жетілу процесінде үйретеміз. Сондықтан тіл байлықтарын түгел меңгердім, мен білмейтін ештеңе жоқ, тіл өнерінің шыңына шықтым, болды деп ешкім айта алмайды.

Қазақ халқы да ежелден шешендікке әуес, тіл өнеріне жетік халық, ол тіл өнерін басқа өнерден кем санамайды. Сондықтан қазақта: «Өнер алды - қызыл тіл», «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Тіл қылыштан өткір» сияқты мақал-мәтелдер бар. Осыған орай қазақ халқы тіл өнерінің небір әсем кестелерін, орасан көп тіл байлықтарын тудырады. Соларды игеру, халықтың

тіл байлығына мұрагер болу – ана тілін ардақтайтын азаматтың ісі.

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін тіл мәдениетінің қол созатын адамның әрекеті. Тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардан құралған сөйлемдерге негізделеді. Тілдің бас арқауы - сөз.

Тіл - әлеуметтік құбылыс. Бала ана тілін қоғам мүшесі ретінде пайдалануды табиғи айналадан үйренеді. Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алға қойған шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлеу де өнер тілін білмеген - түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп, күйдіреді, сүйсіндірем деп, сүріндіреді, білдірем деп, бүлдіреді, қуантам деп, қуартады, жұбатам деп, жылатады. Біздің қазақ: «Аталы сөз – баталы сөз» дегенде, осы дұрыс сөйлей білуді айтқан.

Ана тілінің қайнар бұлағынан сусындайын деген кісі сол тілде жазылған әдебиетті құмарта оқиды. Әр саланы сол әдебиеттен өзіне қоғамдық жұмысына рухани азық табады, біліміне білім қосады, тіл байлығын молайтады.

Ана тілі - әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінің ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры.

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әрбір адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.

Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Мұндайларды кездестіргенде, Паустовскидің «Туған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік».- деп ашына айтқаны ойға келеді. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген жастар ана тілінде тұрпайы сөйлейді. Төл тілінде сөйлеуден безу - ақ сүтін беріп, асыраған анаңды ұмытумен бірдей. Ана тілі –ар өлшемі! Олай болса, тілді шұбарлау-арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Құрметті ақынымыз Қ.Мырзалиевтің:

*«Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,*

Өз тілінді құрметте!», - деген тұжырымы – жастармен қатар, үлкендерге де қойылатын талап.

Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, себебі, әрбір ұлттың тілі –оның бақыты. Орыстың ұлы педогогы К.Д.Ушинский: «Тіл ешқашан солмайтын гүл», - деп айтқанындай қазақ тілінің гүлдене, жайқала түсуіне, беделінің арта түсуі үшін әлі де болса шығармашылық ізденіспен еңбек етуіміз керек. Адамдар үшін өмірдегі ең бағалы құндылықтардың бірі — ана тілі. Ана сүтімен дарыған тілдің қасиетін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Ана тілім – ана сүтім, арым менің

Сәулетім – сая бағым, сәнім менің

Аспаным өзіңменен арайланып,

Нұрланып атар ылғи таңым менің.

Тіл түзелмей, қоғам түзелмейді; мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттене береді. Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізетін уақыт жетті. Ататүріктің «Қай кезде де ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеге басымдық беруіміз керек. Халықаралық саясат, еларалық жағдай – мұның бәрі ұлттық мұрат пен ұлттық мүддеден төмен тұруы керек» дегеніндей, Өзбекстан мемлекетінде де оның тілінен бастау алған рухани құндылықтарына бет бұрып, барынша халықтық мүддеге қызмет ететін ұлттық саясат жүргізу – бүгінгі күн қажет етіп отырған басты талабы.

Әдеби тіл және тіл мәдениеті

Әдеби тіл - жалпы халықтық тілдің белгілі жүйеге түскен, жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба және ауызша әдебиеттің негізінде қалыптасқан тұрақты, орныққан қалыптары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті.

Әдеби тілдің жүйелік сипат алып, тұрақты нормаланып қалыптасуында, сұрыпталып, икемделіп, жетіле түсуінде, жанрлық-стильдік тармақтарының қалыптасып, дамуында жазба әдебиеттің алатын орны ерекше. Бірақ әдеби тіл деген ұғымды, бір жағынан, тек жазба әдебиетпен байланыстырып, жазба тілмен балама деп тану, екінші жағынан, әдеби тіл тарихын сол халықтың қоғамдық, әлеу-

меттік-экономикалық мәдени тарихынан бөліп алып, соның нәтижесінде жазуы болмаған я кеш дамыған халықтың, бай ауыз әдебиеті, ауызша тарап келген әр жанрдағы халықтық әдебиеті болса да, әдеби тілі жоқ, я болмаса кеш қалыптасқан деген үзіледі-кесілді пікір айту шындыққа жанасымды бола бермейді. Әдеби тіл тек жазба әдебиет негізінде ғана қалыптасып, дамып қоймайды, бұл процесте, мысалы, қазақтың шешендік сөздерінің, ақын-жырлаулар шығармашылығының, айтыс ақындарының, лиро-эпик., батырлар жырларының, жалпы ауызша әдебиет түрлерінің де өз орындары бар. Оның үстіне әдеби тілдің орфогр. нормасымен бірге орфоэпиялық та нормасы бар екенін мойындасақ, ауызша әдебиеттің те әдеби тілді қалыптастырып, дамытуда орны бар екенін байқаймыз. Сондықтан, біріншіден, әдеби тіл деген ұғым мен жазба тіл, жазба әдебиет тілі деген ұғымдар бір-бірімен қарым-қатынасты, байланысты болып келгенмен, тепе-тең, бір емес, екіншіден, жазба тіл әдебиліктің бірден-бір негізгі критеріі, мәнді қасиеті бола алмайды, ол тек Әдеби тілдің даму дәрежесінің көрсеткіші, демек, жазба тіл мен ауыз екі тіл жалпы тілдің, соның ішінде әдеби тілдің өмір сүру формасы болып табылады. Сол сияқты әдеби тілді стильдік-жанрлық тармақтары бар деген белгі де әдебиліктің емес, әдеби тілдің даму дәрежесінің сапалық көрсеткіші. Тілдің әдебилігінің мәнді сипаты, бірден-бір көрсеткіші - халықтың белгілі кезеңдегі қоғамдық, рухани, мәдени өмірінің құралы бола алуы, халықтың рухани байлығын, сөз өнерін жеткізудің, мәдени талап-тілектің қоғамдық көрінісі, құралы мен оны іске асырудың амалы бола алуы. Осындай міндетті атқаратын тіл ғана әдеби тіл болмақ. Сонда ғана ол жалпы халықтық тіл деген ұғымнан өзінің жүйелілігімен, тұрақты нормалылығымен, сұрыпталып, өңделген қасиеттерімен, даму сатысының жоғары дәрежесімен, қоғамдық қызметінің айқындылығымен, сан алуандығымен ерекшеліне алады және өзі қызмет ететін халықтың қоғамдық даму тарихымен, саяси-әлеуметтік, экономика, мәдени ерекшеліктерімен байланысты әр түрлі формада өмір сүруге икемделеді.

Әдеби тілдің халықтың қоғамдық рухани байлығы, сөз мәдениеті өндірісінің құралы болуы оның жүйелік сипатымен, сұрыпталған, сымбатталған тұрақты нормаларымен, сол халыққа әрі ортақ, әрі түсінікті қасиеттерімен анықталады. Өйткені тілдің әдебилігі сол

тілдің иесі боып табылатын халық өкілдерінің баршасына түсінікті және ортақтығы, яғни олардың арасындағы бір-бірімен тікелей де, жанама да қарым-қатынас құралының ең жоғарғы сатысы болуы сол тілдің орныққан жүйелі нормалары яғни тілдік элементтердің жүйелігі мен қалыптығы негізінде ғана жүзеге аспақ. Ол нормалар - бір күннің, тіпті бір жылдың жемісі емес, тілдің даму барысындағы көптеген ғасырдың жемісі. Және олар тілдік деңгейлерде (фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика, морфология және синтаксис) жеке-жеке тілдік бөлшектердің ішкі мәні, мазмұны (семантикасы) мен сыртқы дыбыстық, тұлғалық жағының сәйкестіктері және олардың қолданыстық-қызметтік сипатының диалектик. бірлікте болуы арқылы ұғынылып, әрі айқындалып отырады. Сондықтан да морфологиялық нормалар, синтаксистік нормалар, тілдік элементтердің (сөздердің) комбинаторлық, конструктивтік нормаларымен әрқайсысының мазмұны (мәні), түр-тұлғалық жиынтығы мен қолданыстық қалыптасу жүйелері болады. Сөз жоқ, ол нормалар да өзгеріп, дамып отырады.

Әдеби тілдің қоғамдағы басты қызметі - адамдар арасындағы қатынас құралы болу. Сондықтан жалпы тіл атаулыға тән қасиет-коммуникативтік қызмет әдеби тілге де тән. Әдеби тіл арқылы айтушының, жазып қалдырған адамның ойын, пікірін ұғамыз, сұрағына жауап береміз. Әдеби тіл арқылы өзіміз көзбен көрмеген оқиға туралы мағлұмат аламыз. Яғни пікір алысу, ой жеткізу, адамдардың бір-бірімен ұғысуы, білмегенді білу, білім, тәлім-тәрбие, тағлым алу әдеби тілдің осы коммуникативтік қызметі арқылы жүзеге асады. Бірақ әдеби тілдің коммуникативтік қызметі адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының басқа түрлерінен қалыптасқан белгілі тіл заңдылықтары, тілдік элементтер жүйесінің құралдық, құрылымдық, қолданыстық жағынан тұрақты нормаларының болуы арқылы ажырытылады. Мысалы, ойды білдірудің ең кіші тілдік бөлшегі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматик. байланысқа түскен, мағыналары сәйкес сөздерден, ал сөздер дәл сол сияқты морфемалар мен дыбыстардан тұрады, сөйтіп сөйлем жүйелі құрылым құрайды да, ерекше коммуникативтік қызмет атқарады. Сол арқылы қате құрылған сөйлемді, орынсыз қолданылған жеке сөзді, сәйкессіз тіркестерді, кейбір дыбыстық ауытқуларды тауып, анықтай аламыз.

Сонымен бірге әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, сезіміне әсер етуге де болады, яғни оқушысын бірде күлдіріп, рахаттандырып, көңіліне нұр сеуіп, өсіреді, бірде жылатып, көңілін күйдіріп, қайғыртады. Бұл - әдеби тілдің экспрессивтік-эстетик. қызметі болып табылады. Әдеби тілдің қалыптасу жолын нақты көрсете алатын ерекшеліктерге назар аударсақ, әр түрлі әдеби тілдер арасындағы ұқсастықтар мен ортақ сипаттарды байқауға болады. Солардың негізінде әдеби тілдің қалыптасуының негізгі үш жолын көрсетуге болады:

1. Әдеби тіл белгілі халықтың бір ғана тобы сөйлейтін бір диалектісінің негізінде қалыптасады. Ондайға бұл диалектінің не география, не экономика, не лингвистика, не тектік-этникалық, не мәдени дәрежесі т.б. жағынан артықшылығы болады. Орыс әдеби тіл Мәскеу диалектісінің, татар әдеби тіл, Қазан (орта) диалектісінің негізінде қалыптасты деген қорытынды осындай ерекшеліктерге сүйенеді.

2. Әдеби тіл кейде сол халықтың өз ана тілі емес, бөтен халықтың тілі болуы да мүмкін. Бөтен тілдің әдеби тіл болуы сол халықтың тәуелсіздігінің жоқтығымен, басқа бір елге бағынышты болуымен, мәдениетінің мешеу қалуымен байланысты. Кейде ондай әдеби тіл ол халық үшін белгілі бір мерзім ішінде өмір сүріп, кейін ол қасиетінен айрылып қалуы мүмкін, немесе жергілікті халық тілімен қатар өмір сүріп, көбіне тек ресми әдеби тіл шеңберінде қалып та қояды, немесе жергілікті халық тілімен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде әр түрлі өзгерістерге ұшырауы да ықтимал.

3. Көп жағдайда әдеби тіл сол халықтың бар болса барлық, я бірнеше диалектісінің негізінде немесе жалпы халықтық тілінің негізінде, сол сияқты сөйлеу тілі мен бай ауыз әдебиетінің дәстүрінде қалыптасады. Қазақ әдеби тіл, соңғы кезде тіл мамандарының көрсетуінше, жалпы халықтық тілдің негізінде қалыптасты деп саналады.

Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы - әдеби тіл. Өйткені соңғы – екшеленген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандарты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, көркем, өткір тіл. Солардың бәрі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік нормалар біршама тұрақталып, жаңа нормалар пайда болды, стильдік жүйелері сара-

ланып, қоғамдық қызметі кеңейді. Солардың бәрін игеріп, игілікті іс-әрекетіне пайдалану кісіні тіл мәдениетіне жетектейді.

Мәдениетті адамның көп қырлы сырының бір көрінісі – тіл мәдениетінің жоғары болуы.

Әдеби тілдің не екенін, оның халық тілінен айырмашылығын, қарым-қатынасы қалай болатынын білмей тұрып, тіл мәдениетінің биік шыңына қол созуға болмайды. Өйткені тіл мәдениетінің қағида, талаптары жазба әдеби тіл мен «ауызша әдеби тіл» дегеннің арақатынасынан пайда болады.

Ғасырлар бойы жасалып, үздіксіз даму, жетілу процесіндегі тілдің тарихи дәуірлері оны жасаушы халықтың тарихымен, ой-сана-сының даму процесімен байланысты. Сондай даму кезеңінің бірі, әдеби тіл болып қалыптасу дәуірі. Әдеби тіл - халық тілінің жоғары формасы екені, оның басты-басты белгілері өзінен өзі түсінікті сияқты. Дегенмен де әдеби тіл жайындағы көзқарастар әр қилы.

Әдеби тілге қалыптасқан нормалар тән. Халық тілінің байлығы ұшан-теңіз, әр қилы, онда жалпы халыққа ортақ дыбыс, сөз байлықтары, грамматикалық құрылыстары болумен қатар, диалектілері де, түрліше айтылып, түрліше ұғынылатын сөздер де бұзылып - құбылып айтылатын грамматикалық тұлғалар да бар, жаргон сөздер де бар. Солардың бәрі бірдей «алтын қазына» емес. Әдеби тіл керегін ауызекі сөйлеу тілінен алғанда, таңдап, сұрыптап, екшеп, әдебиет елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте, газет-журналда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, барлық қарым-қатынас, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа тұседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады. Бұлар тілдің өн бойында-фонетикада, орфографияда, орфоэпияда, терминдерде, төл, басқа да кірме сөздерде, грамматикалық құрылыста бар. Олардың бірқатары тілдің ішкі заңы бойынша ертеден қылыптасып, әдебиеттік сипат алып кетсе, бірқатары тілі пайдаланушы әдебиет майданының қызметкерлері, ғылым қызметкерлері, тағы басқалардың тіл жұмсауы нәтижесінде тіпті қаулы-қарар, оқулықтар арқылы нормаланады. Тілдік нормалардың баяндылығы тіл мәдениетінің де нышаны; тілдік нормалар неғұрлым берік қалыптасып, жалпыхалықтық сипат алса, соғұрлым әдеби тілдің дәрежесі ұлғайып, мәдениеті арта түседі.

Норма - әдеби тіл құрылысының таңдамалы біршама тиянақты

бөлшектерінің жиынтығы. Ол тілдік жүйе дегенмен бір емес.

Тілдік тәсілдер жүйесінде жарыса, бірде олай, бірде былай жұмсалатын, таңдай, талғауды керек ететін бөлшектер ғана нормаланады. Сондықтан «тілдік норма» дегенде тілді нормалау, жазушының тілін, стилін, тілдік стильдік тармақтарын нормаламау деп түсінбеу керек. Мысалы, септік, жіктік, жалғаулар парадигмалары - жүйелі қалыпта. Солардың жүйесінде өзгеше өң алған екі, кейде үш түрлі тұлғалар (бірі аз, бірі көп) жарыса қолданылады. Мысалы, келер шақтық есімшенің екі тұлғасы бар: - **(а) тын, -(е) тіп** және **-тұғын;** қалау райының екінші жағының қазақ тілінде үш түрлі тұлғасы бар: **-йық (йік), -лық (лік), -лы**. Осылардың алдыңғылары өзгелерімен салыстырғанда, жалпыға ортақ, тұрақтылық т.б. қасиеттеріне лайық норма деп есептеліп, қалғандары нормадан жөнді-жөнсіз ауытқу орайында қолданылады.

Осындай тайталастық тілдік категориялар жүйесінің бәрінде кездеседі, әсіресе лексикада көп. Оның себебі - тілдің сөз байлығы өзгеріске көбірек ұшырайды, құбылмалы болады. Мысалы: тұз – дұз, тізе- дізе, құдағи-құдағай, диірмен-тиірмен, пісті-пысты, ащы-ашты.

Тілдік норма – тілдегі бірізділік. Тілдік нормалар әдеби тілдің әр кезінде әр түрлі болып, олар да әдеби тілдің ілгері даму талабына сай өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, Октябрден көп жылдар бұрын қазақ әдеби тілінің өзара тайталасқан кітаби ақындар әдебиетті және оған қарама-қарсы демократиялық бағыттағы әдебиет. Алдыңғы әдеби тілде жазғандар үшін, мысалы, мехнат, миллат, ғұмыр, мұбада, ғамал, ғакім, харам, уағда, қиладур, тоғры, сұрадылар, бірлән, айтылмыш деген сияқтылар норма болса, демократиялық бағыттағы әдебиет оларды халықтың сөйлеу тіліндегідей, ауыз әдебиеті дәстүрі негізінде өзгертіп, жаңа нормалар орнатты.

Әдеби тілдің бір саласы - көркем әдебиет тілі. Ол публицистикалық әдебиет тіліндегідей тілдік нормаларды бекем сақтай бермейді. Ол көркем әдебиет тілінің ерекшелігінен туады. Онда шығарма мазмұндары мен көркем образдары және басқа тілдік бояулары авторлардың баяндауларымен ғана емес, персонаждар мен бөгде біреулердің әңгімелері арқылы да баяндалады.

Қазақтың ақын-жазушыларының бәрі бірдей сол қазақ тілінде жазғанмен, оны көріктеу, көркем құрал, эстетикалық тәрбие құралы

етіп жұмсау мүмкіншіліктері бірдей емес. Оның үстіне әр жазушы алған тақырыбының идеялық-көркемдік мақсат-мұратына лайық шығармасының стилін, тілін өзгелерден өзгешелеу етіп құбылтып отыруы мүмкін. Тіпті, сол мақсатпен бір жазушының екі түрлі шығармасының тілі, стилі екі түрлі бола береді; бір шығармаға лайықсыз сөз байлығы, басқа да тілдік амалдар, екінші, үшінші туындыға өте орынды болатыны сөзсіз.

Тілдің әдебиеттік нышанының бірі- жазу. Халық тілі жазба әдебиет арқылы өзінің нормалық қасиеттерін жетілдіреді және оның жаңа нормалық қасиеттерін жетілдіреді және оның жаңа нормалары жасалады. Сондықтан әдеби тіл халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты.

Сонымен қоян қолтық, бірақ әр кезеңде әр түрлі дәрежеде дамып келе жатқан басқа әдебиеттер, газет-журналдар, ғылыми еңбектар, ресми іс қағаздары, оқулық, оқу құралдары..., бәрі де айналып келгенде, халықтың жазу мәдениетіне тіреледі. Жазуы жоқ халықтың әдеби тілі жоқ болса, ауыз әдебиеті болады. Баспасөз әрі тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құрылыстарын жақсартып, нормаға түсіріп, сымбаттылық қасиетін арттыра түседі.

Әдеби тілге тән белгілердің бірі- сараланған стильдік тармақтарының болуы. Жазба әдебиеттің көп шығып, көп тарауы тілдің көғамдық қызметін арттыра түседі. Әдеби тіл қызметінің әр алуандығы тілдің қызмет бабына жанасымды стильдіктармақтарын қалыптастырады. Жазба әдебиет тілі өскелең елдің дәстүрінде жұрттың бәріне ортақ, әрі міндетті болады. Ол күллі қоғамға, қоғам мүшелеріне, саяси -тәрбие жұмыстарына қызмет ететіндіктен, бір есептен, ресми тіл деп те есептеледі.

Әдеби тілдің біртұтастығын тілдегі бірсарандық деп түсінбеу керек. Оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы, жұмсалудың орталығы, құралдық қызметі шоғырлана келіп мынадай стильдік тармақтар пайда болып отыр: 1. Көркем әдебиет тілінің стилі; 2. Публицистикалық (газет- журнал тілінің) стиль; 3. ылыми- техникалық әдебиеттің стилі; 4. Ресми іс-қағаздар тілінің стилі; Оқу-ағарту және педагогикалық әдебиеттің стилі.

Олардың әрқайсысының өз ерекшеліктеріне лайық тілдің қорлары бола тұра, бәрінің де өзара қарым-қатынасына қарай ауыс-түйісі де болады. Сондай орайда дамыған әдеби тілдің стильдік тармақта-

ры неғұрлым сараланған, жетілген болса, әдеби тілдің де дәрежесі соғұрлым биік болмақ.

Әдеби тілдің басты сипатының бірі -оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы. Әдеби тіл - қоғамдық құбылыс. Әр қоғам оны өзінің мақсат - мүддесінің құралы етіп жұмсауға тырысады. Сөйлеу тілі беттесіп қарым-қатынас жасаудың құралы болса, әдеби тіл, сонымен қатар, өнердің, мәдениеттің, ғылымның, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың кеңсенің, баспасөздің тілі. Әдеби тілдің біркелкі, әрі жаппай, қоғамның барлық өміріне қатысты бола жұмсалуды -оның әрі ұлт тілі болуының белгісі.

Сөйтіп, әдеби тіл дегеніміз – *жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл.*

Әдеби тіл - жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл.

Тіл мәдениеті - тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейтін ұғым.

Әдеби тілдің тарихы туралы

Дүниедегі тілдердің тарихы әдеби тілдің әр түрлі дәрежеде, әр түрлі жолдармен қалыптасатынын көрсетеді: кейде әдеби тіл сол халықтың бір ғана тобы сөйлейтін бір диалект негізінде қалыптасады. Мұндайда әдеби тілдің негізі болған диалект басқа диалектілерден белгілі бір айырмашылықтармен ерекшеленеді. Мысалы, оның сөздік қоры басқалармен салыстырғанда бай болып келеді және ол диалектіде сол халықтың барлығына бірдей кең танылған әдебиет шығармалары, т.б. болады.

Әдеби тіл бір ғана диалектінің негізінде қалыптаспауы мүмкін. Кейбір халықтардың әдеби тілдері жалпы халық тілінің негізінде қалыптасады. Олардың бірінде грамматикалық ерекшелігіне байланысты кәсіби сөздер мол болса, бірінде негізгі сөздік қоры бай болады, ал үшінші бір говорда грамматикалық құрылысы бақаларға қарағанда бір ізге түскен, қалыптасқан болып келеді. Бірқатар әдеби тіл осылардың барлығының да жақсы жақтарын бойына жинау процесінде қалыптасады. Мұндай әдеби тілдер кейбір жекелеген

говор не диалектілерге бөлінгенмен, жалпы алғанда біртұтас, ерекшеліктері елеусіз болады.

Әдеби тілдің тарихында белді ақын-жазушылардың орны ерекше. Олардың шығармаларының тілдік материалдары негізінде әдеби тілдің даму, қалыптасу процесін айқындауға болады. Әдеби тілдің тарихы халық-ағарту жұмыстарының, мәдениетінің, ғылымның тарихымен, қоғамдық ой-сананың даму тарихымен байланысты. Осылардың жарқын сәулесі, айқын көрінісі ұлы ақын -жазушылардың шығармаларынан байқалады. Абай, Ыбырай, Сәкен, Мұхтар, Сәбит сияқты еңсесі биік өнегелі жазушылардың жаңа реалистік әдебиет үшін күресі әдеби тіл үшін де күресі болып табылады. Бірақ әдеби тілді жеке жазушы жасамайды. Орыс әдеби тілін Пушкин жасады, өзбек әдеби тілін Науаи жасады, қазақ әдеби тілін Абай жасады деу – нанымсыз ұшқыры көзқарастар. Күллі қоғамға қызмет ететін, жалпы халықтың қасиеті бар тілді, қарым-қатынас жасаудың ең жоғары формасы - әдеби тілді, қанша данышпан болғанымен бір кісі жасамайды. Бірақ халық тілін, ауызекі сөйлеу тілін сұрыптап, шындап жаратуда, оны жүйеге салуда тіл шеберлігің әдебиеттің ұтымды жаңа үлгілерін тудыруда жеке классик ақын-жазушылардың ролі ерекше болады. Солай еткен ақын жазушының прогрессив тіл жұмсау үлгілері әдеби тілдің жаңа сатыда дамуына ерекше әсер етуі мүмкін.

Міне, осылар қабілетіне, тіл шеберлігінің, тіл мәдениетінің өзгерлерге өнегелі үлгілеріне қарап, мысалы, Пушкинді, Науаины, Абайды өз халықтарының әдеби тілдерін халық тілі негізінде дамытуға жаңа жол салды, жаңа бағыт сілтеді деп танып, оларды жаңа әдеби тілдердің негізін салушылар деуге болады.

Әдеби тілдің тарихын бір ғана ақын, не жазушының творчествосымен, сөз өнерімен байланыстыруға болмайды. Өйткені, М.Әуезов айтқандай, «әдеби тіл бір дәуірдің бір-ақ жазушысымен бірге туып қана қоймайды ғой. Бұл ретте орыс әдеби тілінің негізі туралы айтқан орыс ғалымдарының пікірін алсақ, олардың ешқайсысы орыстың әдебиет тілі тек Пушкиннен басталды деп айтқан емес».

Демек, әдеби тіліміз, жоғарыда көрсеткеніміздей, бір ақынның тұсында, не белгілі бір обылыс тұрғындарының тілі негізінде пайда болмай, ұзақ жылдар бойы жалып халық тілі негізінде пайда болды.

Диалект – (грек.dialektos - сөйленіс) белгілі бір аймақ, облыс тұрғындарына қызмет ететін жалпыхалықтық ұлттық тілдің тармағы.

Оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы

Тілді білу қандай қиын болса, тіл маманы болу одан да қиын. Тек ойы айқын, тілге жетік адамдар ғана қиыннан қиыстырып, әсерлі де дәлді етіп сөйлей алады, жаза біледі.Тілді жақсаы білу, оны дұрыс қолдану талаптары, анау-мынау ғана емес, цивилизация, прогресс, алдыңғы қатардағының бін оқып-үйрену арқылы, халық тілі байлықтарына, тілдің ғылыми негіздеріне біршама қанық болу арқылы жетіледі.

Қазіргі заманның білімді, мәдениеті ұлдары мен қыздары тілдік алғашқы тәлім-тәрбиені семья «мектебінен» алады.Онда ананың ақ сүтімен бірге нәрестенің сана-сезімін оятатын үн,әуен, дыбыс,сөз, сөйлемдер біртіндеп оның есіту, көру, сезіну қабілетіне әсер етіп,-бойын билейді. Баланың біртіндеп тілі шығады. Тілі шыққан бала ата-ананың, туған-туысқандарының және басқалардың пікір алысу, «әңгіме дүкенін құру» коллективінің тең праволы мүшесіне айналады. Оның сана –сезімі артып, тілдік «мағлұматы» кеңейіп, басқалармен түсінісе алатын кезде, балалар бақашасына барады. Ол да тәрбие берудің үлкен мектебі, онда да баланың тілі ширап, ой-пікірін еркін айта алатындай азамат болады.

Сол «азаматтардың» ендігі алтын ұясы –бастауыш мектебі болса, олардың алдынан «Қазақ тілі», «Ана тілі» деген пәндер шығады да, қолдарына солай жазылған оқулықтар беріледі. Осыдан былай кейбір жоғары оқу орнын бітіргенше «қазақ тілі» пәні оқу жоспары бойынша оқушының алдынан шығады да тұрады, оның көптеген салаларының мән-жайы түрлі орайда, әр түрлі мақсатпен жан-жақты білім берудің объектілері етіп оқытылады.

Солай болатын себебі – тіл, соның бірі қазақ тілі, адамның ұзақ сонарлы ой жұмысының нәтижесі болғандықтан, жалпы дәстүр бойынша пікір алысып, өзара сөйлесіп жүрген қарым-қатынас құралы практикалық мәнінің ерекше екендігімен қатар, оның заңдылықтарын игеріп түсіну қиын.

Қазақ тілі пәні қоғамдық ғылымға жатады. Ол ғылымға қойылатын талаптар ресми басшы орындардың нұсқауларында жақсы айтылған. Қазақ тілін мектептерде, филологиялық факультеттерде оқыту мақсаты әр түрлі. Соған лайық ол пәнді оқыту бағдарламасы да әр түрлі. Соның өзінде, мысалы, орфография ережелері, сөз таптары, сөйлемнің құрылысы барлық кезеңде, барлық орайда оқытылатын сабақтардың объектілері болады, бірақ оқыту мақсаттары басқа: бастауыш мектептерде бұлар жайында алғашқы мағлұматтар оқушылардың білім, жас мөлшеріне лайықтап оқытылса, орта мектептерде оның толық түрінің жүйесін, жұмсалып заңдылықтарының негіздерін оқушыларға сауаттылығын арттыру көзделсе, солардың жалғасы, коллеж, жоғары оқу орындары студенттеріне қазақ тілін оқытумен ұласады.

Солардың бәрінде тілдегі жаттанды қағидаларға бой ұру күшті де, ана тілінің құдіретті күшін жастардың санасына сіңіру, олардың тілдік сан-сезімін ояту, тілдің күнделікті өмірдегі қызметін білдіру сияқты талаптар жөнді қолға алынбайды. Басқаша айтқанда, оқушы- студенттердің тіл мәдениетін арттыру, тілдік категориялардың стильдік қызметтерін аңғартып отыру, сөйлеу, жазу шеберлігін күшейту көбіне елеусіз қалып қояды.

Тіл - адамның барлық өміріне аса қажетті қарым-қатынас жасау құралы, оның байлықтары адам өмірінің алтын қоры, өшпес дәулеті. Олардың қызметі әр алуан, тек қана сөйлеу, сөйлесу құралдары емес, эстетикалық, эмоциялық, көркемдік күші бар байлықтар.

Сол байлықтарды дұрыс игерудің басты талабы - қазақ тілін оқытуда жастардың тіл мәдениетін арттыру. Мақсат – тілде барды оқушы, студенттерге жаттату емес, олардың жұмсалып заңдылықтарынан пайда болатын стильдік, әлеуметтік, т.б. эстетикалық қызметтерін білдіру.

Тіл -адамның барлық өміріне аса қажетті қарым-қатынас жасау құралы, оның байлықтары адам өмірінің алтын қоры, өшпес дәулеті.

Жастардың тіл мәдениетін дамытуға ата-ана қамқорлығы

«Біз мектеп жасындағы баланың барлық өмірі мектепке ғана тиісті десек, жаңылысқанымыз. Баланың табиғи дамуына уақыт, табиғат және семья өмірі анағұрлым көбірек ықпал жасайды». (К.Д.Ушинский).

«Ана тілі - бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы» (К.Д.Ушинский)

Ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрестенің екі езуі бүлкілдеп, әлсіз саусақтармен ана кеудесін аймалап, көзін бір ашып, бір жұмып, рахатқа бөленеді емес пе? Еміренімпаз анасы да тасып - төгіліп, «о, жаным», «айналайын», «қалқам», «қозым», «құлыным».. деп, шын жүрегімен, адал ниетімен қатты тебіренбей ме? Осындай сөздерден басталатын ана тілі ана сүтімен сәбидің бойына тарап, ақыл-ойын, сана-сезімін оятады. Өсе келе бөбектің өз ана тіліне тән дыбыстар тобын, әлі қалыптаспаған «сөздерді» айтып, қуаныш аңсаған үй ішіне жайдары жас әуен енгізеді. Сол баланың талпыну, еңбектеу әрекеттері қаншалықты қауаныш болса, тәтті тілімен сөйлей бастауы соншалықты кісінін емірену сезіміне қозғау салады, жаңа бір қуаныш нұрын шашқандай болады, балалы үй базарға айналады.

Сөйтіп өсірген ұлық мен қызыңның бүгінгісі де, болашағы да әрі қызықты, әрі бақытты болса екен дейсің. Қызықты, бақытты өмірдің өлшеуіші адамның қоғам өмірінен алатын орны, іс-әрекеті нәтижелеріне негізделсе керек. Тек білімді, мәдениетті, талапты, еңбек сүйгіш азаматтар ғана ата-ананың сол арман биігінен көріне алады. Сол үшін ата-ана балаға қамқоршы болуды бір жақты түсінбей, жан-жақты тәрбие, әсіресе, тілдік тәрбие, білім беруді естен шығармауы керек.

Атақты сөз зергерлерінің өсіп, жетіліп қалыптасуына ата-ананың тілдік тәрбиелерінің ерекше әсері болғанын білеміз. Мысалы, А.С.Пушкиннің өмірінде анасындай тәрбиеші Арина Радионовнаның ерекше қызметін атқарғаны мәлім. Өзі оған арнап, «Няне» деген өлең де жазған. Пушкин одан көп нәрсе, әсіресе, тіл үйренген. Сондай өнегелі үлгілер де аз емес. Осыны айтқанда, басқа да мысалдар көз алдында тұрғандай болады. Алдымен ата-аналар еске түседі.

Ата-ана дегеніміз әке мен шеше ғана емес, сол екеуінің маңындағылардың бәрі деп түсінеміз. Солардың ішінде балаға әке – шешеден гөрі әжесі, атасы «баланың баласы оттан да ыстық» дейді де, бар білгенін, бар өнерін немерелеріне үйретуден жалықпайды. Абайдың даналығына, сөз зергері болуына айналаның, әжесі мен анасының, ақын мен жыраудың ерекше ықпалы тиген. Оны жазушы М.Әуезов былай суреттейді:

«Ол (Абай) атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, -әсіресе, әжесі. Одан қала берсе –шешесі. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші еді. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Абай бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда, ол айланып отырып:

- Е,е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен? – кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда, әжесін тізесінен ақырын қағып:

- Е, е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен? – деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді. Әжесі әуелде көп-көп ертекттер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген» - бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кеште де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. „лжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол өлеңді сөзді көп айтады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып берді. Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі де қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп-Зылиха» сияқты қыссаларды оқып береді».

Осындай жолдар арқылы жазушы Абайдың алдағы өміріне керекті рухани азықты қалай алғанын, халқының тіл байлығын қалай меңгергенін, соларға ықласының ауғанын, қарапайым әжесі мен анасының ұмытылмас ұстаздық құпиясын жай, үйреншікті іс қалпында баяндаған.

Өрине, біздің заманымыздағы әрбір жас өспірімнің тілге, әдебиетке деген ынтызарлығы, оқу - үйрену мектебі, оның айналасы, тіпті жартылысы дәл осы үлгілермен пішіле бермес. Бірақ Абайдың

әжесі мен шешесінің әңгіме ертегі сияқты халық мұраларын айтып, тілдік те тәрбие беруі қазіргі ата-ана, туған -туыскандар үшін де өнегелі жайттар емеспе?

Адамның қоғамдық өмірі қарым-қатынаста біреуге біреу ойын айту, пікір алысу тілдік қарым-қатынасты тудырады. адамның тіл жұмсауы - оның қоғам мүддесіне лайық көптеген іс-әрекетінің бір бөлігі. Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ әрі тарам-тарам. Оның негізі семьяда, балалар бақшасында қаланады да, бастауыш мектептен бастап ана тілін жүйелі оқып үйрену, тіл дамыту, сауатты жазу, грамматикалық құрылыстардың жүйлерейін, заңдылықтарын білдіру мақсаты қойылады. Мектептерде тілден білім беру - баланың тіл мәдениеті жоғары болуының да қамы. Оқушының мектептен алатын тіл сабақтары семья мен айналаның, әдебиет пен театрдың, кино мен теледидардың, радио мен жиналыстардың тіл «сабақтарымен» ұштасып жатады. Құлағы түрулі ойы сергек, білімге, мәдениетке, тілге, әдебиетке ықыласы ауған жастарға халқының, елінің рухани байлықтарын да ғылыми-техниканың табыстарын да тіл арқылы үйрену жолдары әр алуан. Соларды пайдаланып, елінің мақтанышына бөленген, «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастар да әбден кемелденген сөз шеберлері мен шешендер де аз емес. Олармен әңгімелесу де сөздерін тыңдау да бір ғанибет. Ал «аузынан сөзі, қойнынан бөзі» түсіп тұрған ынжық, тілге шорқақ жастар аз ба? Солардың тілінде жиі кездесетін орашалақтықтар мыналар:

1. Кейбіреулердің өз ойын айту үшін қолданатын сөздерінің саны өте шағын болады. Өзі білетін, айтыла-айтыла әбден жауыр болған сөздерді жиі қолданады; сөз көркі - мақал-мәтелді, идиома, фразалық тіркестерді аузына алмайды. Ондай өз ісіне де олақ, тек жүрдім-бардыммен қалт - құлт өмір сүретіндердің тіл мәдениетінде қандай береке болмақ?

2. Басқаға өз ойын түсінікті, жатық, әсерлі етіп жеткізудің бір шарты - өз әуенінің дұрыс болуы. Музыкадағы барлық ән-күй, ірілі-ұсақты басқа да музыкалық шығармалардың арқауы *до, ре, ми, фа, соль, ля, си* деген тондар гаммасы(жиынтығы) болғанмен, әрбір ойға лайықты дұрыс құралған сөйлемдегі сөздердің, жеке сөйлемдердің өздеріне сай ырғақты үні болады; сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу нормалары болады. Соларды білмей, білсе де елемей, қалай болса солай айта, жаза салатындар аз ба? Мысалы, Орта

мектепті жігірма дөрт жасымда пітірдім дегенді есіткенде, оны айтушыға іштей қынжыласың. Дұрысында жиырманы –жігірма, жерме, төртеуді - дөртеу, бітірдіні –пітірді, Төрегелдіні - Төрекелді деп айту «Елім-ай» әнін бұзып айтумен бірдей. Қазіргі балалардың көбі осыны білмейді, сөйлесе қалсаң, мектепте мұғалімнің сұрақтарына қайырған жауаптары әуенімен сөйлеседі. Сөзді сазына келтіріп сөйлеу үшін әр уақытта тақпақтап, булығып, ашынып сөйлеу шарт емес. Сөздердің, сөз тіркестерінің, әр ойдың ерекшелігіне лайық құралған сөйлемдердің айтылу үні, әуені, ырғағы болатыны – тауып сөйлеген сөздің сәні ғана емес, мәні де.

3. Бәрінен де сөйлесудегі ынжықтық, ұялшақтық жаман. Жыл сайын біздің алдымыздан жүздеген оқушылар өтіп жатады, солардың кейбіреулері ойлап сөйлемей, сөйлеп барып ойланады. Олар сөз қиюын келтіріп, байланысын дұрыс тауып жатуды да керек қылмай, ұялмай-қызармай төпеп сөлей береді. «Сөйлей - сөйлей шешен боларсың» деген мәтел ондайлар үшін айтылмаған болар. Кейбіреулер, әсіресе қазақ қыздарының бірқатары, инабаттылық, ізеттіліктің бір белгісі - үлкеннің алдында көпіріп, айналасын шарпып, қатты дауыстап сөйлемей керек екенің білгені жақсы, бірақ оны барлық жерде, басқа орайда естен шығармайтын ереже деуге бола ма? Әрине, жиналыстарда, аудиторияларда, кейде сахнада да ақырын, күмілжіп сөйлеп адамның титығына тиетіндер болады. Біздің екпінді өмір жастарының сөзінде салмақ, қажырлы жігер лебі, айқын ой бірден байқалатын болу керек емес пе!?

Мәдениетті адамның өзі де, сөзі де ойы да барынша жинақы болуы тиіс. Адамның сырт көрінісі, іштей жинақылығы, сөзі, ой-өрісі, ізеттілігі, мәдениеттілігі - бәрі жиналып жұрт жүрегінің құлпын ашатын алтын кілт.

Тіл мәдениетіне жетік адамдар тіл байлықтарын меңгерумен қатар, тілдік нормаларды да жақсы білуге тиіс. Бұл да қиын міндет. Мектепте, ата-ана да баланы сол қиындықтарды жеңуге баулиды. Осы күнгі бала көп білуге әуес. Екіншісі - техниканың тетігін, радионың, электр жүйесінің сырын білуге тырысады. Бұл - бүгінгі өмір талабы, баланы тіл өнеріне тәрбиелеу «өнер алды - қызыл тіл» болғандығынан ғана емес, ол өнердің қуатты құрал болуы басқа да іс-әрекеттермен астарлас заңдылық екенін көрсетеді.

Бала оқып-үйренуде, еңбекте ауырдың үстімен, жеңілдің астымен

жүріп өсетін болса, оның келешек өмірінен көп үміт күтуге болмайды. Тек жаны қиналып, қиындықтан тайсалмай әрекет еткенде ғана, баланың ақыл-ойына күш - қуат қосылады. Бала тіл үйрену үшін, атақты ақын-жазушылардың шығармаларын да көп оқуы қажет. Әдепкіде ол оқығанының біраз жерін, кей сөздерін түсінбеуі де мүмкін, бірақ соның бәрі ақырында білмегенін білуге, түсінбегенін түсінуге әсер етеді.

Тіл мәдениетінің мектебі - көркем әдебиет.

Көркем әдебиет үшін тіл - эстетикалық, көркемдік құралы. Сол құралды жазушыларымыздәстүрлі нормалар негізінде пайдаланады. Әр жазушының тіл жұмсауда өзіндік үні, стильдік, көріктеу тәсілдері болады дегеннің өзінде, ол жалпыхалықтық тілдік дәстүр аясынан шықпайды. Бір жағынан, көркем әдебиет қайраткерлері халық тілінің байлықтарын жан-жақты пайдаланып, әрқайсысы өзінше «күй шертуге» тиісті болса, екінші жағынан халыққа тілдік тәрбие беретін де, тіл мәдениетінің де озат қайраткерлері болуға тиіс.

XVIII-XIX ғасырларда қазақтың әдеби тіліне араб-парсы сөздері көп енгені белгілі. Қазіргі қалам, қағаз, мектеп, кітап, Отан, мәлім, мәдениет, өмір тәрізді мыңдаған араб-парсы тілінен енген сөздер қазақ тілін едәуір байытты. Ондай сөздерді қазақ тілі өзінң фонетикалық ерекшеліктері негізінде, бастапқы қалпын өзгертіп қабылдап, нормаға айналдырған болатын.

Ата - ананың сөйлеу тілі әр уақытта әдеби тілмен үйлесе бермейді. Онда қарапайым сөздер, диалектизмдер, әдеби тілден жөнсіз ауытқулар көп болады. Сондықтан жастар әдеби тілдің жақсы үлгілерін, көркем әдебиеттегі (диалогта), сөйлеу тіліндегі нормадан ауытқуларды айыра білуі тиіс. Кейбір жастар айтайын деген пікіріне керекті сөздерді ұмытып, олардың орнына «*жаңағы*», «*сөйтіп*», «*нетіп*», «*неғып*» сияқты бұралқы сөздерді көп қолданады. Әдепкіде бұлар білмеген сөздерінің баламасы болып айтылғанмен, бара-бара үйреншікті жаман әдетке айналып тілді бұзады. Баланың ерте бастан ойы сергек, өткір тілді болуын, сөз пернесін дәл басып, әр сөзді мүдірмей өз орнында қолданып сөйлеуін келешекте тіл мәдениеті жоғары болуының шарты деп білеміз.

Ана тілі сабақтарын оқытуда тек тіл жүйелерін, құрғақ грамматиканы оқушыларға білдіруді ғана көздемей, оқушының тіл жұмсау әрекеті басқа іс-әрекетінің бір бөлігі деп түсініп, оларды дұрыс сөй-

леуге, көрікті ойды көркем, ұтымды, шешен етіп айтуға, мәнерлеп оқуға, қатесіз, әдемі жазуға баулу керек. Жастарға тілдің коммуникативтік қызметін дұрыс түсініп, оған қоғамдық өмірдің жоғары талаптары тұрғысынан қарап білім бергенде ғана, олардың тіл мәдениетін арттыруға көмектескен боламыз.



1. Баланың табиғи дамуына не ықпал жасайды?
2. Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы қандай?
3. Тіл мәдениетінің мектебі не?
4. Тілге шорқақ жастардың тілінде жиі кездесетін орашолалықтардың неше түрлі жолы бар?

Ана тілі - бүкіл ақыл ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы.

Әдеби тілдің мәдениеті туралы

Қазақ тілінің қоғамдық қызметі арта түсіп отырған қазіргі кезде үздіксіз даму процесін терең ұғынып, өмірлік проблемаларын жан-жақты зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Солардың қатарында теориялық, практикалық биік талаптар деңгейінен қарайтын сала –тіл мәдениеті мәселелері болмақ.

Бұл -қазақ тіл білімінің енді-енді өзінің даму жолына түскен жас саласы. Тіл мәдениеті халқымыздың жалпы мәдениеті мен астарлас дамуға тиісті болатындықтан, бұл ғылым саласы алдымен тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруды, тілдің қатынас құралдық қызметін жетілдіру үшін оның күнделікті өмірлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп, жөн сілтеуді көздейді.

Еңсесі биік еліміздің барлық іс-әрекеті мәдениетінің, әсіресе тіл мәдениетінің дәрежесін көтеру халыққа қызмет ету мүддесімен ұштасып жатса, әрине, ондай іске тілшілер ғана емес, көп болып көмектесу талабы қойылады. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, тілді жасаушы, тілді өмір құралы етіп жұмсаушы қоғамның саналы өкілдері, көзі ашық тіл ұстартушылары тіл мәдениеті мәселелеріне әрдайым көңіл бөліп, игілікті істерге ат салысуы тиіс. Тіл мәдениетінің басты талабының бірі - тілдің халықтық қасиетін да-

мыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп молынан әдеби тілге енгізу. Халық тілі, К.Д. Ушинский айтқандай, оның рухани өмірінің ең жақсы, еш уақытта солмайтын және әрдайым гүл-гүл жайнап тұратын қоры, оның өмірі тарих шекарасынан әлдеқайда әріден басталады. Халық тілінің осынау ұшан-теңіз мол байлығы сарайының қақпасы қазақ жұртшылығының игілігі үшін әсіресе Октябрьден кейін кең ашылды: көп жанрлы көркем әдебиет, баспасөз, оқу-ағарту, үгіт-насихат жұмыстары - бәі халық тілінң байлықтарымен сусындап, оның ішкі мүмкіншіліктері негізінде жаңа ұғымдарға лайық соны сөздер, синтаксистік орамдар жасалды.

«Кең байлығы – жерде, сөз байлығы - елде» екенінксы білетін ақын-жазушылар және басқа қалам қайраткерлері сол байлықтарды әдебиетке емін-еркін ендіріп келеді. Енді әдебиеттің, ең алдымен көркем әдебиеттің, көп табысының бірі - халық тілі байлықтарына кенелгендігі дей аламыз.

Өз өмірінің аса қымбат «дәулеті» - ана тілінің байлықтарын талғап, дестелеп, пайдалану үшін адам алдымен сол тілді қастерлеуі керек қой. Сол сезім ақын Ә. Тәжібаевтың аузына мынандай сөз салыпты:

*Туған тілім -тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.
Тілсіз хайуан – бишара
Бишараға не шара ?...*

Ана тілін тірлігінің тірегі етемін деген ақын-жазушылар үшін ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, - сонымен қатар көрікті, көркем нақышқа толы туындыларының да бірден-бір құралы. Сөз шеберлерінің жасампаздық қабілеті мен шабытына үйлесе дүниегекеліп, игілік қорына қосылған шығармаларынан кестелі тілдік бояуларын да көреміз. Абай, Ыбырай, Сәкендерден бастап, жібi үзілмей келе жатқан осындай тіл жұмсалудағы «мәдениет» деген терминді бұрын қоғамның оқу-білім, ғылым, өнер, тағы басқа рухани табыстарының жиынтығы деп қана түсінетінбіз. Бұл күнде мәдениеттің әр алуан салаларына, мазмұнына ерекше өң кіріп, қарқынды даму жолына түсумен қатар «мәдениет» деген сөздің де ұғымы барынша кеңейіп отыр. Белгілі білім, шаруашылық, басқа да іс-әре-

кеттерді игеру дәрежесін меңгеру үшін де, дақылдарды, өсімдікті өсіру шараларын да биология, микроорганизмдер мен тканьдарды өсіру де «мәдениет» сөзінің қатысымен айтылатын болды. Соңғылардың қатарында тіл мәдениеті деген атау да жиі қолданылатын болды.

Жеке кісінің мәдениеттілігі қоғамда алатын орнымен, білім дәрежесімен, өнерге қанықтығымен өлшеніледі. Оқымысты, мәдениетті кісінің білім, ғылым, өнер дәрежесі ғана биік болмайды, солармен қатар оның жүріс-тұрысмы, басқалармен қарым-қатынасы, әсіресе тіл жұмсау дағдысы ерекше болады.

Тіл мәдениетінің екі түрі бар: баспасөз тілінің мәдениеті және сөйлеу тілінің мәдениеті. Бұлар өзара тығыз байланысты. Қазақ елінің қазіргі әдеби тілі жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Әдеби тіл сөйлеу тілінде бардың бәрін емес, оның құнарлы, жалпыға ортақ, әрі тиімді байлықтарын бойына сіңіреді де, керісінше сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді, әдеби тілдің дәстүрлі, жаңа-жаңа нормалары сөйлеу тіліне ауысады. Осыдан келіп әдеби тілдің екі түрі пайда болады: біріншісі - әдеби тілдің жазба түрі, екіншісі - әдеби тілдің сөйлеу түрі. Бұлар өзара тығыз байланыста дамиды.

Сөйлеу тілінің мәдениеті дегенде, жұртшылықтың алдымен әдеби тілді игеру дәрежесінің қандай екеніне қараймыз. Сөйлеушілердің өздеріне тән тілдік ерекшеліктері болумен қатар, ол бүкіл халыққа ортақ әдеби тілдің де байлықтарын бойына сіңіруге тиіс. Оның толып жатқан қиын - қыстау, ұзын сонар жолдары бар: мектеп, институт, кітап, журнал, газет, радио, телевидение, театр... бәрі тіл мәдениетіне де баулитын орындар. Қазіргі адам солардан, өнегелі тәрбиешілерден үйрену, оқу арқылы тіл мәдениетіне қанық болады.

Сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы – шешендік. Өнер алды - қазыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерін үйренуге құлшынады, бірақ жұрттың бәрі бірдей данқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ой парасаты әр түрлі болатынындай, жалпы тіл мәдениетінің, әсіресе шешендік өнерінің дәрежесі де әр түрлі болады. Соның өзінде, тіпті, ел бастайтын көсем де, жұртты аузына қарататын шешен де бола алмаспын деген сауатты, мәдениетті кісінің де қоғамда атқаратын қызметіне сәйкес шешен-

дік өнері болуға тиіс.

Әрбір азамат - халқының тіл мәдениетінің де мұрагері. Еңбектенген сәби де, еңкейген қарт та ана тілінің ғана емес, сол тілде дүниеге келген туындылардың бәрін иемденушілер болып есептеледі. Ана сүтімен ауызданбаған, ана сөзімен ұйқылы көзін ашпаған сәби жоқ. Оның құлақ құрышы ана сөзімен қанады. Қуаныш, қайғы, қасірет, іс-әрекет, бәрі де сол ана тілі арқылы айтылады, адам сол ана тілінде білім алады, өнер үйренеді.

Ана тілінің барлық асыл да мол қоры жазба әдебиеттің майданына ойысып, сонда шындалып, «күдіретті күшке» айналады. «Кен асыл жерде, сөз асылы елде» дегенді негізгі қағида деп түсіне отырып, ел аузындағының бәрін бірдей асыл қазына даеуге тағы болмайды. Әсіресе әдеби тілге сінбеген жергілікті ерекшеліктерді жұмсау кісіге қаншалықты үйреншікті болғанмен, тілдік талғам талабы тұрғысынан өрескел қате деп есептеледі. Сонда да ұзақ жылдар олардан арыла алмай келеміз. Егерде олардың тамыры тереңде болмаса, мұншалықты ұзақ өмір сүрер ме еді? «Әдет әдет емес, жөн әдет» екенін білген кісі әдеби тілден жөнсіз ауытқуды қойып, тез арада ықыласын әдеби тіл нормаларына қарай бұрады. Өз елінде «жүдә» сөзін *өте, аса, тым, мүлде* сөздерінің орнына «ауқат ішті» деу қаншалықты үйреншікті болғанмен, тіл мәдениеті жоғары, әдеби тілді жақсы білетін кісілер мұны қолданбайды. Кей жерлерде тұз-дұз, маңдай - маңлай, түндік - түңлік, тыңдады - тыңлады, таңдай - таңлай, теңдік - теңлік, тандап, -таңлап дегендер жарыса айтылады.

Әр жерден келіп, бас қосып сөйлесе кеткен кісілердің әрқайсысы өз жерінде айтылатынды ғана қазақша деп мақтан ететіні де белгілі. Ол түсінікті де, әркімнің жастайынан көкейіне қонған, айтыла-айтыла әбден үйреншікті болған сөздері ғана табиғи, ең дұрысы сияқтанады да, олардан өзгеше ауытқулардың бәрі құлаққа тосаң естіліп, жат көрінетіндіктен, «қазақша емес» деген тұмар тағылады. Әрине, дұрыстықтың нысанасы ол емес, қай елдің болса да айтып жүргендері әдеби тілге тән, тән еместігінде. Осыны түсінген кісі өзіне - өзі сыншы болып, тек әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеуді мақсат етеді, өзін соған үйретеді.

Әдеби тіл халық тіінің ең жоғары формасы болғанмен, сөйлеу тілінің онда қамтыла бермейтін бірнеше артықшылығы бар: ал-

дымен, дидарласа сөйлескен кісілердің бет пішіні, көңіл күйі, өзара қарым-қатынасы, екіншіден, сөйлеу әуені, үні еш уақытта жазуда дәл сол қалпында беріле қоймайды. Мысалы: «Оның айтқаны түсінікті» деген қып-қысқа сөйлемді кемінде он түрлі варианта түрліше құбылтып айтуға болады. Сонда әуеннің, дауыс ырғағының, екпінің әр түрлі болуынан сол бір сөйлемнің білдіретін мағынасы әр түрлі болмай? Сөйлемнің айтылу интонациясын құбылтып, оны хабарлы да, сұраулы да, лепті де етіп айтуға болады. «Оның» сөзіне ой екпінін түсіріп, басқанын емес, оның айтқаны түсінікті екенін аңғаруға болады, «түсінікті» сөзін бөліп, созып айту арқылы сөйлемге өзгеше өң беруге де болады.

Сөйтіп, әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн, тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепа-тең бола алмайды. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ. Өйткені сөйлеген, сөйлескен кісінің үнінде адам ойының нақышты бедері ғана емес, ойдың өзі көлбеп көлденең тартылады. «Бал тамған тілден у Тамар» демекші, сөйлей білген кісіге оның ырғақты әуені шексіз. Сонны білмей әйтеуір сөздерден сөйлем құрай салып, қалай болса солай айта салу - олақтылық. «Олақтың сөзі —орынсыз жамау сияқты» дегенді қазақ халқы осындайларға айтса керек.

Тіл-адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару да қиын емес. Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты демекпіз. Шудың да ұшуы бар: қыран да ұшады, шыбын да ұшады. Сөйлеудің де сөйлеуі бар, шешен көмекейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз адам кібіртіктеп, күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқақ шешен деп дәріптейді. Бірақ оның да сүрінетін жері болады, «ине көзінен сынады, шешен сөзінен сынады» демекші, алды —артын барламай, ойламай сөйлегендер сәтсіздікке ұшырайды. «Андамай сөйлеген ауырмай өледі», «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле» дегендер тегін айтылмаған.

Қазақ халқы тіл өнерін жоғары бағалаған. Ол өнердің ұшар биігі де, қонар жайсаңы да - біздің қазіргі өміріміз. Шешеннің шешендігі

оның тілдік стилінен, ой өрісінен, жалпы білім дәрежесінен белгілі болады. Әбден үйреншікті, айтыла-айтыла ығыр болған сөйлемдер мен сөз тіркестерін, жаттанды фразаларды мүдірмей, сыдыртып көпірте сөйлеу жақсы қасиет емес, әрине кең дала, жазық дала дегеннен гөрі *мидай дала, көлбеген кең дала* дегендер күшті, әрі үйреншікті. Ондай үйреншіктілердің ұтымдыларын талғап сөйлеу қажет. Ал өз ойынан шықпаған жаттанды тіл орамдарын пайдаланушылардың шық әрекеті босаңсып, «жұмыс тілі» ғана жұмыс істейді, біліміне сүйенбейді, тілі мен жағына сүйенеді. Ми жұмысының ойлау қабілетіне қозғау салмайды, қызыл тілдің қимылына қозғау салады. Мысалы, байлық, тарих, тәртіп, малшы сөздеріне үкі тағып, бедерлі етіп сөйлеу үшін газеттерде көп жазыла берілетін «барынша байлық», «тарихи таразы», «темір тәртіп», «майталман малшы» тәрізді тіркестер қаншалықты үйреншікті, қалыпты норма болғанымен, оларды шешендіктің тұздығы етуде пәлендей нәр болмайды. Чехов айтқандай, интеллигент адамның татымсыз, нашар сөйлегені – сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей.

Адамға ойлай білу қаншалықты керек болса, орнымен керегінше сөйлеу соншалықты керек. Кейбіреулер көпірме, бөспе сөзге әуес. Ондайды сөйлеткенде, он тиын беріп жырлатып, бір сом беріп қойдыра алмағандай боласың. Сондай көкмылжың болуды адам екі-үш жылда үйрене алады, ал ол жаман әдеттен көпке дейін арыла аламайды. Сондықтан ең дұрысы - көкмылжың, бөспе болудан сақтану керек.

Ақылды алды – артын ойлап сөйлейді. Ақылдылық ашу үстінде сыналады ғой. Ашуға мінген кезде біреуге артық сөз айтып, кінә тағып, балағаттап, артынан ұятты болғанын байқамай қалатындар болады. Әсіресе осындайда кісінің ойын кеңірдегі билемей, ақылы билеуге тиіс. Әр нәрсенің кезегі бар, көзі бар. «Айтылған сөз атылған оқпен тең». Кезінде атылмаған оқ нысанаға дәл тимейтініндей, өз кезінде айтылмаған сөз де далаға кетеді. «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп нысанасыз сөйлеу мезгілсіз шақырған қоразбен бірдей. Онан да сөйлемеген жақсы. Бұл қағида қай халықтың да тіршілік талабы болса керек. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген философ, әрі ағартушы Конфуцийи мынандай өсиет айтқан екен: «Сөйлеу керегінде сөйлемей қалған – кісіден айырылады. Сөйлемей керегінде сөйлеген - сөзден айырылады» Орнымен

үндемей қалу - афоризмнің ең қысқа түрі дегеннің де жаны бар.

«Көп сөз - бос сөз», «Көп сөз - күміс, аз сөз – алтын» - өмірден алынған данышпандық нақылдар. Баппен сөйленген байсалды сөзге не жетсін. Қуанышқа тасып, өкінішке ашына сөйлемеске болмайды, соның өзінде ашуға мініп қызарандамай, алып-ұшып аптықпай, айқай-ұйқайға бой ұрмай, анық, ұстамды бола сөйлеу - асқан мәдениеттіліктің белгісі.

Сөз атасы - құлақ. Мазмұнды сөзге құлақ қойып, ықыласпен тандай білуге де дағды керек. Орамды тілдің эстетикалық әсеріне, айтылған ойдың мазмұнына қанық болу үшін кісінің «көкірегі сезімді» болуға тиіс. Абай ақыл сөзді кімнің қалай ұғынатыны туралы былай дейді: «Қарны тоқ қаса маңғаз ұқпас сөзді, сөзді ұғар көкірегі болса көзді...» Солай болғандықтан сөзді әркім әр түрлі ұғуы, әр түрлі тыңдауы мүмкін. Айтылған ғибратты асыл сөз бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатса, одан не пайда? Сондықтан кісіні тандай білу де - мәдениеттілік. Өз кезінде айтылмаған сөздің өкініші жаман. Адам тамақтың дәмін татқанда біледі, сөздің дәмін айтқанда біледі. Татымды, дәмді етіп, қысқа сөйлеп көп нәрсені айта алу - шешендік өнерінің бір шарты.

«Жасыңда қылжың болсаң, өскенде мылжың боласың» дегенді ескеріп, жастарды тіл мәдениетіне ерте бастан баулу қажет. Ертедегілер айтқандай адамның аузы біреу, құлағы екеу болатындықтан мылжыңдап көп сөйлемей, көп тыңдай білу керек. Сөйлей білу адамға қаншалықты керек болса, тыңдай білу де соншалықты керек.



1. Тіл мәдениетінің басты талабы неде?
2. Жеке кісінің мәдениеттілігі қалай өлшенеді?
3. Тіл мәдениетінің негізгі түрлері қандай?

ЖҰРТ АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТИ

1. Лекторлар мен үгітшілерге қойылатын талаптар

«Айтылған сөз атылған оқпен тең»

(Мақал)

Лекторлар мен үгітшілер халыққа қилы-қилы білім нұрын шашумен қатар, халықты тіл мәдениетіне де баулиды. Сондықтан олар қарым-қатынас жасау құралы, жұртшылыққа ұлттық идеологияның идеяларын, шындықты жеткізу құралы - тілдің ойды білдіру мүмкіншіліктеріне, тіл мәдениетіне қанық болу керек, ол тілді өткір де әсерлі, икемді де бай ету қамын жеу керек.

Жұрт алдында сөйлеу өте жауапты, әрі қиын жұмыс. «Сөйлей-сөйлей шешен болған» кісілер де кейде үлкенді - кішілі аудиторияға келіп көпшілікке қарап әдептіл қатқанда, жүрегі алып-ұшып тұрады. Оның себебі, алдымен, айтайын деген ойымды қатесіз, дұрыс айта аламын ба, тыңдаушылардың менің сөзім қанағаттандыра ма? деген уайым қыстайды, оның үстіне, аузына қадала қарап жауқыраған көп көздердің, әр сөзінді сынай қабылдайтыны белгілі. Ондай мәдениетті аудиторияның үнсіз сұхсы сөйлеушіге әсер етпей қоймайды. Көп алдында сөйлеп ысылмаған кісілер ондайда асып-асып, булығып, айтайын деген сөзінен жаңылысып та қалады.

Мұндай сәтсіздікке ұшырамау үшін жұрт алдында өзіңе-өзіңе берік бол, ұстамды бол, қандай да бір қиыншылыққа дұшар болсаң да, сасқалақтамауға тырыс. Тыңдаушылар алдында өзі-өзі дұрыс ұстай алмаған кісінің сөзі де өтімді болмайды. Сондықтан мінбеде ұстамды болу, қобалжымау, сасқалақтамау - сөйлеушілерге қойылатын басты талаптардың бірі.

Аудиторияда ұстамдылықтың қамы – ерте бастан жүргізілген дайындық. Даярлықсыз сөйлеген кісіде батылдық, өіне сенім болмайды. Сөйлеуге алдын-ала ұқыпты түрде дайындалған кісі, не айтатынын, қалай айтатынын, тілдік амал тәсілдерді қалай айдаланатынын әбден көңіліне тоқып алған кісі қысталаңның құлы болмайды, өзін-өзі жақсы ұстап, еркін сөйлейтін болады да, тыңдаушыларын бірден өзіне тарта, еліктіре алады.

Тыңдаушыларды еліктіре білу, олардың назарын сөйлеп тұрған сөзіне аудара алу - дикторға, баяндамашыға, үгітшіге жүктелген

міндеттің нәтижелі болуының басты шарты. Кейбіреулер мінбеге шығып алады да, алды-артына қарамай, төпеп сөлей береді, ал алдындағы жұрт сөзін тыңдап отыр ма, жоқ па, онда жұмысы болмайды, тыңдамаса қайғырмайды. Тек айтайын дегенін айтып шықса болғаны.

Елді аузына қарататын шешендердің толып жатқан басқа да қасиеттері болады. Соларынан үйренем деушілер мына қағидаларды ескеру керек.

1. Дүниеде тыңдаушыларының өзі жақсы білетінді өздеріне тәптіштеп айтып жатудан жаман нәрсе жоқ. Сенің өзгеге айтқаның кісіге білім беретіндей, кісінің жүрегін қозғайтындай нәрі болу керек. Нәрсіз, дәмсіз сөзді сөйлемеген жақсы. Нәрсіз сөз көбінесе өзі жақсы білмеген баяндаудан анық байқалады. Ондайда кісі көп қателеседі. Дұрысында адам білмегендіктен қателеспейді, білгенсігендіктен қателеседі. Сөзінде қате жібермеу үшін білгенсімеу керек. Білмегенді біліп барып жұрт алдында сөйлейтін бол. «Айтылған сөз атылған оқпен тең». Оны қайтып ала алмайсың.

2. Өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады. Өзін өзгеден артық санап, дандайсып мақтана сөйлеген жанның айтқаны далаға кетеді, отырғандар ондайды жөнді таңдамайды, сөзіне күле қарайды. Мен білгенді тыңдаушыларым білмейді, олар надан дегендей пиғыл білдіріп, білгішсініп, мақтана сөйлеу, дандайсу жұртты теріс қаратады. Қарапайым халық өзін өзгеден жоғары қоятын адамдарды жақтырмайды, тыңдамайды.

3. Сөйлеген сөзің анық, дәл, айқын естілетін болсын. Дауысың булығып шығып, бір сыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөлейтін болсаң, айтқаның қаншама қызықты болғанымен, тыңдаушыларды тез жалықтырады, олардың көңілі басқаға ауып кетеді. Сөйлеушінің даусы құбылмалы, әрі жайдары болуға тиіс. Сенің әуеніңнен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілетін болсын. Құр шіңкілдеп, айқайлап кетудің де, ынжық, күңкіл дауыспен ақырын сөйлеудің де керегі жоқ. Даусыңның жоғары-төмендігі аудиторияның үлкен-кішілігімен, тыңдаушылардың аз-көптігімен өлшенуге тиіс. Тар үйдегі аз кісіге айқайлап, үйді басыңа көтеріп сөйлесең, «айдағыны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» дегендей, мұнысы несі? деп жұрт күледі. Кең бөлмедегі көп адамға өлімсіреп,

күмілжіп сөйлесен, тыңдаушылар мына кісі бүгін ас ішпеген болар деп ойлап, кейбіреулері ұйықтап кетуі де мүмкін. Сондықтан сөйлеген сөзім дәмді болсын деген лектор, үгітші, баяндамашы сөздерді дұрыстап айтуға ерекше көңіл бөлу керек.

4. Сөзің тартымды болсын десен, оған аздап болса да бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыр. Сөзіңнің мағынасына, сөйлемнің мазмұнына үйлесімді ырғақ тауып, қол қимылдатудың, бас шұлғудың мәні зор. Олар тиісті жерінде, ойыңның жетегінде, жұмсалса, сөзіңді жандандыра түседі. Бірақ, жөн-жорығы жоқ, қолыңды оңды-солды сермей беру жарамайды. Кейбіреулер сөйлеп тұрып әрлі-берлі жүреді, не аударылып-төңкеріліп, қолын қалтасына салып, тынауын шұқып, желкесін қысып дамыл таппайды. Ондай тыштыңдаған жеңілтек адам тыңдаушыларын алаңдатып, көңілін басқа нәрсеге аударуға себепкер болады. Ең керегі - байсалдылық және байсалдылық.

5. Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзін қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып Берген сөзді оқып, өзгелерді алдап тұрғандай көреді. Жазылған сөзге үңіліп, кейде қақалып-шашалып, ыңкылдап оқып-сөйлеген кісі мен тыңдаушылар арасында тығыз байланыс болмайды. Байланыс болмаған соң, айтылған сөз айдалаға атылған оқ сияқты болады. Жұрт алдында сөйлеуші бір нүктеге қадалып қатып қалмай, алдында сен, сендер отырсындар дегендей көз тастау керек. Сонда тыңдаушы да саған қарайды, сөзіне зейін қойып тыңдайды.

6. Айтайын деген ойыңды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастама. Онда сөзің тартымды болмайды, өзгелер ықыласпен тыңдамайды. Шаблон - барлық өнердің, әсіресе сөз өнерінің жауы. Өз ойыңды өз сөзіңмен әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі, қызықты етіп жеткізуге тырыс. Сөз арасында мақал-мәтелді, кейбір өлең жолдарын, нақыл сөздер мен тұрақты тіркестерді келтіріп отырсаң, оларың нысанаға дәл тиіп жатса, мазмұнды сөзіңді өзгелер тамсана құптайды.

Ұзақ сөз дәмді болғанымен, кісіні жалықтырады, кісінің тыңдау, айтқаны қабылдау қабілеті нашарлайды. Сондайда, шамаң келсе, елеусіз юмор, аздап тақырыптан ауытқып көңіл көтеру, тыңдаушыларды күлдіріп алу керек-ақ. Солай еткенде, аудитория серігіп, жадырап, бір көтеріліп қалады, сөзіңді қайтадан ынта

қойып тыңдайтын болады. Бірақ тақырыптан ауытқу жөнімен әрі қысқа болуға тиіс.

7. Айтқан сөзің қысқа әрі тұжырымды болсын. Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз көп сөздермен езгілеп, өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығыр қылатын адамды қазақ «көкмылжың» дейді. Мылжың, көкмылжыңдардың сөзін өзгелер ешуақытта зейін қойып тыңдамайды. Ондай жаман атаққа ілінбеу үшін, шешендік кәсібіңе кір келтірмеу үшін, артық сөздерді айтып ылағып кетпе. Құраған сөйлемнің ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің жұртқа таныс әрі мазмұнды болсын. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырыс. «Көп сөз - көмір, аз сөз – алтын» (*мақал*)

8. «Жүйелі сөз жөнін табады» Лектордың, баяндамашының сөзінде жүйе болмаса, онда ешқандай береке болмайды. Жүйелі сөз белгілі мазмұнға, өзара тығыз байланысты желіге құрылады. Бір ойды айтып, екінші ойға көшерде берік байланыс болмай, әрдененің басын бір шалып айтқан сөзде табан тірер тиянақ болмайды, ондайды тыңдау да қиын.

Жұрт сөзінді бағалап, өзінді қадір тұтып тыңдау үшін ойынды белгілі логикалық байланыста, сөйлемдердің бірін-бірі тудырып тұрғандай ете сөйле. Сөйлем мен сөйлем арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзден баһра ала аламайды.

Бұлар – жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты шарттары. Сол айтылғандарды қабылданған лектор, үгітші, баяндамашы өз кәсібінің үлкен өнер екенін және жауапты да қиын өнер екенін аңғаруға тиіс. Бұл шеберліктің мақсаты - тыңдаушыларға сөзбен әсер ету.

Көпшілік алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты - даярлық. Даярланбай сөйлеген адам аңдамай сөйлейді. «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі». Лекцияның мазмұны, формасы, құрылысы алдын ала жоспарланып, қағазға жазылып дайындалуға тиіс. Жазылғанды әдеби қалыпқа түсіру, редакциялау лекцияның, баяндаманың тілін ширақ етудің, стилін шынықтырудың тек бастамасы ғана. Артынан бұл жақтарын күннен-күнге жетілдіре беру керек. Баяндаманы, лекцияны бір рет жазып шығып, іле-шала сөйлей беретіндер болады. Бұл - өте жауапты жұмысқа немқұрайды қарағандық болып табылады.

Әдетте алдымен лекцияның, баяндаманың *жоспары* жасалады.

Жоспарда қамтылуға тиісті мәселелер ретімен тақырып күйінде көрсетіледі. Одан кейін сол жоспар бойынша баяндаманың, лекцияның *тезисі* жасалады. Онда айтылуға тиісті жайлардың негізгі қағидалары, мазмұны тұжырымдалып жазылады. Мұнда өте-мөте маңызды, керекті пікірлердің мысалдары, дәлелдері айтылғаны жөн.

Жоспар бойынша баяндауға керекті материалдарды толықтыру, ретке келтіріп қағазға түсіру үшін **конспект** жасалу керек. Конспект - болашақ баяндаманың, лекцияның ықшамды түрі. Оны жазу үстінде кісі ойын қысқа айтудың, аз сөзбен көп мағына білдірудің стильдік тәсілдеріне төселеді. Конспектіде оқыған кітап және басқа материалдардан өзіне керекті мағлұматтарды, қағидаларды өз сөзімен қысқартып жазып алуға болады. Лекцияда, баяндамаға дайындалу барысында әр түрлі көшірме, картотека, керекті әдебиеттің тізімі, жекелеген ойдың анықтамасы, айтылу формасы сияқты материалдар да дайындалады. Соның бәріне материалдар кімдер үшін, қандай аудиторияға арналатынын естен шығармау керек.

Солардың негізінде болашақ баяндаманың, лекцияның толық текстісі жазылуға тиіс. Бірақ жұрт алдына шыққанда, онда жазылғанды сөзбе-сөз, қадалып, бас көтермей оқу шарт емес. Мұндайда әркімнің қабілеті қалай екендігі билейді. Өзі жазған баяндамасының мазмұнын, құрылысын, жазылған материалдарды ұмытпай жатқа айтатындай қабілеті бар адам оқта-текте жазғанына, керекті құралдарға қарап сөйлей береді, ал ұмытшақ кісі, жазғандай айтуға емес, оқуға үйренген кісі, әрине, баяндама текстіне тәуелді болады. Мүмкін болғанынша қағазға көп қарамай сөйлеген жақсы.



1. Жұрт алдында сөйлеу қандай жұмыс?
2. Аудиторияда ұстамдылықтың қамы не?
3. Жұрт алдында сөйлеудің неше түрлі қағидалары бар?

Конспект – (латын. konspektus- шолу) болашақ баяндаманың, лекцияның ықшамды түрі.

Тезис – (грек. thesis автордың не шешеннің дәлелдейтін, қорғайтын қағидасы, түйінді қорытындысы) онда айтылуға тиісті жайлардың негізгі қағидалары, мазмұны тұжырымдалып жазылады.

Жоспар - күні бұрын жасалған план, мөлшер, жоба.

Тілдік норма туралы түсінік

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады.

Әдеби тіл дамыған сайын оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Тілдегі олпы-солпылық - жүйелілікке зәруліктің белгісі. Тіл өнеріне жаны құмар жандар ондай зәрулікке тәуелді болмаса керек. Олар тілді өткір құрал ретінде ойын дәл беруге, оның қолайлы байлықтарын жұмсай білуге тиіс. Талғампаздар сарабына салатындай тіліміздің сондай асыл қорларын қазақ халқы ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырған.

Талай ғасырлар бойы дамып, бігінгі қалпына келген қазақ тілін кемсітуге болмайды. Оның орасан көп байлықтары - халық даналығының туындылары. Халық тілінің сол байлықтарын өшпес «дәулетке» айналдыратын да, ол құралды шындай түсетін де - әр салалы жазба әдебиет.

Жазба әдебиеттің «дүкеніне» түскен тіл байлықтары сөз шеберлерінің қаламына ілігетіндіктен, әр алуан әшекейге безенеді, сымбаттылық қасиетке ие болады, ықшамдалады, байи түседі. Осылардың нәтижесінде тілдік норма жасалады.

Әдеби тілдің даму процесінде бір-біріне қарама - қарсы екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, тіл қоғам өмірімен (ғылымның, мәдениеттің, әдебиеттің, эканомиканың т.т. дамуымен) тікелей байланысты болатындықтан, ол үздіксіз дамып, сол даму барысында халық тілінің ішкі мүкіншіліктері кеңінен пайдаланылып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси - қоғамдық іс-атқару жұмыстары орныққан сайын, баспасөз, әдебиет, эканомика, ғылым, мәдениет дамыған сайын тілде бар ала - құла қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық әрі үйлесімділері, кісінің ой-пікірін, сезімін, дәл, айқын айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпыға ортақ қалыпқа түсіріліп, нормаға айналады. Осы процестерге жол ашатын объективті жағдайлар жасалып отырған біздің елімізде, әдеби тілді байыту нормаға түсіруге қарайлас болуға тиіс.

Тілдік норма дегеніміз «әдеби» деген ұғыммен тайталас айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары – «тілдік норма» дегенге жатады. Тілдік нормадан тысқары құбылыстар, ауытқулар ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып есептеледі. Сондықтан «әдеби тіл», «әдеби емес тіл» дегенді халық тілінің нормалану нысаналарына қарап айтамыз.

Біз тілді нормаландыру дегенді уағыздағанда, тілдің икемділік қасиетін жойып, сірідей сірестіріп қояды көздемейміз, тілдің икемділік қасиетін арттыруды көздейміз. Тіл материалдары сұрыпталып, бүкіл халыққа тегіс түсінікті, әрі ұтымды, дәл анық ету арқылы ғана тілдің икемділігін арттыруға болады. Сол мақсатпен тілдік норма үшін күресудің маңызы өте зор.

Тілдің норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құрауда да, қысқасы, тілдің өң бойында болуға тиіс. Әрине, мынаны қолдан, мынаны қолданба деп барлығына бірдей рецепт беру мүмкін емес, сонда да жеке мәселелер жайында осы тұста қойылатын талаптардың нендей екенің дұрыс танып, көптесіп-көмектесіп, тілдік нормаларды баянды өте түсуге әбден болады. Сонымен қатар әрбір жазушы, әрбір журналист, әбір сауатты азамат әдеби тілдің нормаларын жақсы біліп, соларды сақтап жазуға, сақтап сөйлеуге тиіс. Мысалы, сөйлеу тілінде «жиырма» сөзін «жігірма», «жерма» деп түрліше айтады. Ал, әдеби тілде сөйлеуші оны солай түрлендіріп айтуды да, түрлендіріп жазуды да мәдениетсіздік деп таниды, ар көреді.

1920 жылдарға шейін **қала, кент, шаһар** сөздері қатар жұмсалып келді де, кейін «қала» әдеби нормаға айналып кетті. Сол сияқты, 1930 жылдары, бір сөз *жана, және, жане* болып, үйткені, өйткені болып түрліше жазылатын-ды. Кейін және халық, өйткені деген варианттарын қабылдап едік, сол әдеби норма болып сіңісіп кетті. «Промышленность» деген терминді қазақша «өнерлі кәсіп», «өндіріс кәсібі», «өнеркәсібі» деп түрліше атайтынбыз. Ақыры олардың бәрі қалып «өнеркәсіп» ресми түрде қабылданып нормаға айналды. Тілде барды осылай нормаға түсіріп отыруға болады.

Қазақ әдеби тілінің әр түрлі даму кезеңінде әр түрлі нормалар болды. Мысалы, XVIII-XIX ғасырлардағы әдеби тілде түрік халықтарының біразына ортақ ескі өзбек (Шағатай) әдеби тілінің

нұсқалары норма болса (Мысалы, бірлан, барадұр, айтылмыш, үшбу, міллат, хақихат, уағда,һам, ғамал), Абайлар тұсында әдеби тілдің өлең- жырлардан басқа да нұсқалары халықтық қасиетке ие болғанда, араб-парсы сөздерін, шағатайзмді өзгертіп қазақша айту, қазақ тілінің дыбыс заңына лайықтап қолдану бағыты күшті болды. Ескі норма бірден жойылып, жаңа норма аз күннің ішінде орнай қалмайды. Абай сөздігіне қарап отырсаң, оның алғашқы жылдардағы шығармаларында, әсіресе қара сөздерінде, араб сөздерін «кітаби» дәстүр бойынша жазғаны байқалады. Мысалы; *хаким* (әкім), *ғыззат* (іззет), *ғұмыр* (өмір), *ғараб* (араб), *ғадат* (әдет), *ғанимат* (ғанибет), *ғамал* (амал), *ғайып* (айып). Бірақ Абай өзінен бұрынғы әдебиеттің ондай нормаларын кейін бұзып, әлгідей сөздердің қазақ тіліне жатық нұсқаларын жиі қолданды. Сондан кейін нормаға айналды.

Әдеби тілді нормалау қалам қайраткерінің, ғылым қызметкерінің күшімен баспасөз, мектеп, радио, телевизия арқылы іске асады. Тілді нормалау дегеніміз – бір жағынан, тілде барды сол күйінде қалыптастыру болса, екіншіден, тілде барды өзгертіп қалыптастыру, үшіншіден, тіде жоқты, бірақ әдеби тіл үшін керекті жаңадан енгізіп қалыптастыру болады. Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге реформа жасау мүмкін емес. Бірақ оны әдеби нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады. Тідегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан онша үйлесімді болмауы да мүмкін. Бірақ солар қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, мақсатты ойымызды дұрыс айтуға жарап жатса, ондайды өзгертудің керегі болмайды. Мысалы, «жұмыс істеп жатыр», «қолын тістеп алды» дегендердің құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын аңғаруға болады: жұмыс «істеу» мен «жатыр», «тістеу» мен «алды» етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары мүлде үйлесімсіз - ақ қой. Сонда да халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп, ерекше қызметте, жаңа мағынада солай жұмсалуды дәстүрге айналған. Ондайлар ойымызды дәл айтудың бірден –бір дұрыс амалы болғандықтан, оларды өзгертудің жөні жоқ. Тіпті, «күн күркіреді», «шақпақ шақты» «қарным ашты», «жаным ашиды» сияқтылар ескі мифологиялық ұғымға лайық құралғанмен, оларды қазір басқаша түсініп, жаңаша жұмсап керегімізді өтейміз.

Сөйтіп, әдеби тілдің нормасы дегенді былай анықтауға болады: **Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз.** Ол тілде барды қоғамның таңдау, талғау елегінен өткізу негізінде және де тілге енген жаңалықтарды үйлесімді бір арнаға салу негізінде қалыптасады. Әдеби тілдің нормалары әрдайым сол түр - тұрпатын сақтап қатып қалмайды. Олар да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ондайды *нормадан ауытқу* дейміз. Әдеби тілді жұмсаушылар тәжірибесінде нормадан ауытқу екі түрлі болады:

1. Жөнімен ауытқу; 2. Жөнсіз ауытқу.

Әдеби норманы белгілі мақсатпен, стильдік өңі болғандықтан өзгертіп қолдану - *жөнімен ауытқу* болады. Әдеби норманны жөн-жосықсыз бұзып, естіген - білгенін қалай болса солай талғамай қолдану *жөнсіз ауытқу* болады. Мұндайды әр уақытта жөнге салып отыру керек.

Қазақтың әдеби тілін нормалаудың үш түрлі жолы бар:

1. Тілдің ілгері даму процесінде оның ішкі заңдарына негізделген жүйелілік пайда болады. Оларды қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларынан анық көруге болады. Мысалы, әдеби тіл болмай тұрғанда, қазақ тілінің дыбыстар жүйесінде «үндестік заң» тиянықты орын алатын, морфологияда септеулер жүйесі негізінен бір ізге түскен болатын. Мұндайлар тілдің «табиғи» даму процесінің жемісі деп есептеледі.

2. Сондай тілдік дәстүрлерді әдеби тіл бекемдей түсті де, сөйлеу тілінде бар шашыраңқылықты, алауыздықты жою, тілдік нормаларды орнату процесі жүріп жатты. Ол үшін әдеби тілді пайдаланушылар арасында тілді нормалауға бейімделген жалпы бағыт, дұрыс бағдар болды.

3. Халық тілдері мен ұлт тілдерін ілгері дамыту туралы әдеби тілді нормалауға бағытталған көптеген жұмыстар жүргізілді: графика, орфография, пунктуация, терминология мәселелері шешілді; түрлі-түрлі сөздіктер жасалды, практикалық және ғылыми грамматикалар жазылды; баспа орындарында редакторлар жұмысы жақсарды. Бұлардың бәрі – тілді ресми түрде, әдейілеп нормалауға бағытталған жұмыстар.

Сөйтіп, сөздің айтылуын, жазылуын, жұмсалуды, тілдің грамматикалық құрылысын мүмкін болғанынша бір қалыпқа

түсірудің, тұрақты етудің мәні зор: сонда тілде дәлдік, айқындылық күшті болады, тілдің икемділік қасиеті артады.



1. Тіл мәдениетінің басты талабының бірі не?
2. Тілдік норманың неше жағы бар?
3. Тілдік норма деп нені айтады?
4. Нормадан ауытқу неше түрге бөлінеді?
5. Қазақтың әдеби тілін нормалаудың неше түрлі жолы бар?

Әдеби тілдің нормасы деп - тілдің таңдамалы қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін айтады.

Жөнімен ауытқу деп - әдеби норманы белгілі мақсатпен, стильдік өңі болғандықтан өзгертіп қолдануды айтады.

Жөнсіз ауытқу деп- әдеби норманы жөн-жосықсыз бұзып, естіген білгенін қалай-болса солай талғамай қолдануды айтады.



III тарау. Нормалар туралы түсінік Лексикалық норма

Сөз байлығы тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының жұмсалыу аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі -ақ әдебиетте жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қойды, немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды. Мысалы, шаһар, кент, әм, әтеш, бойлай, жүдә сөздері бұрынды-соңды жазушылардың шығармаларында кездеседі, бірақ олар әдеби емес те, -қала (тағы), қораз, ылғи (әрқашан), әруақытта, (өне бойы), өте (аса, тым, мүлде) сөздері әдеби.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі де мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданбай ма деген тұрғыдан болжау керек. Солай еткенде, әшейінде айтыла берілетін ас, шеге, тіс, су, өмір, сұлу, кір, отыз, түс, жүгір сияқты қарапайым сөздер де, махаббат, әсемпаз, дидар, жүрек, майталман тәрізді поэтикалық сөздер де, мүсін, құрылыс, жарыс, өнеркәсіп, радио, атом сияқты терминдік мәні бар сөздер де әдеби тіліміздің сөз байлығы болып есептеледі.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілдерден ауысқан сөздерден, ғылымының, өнер - білімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің әр алуан терминдерінен құрлады.

Сөйлеу тілі мен әдеби тіл тығыз байланыста болатындықтан, екеуіне де ортақ сөздер көп. Бірақ сөйлеу тілінде олар ауытқығыш, құбылмалы болады. Мысалы, «есеп» сөзі бір елде, кейде бір семьяда түрліше айтылуы мүмкін (есеп, қысап, қисап, хiasп), «көшет» сөзін біреу біліп, біреу білмей мүмкін, «құрылыс», «құрам» сөздерінің қайсысы қай мағынада екенін қарапайым шаруа айыра алмай, ауыстырып қолдануы мүмкін. Ал әдеби тілде ондайға жол жоқ. Онда сөздер анық, дәл, дұрыс қолданылуға тиіс. Сонда ғана ол ойды ешбір қалтықсыз, мүлтіксіз дұрыс айтуға болады. Ол үшін сөздер әдебиетте жұмсала жүріп әбден қалыптасып кетуге тиіс.

Мысалы, қазақ тілінде «шаруа» сөзі бұрыннан бар болатын. Оған шылық қосымшасы жалғанып «шаруашылық» сөзі жасалды, ол мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, құс шаруашылығы, ауыл шаруашылығы дегендей құрамды айтылып, мағынасы кеңейіп, қалыптасып кетті. Сондай-ақ бір заттың бірнеше сөзбен аталуы да кездеседі. орысша «спичка» дегеннің қазақ тілінде сегіз аты бар: *күкірт, оттық, шырпы, сіріңке, іспішке, шақпақ. шишақпақ, кеуірт*. Орысша «петух» дегеннің қазақша екі аты бар: *қораз, әтеш*. Мұндайдың мағынасы әдеби деу қиын. Сонда да, термин сөздерді қабылдап, жұртшылыққа ұсынып, бір ізге салып жібергендей, ондай сөздерге де келісім жасай отырып, жөн сілтеуге болады.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері - әдеби нормаға жататындары бар, әдеби тілге тән емес, одан тыс, сөйлеу тіліне ғана жататындары бар. Соларды айыра, тандап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрындық болар едік.

Сөйтіп, **«лексикалық норма» дегеніміз - әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды.**

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар:

1. **Диалектизмдер.** Бірқатар сөздер жалпы халыққа бірдей түсінікті болмай, тек кейбір облыстағы, кейбір аудандағы қазақтардың сөйлеу тілінде кездеседі. Олар жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің орнына жұмсалуды да мүмкін. Мысалы:

Әдеби	Диалектизм
жаңғақ	шаттауық
жүгері	борми
ылғи	бойлай
көрпе	жуырқан
балапан	шіби
тақия	тебетей
барлығы	әмбесі, әммасы

Жер-жерде тілде бар сөздердің тұрқын бұзып айту жиі ұшырайды. Олар диалектизм болуы да, ел аузында өзгеріске ұшыраған дөкір сөз (просторечье) болуы да мүмкін. Мысалы:

Әдеби

шейін

сияқты

дөңгелек

түзеу

диірмен

рұқсат

жиырманшы

Әдеби емес

шекейін

сиықты

доңғалақ

дүзеу

тиірмен

ұлықст

жиыrmасыншы

Әдеби тілде бар сөздің мағынасы әр жерде әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, елек, елгезер сөздерінің орнына шығыста қалбыр сөзін қолданады екен, ал «қалбыр» әдеби тілде, ұн емес, бидай, арпа, тары сияқты дақылдарды елейтін елеуіш.

Кейбір сөздердің әдеби тілдегі орныққан мағынасы бірнешеу болса, қарапайым сөйлеу тілінде нормаға жатпайтын басқада мағынада жұмсалуды ықтимал. Мысалы, «тіл» дегенді адамның, жан-жануардың дене мүшесі адамның сөйлеу құралы деп түсінсек, сөйлеу тілінде оны «сөз» дегеннің орнына айтады.

2. Профессионализм. Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы: Каспий, Арал, Балқаш, Сырдария, Амудария өңіріндегі балықшылар тілінде былайғыларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ, бау-бақша, мақта, күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар.

Мұндай кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмаса, оларды әдеби нормаға айналдырып, әдеби тілдің байлығын арттыруға болады. Мысалы, дақыл, собық, атыз, қарық деген сөздер бұрын әдеби тілде қолданылмайтын, қазір бұлар жиі кездесетін болды.

Түрлі кәсіптегі еңбек ерлерін, олардың іс-әрекетін сөз еткенде саол айналаның сөздерін айтпасқа болмайды. Мысалы, С.Мұқанов «Сырдария» романында күріш егісімен байланысты көптеген сөздерді, Ә.Сәрсенбаев «Толқында туғандар» романында балықшылардың көп айта беретін үкі, шоланда, батаға, талка тәрізді, Ә.Көшімов аңшылар өмірінен жазған повестінде аңшылыққа байланысты көптеген сөздерді енгізген.

3. Дөрекі, былапыт және жаргон сөздер. Бұлар - әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алмауы мүмкін емес.

Дөрекі – тұрпайы, анайы, оғаш, ерсі деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Қаншама сыйымды ғып айтам дегенмен Ерғалидың осы сөзі – есіткен құлаққа бір түрлі жат, дөрекі секілденіп тұрды.

Сөйлемде қолданылатын, жазба әдебиетте қолданылатын, әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай дөрекі сөздерді қарапайым сөздер дейміз.

Былапыт - ұқыпсыз, салақ, қалай болса солай, бей-берекет деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Алғашында есеңкіреп, оңды-солды былапыт қимылдаған Қоспан кейін есін жиып, тілсіз жаудың әдісін алайын деді.

Жаргон – жалпы халықтық тілден оқшауланған бір немесе бірнеше тіл элементтері. Көпшілікке түсініксіз шет сөз, диалект, жаргондар олардың өлеңдерінде мейлінше аз кездеседі.

Лексикада бірізділікті көбірек тілейтіндер – терминдер. Термин дегеніміз - өндірістің, мәдениеттің даму нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін арнаулы сөздер. Қазақ тіліне термин сөздер, негізінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енді. Соның арқасында қазақ тілінде бұрын болмаған революция, шахта, депутат, актёр, инженер, роман, мотор, хлор, химия, философия сияқты сөздер пайда болды және де тілде бар сөздер негізінде өндіріс (производство), өнеркәсіп (промышленность), қоғам (общество), құрылыс (строй), құрам (состав), ғылым (наука), білім (знания), оқулық (учебник) тәрізді терминдер жасалды.

Терминология қай салада болса да, тек жаңа ұғымның пайда болуымен байланысты дамып отырады. Мысалы, «жазушы», «суретші», мамандық кәсіп болмай тұрғанда, ондай атау да болған жоқ. Кейін ондай жаңа ұғым пайда болған соң, *жаз*, *сурет* және т.б. сөздерге *-шы*, *-ші*, жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөздер жасалды: жазушы, суретші, үгітші, тәрбиеші.

Осындай тілде бар байырғы сөздерге және өзге тілден енген сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап, кейде ескі сөздің өзін жаңа мағынаға ие етіп, сөз бен сөзді біріктіріп жасаған жаңа атаулар да көп. Мысалы: науқан, ұйым, үйірме, басқарма, оқулық, шекара, көзқарас, өнеркәсіп, балмұздақ. Мұндай жаңа атаулар да баспасөз бетінде сыналып, мемлекеттік терминология комиссиясының ұйғаруымен әдеби тілдің нормасына айналып отырмақ.

Орфоэпиялық және орфографиялық норма

Сөздердің айтылу нормасы туралы. Сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады. Сөйлеу тілінің бұл қасиеті ауыздан шыққан сөздің дәл, анық айтылуын керек етеді. Анық айтылмаған сөз көмескі естіліп, көздеген жеріне жетпей жатады.

Баяу дауыспен жайбарақат сөйлеп отырған кісінің әрбір сөзі үйреншікті дәстүр бойынша айтылуға тиіс. Сөздердің сондай жалпыға бірдей, қалыпты айтылу нормасын – *орфоэпия* дейміз. Мұндай норма әдеби тілде сөйлейтін кісілердің сөздерді айтуда өзіндік өзгешеліктері бола береді. Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға бірдей ортақ нормада айтып сөйлеу - кісінің тіл мәдениетінің жоғары екендігінің белгісі.

Сөздердің жазылу ережелері жиынтығын – *орфография* дейміз.

Қазақ сөздерінің айтылуы мен жазылуы арасында үлкен айырмашылық жоқ. Сонда да пышақ, жиырма, мақта, өнеркәсіп, филармония сияқты сөздерді дұрыс айтып үйренбеген кісі - бышақ, жігірма (жерма) пахта (махта), өнеркәсіп, филармония деп айта береді. Мұндай сөздерді бұзып сөйлейтін кісілердің айтқаны да пәлендей берекелі болмайды. Әдеби тілде сөйлеуге төселген құлақ, бұзылып айтылған сөздерді тосырқай тыңдайды. Сондықтан сөздерді дұрыс айтуға, сәніне келтіріп дұрыс сөйлеуге үлкен мән береміз.

Тілдің шатқалаңды кедір-бұдыры көп. Солардың қайсысы нормаға жататынын, қайсысы жатпайтынын, дұрыс-бұрысын айыру да оңай емес. Сонда да жалпылама долбармен айтқанда, сөздердің айтылу нормасы былай болу керек: құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі – норма - бәрі дұрыс. Құлаққажат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын, бұлдыр, оғаш, түсініксіз, дөрекі айтылғанның бәрі - нормаға жатпайды, дұрыс емес. Тілдік нормалар қоғам мүддесіне негізделгендіктен олар жалпы халыққа бірдей түсінікті, тілге жатық, айтуға ыңғайлы болуға тиіс.

Тіл мәдениеті жоғары елдердің өнер-білім, мәдениет қайраткерлері сөздердің өздеріне тән дыбыс құрылыстары сақталып, буын жігі, екпіні бұзылмай айтылуға үлкен мән береді де, ауыздан шыққан жеке сөздердің құлаққа естілер әуен-ырғағының дұрыс болуын уағыздайды.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы. Қазақ сөздерінің айтылуында

өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар. Оның негізі мынада: сөздердің құрамындағы дыбыстар өзара үндесіп, біріне—бірі ықпалын тигізе айтылады; мысалы, қазақ тіліндегі жуан, жіңішке, еріндік, езулік дауыстылардың сөз ішінде біркелкі қатар түзеп айтылуы арқылы ауыздан шыққан сөздердің ағысы кедір-бұдырсыз, біртегіс болады.

Қазақ тілінің сол мүмкіншіліктерін пайдаланып сөйлеген кісінің сөзі жатық, әрі әсерлі болмақ. Мысалы, «Төрде төртеу отыр төремін деп» дегеннің айтылуы былай болады: Төрде төртеу отыр төремін деп.

Бұл сөздердің құрамындағы дауыстылар былайша үндескен: төртеу, төре сөздерінің басқы буындарында жіңішке еріндік **ө** болғандықтан, олардан кейінгі буындарда да жіңішке еріндік айтылады: төрде, төртеу, төрө «отыр» сөзінің бірінші буыны жуан, еріндік **о** болғандықтан, одан кейінгі буындағы **ы** дыбысы **ұ** болып айтылады, бірақ жазуда бұлардың бәрі елене бермейді, «төрде төртеу отыр төремін деп» деген қалпында жазылады.

Сөйтіп, қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді: көп сөздердің айтылуы мен жазылуы арасында көп айырмашылық болмаса (мысалы: ат, қала, намыс, терезе), бірқатар сөздер айтылуы бойынша жазылмайды және жазылуы бойынша айтылмайды; мысалы:

Айтылуы	Жазылуы
құлын	құлын
жүрөк	жүрек
жұмышшы	жұмысшы
ауышша	ауызша
метал	металл

Сөздердің айтылуы мен жазылуында бірлестік болуы мүмкін емес. Фонетикалық принципті қолданып, қалай есітсең, солай жаз деп қоя берсек, жұрт сөздерді түрлі-түрлі вариантта жазар еді. Өйткені сөздерді әркім әр түрлі айтып, әр түрлі есітуі мүмкін.! 1929 жылғы орфографиялық ережелерде жеке сөздерді әсіресе, орыс тілінен енген сөздерді құбылтып жазуға жол берілген болатын. Сондағыдай, сөздердің айтылуында да, жазылуында да анархия болмау үшін сөздерді ресми түрде қабылданған орфографиялық ережелерге сүйеніп жазу керек те, әдеби тілде қалай айтылса, сөйлеу тілінде

де солай айту керек болады.

Сөздерді бұзып айту туралы. Сөйлеу тілінде сөздерді қысқартып жым-жылмақай етіп айту көп кездеседі. Ондайдың дөрекі екенін байқамай кейбір авторлар саол қалпында бұзып жаза салады. Мысалы, С.Бакбергеновтың «Қайда екен сол бала» деген әңгімесінде мынадай сөйлемдер бар: «Ол жау тылына өтіп, аса құнды тіл де **апты**. Бірақ көзге түсіп **қапты**». Немесе: «Орал жақтан әкелінген тұтқын бар еді, оны біз «оралдық» деп **атағымыз**»

Осы мысалдардағыдай, алыпты-ны «апты», қалыптыны «қапты», «атағанбыз-ды – «атағамыз», «әулиесіне ұқсапты – «әулиесі ұқсап» деп айту, әсіресе, солай жазу мүлде дұрыс емес. Рас, қарапайым қазақ сөзінде барған соң - «барғасын» ұқсамайды - ұсамайды», келе қалып – «келе ғап» сияқтылар айтыла беріледі. Солай екен деп сөздерді бұзып айтуды жалпы заңға айналдырмай, тек кейбіреуін, әдеби тілде жиі қолданылатындарын, әдеби нормаға айналдыруға болады. Олар мыналар:

Әкел (алып кел), әпер (алып бер), апар (алып бар), ем (едім), о баста (ол баста). Бұларды осылай айтып, осылай жазуға болады екен деп «келем», «боп», «кап», «кеп», «ап», «құсап», «барғасын», «көргесін»-дерді де қаптатып жіберсек, онымыз жұртқа тіл білдіру болмай, тіл тіл бүлдіру болып шығар. Тіл жұмсауда кері кетуді емес, тіл мәдениеті биігіне қарай өрлеуді көздеу керек.

Өзге тілдерден енген сөздердің айтылуы мен жазылуы. Қазақ тіліне араб-парсы, орыс, монғол, өзбек, татар тілдерінен енген жалпы, жалқы есімдер көп. Олардың көбін қазақ тілі фонетика, грамматикалық ыңғайына көндіріп, әбден игеріп алған. Фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөздердің төркінін іздеп жатудың, бұрынғы түбірін сақтап, өгертіп айтудың ешқандай практикалық мәні жоқ. Сондықтан уағда, мағлұм, ғұмыр, ғадат, демей - уәде, мәлім, өмір, әдет деп айтып, солай жазуға тиіспіз.

Орфографиялық ережелер жинағында орыс тілінен енген сөздердің жазылуы екі бөлініп айтылады. Бір жағынан жәшік, бәтес, теңге, сот, бәтеңке, минут, газет, сиса, тәрізді біраз сөздер осылай айтылуынша жазылатыны көрсетілсе, екінші жағынан, орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі «тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша, өзгертілмей жазылады» делінген. Соңғыға мынадай мысалдар беріледі: вагон, паравоз, самолёт, гидрология, биология,

аграном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, плакат, конституция, клуб, кино, радио, станция, стол, адвокат.

Мұндай сөздерді әркім әр түрлі айтуы мүмкін. Солай айтылуы бойығша жаз дкп үйретсек, ондай сөздердің жазылуында тиянақ болмайды, сауатсыздық көбейеді. Олардың жазылуын да, айтылуында да тәртіпке салу үшін орыс әдеби тілінің нормаларына сүйенеміз. Солай еткенде, орысша да, қазақша да сөйлей алатын, жаза алатын кісілердің тіл мәдениетін арттыруға қарайласқан боламыз.

Қысқарған сөздердің айтылу мен жазылуы. Қазіргі әдеби тілімізде мемлекет, әр түрлі одақ, ұйым, орган, мекеме, әр алуан шаруашылық, мәдениет, спорт коллективткрі мен оқу орындары атауларының, өлшем бірліктері мен техникалық құрал -жабдық маркаларының қасқартылып алынған аттары жиі қолданылып келеді. Қысқарған сөздердің бұлай көбейе түсуі - құптарлық құбылыс. Өйткені қазақ тілінің қазіргі иелері бұрынғы қай кездегіден де сауатты, білімді, мәдениетті.

Қысқарған сөздер айтылуы мен жазылуы ұзақ атаулардың, жиі жұмсалатын түсінікті сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын жеңілдетеді, радио, телевизия және трибунада уақыт үнемдейді, баспасөзде орын үнемдейді. Қысқарған сөздер бірнеше жолдармен жасалады:

1. Күрделі атаулардың құрамындағы әрбір жеке сөздің тек басқы дыбыстарынан жасалады. Мыс., ҚР - Қазақстан Республикасы, ӨзР-Өзбекстан Республикасы, МХР-Моңғол Халық Республикасы, АҚШ – Америка Құрама Штаттары.

2. Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөдің басқы дыбысынан не басқы буынынан жасалады. (ҚазМК, ҚазТАГ, ҚазАМУ, Қаз,МУ, ҚазПИ, ТашМИ,ТОШМПИ т.б.).

3. Күрделі атаулардың құрамындағы әрбір сөздің алғашқы буындарынан жаслады. (партком, облком, медпункт, пединститут т.б.).

4. Күрделі сөздің құрамындағы бірінші сөз алдыңғы буыны мен соңғы сөздің тұтас айтылуынан, сондай-ақ күрделі тіркес құрамындағы бір не бірнеше сөздің алдыңғы буындары мен бас дыбыстарынан не тұтас сөздерден жасалады. (Казмемтерминком, Казком-банк, ,жымшар, Оноком т.б.).

Қысқарған сөздің қай түрі болмасын, олар тіл практикасында

біртұтас термин ретінде қабылданып, оларға жалғау, жұрнақтар сызықша арқылы жалғанады. Тілде эканомика мақсатына байланысты қолданылатын шартты қысқартулар да баршылық. (*кг –килограмм, см –сантиметр, мыс –мысалы, т.б.- тағы басқа, т- тонна, мемл.-мемелекет, ж-жыл, млрд.- миллиард, ф-ка –фабрика, вт –ватт, га –гектар, дм –дециметр, т.б).*



1. Сөздердің айтылу нормасы жайлы не білесіз?
2. Орфография дегеніміз не?
3. Сөздердің айтылу мен жазылуында қандай айырмашылық бар?
4. Өзге тілден енген сөздердің айтылуы мен жазылуында қандай еркешеліктер бар?
5. Қысқарған сөздердің айтылуы мен жазылуы қандай және олардың неше түрі бар?

Орфография – (грек. *orthos* – дұрыс, *grapho* - жазамын) – сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже.

Орфоэпия – (грек. *orthoepcia*, *orthos* – дұрыс, *epos* - сөз) – ауызша сөздің бірізді дыбысталуын қамтамасыз ететін ұлттық тіл нормасының жиынтығы.

Қысқарған сөз - күрделі сөздің бір түрі. Өр алуан әлеуметтік, қоғамдық ұйымдардың, мекеме және мемлекет, құрылымдарының аттарын тілімізде қысқартып, ықшамдап айту.

Грамматикалық норма

Әдеби тілдің нормалану нысаналары. Әдеби тіл дамыған сайын оның грамматикалық құрылысында біркелкілік, бірізділік үстем бола береді де, оның сымбаттылық қасиеті арта түседі. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, тұлғалары, құралы тәртібі белгілі қалыпқа түсіп, жұртқа әбден дағдылы болған: сөз таптарының, сөз тұлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектері қиюын тауып қалыптасып кетті. Грамматикалық құрылыстың сол қалпын - **грамматикалық норма дейміз.**

Грамматикалық нормалар грамматикалық ережелер негізінде,

әдеби тілдің қалыптасу барысында жасалады. Әдеби тілде бардың бәрі бірдей норма бола бермейді. Тілдегі жекелеген қосымшаларды көптеген сөзге жалғап айтуға болғанымен, солардың көбінің жалғану шегі бар. Мысалы, қолдады, көздеді, бұзаулады, сүйемелдеді, деп айтуға болады., ал кітаптады, жүректеді, бөлтіріктеді, тартыстады. деп айтылмайды.

Ғасырлар бойы жасалған грамматикалық ережелердің, грамматикалық категориялардың жұмсалу аясы қаншалықты кең, бірбеткей болғанымен, олардың толып жатқан бұлтарыстарына да кез боламыз. Мысалы, жалпы ереже бойынша зат есімдерге жалғанатын көптік, тәуелдік жалғаулардың орналасу тәртібі былай болады: түбір сөзге алдымен көптік, оның үстіне тәуелдік жалғауы жалғанады; жолдастарым, терезелерің, жиналыстары, ата-бабаларымыз т.б.

Осы бір тиянақты -ақ деген ережеге бағынбайтын, одан ауытқып айтылатын мынадай сөздер бар: апаларым-апамдар, әкелерің-әкеңдер, жезделерім-жездемдер. Бұлардың екеуі де тілге жатық, ойға қонымды екеуі де әдеби. Солай екен деп зат есімдерге көптік, тәуелдік жалғауларын жалғауда орнықты тәртіп жоқ деуге болмайды. Болмайтын себебі – кез келген зат есімге жоғарыдағыдай көптік пен тәуелдік орын ауыстырып жалғай бермейміз. Тек қадірмен туысқандық қатынасты білдіретін – ата , әке, көке, жәке, аға, әже, апа, сияқты зат есімдерге ғана ол жалғауларды шәлкес орналастыруға болады. Сонда олардың мағыналары бірдей болмай, екі түрлі болады: апаларым, аталарым дегенде, көптік жалғау сол сөзі жалған заттың көптігін білдірсе, апамдар, атамдар дегенде, ол бір кісінің қасындағыларды да қоса қамтып, солардың да көптігін білдіреді.

Грамматикалық нормадан ауытқулар. Мағыналық, стильдік қызметі бар ерекшеліктерді пайдалану нормадан жөнімен ауытқу болады. Мысалы, болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының бірі 1- жақта –ма-й-мын.. болуы -грамматикалық норма. Сонымен қатар ол ауытқып –ман... түрінде де жұмсалады:

Ескі бише отыр**ман** бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұр**ман** зарлап!

(Абай)

Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар-намысым қашыр**ман**!

Бұлтқа жетпей шарт сынсаң!
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасыр**ман**!

(Махамбет)

Грамматикалық тұлғаның негізгі нормадан өзгеше болып ауытқуы бұл арада заңды: -ман тұлғасы осындайда –май+мын қосымшалары орнына жұмсалғанда, ерекше стильдік қызмет атқарады: егер бармаймын, айтпаймын жай болымсыздық хабар болса, барман, айтпан деген, істі істеудің қайсарлықпен, үзілді-кесілді бас тартқандықты білдіреді. Мұны нормадан жөнімен ауытқу деп тауамыз.

Қазақ тілінде қалау райдың 1-жақ көпшесінің үш түрлі қосымшасы бар:

Негізгі тұлға -йық=йік: барайық, келейік, білейік. Сонымен қатар әдебиетте кейде -лық, -лік және –лы, -лі тұлғалары қолданылады:

Кел балалар, оқы**лық**!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқы**лық**

(Алтынсарин)

Бұл екі мысалдағы тұлғалардың екеуі де негізгі қосымша ретінде окта-текте кездеседі. Оның алдыңғысы (-лық) бір іске шақыру, үндеу мағынасында айтылса, соңғысы, барсана, келсана, есіткіл сөздеріндегі қосымшалар сияқты, ескірген тұлға. Мұндайлар тарихи геройдың сөзінде жұмсалса бір сәрі, бірақ қазіргі әдеби тіл үшін оларды қолдану дұрыс болмайды. Сондықтан *оқыық* -тың орнына *оқылық* деп айту жөнімен ауытқу болады да, *оқылы* деп айту жөнсіз ауытқу болады.

Грамматикалық тұлғалардың кейбірі әдеби тілдің нормалану процесінде жұмсалудан қалып қояды, не болмаса өзгеріске ұшырап барып тұрақтайды. Мысалы, XIX ғасырдағы әдебиеттерде баяндауыш құрамында «дұр», «ұр» қосымшасы жиі қолданылатын: «боладұр», «өседұр», «сөздұр», «болұр», «айтұр». Сондай-ақ есімшенің -тың тұлғасы ертеде –тұғын, -тұрған, -тұрғын болып жазыла

беретін: «баратұғын», «келе тұрған», «жіберетұғын» т.б. Бұл күнде бұлар қолданудан қалып барады. Ертеде жалғаулық «мен» түрліше айтылып, әр түрлі жазылатын: «билан», «бірлан», «менен» (бенен, пенен), «мен» (пен, бен). Қазір осылардың соңғысы (мен, пен, бен) әдеби нормаға айналды.

Тілде жарыса қолданылатын тұлғалардың әдебиетте жиі ұшырайтындары бар. Мысалы, сұраулы сөйлем тудыратын –ма=ме де, -мы=-мі де әсіресе көркем әдебиетте көп қолданылады. Мысалы: Сұрадың ба? – Сұраймысың?, Барасын ба? -Барамысың? Осының алдыңғысы жазба тіл стиліне тән де, соңғысы сөйлеутілі стиліне тән. Сондықтан кейінгілер диалогты сөйлемдерде жазылады. Өткен шақтық -лы-лі тұлғалы баяндауыш та солай; үшінші күні түн ортасы ауа берген кезде үйге үш әйел **кірулі**, -деп бай мүдіріп қалды.

Тілдің нормалану процесі үздіксіз болып отырады. Сол процесті тездету үшін де әдеби тілдің өзіндік өзгешеліктерін дамытатүсу керек.



1. Грамматикалық норма дегеніміз не?
2. Грамматикалық нормадан ауытқулар не деп аталады және олар қайсылар?

Грамматика – (грек.grammatike- әуел баста әріптерді оқи алу және жаза білу өнері, грамма - әріп).

Тілдің грамматикалық құрылысын, оның заңдылықтарын зерттейтін, яғни тілдегі сөз таптарын, олардың түрлену жүйесін, грамматикалық тұлғалары мен категориялардың, сөздердің бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің сөйлемдегі қызметін, сөйлем жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Сөз және шеберлік

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар баһра ала алмас...

(Абай).

Сөз - көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, жазушының, ақынның әсем шеберлігінің материалы, ол — көркем суреттің, образ жа-

саудың сырлы бояуы. Оны жазушы тандап, талғап пайдаланбаса, әдебиеттің эстетикалық қасиеті, тәрбиелік әсері барынша солғын, көркемдік сапасы төмен болады. Көркем әдебиеттің сөз байлығы мол, әр жақты және таңдамалы болса екен деген талаптар қойылады. Көркем шығарма тілі — жалпыға ортақ халық тілі болумен қатар, эстетикалық сезімнің, образды ойдың да тілі, сондықтан оған ерекше талғам қажет-ақ. Бұл арада жалпыға бірдей өлшем табу да қиын. Әрбір суреткердің тілдегі сөз байлықтарын игере білу, оның ішкі дүниесіне бойлау дәрежесі түрліше болып келеді: біреу білмеген сөзді біреу біледі, бір сөзді әр ақын-жазушы өзінше «үндеуі», түрлі-түрлі мағыналық орайда қолдануы мүмкін. Демек, қандай да бір сөз шеберлері болмасын, олардың әрқайсысы сөз пернесін өздерінше басып, сөз дабылын өздерінше қағады.

Соның өзінде жазушы жалпы әдеби тіл нормаларынан жөнсіз ауытқып саяқ кетуге, әдебиет теориясы қағидаларын аяққа басуға тиісті емес. Жазушының әрбір сөйлемі мақсатты ойға сәйкес құралуға тиіс. Мақсатты ойды, оның үстіне, көрікті, көркем етіп жазу үшін керекті сөздерді дәл тауып қолдану жеткіліксіз, сонымен қатар, ол сөздердің қыбын тауып қиюластырып, грамматикалық ережелерге бағындырып, жалпы халыққа ортақ тілдің басқа да заңдылықтарын сақтап жазу керек болады.

Бұл талаптар жалпы әдеби тілге, соның ішінде көркем әдебиет тіліне де қойылады. Көркем әдебиет тілінің, сонымен қатар, өзіндік стильдері, өзіне тән ерекше сөз қолдану заңдары болады. Жазушы, ақын әдетте сөздердің табиғи мүмкіншіліктерін (тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, т. б. қасиеттерін) кең түрде пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтіріңкі мағынада, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер құрамында пайдаланады. Көркем әдебиет үшін бұлар да жеткіліксіз. Көркем әдебиетке тән әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері болады. Сөз шебері соларды біліп, соларды өз творчествосының дүкенінде шыңдап пайдалануға тиіс. Олар: теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу (олицетворение), синекдоха, символ, аллегория, ирония, әсірелеу (гипербола), т. б.

Көрікті ойдың көркем суретін салуға жұмсалатын амал-әрекеттің әр қилы бедері, көркемдік кескіні, эстетикалық әсері болады. Бұлардың шегі жоқ. Қай тілде жазылған көркем әдебиет

болса да, оның еңсесі қаншама биік, тарихы ұзақ болғанымен, тілдің мол мүмкіншіліктерін сарқа пайдаланып тауысуға, біткен жері осы деп отыруға болмайды. Оларды әр жазушы өзінше, түрлі құрамда, әр түрлі ыңғайда, кейде бірін-бірі қайталап та қолдана береді. Соның ішінде тек дарынды, ысылған, қаламы әбден төселген сөз шеберлерінің ғана жазғандары өнебойы гүл шашып тұратын әсем өсімдіктей өзінің сонылығын, әсемдігін жоймайды. Жасанды сәнқойлық, сірескен «сымбаттылық» ойқастаған нәрсіз, ойынақылық, тілдің «табиғи» заңдарынан аулақ кеткен., «жаңалық»,— бәрі де, біздің дәстүрімізге жат нәрселер. Сөз бояуын қоюлатқан сырты сұлу, іші қуыс мынандай сөйлемдерден без: «Шынайы ойынын түбегейлі тереңіне бойлады». «Алқынған жүрек лепірген көңілдің ұшар шыңына самғады». Бояуы баттиған «әсем» сөйлем құрауға әсіресе жас жазушылар үйір келеді. Бір мысал «Тындаушының аңқау көңіліне сол сәтінде дүниеде жоқ үрей ұрлана кіріп, жақын тұтқындай бастағанда, алыстағы үміт отындай жылылықты әкеп сізге тарту етеді де, манағы бір өзіңіз айырылып қалған жүрегіңіздің қуаныш ұшқынын қайтып беріп сүйіспеншілігіңізге бөленер еді». Неткен сұлу сөздер! Неткен -бұлаң құйрық бұлдыр ойлар! «Күтем сені, Дидар» повесіндегі мына сөйлемді түсініп көріңізші: «Ол бір әңгімені бастарда көзі ойнақшып алдында отырғандарды арбап тілеулестікке шақыра шыбын-шіркей қыдырар еді». Әшекейі көп, бірақ мағынасы бұлдыр мұндай «сұлу» сөздер оқушыларын тез жалықтырады. Осындайға кез болған М. Горький «мұншалықты «сұлулап» жазудың керегі жоқ. Оның жөні жоқ. Және де, тегі, мұндай сұлу жазуды оқығанда, күлкің келеді» — дейді. Тілдегі сонылықтың, сұлулықтың белгісі — халықтық даналыққа негізделген қарапайымдылықта, түсініктілігінде, оның жүрекке жылылығында және басқаға етер әсерінде.

Көркем әдебиет тілінің шеберлік сипатын білдіретін жоғарыда көрсетілген тілдік тәсілдерді екі топқа бөлуге болады: 1. Бейнелеу тәсілдері — өмірдің реалды шындығын, құбылысты кісінің көз алдына елестететіндей етіп суреттеу; 2. Ә с е р л е у тәсілдері — оның үстіне, кісінін эмоциялық сезіміне әсер ететіндей етіп көріктеу. Абайдың –

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңқылдап,

Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай

Суда тұрып шыбындап,	Айнала шауып бұлтылдап -
дегенді бейнелеуге жақсы мысал етуге болады. Ал, Абайдың –	
Қараңғы түнде тау қалғып,	Даланы жым-жырт дел-сал қып
Ұйғықа кетер балбырап	Түн басады салбырап —

деген жолдары әрі бейнелеуге әрі әсерлеуге жатады. Мұнда қараңғы түндегі тауды жанды затқа теңеп қалғытып, ұйықтатып, жым-жырт даланы дел-сал етіп, түн қараңғысын салбыратып кою арқылы әсем образ өрнегі жасалған «Қалауын тапса, қар жанар» дегендей, кестелей білсе, өмірлік, кім болса сол айта беретін сөздерден де әсерлі сөз нақыштарын құруға, жай сөзден көрікті, көркем сурет салуға болады. Оған бір мысал:

Сып сандықты ашып қара,	Көңіл ашар тербеу әні,
Ашып қара сырласым.	Тербеу әні сыр айтар.
Сым пернені басып қара,	Шыққанбыз, дос, шыңға талай
Басып қара, жырласын!	Талай сырды ойланып,
Сұлу сымда перне әуені,	Ақтаралық алтын сарай
Перне әуені жыр айтар	Алтын сарай қойманы.

(С.Сейфуллин)

Жүректі қозғайтын осы әсем жолдарда сөйлеу тілінен ерекше жаратылған сөз жоқ, ондағы сөздің бәрі де - халық тіліне тән сыр, сандық, аш, қара, сым, перне, сұлу, жыр, айтар... дегендей жалпыға ортақ сөздер.

Көркем әдебиеттің сөздік құрамының негізі, жоғарғыдай жалпы халық тіліндегі сөздер болады. Сөз өнерінің шеберлері - ақын, жазушы, драматург, очеркист, фельетонист - бәрі де халық тілінің байлығын пайдаланады. Бірақ олардың бар сөзді білу, пайдалану дәрежесі бірдей емес. Тек ірі суреткер жазушылардың ғана сөз байлығы өзгеден ерекше мол болады. Олар өзіне керекті, тілде бар сөздерді молынан пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар өздерінің творчестволық әрекетінде жаңа сөз жасауы да, бар _ сөздерге қосымша стильдік қызмет беріп, олардың икемділігін арттырып отыруы да мүмкін. Қазақ әдебиетінің ондай уәкілдері — Абай Құнанбаев, Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Жамбыл Жабаев, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, т. б.

Сөз көркемдігінің бір нысанасы — а й қ ы н д ы л ы қ.

Жазушы айтпақ ойын дәл, анық бере алмаса, не сөздерін оқушыларының ұғымына, тез түсінуіне лайық құрамай, өзінше

сірестіріп қоятын болса, ондай жазушының шығармасы көп өмір сүре алмайды. Айқындықтың белгісі - әр сөзді өз орнына қолдануда. Фадеев айтқандай, жазушының алдында ұшан-теңіз көп сөз тұрады, әрбір ойды айту үшін, образ жасау үшін он бес, жиырма... сөз «мен мұндалап» тұрады. Солардың қайсысын қолданғанда сенің айтайын деген ойың мүлтіксіз дұрыс болып шығады? Соларды таңдай, талғай білу керек. Сонда, Белинский айтқандай, ол сөздің орнына қолдануға болатын тілімізде басқа сөздің жоқтығы байқалып тұратын болсын. Солай етудің орнына жазушы, журналистеріміздің біразы аузына бұрын түскен сөзді жаза салатыны бар. Сондықтан болар, көркем әдебиеттен тіпті «оларды көдестірді» дегенді — «оларды көзіктірді», «сиыр бұзаулайтын қора» демей, — «сиыр босанатын үй» дегенді («Қарағанды»), «- жүзікті шынашағына салды» деудің орнына — жүзікті шынтағына салды» («Теміртау») деген сияқтыларды кездестіруге болады. Бұлар - білместіктен кеткен тіл ақаулығы емес, ұқыпсыздықтан, әр сөзді өз орнында дұрыс қолданбағандықтан туған өрескел қателер.

Немесе, тым жақсы жазушының бірі Ахтанов жолдас «Дала сырында» былай дейді: «Екі достың арасы сынып, жарылып барып, қайта жалғасты». Бұл не? Бұл — бояуы баттиған, жасанды табиғат суреті сияқты бірдеңе. Сонда «дауысын жырта айқайлап», «алас қапаста»- (қарбаласта емес пе?), — «бадырайып тұратын бітік көз» (?) «оң қолында кішкене құм бар» (он, жағында кішкене құм бар емес пе?) тәрізділер кездеседі. Бұлар да тіл білмегендіктен емес, қолындағы қаламды оңды-солды еркін сілтегендіктен кеткен қателер.

Сөздер мақсатты ойға лайық дөп түспесе, өз орнын тауып дұрыс тіркеспесе, ой түсініксіз болады, сөйлем қолбырап көріксіз болып тұрады. Ондайдан аулақ болу үшін, тіпті, ысылған жазушылардың өзібір жазғанын қайта-қайта жөндеп, өңдеп, қайта-қайта көшіреді екен. Олай етпей, атына, атағына сеніп, аузынан шыққандарын машинисткаға жатқа айтып, оларын сол қалпында бастыра салатындар да бар. Ондай жазушылардың шығармалары кейде бір қайнауы ішінде болып кете барады. Баяғыда роман деген атымен жарқ етіп көрініп, қайта сөнген «Жанартау» солай болатын. Кезінде С. Мұқановтың «Жұмбақ жалауы» да тіл жағынан біраз кемшіліктермен шықты. Кейін автор оны «Ботакөз» деген атпен

қайта шығарарда, романның тілін едәуір жақсартқаны байқалады. Сондай мүмкіншілігі болып «Қарағанды» («Қарағанды» үш рет шықты, үшеуінде де, баяғыдай) романы қайта өңделсе, мен мұңдалап тұрған сөз оғаштығын, ширатылмаған арқандай болбырап тұрған жолдарды автор көрер еді.

Шеберліктің бір амалы — аз сөзбен көп мағына білдіру. Мұндағы принцип – «сөзге орын тар болсын да, ойың кең болсын». Бұл принципті сақтау үшін сөйлемде бірде-бір шашау шыққан сөз, дұрыс тіркеспей, оғаштау құралған сөйлем болмау керек. Бұған мысалды көп іздеудің керегі жоқ. Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің де шығармалары негізінде солай жазылған. Солардың ішінде сөйлемді ықшам құрауға шебер жазушының бірі - Ғ.Мүсірепов. Оның жазушылық өнерінен анық байқалатын нәрселер - айқындылық, тұжырымдылық. Оны әрбір сөзі етекші қаққан шегедей қатып түсіп жатады. Жазушы сөйлемде артық сөз айтпайды, кейде бір сөзді бір сөйлемде екі рет айтса, онысының ерекше стильдік мәні болады. Мысалы: «Аяқ бассам-ақ болғаны, қаланың бір дәстүріне мұрындығым іліне кетеді. Қала жұртының әдеті де басқа, салты да басқа екен».

Жас жазушылардың алдында тіл шеберлігі жағынан үлгі алатын осындай өнегелі ұстаздары бар. Абайға, Ғабитке, Мұқтарға, Сәбитке, Ғабиденге, Тайырға еліктейтін, солардан үйренсем, үлгі алсам дейтін жазушы көп. Аға тұтар алыптары бар ондай жас жазушылардың арманы жоқ. Бірақ әдебиетке кейін келген жастардың көбі еліктейтін кісінің тілдік лабораториясына енбей, тек сыртқы сөз саптау мәнеріне, жеке сөздерді жаттап алуға бой ұрады.

Әрбір жазушыда тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру», яғни сөздерді өзара жаңа мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты. Көркем әдебиетте бір затқа тән қасиетті, сапаны басқа затқа телу арқылы сөз кестелерін әшекелеуге болады. Ондайда әдеттегіден өзгеше тіркестер жасалады. Мысалы, «Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып, жол салып, тасты жарып» дегенде, Абай, «асау» сөзін Терек (өзен) - сөзімен тіркестіріп айту арқылы ол өзеннің көркем бейнесін көз алдына елестете қояды. Сондай-ақ «асау» сөзі әдетте асау ат, асау бие сияқты құрамда

кездесетін болса, көркем әдебиетте асау жел (Иса), асау қиял (Жамбыл), асау жүрек (Абай) тәрізді тіркестерде де айтылады.

Жай сөздерден жаңа мағыналық топ құру үшін, «сөз қалауының» жарасымын дәл табу үшін сөз өнерінің нәзік зергері болу керек. Абай - өзінің ақындық өнерінде көркем сөз тігісінің юатық болуына мейлінше ұқыпты қараған адам. «Сөз өнері - дертпен тең» дегенді оған айттырған да көңіліне ұялаған шеберлік «дерті». Абайдың жалпы қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы жасаған бір жаңалығы әр алуан сөздерді және жеке грамматикалық формаларды түрлі мағыналық тіркеске түсіру арқылы олардың жұмсалу аясын кеңейтуінде. Оның сөз қолданысында түрлі тіркестердің көркемдік дәрежесі көтеріңкі болу себебі - ондағы әрбір сөздің мағыналық дәлдігінде, сөздердің айтайын деген мақсатты оймен жымдас келіп, дөп түсіп жатуында. Абай поэзиясында неше алуан тың сө, жаңғырған жаңа сөздер қатары жиі ұшырайды. Мысалы: «Қыс» өлеңін алуға болады:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау , түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы -үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды...

Бұл өлеңнің әрбір жолында жаңа леп, жаңа тыныс сезіледі. Солар арқылы қыстың бейнесін көз алдыға елестетеді.

Абайдың өлеңдеріндегі жаңа леп, жаңа сөздер жалпы халықтық сөз тудыру негізінде жасалып отырылады. Абайдың мұндағы өнегелі үлгісі - халық тіліндегі белгілі сөз орамдарына өз тұсынан стильдік жаңа әр кіргізуінде, өзінше соны сөз қалауын табуында; мысалы:

Күнді уақыт итеріп,	Сонда, көңілім, жоқтаттың,
Көк жиектен асырса,	Татуы мен асығын,
Көлеңке басын көтеріп,	Көзі жетіп тоқтайды
Алысты көзден жасырса.	Өткен күннің қашығын.

Бұл өлең жолдарында, сырт қарағанда, оншалық керемет, бас шайқар жаңа сөздер жоқ. Мұндағы жеке сөздердің қай-қайсысы болса да ежелден мәлім. Алайда бұл ақынның сө қалау өнері тамсана таңдай қақтырады.

Нақышты сөз тіркестерін, орынды теңеу, әсерлеуді Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романынан көп кездестіреміз, мысалы: «Ішіндегі запыранды төктің»; «бұл тотияйын болыс»; «Өткір тілін Жақыпқа салып-салып алды»; «Аузын тулата шайнады». Мұндай мысалдардан сөздің көркем шығармада қолдану аясының кеңдігін, неше алауан мағыналық құбылысқа түсетінін аңғару қиын емес.

Көркем шығарма тілінің ажарлылығы, мәнділігі белгілі шамада суреткердің әлгіндей «сөз жарату» әдісімен, оның стильдік ерекшелігімен байланысты. Дарынды сөз шеберлері жеке сөздің метафоралық теңеуін тауып қосақтауда олардың мағынасына, стильдік қызметіне қарай сөз тіркесінің құрамын түрлендіріп отырады. Мысалы:

Асау жүрек, аяғын шалыс басқан;
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?
Жанымның жарық жұлдызы.
Жамандық күнде жарымсың.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.
Бейне бір сол қазынаны бір жау алмақ,
Жүректің кен дариясы құрып қалмақ.
Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,
Осы бір өзі өзгеше жолға салмақ.

(Абай)

Жас жазушыларға тағатын тағы бір мін - сырт әдемілігіне әуестік. Әдетте сөздің шынайылығын ең алдымен оның басқа сөзбен, тұтас контекспен мағыналық дәл байланысқа түсуінде ғой. Сөзді орында қолданбау, сырты сылаң құлмалылық нәрсіз жадағайлыққа әкеп соқпақ.

Көркем әдебиет тіліне тән қасиет ең алдымен оның эстетикалық қызметінде. Ал, көркем шығарма тілінің эстетикалық қызметі жазушының идеялық жаңа мазмұндау жоспарымен тығыз байланысты. Көркем әдебиетке тән сөз қолдану заңдылықтары суреткердің шығарма кіндегі көздеген тақырыптық мақсатымен ұштасып жатады.

Сөйтіп, көркем әдебиетте қолданылмайтын сөз жоқ, бірақ әрқайсысының орны бар, қолданудың жөні бар.

-  1. Көркем шығарма тілі қандай тіл?
2. Көркем әдебиетке тән қандай тәсілдер пайдалануға болады?
3. Бейнелеу және әсерлеу тәсілдері дегеніміз не және оған мысалдар келтір?
4. Сөз көркемдігінің негізгі нысанасы не?
5. Айқыныдылықтың белгісі неде?
6. Көркем шығарма тілінің ажарлылығы, мәнділігі немен байланысты?

Таза сөйлеу — ой айқындығының белгісі

*«Адам аласынан сөз аласы жаман,
От шаласынан сөз шаласы жаман»
(Мақал).*

Ана тілін жақсы білу, сол тілде таза сөйлеу де мәдениеттілік. Ана тілін, оның байлықтарын бағаламау - тіл қарым-қатынас жасаудың, ойды айтудың құралы екендігін бағаламау деген сөз. Әрбір мәдениетті, білімді кісі, мүмкін болса, бірнеше, кемінде, ана тілін (бірінші ана тілі — қазақ тілін, екінші ана тілі — орыс тілін) жақсы білуге тиіс. Ана тілін жақсы білген кісі сол тілде ойлап, сол тілде т а з а сөйлейді.

Таза сөйлеу дегеніміз—сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу. «Бөгде сөз» дегеннің түсінігі өте шартты. Өйткені өзге тілден сөз қабылдамаған,«таза тіл» болмайды. Егер өзге тілдерден ауысқан сөздер сол тілге сіңіп, сол халықтың тіл байлығына айналса, олар «бөгде сөздер» болып есептелмейді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі *.кітап, нан,өмір, отан, жан, баға, сағат* сияқты сан алуан өмірлік сөздер — о бастағы араб-парсы сөздері. Орыс тіліндегі, мысалы, *вагон, рельс, чабан, радио, интенсификация, штурм* — басқа тілдерден енген сөздер. Сол сияқты, қазақ тіліндегі *сиса, қамыт, доға, жәрмеңке, лампа, ферма, совхоз, радио, институт...* орыс тілінен ауысқан. Осылардай шетел, көрші халықтар тілдернің сөздері бұл күнде қазақ тілінің, «қанша сіңіп», әбден жымдасып

кетсе, оларды қолданып қазақша сөйлеушілерді кінәламауға тиіспіз. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы» — деген Абай да тіліміздегі өзге тілдерден ауысқан сөздерді «бөтен сөз» деп танымаса керек. Өйткені ол өз шығармаларында мынау «бөтен сөз» деп айырмайды. Ақынның «бөтен сөз» дегені халық қабылдамаған, тілдік дәстүрде жоқ, әдеби тілге енбеген сөздер болу керек.

Жөн-жорығы жоқ, тіпті, керегі жоқ жерде өзге тілдің сөздерін пайдалану, өзге тілдің грамматикалық құрылысын сақтап ана тілінде сөйлеу — ойды түсініксіз етеді. Мысалы, «өте қуанып калдым» демей, бек хурсант болдым», «әдебиеттің онкүндігі» демей, «литератураның декадасы» деп сөйлеу - орашалақтық.

Тілдегі орашалақтық, оспадарсыздық — ой жүдеулігінің белгісі. Ойы саяз кісі бос сөзді болады, күңгірт ойлы кісінің сөзі айқын, таза болмайды. Көмескі, күңгірт сөз — желді күнгі қаңбақ секілді, ол ешкімнің көңіліне қоныс таппақ емес.

Тіл тазалығы үшін күрес — тіл мәдениеті үшін күрестің бір бөлегі. Қазақ әдебиет тілінің тарихында бұл күрестің алатын орны ерекше. 1888 жылдары шыққан «Дала уалаяты» газетінің бір бетінде, кейін Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың творчестволарында, «Айқап» журналының беттерінде «қазақ тілінің тазалығы» үшін деген мәселе өте маңызды мәселелердің бірі болып көтерілді. XVIII ғасырдың екінші жартысында әдеби тілдің екі түрі болды; бірі — ескі өзбек әдеби тілі («шағатай тілі») негізіндегі әдеби тіл, екіншісі — дінді, діншілдікті уағыздайтын кітаби тіл. Солардың тілі шым-шытырық, шұбар-ала болатын. Кейін, XIX ғасырдың екінші жартысында, жаңа сапалы әдеби тілді қалыптастыруға шұғыл бет бұрылды. Сол кезде, С. Көбеевтің сөзімен айтқанда, «Айқап» журналы қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елеулі мәселелер көтереді. 1913 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айқап» журналында жарияланған мақаласының бірінде былай делінген: «Біз енді Самарқанд, Түркстан, Бұхар, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жайттарынан арылып, Европа мәдениетіне суарылған жаңа өнерлі тілді жасайық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптан таза, күмістейі

кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік».

С. Торайғыровтың әсіресе 1914 жылдан кейінгі өлендері, С. Қобеевтің «Қалың мал» романы (1913) осы талаптарға сай, қазақтың таза тілімен жазылған. Олардың тілі араб, парсы, татар сөздерімен шұбарланбай, сол дәуірдегі «кітаби» тілден ерекшеленіп, оқшау тұрды. Олардың шығармалары, әсіресе қазақ тілінің жайдары сөздерін әсерлі етіп пайдалану жағынан Абай, Ыбырайлардың өнегелі үлгілерімен әуендес болдаы. Бұл күндегі әдебиетіміз де сол бағытта.

Сөзге орашалақ кісілердің бір жаман әдеті - тілдегі сөздердің құтын қашырып, тілді шұбарлап сөйлейді: «Понимаешь, ол бүгін келмейді». «Ол бізді жақында капитально қонақ етіп жіберді». «Столда түрлі тағам, вино, водка, черт-морт тағы басқа шұрым-бұрым болды». «Мен саған звонить етіп ем, әйелің понимаешь үйде жоқ деп, өзімді, прямо, ұрсып беттен алды».

Осы сөйлемдерді қазақ аузынан есітіп жүрміз. Ал мына бір үзінді Аманғали Сегізбаевтің «Сәнді сөз» деген фельетонынан алынған.

«Сағат ертеңгі тоғыздан асса да, ұйқымды аша алмай, аунақшып жатыр ем, үйге біреу кіріп келді де, Мұқашпен сөйлесе кетті. «Малай президиумның заседаниесінде доклад беру әбиазан. Соған передовой даннойларды готовить ету керек. Ол туралы справка, сведениялер полный болып, отчет берген кезде итоги точно-точ шығу керек. А то неудобно. Еще вот в чем дела: занятие кезінде айтуға бола ма, жоқ па? Если писменный доклад беру тура келсе, осы бастан есте болсын, формальный қылып жаз да, копиясын канцелярияда сақтайтын қыл. Пока до свидания..» деді де, шығып кетті». автор дұрыс сынап отыр. Алайда мұндай шатқаланды шұбар тілмен «сөйлеудің» жаман әдетке айналып бара жатқанын айтып кетуге болмайды. Бірқатар аңдамай сөйлейтін «оқымысталар» да ауызекі ошақ басындағы сөзінде ғана емес, жазған жазуында да орысша мен қазақшаны жөнсіз сапырластыра береді. Бір мысал келтірейік. Алматы облысы оқу бөлімінің методисі Қ. Алакөл ауданының № 1 қазақ орта тәлім тәрбие жұмысын тексеріп жасаған актiсінде былай дейді: «Қазақ литературасының программасы жоқ. Қайнаған су қойылмаған, уборный жоқ.. Столовойда 2 тарелка, 3 шашке бар, Мектептің физкультура площадкасы жоқ. Іс планы

жасалған, бірақ конкретный емес».

Жұртты тіл өнеріне баулитын ағартушы-инспекторлар осылай жазған соң, өзгелерден не күтуге болады. Өнегелі ғалымдар, мәдениетті интеллигенттер сөйлейтін болса, былайғыларға не шара?

Жазушы Б. Маллин бір өлеңінде:

Значит, так сказать, накыл болды,

Жел қайдан шықса, соған жақын болды,—

деп Құбақан деген бір шолақ етек белсендіні сынайды.

Кейбіреулер орысша мен қазақшаны араластырып сөйлеуді сән көреді. Тіпті орысшаға тілі келмейтін кіслер де «маржа» (әйел), «қызымка» (қыз), алаша (ат) «шыпта» (билет), «махан» (ет), «баранчук» (бала), «туди-суди», «мал-мал», «шорт-морт», «шұрым-бұрымдарды» көп айтады. Ондайда: «— Ой, мынауың орысшадан да хабары бар адам ғой!» - дейтіндер де бар. Біз оларға орыстың әсем тілінде ойдай бұралқы, қоқырсық сөз жоқ екенін айтуға тиіспіз. Құдіреті күшті әсем тіл — орыс тілін жақсы білуге не жетсін! Бірақ орысша білгенсіп орыс тілін қор етпеу керек !

Орысшаны тізеге салып, «мой жена» деп сөйлейтін, орысша білімі аз кісі әлгідей сөздерді қолданса, бір сәрі ғой, кейде ондайды мәдениетті ғой деген кісілердің де аузынан есітеміз. Бәрінен де осы жаман.

Халық өлеңдерінде қазақша мен орысшаны араластырып айту кездеседі, бірақ оның мақсаты — өлеңді күлдіргі ету. Мысалы:

Ақ, алма, қызыл алма жемедің бе?

Бұл неткен тәтті өзі демедің бе?

Жеп болып қызыл алма, қыз қалқатай,

Приходи к вечером демедің бе?

Не болмаса «16 қыз» әнінің сөздерін еске түсірейік: ондағы қазақ сөздерінің арасында бұзылып айтылатын «генатушка» да, «молодушка» да, «неминошка» да, «я люблю» де бар. Солар арқылы халық әнінің сөздері тыңдаушылардың күлкісін келтіреді. Дәл сол сияқты болмағанмен, қазақша мен орысшаны араластырып сөйлеп жатқан кісіге де өзгелер күле қарайды. Оған қынжылмасқа болмайды.

Бұрыш-соңды ақын-жазушылардың шығармаларында орыс сөздері аралас келетін жерлері бар. Мысалы, Ақансерінің, тіпті

Абайдың өлендерінде де, қазақша айтуға болатын сөздерді орысша айтқан. Әрине, оларда ол «бөгде» сөздердің белгілі стильдік қызметі бар.

Бір еспетен, қазақша сөйлеген кісілердің сөзінде орыс тілінің әсері тиюі түсінікті, әрі жөні бар құбылыс сияқты. Күнделікті өмірде орысша да, қазақша да – екі тілді қатар жұмсап үйренгендіктен, олардың біріне- бірінің әсер етуі ықтимал.

Әдетте тілдік әсердің екі түрлі ықпалы болады: біріншісі - әдеби тіл қабылдаған ықпал, екіншісі жеке адамның сөйлеу дағдысына тигізілген ықпал.

Әдеби тілге басқа тілдің тигізген ықпалы жалпы халықтық қасиетке ие болып, нормаға, ана тілінің байлығына айналса құба-құп, ол үлкен табыс.

Жеке адамның тілінде жиі ұшырайтын, оның жеке басының сөйлеу дағдысына айналған өзге тілдің әсері жалпыхалықтық әдеби тілдің нормаларынан жөнсіз ауытқу болғандықтан, ондайды жөнге салу керек болады.

Әдеби тілде де ондай оғаштық жоқ емес. Мысалы «менің шыдамымды бітірді», «солшылдар осылай ойлауға қабілетті», «өзіңді әрқашан қолға ұста», «үміттен бас тартпаймыз», «жұрт тегіс жым-жырттыққа ауысқанда...», дегендер қазақша сияқты, бірақ қазақша емес. Неге олай? Оның себебі — орысша ойлап қазақша жазғанда, не орысшаны сөзбе-сөз қазақшалай салуда.

Сірідей сіресіп оғаш көрінетін мұндай сөйлемдер әдеби тілге аударма арқылы еніп жүр. Орысшаны «дәлме-дәл», сөзбе-сөз, аударуға дағдыланған журналист ой көмескілігін сезбейтін болса керек. Сондықтан орысша ойды қазақ сөздерімен қайтадан орысша айтады, оны біреу түсініп, біреу түсінбейді. Кісіні дал қылатын түсініксіз сөзді айтқаннан айтпаған жақсы, жазғаннан жазбаған жақсы. Бәрінен де көзге шыққан сүйелдей басы артық сөзге үйір болмаған жөн.



1. Таза сөйлеу дегеніміз не?
2. Бөгде сөз деп қандай сөздерді айтады?
3. Тілдегі орашалақтық, оспадарсыздық деген не?
4. Тілдік әсердің неше түрі бар және олар қандай?
5. Жаңа әдеби тіл нешінші ғасырда қалыптасты?

Ана тілін жақсы білген кісі сол тілде ойлап, сол тілде **т а з а** сөйлейді.

Сөзді сазына келтіріп сөйлеу

*«Аузынан сөзі түскеннің,
Қойнынан бөзі түсер».*
(Мақал).

Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болмақ. Ол ойын анық, дәл айтуға керекті сөздерден қайтсем дұрыс сөйлем құраймын деумен қатар, оны қалай айтсам өзгеге түсінікті, нанымды, әсерлі болады дегенді де ойлайды. Сөйтеді де әрбір ойын лайықты әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазына келтіріп сөйлейді. Кейде «әңгіме не айтылғанында емес, қ а л а й айтылғанында» дейтін де кез болады. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де «құлақтан кіріп "бойды алады». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіңі «сөзі мірдің оғындай екең», «сөздің майын тамызып кісінің айызын қандырып сөйлейді екен», деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды. Сөйтіп, сөзді қалай болса, сөйлеу, сөйлем мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілерімен таң балаймыз. Мысалы, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі (?), бұйрықты, лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі (!) қойылады; сөйлемдегі қаратпа, қыстырма, одағай сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері үтірмен бөлінеді Неге өйтеміз?

Жазғанды басқалар дұрыс оқысын, дұрыс түсінсін деген мақсатпен тыныс белгілерін қойып жазамыз. Солай жазғанды оқығанда да, солай жазылуға тиісті сөйлемдерді ойдан шығарып айтқанда да, тыныс белгілерінің орнында түрлі-түрлі леп, әр алуан ырғақ болуға керек. Бірқатар дыбысталу, интонациялық ерекшелігі бар құбылыстарды тыныс белгілерімен таңбалауға болмайды. Мысалы, сөйлем ішіндегі бір сөзге ой екпінін түсіру үшін, оны басқа

сөздерден гөрі басым әуенмен айтамыз. Мысалы, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген сөйлемдегі қай сөзге ой екпінін түсіргіміз келсе, сол сөзді көтеріңкі дауыспен айтуға керек: **Мен** көрдім..., мен **көрдім...**, мен көрдім **ұзын** қайың... . Мен көрдім» ұзын қайың **құлағанын**.

Біреулер маңғазданып, қытымырланып сөйлеуді сән көреді, оны артықшылық, мәдениеттілік деп біледі. Шын мәдениеттілік жайдарылықта, айтатын ойына сәйкес келетін үн, әуен, ырғақ, екпін тауып сөйлей білуде. Сөйлеушінің сөйлеу дағдысы, дауысы тыңдаушыға жағымды болса, онда әрдайым құлақ тұрулі. Оның үстіне сөзін мазмұнды болса, ондай сөз бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып кетпейді, тыңдаушының көкейіне қонып, жүрегіне ұялайды.

Үйде болсын, тузде болсын, әсіресе көпшілік арасында дабырлап, үйді басына көтере сөйлеу — барып тұрған мәдениетсіздік. Мәдениетті кісілер, әдетте, бір сыдырғы баяу дауыспен құлақтың құрышын қандыра сөйлейді. Өзге түгіл өз балаңа айтқан сөзінде жылы леп жағымды әуен, сыпайы сарын болуға тиіс.

Бізде тікелей көпшілік алдында, не радио, телевизор арқылы сөйлеу күнделікті өмір қажеттілігіне айналды. Күн сайын, сағат сайын, ертелі кеш баяндамалар жасалып, хабар, мақала, өлең, әңгімелер оқылып, шаруаларға кеңес беріліп, өнеркәсіп озаттарының тәжірибелері айтылып жатады. Олардың көбі мазмұнды, өткір, тілі орамды. Сондайға үйренгендіктен болар, егер біреу «қойым семіз болғандықтан, өзім семіз» деп ән салып жатса, не оғаштау бірдеңені айтып қойса, бұл -қалай?! деп қаламыз. Мазмұнды сөзді адамның ақыл-ойын билейтіндей әуенмен, жарқын да айқын ырғақпен әрі тиісті ынта жігермен оқыса екен (не айтса екен) деп тұрамыз. Солай оқылған хабарға, мысалы, радио тыңдаушылары құлағын төсеп, ұйып тыңдай қалады. Не пайда, ондай, кісіні еліктіретіндей етіп оқу, сөйлеу аз кездеседі. Көп жерде бұл жай онша еленбейді, жазғанды оқу шеберлігі деген ауызға көп алынбайды. Сондықтан да радио арқылы эфирге жылы сөз тарататын дикторлардың көбінің қазақша сөйлеуі тыңдаушыларды онша еліктірмейді. Кейде қызылшашы, малшы, сауыншы, тракторист сияқты еңбек озаттары, кейде басшы қызметкерлер де басқа біреудің жазып берген сөздерін ешқандай дайындықсыз ыңқылдап «басын жарып, көзін шығарып»

оқып жатады. Ондайға жағанды ұстағандай боласын. Ол ол ма, радио көмегіне көбірек иек артатын вокзал, магазин, мәдениет орындары мен өндіріс орындарындағы микрофонда сөйлейтін дикторлардың көбінің сөйлеу мәдениеті төмен, бірқатарының қазақша не айтып тұрғанын түсіну қиын. Мысалы, вокзалдарда сапырылысып жатқан жолаушыларға қазақша беріліп жатқан хабарларды тыңдағанда, төбе шашың тік тұрады; онда орысшадан олақ аударылған сөздердің өңін айналдырып оқығанда, радио үні вокзалды басына көтереді, бірақ одан мардымды ешнәрсе түсінбейсің, сол минутта қай планетада тұрмын деп дал боласың. Бір жақсы жері — микрофоннан быжылдап шыққан әлгі күңгірт сөздер сол мандағы паровоздардың пысылы мен вокзалдың айқай-шуына батып жым болады. Жарайды, мұндайды ұсақ-түйек деп елемеген болайық. Ал көркем сөздің үні, сол сияқты жөнді шықпай жатса, оны қалай елемессің!



1. Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері қандай болу керек?
2. Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні не деп дәріптейді?
- 3.«Аузынан сөзі түскеннің, Қойнынан бөзі түсер» деген мақалдың мағынасы неде?

Сөз қолданудың негізгі принциптері

Сөз - ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз үй салуға болмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі.

Сөйлемдер, жеке сөздер таңыдаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керек. «Нағыз кемеңгерлік ой әрдайым шынайы қарапайым түрінде айтылады. Ті неғұрлым қарапайым болса, ол соғұрлым тартымды, көркем болады, соғұрлым оны жақсы ұғына аласыз.

Сөйлеген сөзді әсерлі етейін деп көпірме тіркеске, айтыла-айтыла ығыр болған «қоңыраулы» сөздерге әуес болмау керек.

Сөйлем жеке сөздерден құралғанда, ол сөздер айтылмақ ойдың бірден-бір дәл қондырған бөлшегі тәрізді болу керек. Сөйлемде бір

сөздің орнына басқа сөзді қоя салған кісі тіл жұмсаудағы ұқыпсыздықтан болған сәтсіздікке душар болады. Мысалы,— Сіз де бірге жүріңіз — дегенді кейбіреулер — Сіз де қоса жүріңіз,—деп жазады. Осындағы «қоса» сөзі бұл өйлемде емес,— *Сені. де қоса алып кетпекші*— дегендей орайда айтылуға тиіс қой. Немесе «одан бетер» сөздерін: — Баланың тәрбиесі **одан** бетер жақсармақ,— деген құрамда жұмсаудың да үйлесімі жоқ. Алпысқа келген аса қадірмен кісінң қуанышты тойын құттықтаған бір азамат:

— Тойың торқа болсын! — деген тілек білдірді.

— Осы да сөз болып па?! Қазақ «Топырағың торқа болсын!» деп өлген кісіге айтар еді. Мынау не деген сұмдық?! — деп шошына, қынжыла кетесіз.

Жазуда, сөйлеуде кісі ойына керекті сөз таңдағанда, олардың стильдік ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, публицистикалық стиль мен ғылыми әдебиет стилінің сөздік құрамы бірдей емес: публицистикалық стильде жазылған газет-журнал _тілі жалпы халыққа арналатындықтан, оның сөздері де жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс, ал ғылыми әдебиет тілінде жалпыға ортақ сөздермен қатар, жеке мамандыққа тиісті, жұрттың бәрі бірдей түсіне бермейтін сөздер де қолданылады; солардың ішінде әсіресе жеке ұғымды білдірген атаулар, термин сөздер көп болады; мысалы:

«Еменнің қабығы — **тұтқыш** ретінде қолданылады. Сырттан болған жараларды құрғату үшін, ұнтап **себінді** ретінде қолданылады. Мұндағы «тұтқыш», «сырттан болған жара», «себінді» дегендерді екіңін, бірі түсіне бермейді («ұнтап»—дұрыс қолданылмаған сөз,— дұрысы — «ұнтақтап»).

«Француз **утопистері** әлеуметтік дамудың жаңа теорияларын белгіледі» (Ю. П. Францев).

«...**монтажшылар** екі **вакуум-насосын** **монтаждап**, оларды **технологиялық сынауға қосты**»

Бұл мысалдардағы қара әріптермен терілген терминдер орайы келгенде, көркем әдебиетте де қолданылуы мүмкін, бірақ олар көркем әдебиет тілінің стиліне жатпайды. Сонымын қатар сөздің бәрі, олардың жұмсалу аясы бірдей емес. Далада өсетін шөптің мал жейтіні бар, жемейтіні бар, іске асатыны бар, аспайтыны бар. Сондай-ақ сөздің де асылы бар, жасығы бар. Тіпті «жасық» деп отырған дөрекі, ыбырсық, қоқырсық сөздер мен диалектизмдерді

жазушы жағымсыз геройдың аузына салса, ол жарасымды, орынды болуы мүмкін. Ондайды авторлар өз сөздерінде қолданса, сөз шеберлігін аяққа басқан болады. Олар сөйлеу тілінде бардың бәрін асыл қазына көріп, оларды талғамай, сол тұрпайы қалпында орынды-орынсыз әдебиетке енгізе береді. Олары көп жерде әдеби тілді байыту болмай, қоқырсыту, ластау болып жүр. Марқұм 3. Шашкиннің сөзімен айтқанда, «Бұрын біз әдеби тіл деп Абайдың тілін айтатын едік; Абай тілі бізге салмақтасақ—таразы, қарасақ — айна сияқты еді. Соңғы кезде одан айырылдык: кім қалай сөйлейді, кім қай жерде не естиді, соны алып жаза беретінді, әдебиетке енгізе беретінді шығарды. Мұны өздерінше тіл байыту деп ұғады».

Рас бұдан 20—30 жыл бұрын, әдеби тіліміз қалыптасуға бет бұрғанда, қазақ халқының тіл байлығын сарқа пайдалану үшін, оның керегін әдебиет елегінен өткізіп сұрыптап алу үшін әркім есіткен-білгенін әдебиетке еркін ендіре берсін деп қарайтын едік. Әдеби тілдің қалыптаса бастаған кезендерінде, тіл жұмсаушыларға берілген ондай «еркіндіктің» расында көп пайдасы тиді: «Кең асылы жерде, сөз асылы елде» екеніне көзіміз жетті; біреу біліп, біреу білмейтін, не көп қолданылмайтын мыңдаған сөздер әдеби тіл қазынасына енді, жарыса, қатарласа айтылатын түрлі сөздер мен грамматикалық тұлғаларды емін-еркін пайдалана жүріп, соларды сұрыптап керектісін алып, керексізін әдебиетте тілдік норма ретінде пайдаланбайтын болдық. Сонымен қатар мағыналас сөздер мен жарыса айтылатын грамматикалық тұлғалардың әрқайсысы әр түрлі стильдік өң алып, тігісі жатығып кетті. Әдеби тілдің ілгері даму процесінде мыңдаған қарапайым сөздердің бұрынғы мағыналары өзгеріліп, не кеңейіп терминдік қызмет атқаратын болды. Мысалы: *одақ, күрес, жарыс, сын, отан, тәртіп, табыс, еңбек, өндіріс, құрылыс, ұйым, үндеу, құрал, өнім*. Республикамызда қазақ тілінің тазалығы, икемділігі, жалпыға бірдей түсініктілігі үшін күрес жеткіліксіз. Баяғыда «қазақтың әдеби тілі әлі жас, оны есейту үшін жер-жердегі байлықты сарқа пайдаланайық,» деген болсақ, соны осы күнге дейін екінің бірі аузынан тастамайды. Ә. Сатыбалдиев жолдас «Тіл шұбарлығы неде?» деген мақаласында былай дейді: «Орыс әдеби тілінің көп жылдық тарихы бар... Біздің баспасөзіміз де, ғылымымыз да жас қой әлі. Сол себепті біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін (?) әлі

қамтып та үлгіргеніміз жоқ». Осындай тұжырымра бой ұрушылар жазғандарында, ата-бабаларымыздың, аруағы ырза болсын дей ме екен, әйтеуір әдеби тілге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздерді де «біздің елде айтады» деп қаптата береді. Жарайды, *жейде, дақыл, сүдігер, үкі, собық* сияқты жергілікті сөздерді керегімізге жаратайық (солай болып та келді), *ал әрқашан, өнебойы, әр-дайым* деген сөздер тұрғанда, «бойлай» деудің, *нақ, дәл* (нақ өзі, дәл өзі) тұрғанда, «құдды» деп жазудың, әдеби тілдегі сияқты, *сықылды, тәрізділерді* місе тұтпай «рәуішті», «сияқты», «ыспатты» деуде ата-бабаларымыздың, қандай ақысы бар?

Жазушы Сафуан Шаймерденов «Мезгіл» атты жинағында әдебиет жұртшылығына онша таныс емес *дәліз, туыссырап, ізнәрлі, сүлесоқтау, үйірсектік, ренеті, мұрғар шапеті* сияқты сөздерді қолданған. Мен білмейтін сөзді әдебиетке неге енгізеді? деу озбырлық болар еді. Ал сол автордың сол кітабында кездесетін «құдды», «төмпелер» (Дұрысы *төмпешіктер*), «өткерген» (Дұрысы *өткізген*), «лұқсат» (Дұрысы — *рұқсат*), «лыпып жүр» (Дұрысы — *лыпылдап жүр*), «кұралпы» (Дұрысы — *шамалы, шақты, қаралы*), «айқарып» (Дұрысы — *айқастырып*) сөздерін қолдануын басқаға үлгі етуге болмайды.

Әрине, жазушы, журналист, басқа да авторлар диалектизмді, ел аузында өзгертіліп айтылатын сөздердің қыбын тауып, орынды қолданса, бір сәрі ғой, тіпті жөн-жорығы жоқ өзгешеліктер жанымызға қатты батады.

Қазіргі қазақты баяғы қазақ деу — қиянат. Ал қазіргі қазақ тілін «әлі жас» деу — бишаралық. Космосты меңгерген заманда, құлазыған даланы телегей теңіз егінге бөлеген дәуірде мәдениеттің, өнер-білімнің шыңына шыққан қазақ халқының осы күнгі тілін баяғысындай жас деуге болмайды. Әдеби тіліміздің тарихы дәл орыс әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындай болмағанмен, ол әлдеқашан «жастықтан» шықты, әдеби тіліміз кемеліне келіп шыңдалды. Оны енді қызғыштай қорғап, ыбырсық сөзден, тым-тырағайлықтан сақтау керек.

Қазақ тілін тым жақсы білетін кейбір жазушылар тілі бай, соны сөздерді көп қолданады екен десін дей ме, әйтеуір өздерінің авторлық баяндауларында керек емес сөздерді жөнсіз көп жазады, не болмаға сөзім өзгешелеу болсын деп, оны бұзып жазады. Мысалы,

Ә. Нұрпейісов, Ж. Тілековтардың шығармаларында мынадай сөздер көп кездеседі:

Қиын жақсы (өте жақсы), *тәртіп беру* (нұсқау беру), *шаттауық* (жанғақ), *бойлай* (ылғи), *мадықтау* (мақтау), *өлеусіреп* (өлімсіреп), *керегін* (керек етіп), *жауығатын* (жауласатын), *тұрғай* (түгіл), *жомалау* (домалау), *жуырқан* (көрпе), т. б.

Мұндағы бар критерий — сөздің түсінікті болуы. М. Горький де орыс тілінде бар «шамат», «наять», «куди», «туди»-ларды түсінетін, сонда да ондайды өзі де қолданбайтын, өзгелерді де ондайдан сақтандыратын. Ол: «Бізде әрбір губернияда, одан қала берді, көптеген уездерде өздеріне ғана тән «говорлар» мен сөздер бар. Бірақ әдебиетші вятша немесе балахонша жазбай, орысша жазу керек», — дейді.

Жоғарыда келтірілген сөздердің көпшілігі-ақ батыс қазақтарына ғана түсінікті. «Бір губерния тұрғындарына түсінікті сөздермен жазу үлкен қате,—дейді М. Горький,— Гладков өзінің «Цемент» романын осылай азды. Бұл онын жақсы кітабына нұқсан келтірді». Жоғарыда аты аталған құрметті жазушыларымызға да осыны айтуымыз керек.

Сонымен қатар халық тілінде бар, әдеби тілге енуге тиісті (енген де) біраз сөздерге диалектизм деген «тұжырым» тағып, оларды жұртқа құбыжық қылып көрсетуден де сақтауға тиіспіз. Бір кезде марқұм С. Аманжолов «Сүдігер», «пұл», «там», «мұнай», «жермай», «шұбат», «ком»... сөздерін «диалектизм» деп танып, ондайды әдеби тілден аластау керек дейтін. Өзіміз жақсы білмейтін не өзімізге ұнамсыз көрінген сөздерге бұлай қарауға болмайды.

Сөз мәдениетіне жетік болу үшін қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу керек. Сөзді көп білген кісінін айтқаны да тартымды болмақ. Қазіргі қазақ тілінің сөз байлығы ұшан-теңіз, әсіресе мал шаруашылығына, әдет-ғұрыпқа, семьялық қарым-қатынасқа байланысты сөздер көп-ақ.

Соңғы жылдары қазақ сөздерінің мағыналары сараланып, көп сөздердің мағыналары кенейіп, орыс тілінен көптеген термин сөздер еніп, оның байлығы арта түсті. Орыс тілінде В. Дальдің сөздігі бойынша өткен ғасырдың екінші жартысында 200 мыңнан артық сөз болған. Одан бергі жерде орыс тілінің сөз байлығы артпаса, кеміген жоқ. Қазақ тілінің сөз байлығының санын дәл айту

қиын. Өйткені бізде Дальдің сөздігі сияқты толық сөздік жасалған жоқ, қазақ тілі сөздерінің, есебі алынған жоқ. Сонда да, шамамен айтқанда, қазақ тілінде 100 мыңнан артық сөз болу керек. Бұл аз байлық емес. Соның өзі біздің әр қырлы өміріміздің барлық әдеби мұқтажыдығын өтеп келеді.

Қазақ тілінде сөйлейтін кісілердің сөздік қоры бірдей емес. Үгітші, баяндамашы, журналист, жазушы және басқа: интеллигенттер қазақ тілінің сөздерін молынан пайдалануға тырысу керек. Әдетте, білімді, мәдениетті, тіл өнеріне әуестігі күшті кісілердің сөз байлығы да мол болады. Сөз білудің екі түрі бар: кісінің өзі жақсы біліп, жиі қолданатын сөздері және өзі білсе де, мағынасын түсінсе де, көп пайдаланбайтын сөздері. Адамның білімі, мәдениеті артқан сайын, оның сөзді игеру мүмкіншілігі арта түседі. Әдетте ел арасында көп болған, саяси, ғылыми әдебиетті, көркем әдебиетті зейін қойып көп оқитын кісілер сөзді көп біледі.

Сөзді көп білуге де дарындылық, қабілет керек. Оқымыстылардың айтуына қарағанда, қатардағы интеллигенттің сөз байлығы 4—5 мың шамасында болса, ірі жазушылар мен көрнекті қоғам қайраткерлерінің жиі қолданатын сөздері 15—20 мыңдай болады.

Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын мәндестік ерекшеліктері, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек.



1. Сөз дегеніміз не?
2. Сөйлем дегеніміз не?
3. Сөйлем мен сөздер тыңдаушыға, оқушыға түсінікті болу үшін тіл қандай болу керек?
4. Публицистикалық стиль мен әдебиет стилінің сөздік құрамы бірдей ме? Қандай айырмашылық бар?
5. Қазақ тілінің сөз байлығы қанша және сөзді көп білуге не керек?
6. Тіл мәдениетін жетік білу үшін не істеу керек?

Қоқырсық және былапыт сөз туралы бірнеше сөз

«Іріген ауыздан, шіріген сөз шығады».

(Мақал).

Бірқатар шешендердің сөзін тыңдағанда, құлағыңның құрышы қанады... Таза, дәл, ойлы, сөзді сүйсіне тыңдайсың. Кейбіреулердің «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп турады», барынша ынжық әрі көмескі етіп сөйлейді. Сондай тартымсыз, берекесіз сөйлеушілердің тілінде, егін арасына шыққан арам шөп тәрізді, өздеріне әбден үйреншікті болған «бұралқы» сөздері де болады. Мысалы: «Ол кеше нені нетіп келді», «Жазушы Майлин, жаңағы, Әйел теңдігін жырлады», «Олар жаңағы, енді, тап- тартысын, жаңағы, күшейтті».

Осындай, «нені», «нетіп», «жаңағы», «мысалы», «из» , «яки», «сонымен», «ал енді», «тағы» тәрізді бұралқы сөздерді жиі қолданатын кісілер бара-бара сөз ауруына шалдығатынын байқамай қалады. Мен университетті бітірейін деп отырған бір студенттің мемлекеттік емтиханда 20 минут еөйлеген сөзінде «жаңағы» дегенді 36 -рет, бір үгітшінің 45 минут сөйлеген сөзінде «сонымеи», «яки» деген, ойына қатысы жоқ, бұралқы сөздердің бірін 93 рет, екіншісі 75 рет айтқаны бар.

Бір сөзді қайта-қайта айта беретін үгітшінің сөзі қаншама мазмұнды болғанымен, тыңдаушысын жалықтырады, тартымсыз болады. Әсіресе сөйлегенде мағынсыз бұралқы сөздерді катыстырып, қайталақтай беретін кісіні жұрт жөнді тыңдамайды.

Сондықтан өз сөзіңе өзің бақылаушы болып, байқап сөйле. Баяндамада, әңгімеде бұралқы, қоқырсық сөздерді қолданбауға тырыс.

Сондай-ақ ұсқынсыз жаргон сөзден аулақ бол. Қазақша сөйлеушілердің аузынан кейде «көкмойын», «ақпам-бет», «шорт-морт», «шүрум-бұрум» тәрізді сөздерді есітеміз. Әрине, бұл да — мәдениеттіліктің белгісі емес, керісінше, мәдениетсіздіктің белгісі. М. Горький «Тіл туралы» деген мақаласында ондай сөздерден сақтануға, әдеби тілге былапыт сөзді жолатпауға шақырды, кітапты «сәтсіз сөздерден» аршу қаншалықты керек болса, мағынасыз сөздерден арылту да соншалықты керек екенін, мәдениеттің шыңына шыққан елдің тілінде «мура», «буза», «шамать», «дай пять» сияқты ұсқынсыз сөздерді қолданбау керек екенін ескертті.

Сөз қадірін білген кісі аузына ие бола сөйлеуге тиіс. Олар жайдары, жайсаң қалпында да, ашу үстінде де, үйде де, түзде де сыпай-ыгершілік, ізет дегенді естен екі елі шығармауға тиіс. «Аузына ит кіріп, қара ит шығатындар» — моральдық бейнесі жүдеу, эстетикалық тар-тымдылықтан жұрдай болғандар. Ондайлар, амал не, біздің арамызда жоқ емес. Жұрт оларды «боғауыз сөзді жексұрын» деп сөгеді.

Сыйдаң борбай бір жігіт Алматының халық көп жүретін көшелерінің бірімен келе жатты. Қасында бір әйел бар. Әлгі жігіт ызалана сөйлеп келеді. Ол қызмет бабында өзімен істес болған біреуді жерден алып, жерге салып сөге-жамандап келеді, Ызалы сөзінің ара-арасында не-бір «сұр болған» ұят сөздер де кетіп жатты. Қасындағы әйелден, айналасындағы жұрттан ұялу оның ойына кіріп те шығатын емес. Маған ол жігіт маңайын ластап бара жатқандай көрінді. -Былапыт сөздер әсем өміріміздің таза ауасын кірлейді, мәдениетті, сыпайы, тәрбиелі кісілердің көңілін қобалжытады.

Былапыт сөзді сілімтіктердің аузына қақпақ болу қиын, бірақ өткір көз, қатал қол ондай көргенсіздерді бетімен жібермес те. Көкірегіне нан пісіріп мен-менсіген кейбіреулер үйде де коллективте де ие болса соған ашу шақырып, маңындағылардың бірі болмаса біріне тиісіп, жамандауға сөз таппағанда, онын бойынан табиғи кемшілік тауып, тілінің зәрін соған шашады: бүкір, пұшық, таз дегендерді оның бетіне таңба етіп басуға дайын тұрады. Бұл барып тұған мәдениетсіздік! Адамға тіл сол үшін беріліп пе? Біреудің табиғи кемшілігі жаратылыстың, оған берген сыйы емес, соры ғой, Сол үшін ол сорлыны кіналауға, кемсітіп, көз алартуға бола ма? Мұндайда сорлы пұшық таз да, ақсақ-тоқсақ та емес, сондайды «көргіш» қотыр тілді надандар, құрбы-құрдастар. Сөйлеу қабілеті тірі жанның, бәрі де өзімен қарым-қатынас жасайтын кісілерге, тым болмаса, тіл тигізбей, жүрегіне зіл түсірмей өмір сүруге тырысса, өзінің де, өзгелердің де шаттық еңбегінің, сәтті күнінің жарық жұлдызы бола алады.

Сөз жеке мағынаны білдірумен қатар, кісінің сезімін де білдіреді дедік, сөз арқылы, кісінің сезіміне әсер етуге болады. Мысалы, «фашизм», «жезөкше», «маскүнем», «ұры», «парақорлар» — жексұрындар. Дәл солардай болмағанымен, бет, келбет, жүз сөздерінің орнына «тұмсық» деп, әйел, зайып, қатын сөздерінің орны-

на «салдақы» деп айтудың тыңдаушыға етер әсері ерекше. Мұндай дөкір сөздер кісінің сезім қуатын жасытады, адамның адамшылық қасиетіне кір келтіреді. Сондықтан ондайды есіту де, ардақты адам туралы айту да ұят.

Сөйлеу тілінде кездесетін мәдениетсіздік тек тыңдаушыларын ғана жасытатын болса, әдебиет тіліндегі дөкірлік, мәдениетсіздік оқушы жұртшылығына тегіс тарайды да, жұртқа теріс тәрбие береді. Біздің әдебиетте ондайлар да жоқ емес. Жас жазушы Кадихан Ыскақтың «Қоңыр күз еді» деген повесінде мынандай сөйлемдер кездеседі.

«Көк шалақтың оны сезер түрі жоқ, тырқ-тырқ еткізіп, бір екі тезек тастап алды да, көңірсітіп барып, көңлі енді көйшігендей, орнынан азар қозғалды». «...ананы өйт, мынаны бұйт деп құйрығына жер иіскетпейді. «Оқимын десең тыныш жүр, артыңнан жел де шығармауға ты-рыс». Қандай сыпайы?!

Мәдениетті, тәрбиелі кісілер барынша сыпайы сөйлеуге тырысады дедік. Оған бір мысал: Көрші екі әйелдің біреуінің баласы оны-мұны жымқыратын әдеті бар екен. Сол бала көрші әйелдің пышағын ұрлап кетіпті. Оны байқап қалған әйел шешесіне шағым жасағанда, «сенің балаң ұры екен» деп айтуды сөкет көріп, «Сіздің балаңыздың қолының сұғанақтығы бар екен, бүгін біздің үйдің пышағын алып кетті» деп хабарлаған. Бұлай астарлап, сыпайылап сөйлеуді тіл білімінде *эвфемизм* дейді. Эвфемизм әсіресе дипломаттар, ізетті кісілер сөзінде көп ұшырайды. Олар «айтып отырғаның өтірік» дегенді ерсі көріп, «сөзіңіз онша шындыққа жанаспайды» деп, «әйелін мылжың адам екен» деуді өрескел көріп, «Сіздің, нақ сүйеріңіз сөзуар адам екен» дегендей етіп сөйлеуге тырысады. Дәл осылай майда тілді болмасаң да, өзара ізетпен сыпайы сөйлесуге тіліміздің, байлығы жетіп жатыр. Солай сөйлеуге тырыс!

«Адам адамға дос, жолдас, бауыр», деген принципін сақтайтын әрбір азаматтың істеген ісі де, сөйлеген сөзі де өзгелердің жүрегіне жылылық, көңіліне шаттық орнататын болсын!

Табу және эвфемизм. Табу – индонезия тілінен алынған термин болып, тыйым салу деген мағынаны білдіреді.

Меланезия мен Полинезияда бұл сөздің капу, тапу, тамбу деген синонимдері бар. Олардың да мағынасы — тиым салу.

Табу құбылысы адамзаттың әлсіз кездерінде туған; ең алдымен этнография, адамзаттың діни наным-сеніміне, әлде неге сиынуына байланысты. Ерте замандарда соқыр сезім мен сенім, адамзаттың әр нәрсеге, әр құбылысқа табынуы, олар-ды ең, киелі, дүниедегі ең күшті құдірет деп санауы тіл-тілде өз ізін қалдырған. Қазіргі кезде табу халықтар салт-санаты мен тілінен мүлдем шығып қалды деуге болмайды. Тіл-тілде, ел-елде, жер-жерде табу ізі әлі де бар. Бірақ анық бір ақиқат: табу — түптің түбінде, келешекте жойылатын құбылыс. Оған себепкерлер — қоғамның, ілгері қарай дамуы, ғылым мен техниканың қарыштап алға басып бара жатқан прогресі, адамзат сана-сезімінің оянуы мен жаңаруы, адамзаттың өмір талабына сай нық басуы.

Табу алғашында мифологиялық сенім-наным, қорқыныш — сезімдерге байланысты қорытынды-тұжырымдар жасау нәтижесінде пайда болған. Осындай белгілі бір себептерге сай, тіл-тілде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін өзінің тура атымен атамай, басқаша, бір келтірінді сөздермен, кейде мүлдем тұспалдап, алмастырып жеткізетін болған. Ақиқаты, ең басты принципі — сол құбылыс пен заттын, өзіні дәл атын атауға тыйым салу.

Зерттеушілердің айтуынша, табудың алғашқы шыққан жері, түп-төркіні, «отаны» полинезиялықтардың тайпалары. Полинезиялық-өмірінде бұл құбылыс күні бүгінге дейін мол полинезиялықтардың қоғамдық прогреске өзі ояна түсуіне қол байлаудың бірі болып айтқандық емес аяқ баспауы, аттамауы керек; ал бадуйлардың өздері өз аулынан бір қадам аттап шықпайды, бір тәулікке болса да басқа жерге бармайды; тек өз қонысы — өз жерінде өсіп-өркендейді.

Бадуйлар бамбуктан жасалған үйлерде (лашықтарда) тұрады, оларды — үйлерін сваялар деп атайды; адамдары осы заманғы жаңалықтардың бірде-бірін қабылдамайды; ондайлардан үрке қашып, жиренеді. Мәселен, астыға төсенетін матрас, ас ішер тарелка, сусын ішер стакан, жағар керосин мен шырақ сияқтылар — олар үшін тағы құбылыс. Бадуйлардың ежелгі заңы бойынша, төрт түлік мал ұстауға болмайды; жеріне ағаш не өсімдік отырғызып, егін егуге болмайды; жол салуға болмайды; ыстық тамақ, яғни тамақты пісіріп жеуге болмайды; ең ауыр күнә — хат танып, қағаз оқи білу. Индонезия үкіметі бұл жерге мектеп салмақшы болып қаншама әрекеттенсе де, әзірше ештеме шығара алмай отыр...

Бұл — нағыз табуға байланысты құбылыс, артта қалудың табуға негізделген нәтижесі.

«Әр елдің заңы басқа» дегендей, Британ Колумбиясы индеецтері тек қана балықпен күнелтеді; балық жеп жүріп, қарны тоймағандай, аштыққа ұшырағандай сезінсе, балгер (колдун) балық түрлес қарақшы (чучело) алып шығып, балық аулар жерлерге лақтырады екен; Мадагаскар аралында (қазіргі Малығаш республикасы) кірпішешен етін жеуге тыйым салыныпты; оның етін жесе, кірпішешен сияқты, қорқақ та, қорғаншақ болып қалады; Австралияның аборигендерінше (ежелгі тұрғындары), өз ата-бабасының, тайпасының атымен аталатын, солардың атына байланысты болып келетін аң-жәндік етін жеуге болмайды; ондай аң-жәндікті атуға, өлтіруге болмайды; оның себебі, оларша, өздері осы жан-жануарлардың арғы тегі, ата — бабаларынан жаралған.

Діни ырымшылдыққа байланысты сөздерді бүркемелеп айту табу деп аталады. Қазіргі қазақ тілінде табу сөздері діни ырымшылдықтың, қараңғылықтың жайылуына байланысты архаизмге айналды. Бұрынғы кезде табу сөздерін қолдаған әсіресе қазақ әйелдері болған. Ерте кездегі әдет-ғұрыпқа байланысты күйеуінің және оның ағайындарының аты болатын сөздерді олар тура айта алмаған. Мысалы:

...Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйінде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кезде ауылдың иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбеңдеп жүрген келінге: — Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, — деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю түлкіні қулап барады екен де, иттер соған үріпті. Үйге қайта еңбек болған келін кенет: «Япырау, мұның бәрі аталарымның аты ғой, қалай айтсам екен? — деп, қысыла ішке енеді.

Иә, балам, иттер неге үріпті? — деп сұрайды ақсақалдардың бірі. Сасқалақтаған келін:

Ауыл сыртында, аршалы бетте, атекем тәтекемді зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы жәкемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр,— депті («Қ. әйелд.».) Бұл — табудың нағыз тамаша көрінісінің бірі. Мұндағы атеке деп отырғаны —Аюбай

ақсақал; тәтекесі — Түлкібай қария; Жәкемдері — Итбай шал ескі әдет-ғұрып бойынша, келіндер қайын ата, қайын інілерінің дәл атын атай алмайды, басқашалап келтіреді. Мұндай әдет-дәстүр түркі халықтарында ертеректен бар: Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп бауыздап келдім, — депті бір келіншек қайын енесіне. Мұндағы сылдырама — қамыс; сарқырама — өзен; маңырама — қой; ұлыма қасқыр; жаныма пышақ; білеме қайрақ. Сонда бұл келіншектің Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай тәрізді қайын ата, қайын інілері болғаны.

Эвфемизм — гректің *euphemistos* — жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Сырттай қарағанда, эвфемизм — тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтқа келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс. Эвфемизм — бір затты не құбылысты я болмаса бір уақиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі.

Шынында, эвфемизм — мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу — түптің түбінде, күндердің күніне жойылатын құбылыс, ал эвфемизм — тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары ішіндегі болашағы мол түрінің бірі.

Табу мен эвфемизмдердің бір кездерде діни ұғымдарға, наным — сенімдерге, қалыптасқан салт-санаға, дәстүрге байланысты шығып, халық тілдерінде қалдырған іздері әлі де бар дедік. Солардың бір тобы — аң, жануарлар, түрлі ауру-сырқауға қатысты (ономалар) атаулары, түрлі зиян, қиянат келтіреді-ау деген қорқыныштарға орай туғандар.

Мәселен, ертеректе ата-бабамыз қорыққанынан қасқырдың дәл атын атамай, — қарақұлақ, ұлыма, итқұс; жыланды — түйме, түймебас, тамшы, ұзынкұрт; жолбарысты да қарақұлақ деп атапты; моңғол қазақтары елік атып алдым деу орнына жирен атып алдым дейтін көрінеді; қазақтар қандаланы «қызыл, сасық, кебек» деп те атайды екен.

Әлсіз, шарасыз адам әр аурудан қорыққан. Сондықтан көбейіп кетпесін, жайылмасын дегендей, орысша корь (қызылша) ауруын

— қызыл көйлек, мейман, қонақ, әулие, қорасан т. б.; қатты кесел ауруды — бір нәрсе көрінген, бір нәрсенің салқыны тиген деп бүркемелейтін; шайтанды — теріс табан, шимұрын; жай түсті — жасыл түсті; күн батты — күн байыды; мал суалды — мал байыды дейтін.

Дінге сеніп, наным - сенімге берілгендіктен, әлсіздікке байланысты адамзат өз атын да тура атамай, басқашаларына кез болған: Жынды бала, Тентек бала, Жаман бала, Ұры бала, Қара шаш, Қой көз, Алтын шаш, Ұзын шаш т. б. — әрі ұқсату, әрі көз тимесін дегендік.

Кісі аттарына байланысты эвфемизмдер мына сықылды болып келеді: ауылдағы үлкен кісінің аты Жоламан болса — Соқпақ жол; Сүттібай болса — Желінді уыз; Бұқабай — Сүзербай, Өгізбай; Қарабас—Боран шеке; Сарыбас—Шикіл шеке; Сары— Шикіл; Бейсенбі — Күн жұма аттас; Көжекбай— Қоян ата; Үзікбай — Дедеге; Жамантай — жайсыз тай; Ақбай — Қылаң ата; Түңлікбай — Қайырма; Қозыбақ — Кене; Жусанбай — Сыбақ; Қойлыбай — Жандық ата; Қамшыбек — Ат жүргіш; Бүйсенбай — Жуан ішек; Елеман — Халық есен; Асубай — Тарпан; Асыл — Бекзат ата; Ақылбай — Ой ата; Мергенбай — Атқыш; Жылқыбай — Туар; Тышқанбай — Қаптесер т. б.

Жас әйелдер күйеуінің ағасының, балаларын өз атымен атамай, жалпы есіммен атаған: молда жігіт, сылқым жігіт, тетелес, еншілес, әкежан, төрем, төре жігіт, мырза жігіт, бойжеткен, ерке қыз, кішкенем, аппағым, айдарлым, шырақ, бөпежан, тұлымым т. б.

Кейде адамның бет-пішіне, кескініне, мінез-құлқына лайықты сөздермен де атаушылық болады: бауырсақ, айыр сақал, төрт сақал, көк көз, сақау, қасқыр көз, теке сақал, ши бұт, қосауыз мылтық, шегір көз, қисық, кекеш, күркілдек т. б.

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдық нормаларға да байланысты болып келеді. Олардың өзін бірнеше топқа бөлуге болады: соның, ең бір көбірек тарағаны ауру — сырқатқа, дене мүшесінің кемістігіне байланысты туған алмастырулар. Мәселен, құрт ауруы (туберкулез, чахотка) орнына — жөтел ауру, көкірек ауру, жақ ауру; қылтамақ (рак пищевода) — аты жаман ауру; соқыр, бүкір, ақсақ,шолақ, керең, саңырау орнына — құлағының мүкісі бар, кемтарлау т. б. қолданылады.

Адам өлімі — қай заманда болса да ең қорқынышты құбылыс. Сондықтан ерте кезден бастап-ақ адамзат өлім туралы естіруге аса сақтықпен қараған. Өлімді өз атымен емес, тұспалдап айтатын болған. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйі — осының ертедегі бір айғағы. Аққу ұшып көлге кетті, Сұңқар ұшып шөлге кетті. Ол адасып кеткен жоқ, Әркім барар жөнге кетті, - түрінде естірту көңіл айту қазақта көптеп бар.

Өлді деудің орнына жүріп кетті, аттанып кетті, қайтпас сапарға кетті, о дүниеге кетті, жаны жай тапты, ұйықтап кетті, демі бітті, қайындап кетті деп сөйлейді.

Некеге, семьяға байланысты эвфемизмдер: қатын — ертеректе, ханша, белгілі әйел, қатты әйел мағынасындағы сөз. Қазіргі қазақ тілінде анайы мағынада қолданылады. Сондықтан оның орнына — әйел, зайып, жамарат, жұбай, бәйбіше, нақсүйер; бай орнына — күйеу, ер, жұбай, жолдас (кейде шалым); қатын алды орнына — үйленді, құс қондырды, аяқтанды; күйеуден шықты (байдан шықты) — ажырасты; байдан шыққан қатын орнына есік көрген әйел (адам) т. б. қолданылады.

Кейбір эвфемизмдер кірме сөздер арқылы, кейбіреулері сөз ішіндегі дыбыстарды алмастыру арқылы (эллипинс), кейбір дөрекі делінетін сөздер — вульгаризмдер жазуда көп нүктемен белгіленіп, айтқанда (сөйлеп тұрғанда ондай-сөздер келіп қалса) интонация арқылы беріледі: кемпір — парсының кеюана деген, туалет, гарнитур, эллилепсия, рахит, диабет — орыс тілі арқылы енгендер; кісі аты Жақып болса, — Мақып, Ләмбет — Сәмбет, Ахмет—Сахмет т. б. Бұл топқа Ақа, Сәке, Әлеке, Беке сияқты құрметтеулер де жатады. Бұлар — эллипсистер. Сондай-ақ, ...Сөзіне ақ Айманның шыдай алмай, жіберді Теңге... дамбагына. (Айман-Шолпаннан). Асынды ішейін, дағарақа т.-ның кері болмай ма онымыз? (С. М.) Мұндағы көп нүктелер эвфемизмдер орнында тұр.

Троптар мен фигуралар — тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары арқылы көптеген эвфемизм жасалады. Мәселен, эвфемистік метафора: он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, алмасы өкпе болар қол батпаған. (А.); эвфемистік метонимия: Енді сіздің үйден қорсылдайтын, құлағын жейміз ғой. (Ғ. Мүс.) Анау ащы бар ма еді? («Жалын»); эвфемистік синекдоха: өзіміздің де қарнымыз ашты; Біздің бәйбішенің жолға берген азын-аулақ азығы бар. (С. М.);

эвфемистік символ: Саусағы алтын сұңқарға ілдірейін деп келдім көлдегі үйрек-қазыңды. Алтайы қызыл түлкіңе қосайын деп ойлап ем құмай жүйрік тазымды. Тікбекке ақ үй сұраймын ел қонбаған сазыңды. («Б. Ж-»); эвфемистік ирония: көрінсін Біржан салға ай секілді, ақ құйрық көңіл ашар шай секілді; ұсынса, қол жетпейтін арғымағым, Арғынға бала-маймын тай секілді. (Біржан-Сара); эвфемистік парафраза: Әй, кураған-ай!..— деп, соған қосып аса қатты, сұмдық бір боқтық-ты айтып қалды. Оспанға ұрсамын деп — Ұлжанды боқтағаны еді. (М. Ә.); фразеологиялық эвфемизмдер; боқтасып қалды деу орнына түс шайысты, сөзге келді, тіл тигізді, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты; иттің бірдемесі дәрі болса, дарияға бірдеме етеді т. б.

Эвфемизмдер басқа тілдерде де көп. Мәселен, украин тілінде тітка (тетка)—безгек; сербше богине — шешек; латынша тапез «өлгендердің жаны» (жарықтық, аруак); сербше краса — жылан; божья милось — найзағай, жай, жасыл; сербше богме деу орнына сөз дыбысын ауыстырып, борме дейді; немістің поэтикалық тілінде өлім орнына — Ргеипсі HeІп (көңілдес, жақын, таныс, тамыр); түрлі аргодан да эвфемизм болады: купить — ұрлау; принить — елтіру; орысша қолданыстарда медведь (аю)—хозяин, ломака, мохнач, лесник, потапыч кейде қарапайым түрде — он;



1. Қоқырсық және былапыт сөздер дегеніміз не?
2. Эвфемизм дегеніміз не?
3. Эвфемизм қандай кісілер сөзінде кездеседі?

Эвфемизм - Өрескел, дөрекі сөздің я сөйлемшенің орнына қолданылатын сыпайы, әдепті сөз не сөз тіркесі.

Эвфемизм – табу емес, тура айтылатын сөзді бұрмалап айту.

Табу —түптің түбінде, күндердің күніне жойылатын құбылыс

Тіл дамыту жұмыстары

Тіл- адам қоғамының рухани өмірінде объективті тіршілік ететін, қарым-қатынас қызметін атқаратын, ой қаруы болып саналатын аса құнды құбылыс. Тіл - адамдық белгісі , жұмсайтын қаруының бірі.

1995-1996 оқу жылына арналған

Тіл дамыту мәселесінде баланың сөздік қоры игерген тіл единицаларының негізінде (су, сушы, сулық, суару) молаяды. Тіл дамыту - ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай , оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмыстарында жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі - балаларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-әдістері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім . Жалпы әдістеме ғылымының бір саласы. Басқа ғаламдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделе дамиды. Тіл мәдениетінің негізгі зерттеу объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, сауатты жазылуы. Нәтижеде айтатын деген ойдың айқын да анық, әсерлі де көркем жетуі. Сөздің мәнерлігі дегеніміз - адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. А Макаренко бұл жөнінде: ...сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркінізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек , -деген болатын. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор - ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл дамытудың мақсаты және мазмұны мен жүйесі

Тіл дамытудың басты мақсаты - баланың ойлай білу, оны сыртқа дұрыс қорытып айта білу қабілетін қалыптастыру. Қазақ сөзінің күдіреті, сөйлеудегі керемет тіршілігін сезіндіру, ана тілінің сырларын білу, сөйлеу өнерін игеруге ұмтылу. Осы орайда тіл дамытуға, мәдениетті сөйлеуге, қарым - қатынас жасау үшін мынандай талаптар қойылады. Біріншіден, сөз мазмұнды болу керек. Бұл талапта оқушылардың сөйлемдегі сөздердің мәнін, мағынасын толық түсінуін қамту. Біздің қоршаған дүниені танып білудің екі жолы бар: а) бақылау арқылы (көру,есту,сезу) ә) сөз арқылы жаңа ұғымды қабылдау.

Бұл екі тәсіл де белсенді ойлау, есту қабілеттері арқылы жүзе-

ге асады. Екіншіден, сөз жүйелі болу керек. Бала өз ойын ауызша, жазбаша айту кезінде ойға байланысты негізгі сөзге назар аударады. Үшіншіден, сөзіміз нақты және анық болу керек. Баланың өз ойын жеткізуде ең қажетті сөздерді, сөз тіркесін, сөйлемдерді ретке алады. Төртіншіден, сөзіміз мәнерлі болу қажет, ол сөздер оқушылардың сезіміне әсер ету керек. Бесіншіден, сөзіміз түсінікті болу қажет, оқушылардың жас ерекшелігі, қызығушылығы, білім деңгейі еске алынады. Тілдің дұрыстығы, нақтылығы, дәлдігі, түсініктілігі, мәнерлілігі тіл дамыту жұмыстарын жүргізудегі басты міндет. Тіл адамның бір - бірімен пікір алысу, қарым - қатынас жасау құралы болып қана қоймай, қазіргі кезеңде кез келген адамның мәдени және рухани өсуінің басты көрсеткіштерінің бірі саналады. Сондықтан да жас ұрпақтың тілін дамыту жұмысын отбасында баланың кішкене күнінен бастап қолға алудың тәрбиелік мәні зор. Бұл шақта баланың өзін қоршаған дүниені танып білуге құмарлығы, қызығушылығы ерекше дамиды. Ал танымдық белсенділік баланың сөйлеу, бір нәрсені сұрап - білу, өз ойын хабарлап жеткізу қажеттіліктерін тудырады.

Тіл дамыту мақсаты:

дыбыстарды дұрыс айтуға, оларды бір - бірінен ажырата білуге үйрету;

өз ойын еркін жеткізуге, байланыстырып сөйлеуге машықтандыру;

тіл мәдениетіне, көркем сөз өнеріне баулу.

Тіл дамытудың психологиялық негіздері. Психология - адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Психологиялық көмек адам өмірінің барлық кезеңдерінде қатар жүретін уақыт жетті. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құру қажеттілігі басқа түскен қиыншылықтарды кеңінен шешуге қабілеттілігі дәлелдейді:

- Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор;

- Балалардың толық құнды тұлғалық және интеллектуалды дамуына әсер етеді;

- Әр балаға жеке көңіл бөлуді қамтамасыз етеді

- Мектепке дейінгі жалпы білім берудің бағдарламасымен қатар жүреді;

- Мектепке дейінгі мекемедегі психологиялық климаттың жайлы болуын қалыптастыруға жәрдем жасайды;

- МДМ-нің педагогикалық ұжымының мүшелеріне және балалардың ата-аналарына уақытында психологиялық көмек көрсетеді.

- Балалардың мектепке дайын болуына психологиялық әсер етеді.

Тіл дамыту әдістері. Тіл дамыту әдістемесінің методологиялық негіздері Методологиялық негіздер - сол ғылым пайдаланатын әдістемелер. Олар бас қа теориялардан, ғылымдардан алынуы мүмкін

1. Ауызша суреттеп сөйлеу әдісі. Табиғат көрінісін, суреттен көргенін, көрмеден, түрлі мәдени орындардан алған әсерін, жанды - жансыз заттарды көз алдында тұрғандай етіп суреттеп баяндауға дағдыландырады. Суреттеп сөйлеуге баулуда оқушы жауапкершілігі артады. Себебі бір нәрсені суреттеуде, сол заттың белгілері мен ерекшеліктерін айтуда оқушы әр ұғымның атауын іздестіріп, сөздік қорын байытады. 2. Мәтін оқу әдісі Мәтін оқу ауызша, жазбаша, тіл дамыту жұмыстарына ортақ категория. Мәтін оқу, мәтінді мазмұндау оқушы тілін дамыту жұмыстарының әдіс - тәсілдерінің бірінен саналады. 3. Ойдан әңгіме, өлең шығарту әдістері Оқушылар қиялға өте бай келеді. Сондықтан оқушыларға өз қиялдарынан шағын әңгіме, ертегі айтқызып, өлең шығарту жұмысы жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытады. Оқушы тілін дамытуда жазбаша жұмыстар басты роль атқарады. 4. Жазбаша жұмыстарды: 1) Хабарлау 2) Баяндау 3) Әңгімелеу әдістері түрінде жүргізуге болады.

Оқушы тілін дамытуға еркін тақырыптар ұсынуға немесе сұраққа жауап бергізу арқылы да әңгіме жаздыруға болады. Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі - шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат - оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой - өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады. 5. Түрлі - түсті суреттер немесе өз ортасына байланысты баяндау әдісі. Бұл әдістер арқылы ауызша және жазбаша баяндау негізінде

сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға мүмкіндік туады. Өз ортасына байланысты. Менің досым, Менің әкем, Менің күшігім т. б.

6. Мәнерлеп оқу әдісі. Тіл дамыту әдісінің бір түрі мәнерлеп оқу. Мұның пайдалы жағы оқушылар сөйлеу тілі мен әдеби тілдік норманы сақтап оқуға төселеді. Поэзияны сүюге, сөз байлығын еркінше пайдаланып, жүйелеп айту шеберлігін жетілдіруге үлкен септігін тигізеді.

Тіл дамыту практикалық әдіс тәсілдері.Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны - жаттығу әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді. Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды (әріп, дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері - нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді. Баяндау әдісімен сабақ түсіндіргенде мұғалім жоғары немесе орта буын сыныптарда оқушылардың таным қабілетінің даму деңгейінде оқу материалының мазмұнын белгілі шамада кеңейте баяндауы мүмкін. Мұны бастауыш сыныптарда істеуге болмайды, бұл олардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Әңгіме әдісі - бастауыш сыныптарда қолданылатын әдістердің ең негізгі түрі. Бұл әдіспен сабақ жүргізгенде, мұғалімнің сұрағы мен оқушылар жауабы түрінде диалог пайда болады. Осы кезде оқу материалының мазмұны ашылады, оқушының түсіну дәрежесі айқындалады. Оның үстіне оқушыларды сабақта еркін сөйлеу процесіне қатыстыру арқылы тіл байлығын жетілдіру мақсаты жүзеге асырылады. Әңгіме әдісін қолданғанда мұғалім сұрақ қоюға ерекше көңіл бөледі. Сұрақ қысқа да түсінікті, қызғылықты және методикалық жағынан дұрыс құрылған болуы керек. Өйткені жете ойластырылмаған сұрақ балаларға қиындық келтіреді. Сондықтан сұрақ қоюға аса жауапкершілікпен қараған жөн. Әңгіменің тартылымдылығын арттыру жағы да ойластырылады. көрнекілік әдіс түрлерін қолданғанда методикалық шеберлік керек. Мұнда көрнекіліктің көбіне заттық бейнелі түрін, қала берді символды көрнекіліктің ішінде таблицаны пайдаланған тиімді. Ондай таблица әрі ықшам, әрі негізгі

тілдік деректерді тануға қолайлы етіліп өрнектеледі.

Мұғалім тақта бетінде сабақ материалын баяндап білім беруімен бірге, сол тақтаны ұқыпты пайдаланатын шеберлігімен, көзтар-тарлық көркем жазуымен оқушыларға үлгі-өнеге көрсетіп, оларды іскерлікке тәрбиелейді. Сонымен бірге тұтас сыныптың және әрбір оқушының көңіл-күйін қалт еткізбей, қадағалап отырады, дер кезінде көмек көрсетеді. Көрнекілік әдісімен бірге сөздік әдісін қолданып, оқушылардың оқып үйреніп отырған материалды дұрыс түсінуіне бағыт береді. Білімді қайталау әдісі де оқушылар меңгерген білімді бекіту жолының бір түріне жатады. Қайталаудың тиімділігі мына-да: біріншіден, өтілген материалдың ұмтылуынан сақтандырады; екіншіден, ұмытылған білімді қайтадан еске түсіреді; үшіншіден, оқушылардың білімі мен дағдысын саналы түрде бекітіп, оларды кеңейте және тереңдете түседі. Өтілген білімді қайталау бүкіл оқу жылы бойында үздіксіз әрі жоспарлы, жүйелі жүргізіледі. Демек қайталау жұмысы сабақтан сабаққа ұласып отырады.

Сөйлеу теориясы және сөйлеу әрекеті. Сөйлеу дегеніміз - адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Ойымызды басқа біреуге жеткізуде көрінетін жеке адам-дың дербес әрекетін сөйлеу деп атайды. Сөйлеу процесі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызекі не-месе жазбаша айту, екі-үш адам қатысқан диалог түрінде сөйлеу, көпшілік алдына шығып сөйлеу, тыңдаушының білім дәрежесін, жасын ескеру т.б.) сай түрліше құрылады. Сөйлеудің осы жақта-ры - кімге болса да қажетті сипат. Мұның әсіресе мұғалімдер үшін маңызы зор. Көрнекі педагог А.С.Макаренко бұл жөнінде балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезе алатындай болуы керек деген. Сөйлеу әрекеті тиісті анатомиялық аппараттардың (тіл, ерін, таңдай, ауыз қуысының бұлшық ететрі т.б.) дұрыс қызмет істеуін қажет етеді. Сөйлеу - пікір алысу процесінде адамның тілді өзінше пайдала-нуы. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланы-сты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдау оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірін-сіз-бірі іске аспайды. Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт.

Біріншісі - сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі оның мәнерлілі-

гі. Сөздің мәнерлігі сөйлеу интонациясы мен артикуляциялық аппаратқа тығыз байланысты. Ал сөздің мазмұны болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды. Сөздің мағыналығы дегеніміз - екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды. Сөйлеу әрекеті - үлкен ми сыңарларының анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі. А.А. Монтъевтің айтуынша, сөйлеу әрекеті, теориясына сай, барлық тілдік әрекет сияқты белгілі бір динамикалық құрылымда болады екен. Тілді интеллектуал қызметінің құралы ретінде ала отырып, психолог-ғалымы былай көрсетеді:

Сөйлеу әрекетін жоспарлау оны жүзеге асыру салыстыру мен бақылау

Тіл дамыту сабақтарындағы көрнекілік түрлері. Көрнекілік түрлері:

Табиғи көрнекілік оқушыларды нақты объектілермен (өсімдіктермен, жануарлармен, минералдармен) таныстыруды талап етеді. Эксперименттік көрнекілік арқылы оқушылар химиядан, физикадан тәжірибелер жасайды.

Суретті көрнекіліктің мақсаты - нақты дүниенің бейнесін көрсету (бейнесурет, картина, диафильм, диапозитив, мылқау кинофильмдер).

Көлемді көрнекілік: макет, үлгі, муляж, геометриялық фигуралар, панорама.

Дыбыстық көрнекіліктер: күйтабақтар, ұнтаспаға жазылған материалдар, т.б.

Символдық және графикалық көрнекілік: абстракты ой дамуына көмектеседі, себебі болмысты шартты белгілермен белгілейді. Олар: карта, жоспар, сызба, диаграмма.

Жанама көрнекілік жаңа бейнені бұрынғымен салыстырып, ол туралы түсінік қалыптастыру. В.Ф.Шаталовтың тірек сигналы бейне, таңба, шарттыбелгі, суреттерден тұрады. Олар қарапайым, сондықтан оқушы факті құбылыстың негізгі мәнін мұғалімге айтып бере алады.

8. Оқушылар білімінің беріктігі. Бұл принципте мына заңдылықтар бар: білім мазмұны және оқушылардың танымдық күштерін дамыту оқыту процесіндегі бір-бірімен өзара байланысты бөліктер; оқу материалын түсініп есте сақтау оның мазмұнына, оқушының материалмен жұмыс істеуіне, оқытуға, мұғалімге байланысты; білімнің

беріктігіне оқытуды ұйымдастыру, оқыту түрлері мен әдістерінің алуан түрін қолдану, оқытатын уақыт әсер етеді. Оқушы есінде қалуға тиісті материалдарды таңдайды, сондықтан оның есінде оған пайдалы және қызықты білімдер ғана жақсы сақталады.

Шарттары:

- қазіргі оқытуда естен гөрі ақыл-ойға баса назар аударылады. Сондықтан оқушылардың күшін құндылықтары аз білімдерді есте сақтауға жұмсамау керек. Есте шамадан тыс оқу материалдарын сақтауға болмайды, ол ақыл-ойға зиян келтіреді;

- дұрыс қабылданбаған, түсініксіз нерселердің есте қалып қоюына жол бермеу. Бала тек саналы меңгерілген, түсінікті материалды ғана есінде сақтау керек;

- әр түрлі анықтамалық әдебиеттерді, сөздіктерді, энциклопедияларды қолдануға үйрету;

- есте сақталу керек материалдар өте көп болмау керек, мұғалімнің қандай білімдер есте сақталу керек екенін анықтау;

- оқытудан кейін білімді ұмыту басталады, сондықтан қайталаудың уақыты және жиілігі ұмыту туралы психологиялық теорияларға сәйкес белгіленеді;

- жаңа материалды оқып болған соң қайталауды көп жүргізу керек, содан кейін қайталау азаяды, бірақ оны тоқтатуға болмайды;

- әр оқушыны өз мүмкіндігіне қарай, бірақ бар күш-жігерімен жұмыс істеуге үйрету. Жалқаулықпен күресу;

- қызығушылықты қалыптастырмай тұрып, жаңа материалды оқып-үйренуді бастамау;

- оқу материалын жүйемен беру;

- егер оқыту қарңыны төмендесе, онда бірден себебін анықтау. Көп кездесетін себептер: оқу процесіне қызығушылықтың төмендеуі және шаршау. Оларды жою жолдарын іздестіру;

- тіке тапсырмалар және нұсқауларды көп бермеу. Балаларды ақыл-кеңесті тыңдауға үйрету. Өте қызықтысын салмақтап айтыңыз. Әзіл-сықақ айтуға болады, бірақ шамадан аспаған жөн;

- өзара оқытуды кең қолданып, оны бағыттау. Өзара оқыту мұғалім қалыптастыра алмайтын сапаларды қалыптастырады;

- оқушыларды оқу материалын есте сақтай білуге үйрету. Ол үшін есте сақтауды жеңілдететін мнемотехникалық (керекті мәліметтерді есте сақтауға көмектесетін ережелер мен тәсілдердің

жиынтығы) тәсілдерді қолдану;

- баланың жағымды әсерін туғызбай тұрып, жаңа білім беруді бастамау.

- жаңа әдістерімен берілген білім берік болмайды;

- қайталау және бекіту кезінде оқушылардың естерін, ақыл-ойларын, сезімдерін жұмыс істегізіп, білімдерін тереңдетіп, жаңа мысалдар келтіріп, қорытындыларды нақтылау;

- оқыту қисындылығын қадағалау.

- оқушының оқу материалына деген он көз қарасын қалыптастыру;

- жаттығулар санын, орындалатын мерзімін белгілеу;

- оқыту нәтижелерін жүйелі түрде тексеру және бағалау;

Сөйлеуді коммуникативті әрекет ретінде қарастыру Қарым-қатынас - адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың интерактивті, коммуникативті, перцептивті деген үш жағы және мезо, макро, микро, рухани, іскер, т.б. деңгейлері болады.

Негізгі қызметі:

- 1) ақпараттық-коммуникативтік (ақпарат алмасу және адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);

- 2) реттеуші-коммуникативтік (адамдардың іс-әрекетін реттеу және біріккен әрекетті ұйымдастыру);

- 3) аффективті-коммуникативтік (адамның эмоционалдық аясымен байланысты).

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты - өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді

жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Сөйлеу мен тілдің қарым-қатынасы

Қарым-қатынас - тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы - тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да - тіл. Сондықтан да тіл қатысымдық құбылыс болып саналады.

Тіл - адамдар арасындағы тілдік қатынасты қамтамасыз ететін, дыбыстық, таңбалар жүйесінің жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың құралы.

Тіл сияқты сөйлесім де әлеуметтік құбылыс. Өйткені сөйлесімді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсіністігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды біріктіреді, оларды өзара байланысқа түсіреді. Мұндай байланыс қоғамның құрылысына әсер етеді.

Жалғыз адам табиғаттан, қоғамнан тыс өмір сүре алмайтыны сияқты, жалғыз адам сөйлесім процесін де жүзеге асыра алмайды. Адам жаратылыстан, табиғаттан тыс емес, сөйлеу адамнан тыс емес.

Сөйлесім - адамдарды қауымыдастыққа жетелейтін, қоғамдық мәні бар күрделі әрекет. Сөйлесім арқылы адамдар бірін-бірі түсінісіп қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешеді, өзара бірлікте, ыетамақтастықта болады, түсініседі, сөйтіп, қоғамның дамуын жетілдіреді; не керісінше кері кетіреді. Бірақ қай жағдайда болсын сөйлеу адамның алдына қойған мақсатына қызмет етеді, сөйлеусіз, сөзсіз адамдар арасындағы ешбір тірлік жүрмейді. Осыдан келіп, сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік мәні шығады. Қарым-қатынасқа түсетін адамдардың тілді, сөзді қолдануында да өз ерекшеліктері бар. Әр адамның сөйлеу

мәнері, стилі басқа адамға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән сөйлеу үлгісімен өзгешеленеді. Осының өзінен сөйлеудің жекелік мәні, даралық ерекшелігі келіп шығады.

Балалардың тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері, мазмұнын, принциптерін, мақсатын құрастыру негізі. 2,4 те бар. Тіл дамыту әдістемесінің бастауыш ана тілін дамыту Қазақ мектептеріндегі оқытылатын ғылым негіздері ана тілі арқылы жүргізіліп, оқушының дүниетанымын, ой-өрісін, тіл байлығын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан бастауыш сыныптарда ана тілінің заңдылықтарын жете меңгеріп, әдеби тіл нормаларында еркін сөйлеп, сауатты жаза білу міндеті қойылып отыр. Өйткені - тіл дамыту сайып келгенде ой дамыту.

Тіл дамыту - ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен ана тіліне ғана байланысты болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тәуелді.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі - оқушыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы. Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделе дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері - тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл - қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу - психикалық құбылыс. Ол - әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу - психо-логияның зерттеу объектісі болып табылады. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін мектептегі тіл дамыту жұмыстарын психологиялық ғылымнан оқшау жүргізіліп келеді. Соңғы кезде ғалымдар Психология әдістеме ғылымынсыз-ақ өркендеп, өмір сүре береді, алайда әдістеме ғылымы психологиясыз

дамып, жетіле алмақ емес. Әдістеме толық мәнді ғылыми пән болуы үшін, ол психологиялық негізге сүйенуі қажет пікірді іс жүзінде дәлелдеп отыр. Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы. Өйткені оқушыларға ғылым негіздерінен жан жақты білім мен дағды беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында Логикалық ойлау - логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны - логикалық сөйлеуді Отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс, - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Шетелдік педагогикадағы балалардың тілін дамыту Ғылыми тұрғыда негіздей отырып, бала тілін, сөздік қорын зерттеуге алғаш ден қойған психологтар болды. 1940 жылдары О. Моурер фонологиялық даму теориясының негізін қалаушылардың бірі болды. Р. Якобсонның болжамы бойынша балада алғашқы фонологиялық дағдылардың қалыптасуы алғашқы он - онекі айлық кезеңде басталады. Яғни, сөйлеу қабілетінің дамуына немесе оның жан - жақты дамуының бір бөлшегі ретінде қарастырса, енді біреулері бала тілінің дамуын оның өзін қоршаған ортамен қарым - қатынас жасауына байланысты қалыптасатындығын дәлелдеуге тырысады. Б. Московичтің пікірінше, бала бірте - бірте айқындала түсетін дыбыстық бірліктерді айтуды үйрене бастайды, буындардан ол өз бетінше дыбыстық құрылымдар түзуге (сөздер құрастыруға) бейімделеді. Әдетте бала өзіндік сөйлеу әрекеті тән. Кейбір идеалистік бағыттағы психологтардың (Д. Элласберг, Э. Клапаред, К. Бюлер) пікірі бойынша, баланың сөйлеу әрекеті бірден пайда болады. өз тіліндегі сөздік қорға қанағаттанбаған екі жасар бүлдіршін өзінше тілдесуге қажет сөздер ойлаптабады. Ол сөздер тек өзінің айналасындағы азғана ортаға түсінікті болады.

Баланың сөздік қоры 1 жыл 8 айдан асқан соң жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25 - тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды. Әрбір жас кезеңдегі сөздік қордың қалып-

тасуындағы балалардың өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады. Тілдің гамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл - ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой - өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым - қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі.

Баланың сөйлеу білуге деген алғашқы талпынысы - оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады. Зерттеулер көрсеткендей түске, үлкендікке, заттың жай күйіне байланысты ерекшеліктерді жас баланың естіп қабылдауынан гөрі, сол заттарды көріп, қолмен ұстап барып, ажырата қабылдауы 10-12 есе тезірек іске асады да, бала жадында ұзақ сақталады.

Ресейдегі әдістеменің дамуы. Оқушылардың тілін ұстарту әдістемесінің негізін салып, оны өз алдына ғылым ретінде қалыптастыру қажеттігін анықтап берген - орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинский.

К.Д.Ушинский ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытумен байланысты жаттығу жұмыстарының жүйесін құрды. Ол жаттығулардың сатылары мынадай:

1. бақыланған заттарды атау;
 2. іс мақалаларын мазмұндау;
 3. заттарды салыстыру;
 4. сипаттау;
 5. болған оқиға жөнінде әңгіме құру.
- А.В.Хуторской келесі әдістерді бөледі:

1. Эмпатия әдістері басқа объектінің жағдайында адамның сезінуін көрсетеді. Эмпатия әдісін табысты қолданудың шарты оқушылардың белгілі бір жағдайы, мұғалімнің құрған көңіл-

күйі. Бастапқыда бұл қандай да бір қуанышпен балалар көңіл бөлетін ойын түрінде болуы мүмкін. Сонан соң білімдік нәтижелер алынғаннан және түсіндірілгеннен кейін, оқушылар берілген әдіске күрделі қарамай, оны шын оқу әдісінің деңгейіне алады. Ағаштың, тастың, мысықтың, бұлттың, майшамның және басқа да білімдік объектілердің мәнісіне төселуге мынандай сөздік жазуларды қолдануға көмектеседі: сіздің алдыңызда тұрған гүлді өзіңіз деп есептеңіз, сіздің басыңыз - гүл, денеңіз - сабақ, қолыңыз - жапырақ, аяғыңыз - тамырлар... дегенді ойлап көріңіз. Оқушы жақсы төселу кезінде объектіге - өзіне сұрақтар қояды, сезімдік деңгейде қабылдауға, түсінуге, жауабын көруге ұмтылады. Мұнда туылған ойлар, сезімдер, сезінуі оқушының білімдік өнімі болады, содан кейін олармен ауызша, жазбаша, белгімен, двигательді, музыкалы немесе суреттемелі түрде көрінуі мүмкін. Берілген жағдайда объектіні бақылау өзін-өзі бақылауына ауысады. Мұндай жаттығулар ойлау қабілетін және әр түрлі көзқарастағы жағдайды түсінуді дамытады, танымға санасын ғана емес, сезімін де кірістіруге үйретеді.

Берілген әдіс әдеттен тыс тиімді болып шықты, өйткені балалардың әдетте қолданылмаған мүмкіндіктерін кірістіреді. Төменгі мектеп жасындағы бақылайтынды ойлау қабілеті тән, олардың адамдандыру әдісін қолданып, қоршаған дүниені сезіммен тану керек.

2. Мағыналық көріну әдісі. Бұл өткен әдісті тереңдету және жалғастыру. Мұнда белсенді сезімді - ойлы танымдық қызметтен тұратын оқушының белгілі бір күйін құру талап етіледі. Мұғалім оқушыларға мағыналық, сұрау үшін келесі сұрақтарды ұсынуына болады: Бұл объектінің себебі қандай, оның шығу тегі не? Оның ішінде не болып жатыр, ол неден тұрады? Басқа емес, неге ол осындай? Берілген әдісті мақсатты қолдану жөніндегі жаттығулар оқушылардағы интуиция, ояну тәрізді танымдық сапаларды дамытуға әкеледі.

3. Бейнелеп көріну әдісі - объектіні эмоционалды - бейнелі зерттеу. Мысалы, санға, пішінге, сөзге, белгіге немесе шынайы объектіге қарап, ондағы көрген бейнелердің суретін салып, неге ұқсайтынын бейнелеу ұсынылады. Білімдік өнім оқушылардың бақылау нәтижесі тәрізді, сөздік және графикалық бейнелі түрде көрінеді, яғни оқушылар өздерінің зерттеулерінің нәтижелерін жазады және

суреттейді.

4. Символдық көріну әдісі. Бұл әдіс объектінің және оның символының арасындағы байланысты оқушының ізденуінен салуынан тұрады. Символ мен оның объектісінің қатынасының жағдайын анықтағаннан кейін, мұғалім оқушыларға қандай да бір объектіні көру мақсатымен бақылауды, оның символын графикалық, белгілік, сөздік немесе басқа түрде бейнелеуді ұсынады. Жасаған символдарды балалардың түсіндіруі және талқылауы басты орын алады.

5. Эвристикалық сұрақтар әдісі. Ежелгі римдік педагог және шешен Квинтилиан талдап жасаған. Қандай да бір оқиға немесе объекті жөнінде мәлімет ізденуі үшін келесі 7 сұрақ қойылады: Кім? Не? Не үшін? Қайда? Қалай? Қашан? Берілген сұрақтарға жауаптар және олардың барлық мүмкін болатын байланыстары маңызды идеялар мен зерттелетін объектіге сәйкес шешімдер тудырады.

6. Салыстыру әдісі. Әр түрлі оқушылардың мәліметтерін атақты ғалымдар, философтар, әр түрлі аналогтарды өзара салыстырған кездесулерде пайдаланатын мәдени-тарихи аналогтармен салыстыру үшін қолданылады. Берілген әдіске оқыту үшін оқушыларға сұрақтар ұсынылады: Салыстыру деген не? Ылғи және барлығын салыстыруға бола ма? Сендердің ойларыңша не салыстыруға келмейді және салыстырылмайтынды салыстырып көріңдер.

7. Эвристикалық бақылау әдісі. Бақылау - оқушының білім бұлағы, яғни оны оқытудың эвристикалық әдісіне жатқызуға болады. Берілген әдістің мақсаты - балаларды бақылаудың көмегімен білімді алуға және құруға үйрету. 8. Фактілер әдісі. Оқушылардың физикалық сезім мүшелерін саналы меңгеруі танымдық қызметінің жүйелі дамуын талап етеді. Бәрінен бұрын, бұл фактіні іздеу, факт еместерден олардың айырмашылығы тәрізді таным кезеңіне жатады. Не көріп отырғанын, естігенін, сезгенін, олардың не ойлағанын айыру оқушыларға оңай емес екендігін тәжірибе көрсетеді. Білімдік объектілердің физикалық сезім мүшелерінің көмегімен нақты қабылдануының қажеттілігі оқытудың берілген әдісін қолдануды және білімнің әдеттегі мазмұнының өзгеруі мен қайта қарауын талап етеді. 9. Зерттеу әдісі. Оқушыларға тапсырылған объектіні келесі жоспармен өзіндік зерттеу ұсынылады: зерттеу мақсат - жұмыс жоспары - объект туралы факт - тәжірибелер, тәжірибенің

суреттері, жаңа фактілер - пайда болған сұрақтар мен проблемалар - жауаптардың мәліметі, гипотезалар - рефлексті пікірлер, қызметтің саналы тәсілдері және нәтижелері - қорытындылар. Барлық айтылған қадамдарды жүйелі орындап, әр оқушы өзінің практикалы жеке білімдік нәтижесін алады.

10. Ұғымдарды құрастыру әдісі. Оқушыларға жасалынған жұмыстарын теориялық қорытындылау мынандай жүйеде ұсынылады: фактілер - олар туралы сұрақтар - жауаптар гипотезі - теориялық модельді салу - модельдің салдары - модельдің дәлелдемелері - модельді қолдану - мәдени аналогтардың модельді салыстыру. Теориялық модельді оқушылардың құрастыру тәсілдері оқып жатқан білім саласынан немесе тақырыбынан тәуелді педагогпен қойылады

11. Гипотеза әдісі. Оқушыларға тапсырма ұсынылады - мұғалімнің қойған сұрағына немесе проблемасына жауаптардың мәліметтерін құрастыру. Бастапқы мақсаты мәліметті құрастыру үшін негізгі таңдау болып табылады. Оқушылар негізі ұстанымдарын немесе проблемаға көзқарасын ұсынады, гипотезаны құруға әр түрлі ғылыми, әр түрлі жоспарлы әдісті меңгереді. Сонан соң едәуір толық немесе нақты сұраққа өз жауаптарының нұсқаларын логикаға және интуицияға сүйеніп тұжырымдайды. Гипотеза әдісі егер... не болады түріндегі болжамдық тапсырмаларды шешу кезінде дамиды. Болашаққа саяхат әдісі алдын ала дағдыны, болжауды, гипотетикалықты дамыту тәсілі ретінде қандай да бір білім саласында тиімді.

12. Қателер әдісі. Берілген әдіс процестерді тереңдету үшін қателерге төтеп берген негативтік қарым-қатынасын өзгертуді, қатені және псевдокатені конструктивті қолдануына оны ауыстыруды ұйғарады. Қате жалпы алынған қарсыластықта туатын қайшылықтардың, құбылыстардың, ерекшеліктердің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Қатеге көңіл аудару оны түзету мақсатымен ғана емес, себебін, оны табу тәсілін білу үшін де маңызды болуы мүмкін. Қатенің дұрыспен өзара байланысын табу оқушылардың эвристикалық қызметіне жағдай жасайды, оларды қандай да бір білімнің вариативтілігі мен қатыстылығына әкеледі.

13. Ұғымдарды құрастыру әдісі. Оқушылардың оқылған ұғымдарын қалыптастыру олардағы бар ұсыныстардың маңыздалуын басталады. Мұндай жұмыстың нәтижесі тақтада жазылатын, бірі-

гіп қалыптастырылған ұғымның анықтамасы - ұжымдық шығармашылық өнім болып табылады..

Тіл дамыту міндеттері психо-педагогиканың және лингвистикалық негізі. Тіл дамыту жұмысы, негізінен төрт бағытта жүргізілген: бірі - мәдени әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстары жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім бері. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Жазбаша сөйлеу - графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлеммен де бере алады. Жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі түрлі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, үтір, қос нүкте, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.), синоним, омоним, теңеу, салыстыру сияқты тілдік құралдары пайдаланады.

45-тапсырма. Төмендегі берілген Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәні және сөз қолдану мәдениетіне тиісті болған қанатты сөздер мен тіл дамыту тән болған сөздерді меңгеріп, мінерлі, дикциямен сөзді сазына келтіріп оқыңдар.

Абайдың 5 (бесінші) қара сөзі

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: "Ө, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!" деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы – жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғанығаны. Қайғысы не десек, мақалдарынан танырсың: әуелі – "Түстік өмірің болса, күндік мал жи", "Өзінде жоқ болса, әкең де жат", "Мал – адамның бауыр еті", "Малдың беті – жарық, малсыздың беті – шарық", "Ер азығы мен бөрі азығы жолда", "Ердің малы елде,

еріккенде қолда", "Берген перде бұзар", "Алаған қолым – береген", "Мал тапқан ердің жазығы жоқ", "Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз", "Қарның ашса, қаралы үйге шап", "Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без" деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

Абайдың 6 (алтыншы) қара сөзі

Қазақтың бір макалы: "Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік" дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

"Ырыс алды – тірлік" дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжакбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың – пысық, ішің – нас,

Артын ойлап ұялмас, болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Абайдың 7 (жетінші) қара сөзі

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Ізәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, "ол немене?", "бұл немене?" деп, "ол неге үйтеді?" деп, "бұл неге бүйтеді?" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Абайдың 8 (сегізінші) қара сөзі

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтармыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? - деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Абайдың 9 (тоғызыншы) қара сөзі

Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әр-нешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас,

кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, "не қылды, не болды?" демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Абайдың 10 (оныншы) қара сөзі

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: "Әне, оны берем, міне, мұны берем" деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен

көресің? "Бокта!" деп, біреуді боқтатып, "кәпір – қияңқы, осыған тимендерші!" деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, "пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді" деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?.. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол.

Абайдың 11 (он бірінші) қара сөзі

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр.

Абайдың 12 (он екінші) қара сөзі

Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның игтиқатын махкамлемек ке-

рек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа-ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.

Абайдың 13 (он үшінші) қара сөзі

Иман деген – алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз.

Абайдың 14 (он төртінші) қара сөзі

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың "жүректісі" мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәр-

сеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Абайдың он бесінші (15) қара сөзі

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп, жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Абайдың 3 (үшінші) қара сөзі

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Абайдың 4 (төртінші) қара сөзі

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйле-

ген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.

Шешендік өнері туралы

*«Шешеннің сөзі мерген,
Шебердің көзі мерген»
(Мақал)*

Қазақ мақалында шешендікті, осылай, шеберлікпен салғастырып бағалайды. Мұнда шешеннің сөзі нысанаға дәл тиетіні жағынан анықтауда терең мағына бар. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағаналы әрі көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ халқы «шешен» деген атаққа ие еткенде, өз өміріндегі ең қымабатты әрі өткір құралы - тілдің терең сырына, мол байлығына қанық, оны сілкілескенде сілтей білетін, аса дарынды кісілер деп құрметтейді.

«Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем» дегеннен шешендікте үлкен талғам болатыны аңғарылады. Сондай ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып, өзгелер оларды ұйып тыңдайтын. Сондықтан олар әрі «отағасы», «биағасы», «ауыл ақсақалы» сияқты атаққа да ие болатын. Елге беделді шешендер осылайша ел билеу ісінің тұтқасы болса, батыр ел қорғау ісінің тұтқасы болатын-ды. Сондықтан «шешен сөз бастар, батыр қол бастар» деген мақалдың айтылуы да тегін емес.

Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақтың бір мақалында: *«Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып қас шешендер сөз айтар»* десе, енді бірінде *«Үйде шешен, дауға жоқ, үйде батыр жауға жоқ»* делінеді. Соңғысы шешендік өнерін өмірімен ұштастыра алмағандар деген ұғымда.

Ертеде қазақтың шешендік өнері, бұл күндегідей публицистикалық стильдің емес, сөйлеу тілі стиліне қатысы болады да, жұмсалып аясы тар, тақырыбы көбінесе дау-жанжал, ұрулардың өзара талас-тартысы, билік, әкімшілік, көңіл айту тәрізділер болды. Сондықтан «*Үйде шешен, дауға жоқ...*» болу - бұл кісінің шешендік қабілетінің төмендігі деп саналады.

Абайдың «*Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап*» - дегенді бос мақалдаудың мал үшін зарлаудың шешендік өнеріне қатысы жоқтығын аңғартады. М.Әуезов «Абай жолында» «қаңғыма сөздерге» әуес шешен сымақтарды былай сынайды.

«Бұрынғы қазақтың би мен бегі, алымпаз ақыны жырласа немесе кейінгі заманда мұсылманшылық, діншілдік үгітін көп таратқыш қожа-молда жоқтау жазса, танымал болған арзан шындықтар қаптаушы еді. Онда бос мылжындап, сөз қосарлап, «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деп бір кетеді. Немесе көбінесе соңғы замандарда «Құдайдың досы пайғамбар да кеткен» деп сөз бастайды. «Мұхаммед досты шаһариар кеткен» дейді. «Кербалада Қасен -Құсайын да өлген. Ақ пайғамбар достысы Қамза да қаза болған, дейді».

Шешендік өнерін қазір да жоғары бағалаймыз. Қазіргі жаңа өмірімізде оның мәні еселеп арта түсіп отыр. Егер ертедегі шешендікті ел басқару ісіне араласа латын билердің, әкімдердің, ақсақалдардың ғана өнері деп түсінсек, енді шешендікті ондай жеке кісілердің ғана басына таңылатын қасиет демей, көпке ортақ қасиет деп танимыз.

Қазақ мәтелінде сөйлей-сөйлей шешен боларсың деген бар. Мұны сөзшендіктен шешендікке бірақ секіруге болар деп түсінбеу керек. Егер көп сөйлеген кісі шешен бола берсе, мылжындар және тілі мен жағана сүйеніп аузымен орақ оратындар бұл жағынан алдына жан салмаған болар еді. Шешендік - дарыныдылық. Ол –тілі ғана емес ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Ондай қабілеті бар адам, басқа өнерді үйреніп білетініндей, тіл өнерін де оқып, үйреніп, ізденіп жүріп игереді.

Шешендік өнерін, бұрынғыларша, схоластикалық ережелерге бағындырып үйретуге болмайды. Тіл өнеріне, сөйлем мәдениетіне қойылатын талаптар шешендік өнеріне де қойылады. Шешендік –

тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғары сатысы. Оның да бірнеше түрі бар:

«Біздің әрқайсымыз өз қабілетімізге, білім, мәдени дәрежеміздің ерекшеліктеріне сәйкес өзіміздің сөйлеу стиліміз болады». Бір есептен, әркімнің өзіне тән, өзіне ғана жарастылықты стилі болады десе де артық кетпеспіз.

Сонда да жалпылықтан жалқыланған, жинақталған, ерекше сөйлеу стильдері болуы мүмкін ғой. Мысалы, кейбіреулердің сөзі мазмұнды, терең ойлы, әсерлі, образды, әуезді болып келеді. Ондай сөзді өзгелер ықыласпен тындап, ерекше әсер алып отырады. Бұл қасиеттердің бәрі бірдей бір кісінің, некен-саяқ болмаса, талантының айғағы бола бермейді. «Сондықтан біреулердің шешендік қасиеті ойының тереңдігі, айқындылығы, дәлелділігі, нанымдылығы тұрғыларынан ерекше болып ұғынылса, кейбіреулердің сөздері эмоциялық әсерінің күштілігінен, бейнелі нақыштарының молдығынан елеулі болады». Осындай екі түрлі шешендіктің жақсы үлгілерін жеке кісілердің басынан іздейміз. Олардың сөздерін конференцияларда, сессияларда, аудитория кафедраларында, театрда, радиода естуге болады.

Шешендік өнері алдымен ауызекі тілге тән. Жұрт алдында қағазға қарамай сөйлейтін кісілер сол өнеріне сүйеніп айтатын ойын да, оны айту тәсілдерін де табан астында «суырып салып» сөйлейді. Солай сөйлеуге аса шебер кісі деп тағы кімдерді атауға болады? дегенге орыс авторлары А.В.Луначарскийді, М.И.Калининді, С.М.Кировты атайды. Әсіресе Луначарский мен Киров мінбеге шыққанда, жанып тұрған жалынды оттай жігерлене сөйлейтін. Ол шешендердің сөздерін жұрт аузын ашып, ұйып тыңдайды екен.

Луначарскийдің сөзі көбінесе эмоциялы көркем болады екен де, тақырыбының қызығына берілген сайын, оның сөйлеу шабыты өрши шапқан жүйрік аттай арта түсіп, образды айқын сөздерінің айтылу ырғағы ширатыла береді екен.

Қазақтан шыққан шешендер де аз емес. Біздің заманымызда ондай атаққа ие болатын кім бар еді? дегенде еске Ораз Исаев, Құдайберген Жұбанов, Мұхтар Әуезовтер түседі. Осылардай қадірмен кісілердің өздеріне тән шешендік өзгешеліктерін олардың мамандықтарымен байланыстыра қарау керек. Мысалы, Исаев мемелкеттік шешен, профессор Жұбановты ғылым шешені, жазушы Әуезовты

көркем сөз шешені деп қарауға тиіспіз. Мұхтар Әуезовтің жайдары, жайсаң шешендігінің күші кісіні таң қалдыратын Ол қоғам өмірінің мән-жайына қатысты әр алуан мәселелерді тартымды етіп сөйлеуге де, ұнатқан адамын көкке көтеріп, алақынына салып аялауға да, ұнатпағандарын жер-жебіріне жетіп, жермен-жексен етуге де тіпті жететін сөзшең адам болатын. Жиын-топта, бетпе-бет кездескенде аса тартымды сөйлейтін жазушы, қоғам қайраткерінің бірі - Ғабит Мүсірепов. Ол-сөз қадірін жақсы білетін сөз шебері, оның сөзі дәлдігімен, мәнділігімен тартымды. Шешен алып-ұшып алқынбай, асып-саспай, байсалды баппен сөйлейді. Соның өзінде оның әрбір сөзі сылап-сипап бәйгеге қосқан аттай екпінді, ой алаңының алдыңғы шебінен шашау шықпай, бірімен-бірі жарыса қатар шауып келіп тынышталады.

Кейбіреулер салмақпен ширақ сөйлеп, ә дегенде, тыңдаушыларын аузына қаратады, бірақ айтқандарына пәлендей шындық болмаса, не көзбояу «шыншылдық» болса, ондайлар сырты сұлу үйреншікті фразаларды, жасанды, жасық сөздерді көп қолданады. Мұндай сөзуарлық есте қалмайды, тез ұмытылады. Ал, Ғабит Мүсіреповте мұның бірі жоқ. Ол өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай етіп айтуға жаны қарсы. Барды тек бар қалпында емес, ұтымды, сергек, жаңа ғана көз алдыңнан өткендей етіп сөйлейді. Сондықтан оның шешендігі –жайдары, жайсаң шешендік.

Олардың сондай шешендік өнерлеріне дәлел болатындай мысалдарды жазып қалдырған мұраларынан да табуға болады. Атақты Белинский шешендікті риторикашылардан емес, шешендерден үйрену керек дейді:

«Кімде-кім мемлекеттік шешен болғысы келсе, ол мемелкет қайраткерлерінің сөздерін үйренесін, тыңдасын, мүмкін болғанша солардың арасында болсын, кімде-кім шешен адвокат болуға тырысса, сот мекемелерінен шықпау керек, ол адвокаттар арасында болуды көздеу керек; егер ол да, бұл да сол мамандық орайында жиі-жиі өз күшін байқай берсе, бәрінен де сол жақсы». Осылай, кісінің қоғамда атқаратын қызметінің жайытында бейімделген өткір тілдіктің де сапасы ерекше болмақ. «Адам нені жан-тәнімен сезсе, ұғынса, соны ол жетер жеріне жеткізіп айта алады. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады.

Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлейді, егер адам ойын же-

тектей алса, одан да анық сөйлейді».

Шешендік - ой-пікірді тыңдаушыларға айқын, анық, әсерлі етіп айту (жазу) шеберлігі. Сөйлесудің, сөйлеудің әдеттегі қарапайым қызметі пікір алысу, өзгелерге сөйлеушінің ой-пікірін нәрлі, тартымды сөздер арқылы тыңдаушылардың сана-сезіміне әсер етуді көздейді. Ол үшін ұшқыр ойлы адамның әсем сөз кестелерін пайдаланып, бар ынта-жігермен айтқандары объективті шындық, дәлелді болуға тиіс. Алдамшы, көзбояу сөздер де өзіншенәқышты, біршеме тартымды болуы мүмкін. Бірақ ондай бөспе, жел сөздер көңілден жай таппай, тез ұмытылады. Өзгелерді ойландыратын, көңілге қонымды, мазмұнды, дәлелді ой-пікірлер шешендік сөз орамымен, өтімді әуенмен ұштасып шыңдалған болса, құлақтың құрышын қандырады, адам жүрегінің түпкірінен орын алады, көпке дейін ұмытылмайды.

Шешеннің сөзі өтімді, әрі әсерлі болуының бір шарты - оның кім, қандай адам (атақты, беделді) екендігі, түр-тұрпаты келіскен сүйкімді ме, киімі өзіне жарасымды ма, сырт пішіні (шашы, сақал-мұрты, тазалығы) көз тартатындай ма - осылардың бәрі шешеннің ерекше айтылмаған кіріспе сөзі сияқты. Олпы-солпы киінген, сақал-мұрты өскен, шашы таралмаған, жағасы кір-кір, шалбары, көйлегі, галстугі умажалған кісі жұрт алдына шыққанда, тыңдаушылардың оған сенімі, құрметі, айтар сөзіне ықыласы мүлде басқаша болады. Тыңдаушыларына немқұрайды қарау – айтар сөзіне өзі де онша мән бермеудің белгісі. Іштей, сырттай жинақылық - мәдениеттіліктің, ойшылдықтың белгісі.

Шешендік кісінің маңдайына жазылып қоймайды. Сөз өнеріне әуестенген жастың «көкірегі сезімді, тілі ормады» болуы үшін тек тықылдаған тілі мен жағына сүйенбей, көп оқып үйренуі, өзгелермен сөз жарыстырып сынға түсуі керек. Өзіңе - өзің емес, өзгелер төреші болғаны жөн. Жеңіс алаңына шыққан палуандай, майданға шыққан батырдай, шешен де саяси-әлеуметтік жағдайда жұрт алдына шығу кезеңінде сыналады. Қазақ «батырсынған жігіт жау келгенде сыналатын болса, шешенсінген жігіт дау келгенде сыналады» деп бекер айтпаған болар, бірақ шешендік қазір дау үстінде ғана сыналмайды.

Қазіргі заманның сөйлеу алаңы да, шешендік майданы да бұрынғыдан мүлде басқа.

Жаңа өмірдің жаңалығы көп, соның бірі -сөз қадірінің артуы.Ертеде ел арасының дау-жанжалы найзаның ұшымен, сөздің күшімен шешілетін, енді халықтардың барлық іс-әрекеті қаламның ұшымен де, сөздің қажырлы, дүбірлі күшімен де ұласып жататын болды. Оның майданы – конференция, сессия, мәжіліс, митинг, өнер-білім аудиториялары. Солардың трибуналарында сөйлетін кісілерді бұл күнде шешендер деп айтатын болды.

Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.

Білімдіден шыққан сөз...

 1. Орыс авторларынан кімдерді сөйлеуге аса шебер кісі деп атауға болады?

2. Қазақтан шыққан ғылым шешені, сөз шешені деп кімдерді атауға болады?

3. Шешеннің сөзі өтімді, әрі әсерлі болуының шарты неде деп түсінесіз?

Сөз мәдениеті және шешендік өнер

Тіл – адам болмысының айнасы. Сөз рақылы адамның ақыл-ойы, мінез-құлығы, жалпы, рухани жан-дүниесі танылады. **Тіл – адамның барлық саналы әрекетінің құралы: оның өнерлі, білімді, мәдениетті болып қалыптасуына тіл маңызды рөл атқарады.**

Тіл мәдениетінің тірегі – әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйлері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметімен астарласып жататындықтан, «сөз мәдениеті» ұғымының аясы да кеңейе түседі. Бұл атаудың пайда болуы, тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшеюімен де тығыз байланысты. Қазіргі демократиялыққа бет бұрған жаңа қоғам білікті, іскер, мәдениетті адамдардың қалыптасуына мүдделі болып отыр. Олай болса, өзіндік ой-пікірін, көзқарасын еркін білдіру, оны қорғай білу, өз сөзін өтімді жеткізе білу сөз мәдениеті талаптарын жоғары деңгейде меңгеруді қажет етеді.

«Сөз мәдениетінің жоғары формасы - шешендік». (М.Балақаев.)
Әрбір сауатты, мәдениетті адам шешендікті үйренуге ұмтылуы

тиіс. Олай болса, шешендік деген не? Шешендіктану, шешендік өнер мен шешендік сөздің айырмашылығы қандай?

Шешендік өнер – Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим заманына бермен қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өмір-тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер, шешендіктану мен шешендік сөз бір-бірімен тығыз байланыса келгенмен, үшеуі үш басқа түсінік атаулары: шешендік өнер – актінің, яғни іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендіктану (риторика) – өзінің нысанасы, теориясы, категориялары, тарихы бар жеке ғылым саласы. Ал шешендік сөз (ораторство) – шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Бірақ көпшілік алдында сөйлейтін кез келген сөз шешендік сөз болмайды. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беру керек: 1) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы тиіс; 2) әңгіме өзегінің дәлелі (аргумент) болуы тиіс; 3) тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантаып, ақырында белгілі бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет; 4) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы игі; 5) шешендік шындықты, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс.

Шешендік сөздің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы кеңіген сайын арта түседі. Бүгінде шешендік сөздің қолданылатын өрісі кеңіді, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінің барлық саласында, идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-білімнің, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің ең бір пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыстарда, жиындарда, семинар, симпозиумдарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Бұларда қолданылатын шешендік сөз – тек әдемі сөйлеудің үлгісі емес, жоғарыда аталған бес талапқа сай сөз амалы. Мазмұн сипаты жағынан елеулі айырмашылықтары бола тұра, бұрынғы билердің шешендік үлгілері мен қазіргі шешендердің сөздерін жақындастыратын бірнеше факторлар бар. Олар:

- сөздің көркем әрі әсерлі болуы;
- көркемдеу тәсілдерінің орынды қолданылуы;
- әлеуметтік мүддені қорғауы;
- тыңдаушыға психологиялық жағымды әсер туғызатындығы,

т.б.

Сонымен шешендік сөз белгілі бір уақиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртышылықтың ойына қозғау салатын үлгілі ойлар, тұжырымдар екен.

Әлбетте көпшілігі иландырып, олардың ойына қозғау салатын сөзді айту кез келген адамның еншісіне тие бермейді. Сыпайы да салмақты, алғыр да қылды, білімді де білікті адам ғана ойлы да оралымды сөз айта алады. Яғни, шешен адамның бойында интеллектуальдық және этикалық қасиеттің болуы – басты шарт. Дана әл-Фарабидің сөзімен айтқанда: «Интеллектуальдық – жанның ақыл-парасаттың жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық әділдік». Сөз сөйлеуші адамның жан дүниесі шешендік сөзде айырықша байқалады. Олай болса, әр сөздің арғы жағында Адам болмысы тұратыны – ақиқат.

Шешендік сөздің сөйлеушілер санына қарай: монологтік, диалогтік және полилогтік түрлері болады. Монолог түріндегі шешендікте - жеке адам толғанысы арқылы сөз иесінің сөйлеу шеберлігі көрінеді. Диалог түріндегі шешендікте (әңгіме, пікірталас үстінде, айтыста) - сөз иесінің пікірсайыс шеберлігі көрінеді. Ал полилог (бірнеше шешеннің бір-бірінің сөзін іліп әкетіп, дамыта жалғастыруы) түріндегі шешендікте – сөз иесінің логикалық тапқырлығы айрықша байқалады.

1-тапсырма. Оқулықтың алғы сөзінде айтылған ойлармен сабақтастырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Сөз мәдениеті мен шешендіктің байланысы қандай?
- Шешендік өнер ме, әлде туа біткен қасиет пе?
- Қазіргі қоғамда шешендік не үшін қажет?
- Шешендіктің қандай ұлттық дәстүрлермен байланысы бар?

2-тапсырма. Шешендікті үйрену мен жеке бастың бақыты қалай байланысады? Бұл сұраққа дана бабаларыңыз Әбу Насыр әл-Фарабидің төмендегі пікірлеріне сүйене отырып жауап беріңдер.

Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгілі бір жетілу болып табылады... Жетілушіліктің кез келгені – адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі күмән жоқ, адамның қалауы.

Адам бақытының шыңына жету, оған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді.

Жазуға шеберлік жазуға жетілген адамда ғана болады, ал жазуға, адам оны тамаша етіп орындауға әрекеттенгенде ғана жетіледі.

Ең дұрысы, бақыт – оқығанда, сабақ алғанда білімді игеру, әр түрлі өнерлерді үйренгенде оларды игеру, оларға сәйкес жұмыстарды орындау сияқты игілікті істер арқылы қол жететін мақсат.

Ақыл – парасат күші теориялық және практикалық күштерге бөлінеді. Теориялық күштің арқасында адам өзінің қолынан келмейтін нәрсенің мәнін танып біледі. Практикалық күштің арқасында, ол көңілі соққан жағдайда өз қолымен істей алатын нәрсенің мәнін танып-біледі.

(«Әлеуметтік-этникалық трактаттар» кітабынан.)

3-тапсырма. * «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың», - дейді халық даналығы. Алдыңғы тапсырмаларды орындау барысында жасаған тұжырымдарыңызды қорытып, осы мақалдың мәнін ашатындай ойтолғау жазыңыздар.

4-тапсырма. «Өнер алды - қызыл тіл...» тақырыбында пікір алысыңар.

5-тапсырма. «Асыл сөз» деген тақырыппен дәптер ашып, оған адам тағдыры мен тілдің байланысты екенін көрсететін мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді жинақтап жазыңдар.

6-тапсырма. Ғалымның шешендік сөз туралы пікірлерін оқып, талдаңыздар.

Дәстүрлі шешендік сөздер – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда халықтың бастан кешкен уақиғалары, ақыл-ой, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі бір дәрежеде жеке адамның өз мақсатына қарай жұмсайтын қаруы, құралы болған.

* * *

Шешендік сөздер ақындық сөздер (өлең-жырлар) мен көркем кара сөздердің (ертегі, әңгімелердің) алғашқы бөліне бастауын көрсететін аралық жанр сияқты. Өйткені шешендік сөзде әңгіменің де, жырдың да белігісі бар. Алайда кара сөз бен өлең сөздің

бөлінуімен шешендік сөз өткінші өнер ретінде жойылып кетпеген, қайта дамып, дербес жарн болып қалыптасқан.

* * *

Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы қазіргі әдеби тілімізден аса алшақ емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосыла қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры мен ұйытқысы есепті. Демек, шешендік сөздерді зерттеп-талдау ана тіліміздің сөздік қорын байытады, әдеби тілімізді дамытып, кеңейтеді; сөйлеу, жазу мәдениетімізді көтеруге пайдасы тиеді.

(Б.Адамбаев)

7-тапсырма. Берілген мақалдарды оқындар, мағынасын таратып айтындар.

1. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады. 2. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады. 3. Жанды жаралытын да сөз, емдейтін де сөз. 4. Жақсы лебіз – жарым ырыс. 5. Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. 6. Шешеннің сөзі – ортақ.

Осы мақалдардың ішінен қайсылары шешендік сөздің табиғатын ашуға септеседі деп ойлайсындар? Себебін дәлелдендер.

8-тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқындар.

Шешен сөйлеуге көп тыңдап, көп оқып, халықтың ауыз әдебиетін, әсіресе айтқыштық пен терең ойдың інжу-маржандары – мақал-мәтелдерді жетік біліп, сырына үңілу арқылы жаттығып, теңеледі. Халықтағы: «Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды. Бір айтпаса нақылды, ақылсыз айтпайды», - деген тұжырым содан шыққан.

(М.Базарбаев.)

* * *

Шешендік нақылдар мен толғаулар – ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл-ойдың дариясы, қасиеті ата-бабамыздың келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Ана тілімізді терең меңгерем, оның астарлы сырына үңілем, шешендік өнерден тәлім алам деген студент – ауыз

әдебиетінің осы бір ғажайып туындыларын тұшына оқитыны, оны шөліркей күтіп отыратыны даусыз.

(«Шешендік шиырлары» кітабынан)

1. Берілген сөздердің мазмұнына сүйеніп, шешендікке үйрену мәселелері жөніндегі ортақ ойды табыңдар.

2. Тілдің халық қазынасы екенін дәлелдейтін мақал-мәтелді қатыстырып, тіл құдіреті туралы өз ойларыңды тұжырымдап жазыңдар.

9-тапсырма. Даналар сөзін оқып, мәнін түсініңдер.

Шешендік – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнердің саласы. Ол өз бойына барша өнердің қасиет-күшін жинақтаған деуге болады.

(Платон.)

Тағдыр Цицеронды жер бетіне шешендіктің таңғажайып құдіретін оның тұлғасынан көрсету үшін жіберді.

(Квинтилиан.)

Сөйлеу сөз болатын нәрсені білуден туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы – бекершілік, балалық тырбаныс.

(Цицерон.)

Шынайы бекзаттық, мінез-құлық тазалығына бөленген шешендік өзінің табиғи әсемдігімен **тамаша**.

(Петроний.)

Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді.

(А.П.Чехов.)

Шешендік – ақылмен билеу өнері.

(Платон.)

Нағыз шешендікті меңгерудің жолына тәуекел етсеңіз, онда өте әділетті, білгір, білімді адам болуға міндеттісіз.

(Платон.)

Шешендік – кісінің көркі.

(Горацій.)

1. Берілген пікірлердің ішінен мазмұны жағынан үндес келетіндерін іріктеп, топтап жазыңдар. Ол сөздер бірін-бірі қалай толықтырып тұрғанына көңіл бөліңдер.

2. Шешендік жөнінде қазақ жырауларының өлеңдерінен үзінді тауып, жаттандар.

10-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды тұжырымдап жазындар.

Адам еш уақытта іштен, анадан туа шешен бола қаолмайды, оқу-үйрену арқылы жетеледі. Шешеннің шешендігі оның тілдік стилінен, ой өрісінен, жалпы, білім дәрежесінен белгілі.

Әбден үйреншікті, айтыла-айтыла ығыр болған сөйлемдер мен сөз тіркестерін, жаттанды фразаларды мүдірмей, сыдыртып көпірте сөйлеу жақсы қасиет емес. Әрине *кең дала, жазық дала* дегеннен гөрі *мидай дала, көлбеген кең дала* дегендер күшті әрі үйреншікті. Ондай үйреншіліктердің ұтымдыларын талғап сөйлеу қажет. Ал өз ойынан шықпаған жаттанды тіл орамдарын пайдаланушылардың шығармашылық әрекеті босансып, «жұмыс тілі» ғана жұмыс істейді, біліміне сүйенбейді, тілі мен жағына сүйенеді. Ми жұмысының ойлау қабілетіне қозғау салмайды, қызыл тілдің ұймылына қозғау салады. Мысалы, байлық, тарих, тәртіп, малшы сөздеріне үкі тағып, бедерлі етіп сөйлеу үшін газеттерде көп жазыла беретін «барынша байлық», «тарихи таразы», «темір тәртіп», «майталман малшы» тәрізді тіркестер қаншалықты үйреншікті, қалыпты норма болғанымен, оларды шешендіктің тұздығы етуде пәлендей нәр болмайды. Чехов айтқандай: «Интеллигент адамның татымсыз, нашар сөйлегені – сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей».

(М.Балақаев.)

Шешендік өнер бойынша түйіндер:

Шешендіктану – ғылым, шешендік сөз – белгілі бір оқиғаға қатысты көркем тілмен кестеленген шындық.

Шешендік – үздіксіз үйрену нәтижесінде қалыптасатын қасиет.

Сөз мәдениетнің жоғары формасы – шешендік.

Интеллектуальдық пен этика – шешеннің қос қанаты.

Шешендік сөздер сөйлеушінің санына қарай – монологтік, диалогтік, полилогтік болып бөлінеді.

Шешендік сөзге қойылатын талаптар

Тілдің дамуы мен жетілуі сөйлеу кезіндегі жеке адамға ғана тән шығармашылыққа сүйенеді. Шешендік сөз осындай шығармашылықтың биікке көтерілген кезінде көрінеді. Шешендік

сөз – жұрт алдында сөйлеудің зерделілік, эмоционалдық шығармашылыққа негізделген түрі. Зерделілік шешеннің ақыл-ойы мен парасының, білімінің деңгейін танытады. Нағыз шешендер өз ойын, өз пікірін қандай ортада қалай жеткізудің жолдарын айқындап, аудиторияны өзіне бағындырады әрі өзінің де сөз мәнерін, сөйлеу әдісін аудитория ерекшелігіне бейімдейді. Сонда ғана сөйлеуші мен тыңдаушы арасында түсіністік туады. Яғни, шешен сөзі көздеген мақсатына сай айтылады.

Шешендік сөздің ұтымдылығы онда публицистикалық стильге тән жігерлілік, қайраттылық, ой қозғаушылық сипаттардың, көркем-әдеби стильге тән тартымдылық, нәзіктік, сұлулық, көркемдік сипаттардың, ауызекі сөйлеу стиліне тән эмоционалдық, экспрессивтік сипаттардың тоғысуынан, өзара жарасымды өрілуінен көрінеді.

Шешендік сөзде оның адамға эстетикалық, этикалық жағынан әсер етуімен бірге тәрбиелік, тағылымдылық мәнінің де болуы сөзсіз қажет.

Шешен сөздің сапасы, үш мәселеге айрықша назар аударуды керек етеді: сөйлеу стилі, сөзге қойылатын негізгі талаптарды сақтауы, сөз мәнерлілігін арттыратын құралдардың қолданылуы. Тілдің нақты іс-әрекет үстіндегі стильдер жүйесіне қоса, әрбір шешеннің жеке өзіне тән, оның сөйлеуіндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын, танытатын, сөйлеу дағдысын аңғартатын стилі болады. Ол үздіксіз ізденудің, шешендіктің үздік үлгілерін оқып-үйренудің нәтижесінде қалыптасады.

Шешен сөзге қойылатын талаптар: сөз мазмұнының тереңдігі, ойдың жүйелі берілуі, пікірдің дәйектілігі, дәлелділігі, сөз мағыналарының дұрыс берілуі, сөздік қордың байлығы, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді орынды қолдана білу, т.б.

Шешендік сөзде ескерілуі тиіс қағидалар:

1. Шешендік сөздегі әр сөйлемде қамтылған сөздер айтылмақ ойдың бірден-бір дәл қондырған бөлшегі болуы керек.

2. Жазуда, сөйлеуде шешендік сөзді таңдағанда, олардың стильдік ерекшеліктерін ескеру керек.

3. Шешеннің сөз қолдану мәдениетіндегі керекті өлшемнің бірі – сөздің түсінікті болуы.

4. Сөз мәдениетіне жетік болу үшін қазақ тілінің сөз байлығын

жақсы білуі керек.

5. Сөздің айшықты әрі әуезді болуы да – негізгі қағида.

Шешендік сөзде көркем сөзге тән қасиет бар. Ғалым А.Байтұрсынұлы көркем сөздің сынын сыртқы және ішкі сын деп бөліп, оларды төмендегіше жіктейді.

Тысқы сындар: 1. Тілінің, лұғатының сыны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны.

2. Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны.

Ішкі сындар: 1. Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны.

2. Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны.

Көркем сөзді сағынғанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады.

11-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағынасын анықтандар, олардың шешендік сөзге қандай қатысы бар екенін өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Антоним, ауызекі тіл, дәйексөз (цитата), диалект, екпін, лексика, неологизм, синоним, тілдік жағдай, фразеологизм, эвфемизм.

12-тапсырма. Төмендегі сөздерді ауыспалы мағынада қолданып, бірнеше сөз тіркесін құраңдар. Олардың мағынасын таратып айтыңдар.

Үлгі: өткір – өткір тіл, өткір сөз, өткір ой, өткір сезім.

Өткір, биік, терең, айлалы, шолақ, есті, кәрі, жас, шебер, олақ, жылы, құнарлы.

 Осы тіркестерді саралап қолдана отырып, шешендік сөзге қойылатын талаптар жөнінде мәтін құраңдар.

13-тапсырма. Шал ақынның, Дулат жыраудың өлеңдерін мәнерлеп оқыңдар.

Сөйлейін сөзді ерінбей,
Бойымды бұлаң керілмей.
Айт дегенде кей адам –

Байбаланды өлімдей.
Жылы қылып сөйлейін
Ақ теңгенің мөріндей.
Шалқақтатып сөйлейін
Айдынның шалқар көліндей.
Асыл қылып сөйлейін
Базардың асыл бөзіндей.
Жабыстырып сөйлейін
Тұтыр сары желімдей.
Сұлу қылып сөйлейін
Қос жорғаны мініп ап,
Түскен жаңа келіндей.
Жатық қылып сөйлейін
Жазыққа біткен **ырандай**.
Жарастырып сөйлейін
Сәукеленің бетіндей,
Тымақта шаңқан қылаңдай.
Өлең айтып, ән салу –
Бұ да көңіл көтермек,
Не бар бізде құнарлы-ай.
Мылжыңдаған көп сөзді
Жаратпайды құран да –ай.
Құдайдан жәрдем болмаса,
Біздей кулар шулайды-ай.

(Шал ақын.)

Жыршының аты жыршы ма,
Өркімнен өлең жаттаса?
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз тігіп баттаса.
Шешеннің аты шешен бе,
Таңдайға дәмі үйіріліп,
Даугердің **тауын шақпаса?**
Дулатты Дулат деменіз,
Тас ағызып ағыны
Төре алдында ақпаса.

(Дулат жырау.)



1. Шал ақын өлеңінің мазмұнына сүйеніп, шешендік сөзге қойылатын талаптарды диаграмма түрінде жазыңдар.

2. Дулат өлеңін кара сөзге айналдырып, өз ойларыңмен сабақтастырып айтыңдар.

3. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Қазақ жыраулары шешендік сөз хақында» деген тақырыпқа реферат жазыңдар. Оны аудиторияда талқылаңдар.

14-тапсырма. Теледидардан, радиодан қоғам қайраткерлерінің, өнер адамдарының сөйлеген сөздерін тыңдаңдар. Олардың сөздерінің әсерлілігін арттырып немесе төмендетіп тұрған шарттарды анықтаңдар.

Шешендік сөздің сазы

Шешендік сөздің бүкіл мән-маңызын танытатын ең басты құрал – сөз. Шешен сөзі, негізінен, ауызша айтылатынын ескерсек, онда түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға шешеннің сол сөздерді нақты да түсінікті айтуына байланысты қабылданатыны сөзсіз. Шешендік сөз сапасына қойылатын талаптар шешеннің сөйлеу техникасын меңгеруіне де байланысты анықталады. Сондықтан бұл мәселе шешендік туралы ғылымның маңызды бөлігі болып саналады.

Сөйлеу техникасының құрамды бөліктері – дыбыстық, тыныстық қойылым, дауыс сазы, ырғақ, кідіріс, екпін, сөйлеу сәтіндегі дауыстың, мақамның, орфоэпияның дұрыс қойылымы.

Шешеннің *дауысы* – сөздің өтімділігіне әсер ететін шарттың бірі. Айтылатын сөздің мақсатына, мазмұнына сай дауысты құбылта қолдану шешеннің дарынына, тәжірибесіне, көркемдік танымына, табиғи-рухани болмысына байланысты.

Дауыс сазы – сөзді ажарлайтын маңызды фактор. Мысалы, шешен кез келген сөзді өз қажетіне қарай бірнеше интонациялық реңкпен айтуына мүмкіндігі мол. Бұл сөйлеушінің сезімін білдіруде үлкен рөл атқарады. «Сәлеметсіздер ме?» дейтін алғашқы сөздің өзін қанша түрлі сөзбен айтуға болады: жұмсақ, нәзік, мейірімді, құрметті, еліктіре, сынай, кекете, ықыласты, сұрай, т.б.

Дауыс саздылығына қол жеткізу үшін тыныстауды жүйеге келтіру қажет. Көпшілік алдында сөйлейтін адам өзінің тыныс

алуына бақылау жасай білуі қажет. Қатты әсерленген не толқыған сәтте адамның дем алуы (тыныстауы) жиілей түседі. Бұл сөйлеген сөзге кедергі келтіруі ықтимал. Сондықтан жұрт алдында шешен қанша толқыса да, сыр бермей елеусіз ғана логикалық кідірістер жасай отырып, дұрыс тыныстауға дағдыланғаны жөн. Шешеннің өз қалауына қарай дауысын құбылта алуының психологиялық алғы шарттары – өзіне деген сенімділік пен рухтың жоғарылығы. Ал бұлар оның сөзге әзірлігінің деңгейіне көп байланысты.

Сөйлеу техникасының және бір маңызды бөлігі – *мақам*. Сөз мазмұнымен үйлескен мақам сөздің жинақы, ойдың шымыр болып аудиторияның қызығушылығын арттыруға негіз болады. Сөздерді дұрыс айту, сөз тіркестері мен сөйлемнің ара жігін ажырата, мәнерлі сөйлеу де дұрыс тыныс алу мен сазды сөйлеуді қалыптастырады.

Сөз ырғағы да шешендік сөзді әсерлі етуге көп ықпал етеді. Шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушыға әсер етпейді, сөздің шындығы иландырмайды. Ырғағы дұрыс болмаса, сөз де жетім, құнсыз. Мысалы, саяси тақырыптағы немесе сот үрдісінде сөзді қысқа, жинақы айту қандай әсерлі болса, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдағы, сондай-ақ діни уағыздарда шешен сөзінің жұмсақ, сезімтал, нәзік болуы соншалық ұтымды.

Кідіріс - тыныс, үзіліс. Бұл дем алысты жеңілдетеді, ойлануға мүмкіндік тудырады, ойды, пікірді бөліп, ерекшелеп айтуға қолайлы жағдай жасайды.

Кідірістің бірнеше түрі бар. Біріншісі, тыныс белгілеріне орай грамматикалық кідіріс жасалады. Екіншісі, шешеннің әсер ала білу қабілетіне, ойлау парасатына байланысты туындайтын психологиялық кідіріс. Үшіншісі, сөздің, сөйлемнің, абзацтың мағынасына қарай пайда болатын логикалық кідіріс.

Сөйлеу тілі мәдениеті шешеннің әр сөйлемінің өз орайында әр алуан ырғақты үнмен, тиісті әуенмен, музыкалық сазымен айтылуынан айқын көрінеді.

Сөйлеу техникасының тағы бір талабы – сөздің орфоэпиялық нормаларға сай айтылуы. Қазақ сөзінің күдіреті мен сұлулығының өзі осы орфоэпиялық заңдылықтар: үндестік заңы, ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал арқылы көрінеді. Олай болса бүкіл болмысымен, табиғатымен әуез бен әуенге бейім тілдің дұрыс

айтылуын қадағалау да шешен үшін басты талаптардың бірінен саналады.

Осындай шарттардың сақталуы, сөз мазмұнының мәнерлілігі мен эмоциялық-экспрессивтік бояуының әсерлілігіне оң ықпалын тигізеді.

Сонымен С.Негимов тұжырым бойынша шешендік сөздің мәнерін интонациялық сипатына қарай мынадай түрлерге жіктеуге болады: 1) салқындылық пен ақылдылық; 2) от-жалын шешендік, лептілік пен тегеурінділік; 3) жұмсақтық пен нәзіктік.

15-тапсырма. Мәтінді дауыс мәнерін сақтап оқындар.

Ақан сері

Заманнан озып, талайлардан асып туған, жастайынан өнер қуған, қиял есігін еркелеп ашқан, жалпақ даланы жыр мен сырға толтырған, ай маңдайлы, ақ дидарлы, ақ қанатты ұрзадаларды, пәкизаттарды, перизаттарды жүрек құштарымен, іңкәр көңілмен, шалқар сезіммен толқыта суреттеген, сұлу, сылқым һәм меңіреу, мылқау табиғатпен бірге оянып, бірге қалғып, бірге күлісіп, біресе бүрісіп ғұмыр кешен сал-серілердің **падишасы** – ақпа ақын, саңлақ сазгер, дүлдүл әнші, майталман орындаушы Ақан сері Қорамсаұлы.

«Тау-тасты шабыт қылған **ақиық**» ел еркесі, сахараны ән мен күйге бөлеген өнер керуенінің ай мүйізді ақ серкесінің мінсіз тұлғасы, өнерпаздық келбет-болмысы турасында қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің жауһар нұсқаларының қажырлы жинаушысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Ақан сері – заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі» - деп шыншылдықпен сипаттаған.

Ақан сері Қорамсаұлы он үш жасқа келгенше Бұхарадан оқып келген Күнтудан діни білім алады. Сонан соң Уәли ахун хазіреттің медресесінде оқиды. Зеректік пен сергектікті, ұшқыр қабілет пен түйсік қуатын сүбесіне құйып берген мәрт табиғат, жомарт жаратылыс Ақанды білім дариясынан емін-еркін сусындатады. Ол араб, парсы, үнді, Орта Азия халықтарының ертегі-аңыздары негізінде жырланған қисса-хикаяларды жетік білген, терең түсінген. Сондай-ақ Фирдауси, Омар Хайям, Низами, Науаи, Әбу-л-Хасан Қисаи, Абу Шакур Балхи, Хафиз, Сағди, Физули, Руми сынды Шығыс жұлдыздарының інжу-маржан шығармаларын және халық мұраларын төгілтіп жатқа айтқан.

Ақан сері – ойын-сауықтың, той-думанның гүлі. Әрі шешен әрі тапқыр, әрі кесіп айтатын турашыл болған.

Ақан сері – қара өлеңді орып айтатын айтыс өнерінің де дүлдүл көгі. Талай аркалы ақындарды тулақша сіліккен. Ол Жүсіп төре, Қожамбек, Орынбай, Тезекбай, Мұқан, Ғалияһнұр, Әділ сияқты ақындармен сөз бәсекесіне түскен. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпеевпен және әрі болыс, әрі молла Қодыға баласы Есмағұлмен сәлем-хат арқылы айтысқан.

Ақан жұмбақтар да шығарған.

Ақан сері – табан астында, ойламаған жерде тауып айтатын тапқыр тілді алғыр ақын, суырылып тұрған шешен.

Сайып келгенде, Ақан серінің ақындық, әншілік мұрасы – біліктілік пен білімнен, сыршылдық пен сыншылдықтан, әдептілік пен әдемілікке құмартудан, көрегендік пен көсемдіктен, қуатты шабыт пен құдіретті қиялдан өріліп туған, өрнектеліп тоқылған саф таза поэзия.

(С.Негимов.)



1. Мәтіннен өздерің ұнаған абзацты жаттап алыңдар. Оны мәнерлеп айтыңдар.

2. Мәтіндегі шешендікке тән сипаттарды анықтаңдар. Айшықты тіркестерді теріп жазыңдар.

3. Мәтінді үлгі ретінде пайдаланып, өздерің қалаған өнар адамы туралы ойтолғау жазыңдар.

16-тапсырма. Белгілі актерлердің оқыған қара сөздерін, өлеңдерін бейнетаспаға не ұнтаспаға жазып алыңдар. Сол мәтінді өздерің де дауыстап оқып көріңдер.

17-тапсырма. Телехабарлардың, радиобағарлардың ішінде қайсысы ұнайды? Хабар жүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен шешендігіне баға берудің критерийлерін анықтаңдар. Сол критерийлер бойынша жүргізушінің сөзін бағалаңдар.

Шешендік сөздердің көріктеуіш құралдары

Шешеннің көркемдік-философиялық ойлау жүйесі неғұрлым қуатты болса, тіл де соғұрлым бейнелі, суреттіг көркем келеді. Суреттегіш-бейнелегіш һәм мәнерлегіш құралдар, небір құбылтулар, ажарлаулар асқақ ойдан, буырқанған сезімдерден туады. «Құнарлы

ойдан құнды сөз шығады», сөз құнын шындықты шымырлата жеткізер ширақ тіл арттыра түспек. Сондықтан анық сөздің мәнін қанық баяу ажарландырады, әсерлілігін күшейтеді.

Стилистикалық **айшықтаулар** (фигуралар) – айтылған ойға тікелей байланысты сөздердің тіркес құрамында үйлесімді қалыпта орналасуы. Олардың мән-маңызы жөнінде ежелгі дәуірден бергі шешендіктанушылардың еңбегінде айтылып келеді. Біз солардың ішіндегі бүгінші шешендікпен үйлесетін түрлеріне тоқталамыз.

Риторикалық сұрау – сұрақ түрінде белгілі бір фразаға жинақталған межелі ұсыныстар түйіні. Онда ойды, сезімді әсерлі ету үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсе әсерлі леппен, сұрау түрінде айтылады. Риторикалық сұрау тыңдарманның ойына қозғау салу үшін, олардың назарын бір мәселеге аудару мақсатында қойылады. Мысалы: *«Ел еңсесін көтеріп, егемендік алғалы да отыз жылға жуықтап қалыпты. Осы отыз жыл белесінде жеткен биігіміз қайсы? Бұл сауалға бір ғана ана тіліміздің өрістеуі тұрғысында қандай жауа айтар едік? Бүгінгі ұрпақтың бабалар мұрасына, аталар аманатына адалдығын айғақтайтын ісі қайсы? Мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің мерейі қандай?...»* деп басталатын сөз бүгінгі әңгіме арқауынан хабардар етумен қатар, тыңдаушылардың да назарын басты мәселеге бірден аударары хақ. Ал егер риторикалық сұрау ұтымды ұйқасқа құралса, оның әсері тіпті арта түспек.

Топ алдында айтылатын шешендік сөзге әсерлілік дарытатын тілдік тәсілдің бірі – **қайталау**. «Ол айтпақойдың бір қырына тыңдаушы назарын қазықтай түседі, сонымен қатар көркемдік-эстетикалық жүк те арқалайды». (Р.Сызыдқова.) Қайталау шешен сөзін ырғақтық жағынан топтастырып, жинақтайды. Оны тыңдаушы да жеңіл қабылдайды. Қайталанатын сөздер сөйлемнің басында да (анафора), сөйлем соңында да (эпифора) кездесе береді. Мысалы: *Поэзия туралы сыр – уақыт пен өнердің бірлігі туралы әңгіме. Поэзия туралы сыр – өсен талғам мен жеткен меже жайлы сөз. Поэзия туралы сыр – мәңгілік сөнбейтін сөз құдіреті туралы толғам.*

Градация (дамыту) да шешендік сөздің эмоционалдық әсерлілігін арттыра түсетін риторикалық тұлғалардың бірі. Ол алдыңғы сөзді, алдыңғы ойдан асыра, асқақтата түсу үшін қолданады. Мысалы:

Шынайы сезімді мөлдірете жеткізу асығуды, аптығуды, алқынуды қаламайды. Ақындық жалпақшешейліктен, жәдігөйліктен, мүләм-суден, көлгірсуден аулақ болғанда ғана абыройлы. Осындағы синоним мәндес бірыңғай мүшелердің эмоциялық реңктері бірте-бірте қоюлана түседі де, тыңдаушы назарын өзіне еріксіз аударады.

Сөз мәнерлілігі мен бейнелілігін арттыруда қолданылатын шешендік құрал – **метафора**. Бұл сөздерді ауыспалы мағынада қолдануды қажет етеді. Метафоралар ішкі танымды қозғалысқа түсіреді. Сөзге жарқындылық, көрнекілік сипат береді, ойды айқындауға, дәлелдеуге қызмет етеді. Қазіргі шешендікте ол мол қолданылады, көбінде салтанатты мәжілістерде, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптағы сөздерде жиі кездеседі. Мысалы: *Өмір – теңіз, білім – қайық, білік – ескек бүгінде. Шеті мен шегі көрінбейтін осы кеңістікте жол табу жас ұрпаққа – сын.*

Шешендік сөздердің барлық түрінде де жиі кездесетін көркемдік тәсіл – **салыстыру**. Ол ойды дұрыс түсіндіруде, сипаттауда үлкен рөл атқарды. Бейтаныс нәрселерді таныс дүниелермен салыстырса, салғастыра білу шешеннің тапқырлығына байланысты. Сондай-ақ эпитет, теңеу сөздер де шешендік сөздің көркемдік сапасын арттыратын құралдар. Троптың басқа түрлерін орынды кіріктіру сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін күшейтуде үлкен рөл атқарады. Шешендік сөзде фразалар, сөз тіркестері, сөздермен қатар жекеленген дыбыстарды да талғаммен қолданған тұста эстетикалық қызмет атқаратыны айқын.

Бұрынғы шешендікте ойға дәлел, тілге демеу ретінде мақал-мәтелдер, дайын тіркестер жиі қолданылса, қазіргі шешендік сөздерде мақал-мәтелдермен қатар, өзгелердің сөзінен келтірілген сілетемелер, дәйексөздер (цитаттар) мол лрын алады. Ықшамдау тәсілімен жасалған сөйлемдер де шешендік сөзге эмоциялық реңк беріп, оның әсерлілігін күшейтеді.

Шешендік сөздерге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктер де болады. Мысалы, қаратпа, қыстырма сөздерді көбірек келтіру, «ия», «жоқ», «ал», «ғой», «деймін», «керек» деген сияқты жеке сөздер мен шылауларды да бүгінгі шешендер жиі қолданады, бұлар да шешендік сөздерде айтушы мен тыңдаушыны жалғастыратын құралдардың бірі ретінде қызмет етеді.

Шешендік сөздердің осындай алуан түрлі амал-тәсілдерге бай

болуы оның сапасын арттырады. Сондықтан шешендік сөздің сырты қандай сұлу болса, ішкі мазмұны да терең мағынаны білдіруі, тыңдаушысын ұйытуы негізгі шарт ретінде қаралады. Шешендік өнерді бағалағанда осы мәселелер де басты назарда болады.

18-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Ақындар - арналы әдебиетіміздің арынды ағыстырды. Жағалауы жәннет, кәусәрі бал, арыны асау, алғырлығы оққа паратар, ақмөр, арқылы өзендер... Ол өзендер – сонау бастауынан арнасын тереңдетіп, кеңітіп, өз дәстүрлерін қалыптастырған таланттар. Шын мағынасында дәстүрлі ақындар – көркем ойдың алдыңғы күретауы ағыстары. Олардың шығармашылығы қазақ өлеңінің қазіргі сипатын, өсу жолын, алар белесін айқын аңғартады. Өлең атты кірпияз өнердің айнымас серігіне айналып, өмірлік мұрат ету оңай ма? Оған деген талап та, сын да жетерлік. Солардан сүрінбей өтіп, поэзия жанрын дамытуға белгілі еңбек сіңірудегі жігер, қасиеттер қандай? Осы орайда қазіргі қаламгерлеріміздің әдебиет табалдырығын алғаш аттағанда-ақ өздерінің суреткерлік ойына өзек етіп алатын басты, өшпес поэтикалық қасиеттері, дәні қандай? Салт-дәстүрсіз әдебиет тұл. Сондықтан да олардың тамаша дәстүрлері – ұрпақ мұрасы. Ал шығармашылық, көркемдік, стильдік беталыстарының, дәстүрлерінің қалыптасуының көзі өмірді жіті байқағыштықта, өмірімен өзектестікте, содан туатын дүниетаным кеңдігінде. Өмір, өмірлік тәжірибе, көзқарас тереңдегі... Барша эстетикалық заңдылықтар, сипаттар осыдан тарайды. Сол қасиеттер өсе, толыса келе, әрине талант күшіне қарай, жеке ақындақ дәстүрге айналады. Ал әуелгі бастаулар да қаламгердің ой-өрісінің кеңдігіне, байқағыштығына, саралағыштығына тәуелді.

Ондай тұрақты дүниетаным түзіліссіз, күрделі әдеби тұлғаның тууы туралы ойлау – күнә. Мысалы, көптеген жас, жасамыс ақындардың, кейбір орта буын ақындардың да әлсін-әлі өз әуенінен жаңылып, әрненің басын бір шалатыны жөнінде не дейміз... Табиғат, махаббат, адамгершілік, азаматтық... Кез келген тақырыпқа жапатармағай қалам сілтеушілер көп. Соның бәрі бірдей оқушысын елітіп, рухани сезім, қуат, жігер беретін өлең болып шықпайды. Көптеген ақындардың не туралы жазса да, көбінесе қаламгер бақыты саналатын суреткерлік даралыққа жете алмайтын сәттерін бәріміз де сеземіз. Тек жылт еткен сәтті сурет, бейнелер

көлеңкесінен аса алмай қала береді. Мұндай еңбектің өзі де әр гүлге бір қонған әдемі көбелек қаракеті сияқты.

(А.Егеубаев.)



1. Мәтін мазмұнына лайық ат қойындар.
2. Автор қандай тақырыпта сөз еткен?
3. Мәтінде қандай көріктеуіш шешендік құралдар қолданылған? Әдебиеттанудан алған теориялық білімдеріңе сүйеніп,, мәтінде қолданылған троптың түрлерін табындар.

Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шешендік сөз дегеніміз не? 2. Шешендік сөзге қандай стиль түрлері тән? 3. А.Байтұрсыновұлының жіктеуі бойынша, көркем сөздің сыны қаншаға бөлінеді? Пікірлеріңді нақты мысалмен дәлелдендер. 4. Сөйлеу техникасының құрамына не енеді? 5. Орфоэпиялық нормаларға қазақ тілінде ерекше мән берілуінің себебі не? 6. Шешендік сөздің көріктеуіш құралдарын атаңдар. 7. Бұрынғы шешендік пен қазіргі шешендіктің тілдік амалдарды қолданудағы ерекшеліктері туралы айтыңдар.

Шешендік өнердің тілтанымдық сипаты

Адамзат баласына тән құндылықтар – олардың ұлттық ерекшелігіне, жеріне, еліне, т.б. қатысты меншіктік сипатқа ие. Ал солардың ішіндегі қандайда бір шегарамен шектелмейтін екі үлкен нәрсе бар. Ол ғылым мен өнер. Екеуі екі жақтап адамға қызмет етері сөзсіз. Алайда екеуінің де ауқымы кең құбылыстар. Және бір-бірімен сабақтас дүниелер. Тіпті екеуін бір-бірімен жапсарлас, бірінен бірін ажыратуға келмейтін құбылыс деп тануға болады. Мәселен адамның интеллектуалды қуатынан туған ғылыми жаңалықты өнер деп танысақ, өнер ол – ғылым. Міне, осы жағынан келгенде ғылым мен өнер бірінен бірін ажыратуға келмейтін құбылыс. Ал екеуінің қай-қайсысы болмасын тілден тысқары емес. Солардың ішіндегі тілге жақыны, сөзге қатыстысы шешендік өнер. Шешендік – әр ұлтқа, халыққа тән бекзат өнер. Бұл жағынан келгенде әр ұлт өзінше шешен. Шешендік өнерді ғылыми тілде «риторика» деп атайды.

Риторика ғылымының негізін салушылар мен өкілдері, әрі әлемдік ақыл-ой онтологиясының белді мүшелері Протагор, Сократ, Платон Лиси, Исакрат, Демосфен, Жан Поль Марат, Максимилиа, Робеспьер, Аристотель, әл-Фараби, Луначарский, т.б. болып кете береді.

Шешендік өнерді үлкен классикалық өнер деп танысақ, сол өнердің белді бір мүшесі қазақ халқы. Қазақ шешендік өнері туралы «түркологияның атасы» В.В.Радловтан бастап, Бартольдт секілді алыс-жақын шетелдік ойшылдардың оңды пікір білдіргені көпке мәлім. Шешендік өнер – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры, қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани құнды мұрасы, асыл қазынасы. Қазақ шешендік сөз өнерінің көшбасына Майқы би мен Аяз билерден басталып, Жиренше шешен, Асан қайғы, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. есімдерін жатқызуға болады. Жалпы шешендік өнер мен қазақ шешендік өнеріне қатысты мәселелер академик Р.Сыздықованың «Шешендік сөз», С.Негимовтың «Шешендік өнер», Г.Қосымованың «Шешендік өнердің негіздері» атты зерттеулерінде жалпы шешендік өнердің тарихы, шешендік өнердің ерекшелігі, шешенге тән шеберліктер, ұлттық шешендік өнердің негіздері, шешен сөздің жанрлық түрлері, шешендік сөздің тектері, шешендік өнердің сан салалы мәселелері жан-жақты қарастырылған. Сондай-ақ қазақ шешендік өнері көбіне көп сөз мәдениетімен сабақтастықта қарастырылады.

Жалпы шешендік өнер риторика ғылымының аясында, әдебиеттің бір жанры, сөз өнері ретінде біршама зерттелген сала. Алайда шешендік өнерді тек аталған бағыт аясында ғана емес, лингвистика ғылымының антропоцентристік парадигма аясымен сабақтастықта зерттеу арқылы жаңа бір тың деректерге қол жеткізуге болады. Антропоцентристік лингвистикада ойлау процесі мен тіл табиғатының бір-бірімен күрделі заңдылықтар арқылы бір нүктеге түйісуі басты назарда болады. Ал шешендік сөз шиырлары тікелей ұтымды ой ұшқыны мен тіл шұрайының жемісі. Яғни, антропоцентристік лингвистикадағы ой мен тіл сабақтастығы адамның жан-жақты табиғатына сәйкес әлеуметтік, логикалық, философиялық, биологиялық, когнитологиялық, т.б. факторларды тұтастай қамтиды.

Шешендік өнерді тілтанымдық тұрғыда зерттеу арқылы шешен сөздің коммуникативтік акт барысындағы берілуін, шешендік ойдық қуаттылығын, шешендік сөздің стилистикалық бояуын, этика-эсте-

тикалық ерекшелігін, шешендіктен туған ой мен сөздің астарындағы танымдық ойдың қатпарларын тануға болады. Шешендік сөз ой тасқынынан табиғи түрде туындайды. Ал шешендікке талпыныс жасағандар әрине жаттайды, жаттығады. Шын мәніндегі шешен адам ой қуаты мен философиялық білім тереңдігі арқылы шешендік сөзді өз жанынан шығарады. Алайда шешен адамда өз білімін жетілдіру арқылыда шешендікке қатысты ойы мен сөзін шымырлап отыруы заңды құбылыс. Бұл жағынан келгенде тарихтағы Цицеронның шешендікке өзін-өзі баулуын айтуымызға болады. Цицерон шешендік өнерді игерудің бес әдісін айқындаған. Оның ең біріншісі, айтарыңның болуы, яғни сөздің мазмұны. Екіншісі, сол айтпақ ойыңды салмақтап, жүйеге келтіру. Үшіншісі, көркемдеу, яғни әдеби өңдеу. Төртіншісі, жадыға сақтау. Бесіншісі, келістіріп тұрып жақсылап айтып беру, сөйлеу. Адам бойындағы шешендік туа бітті ме, жоқ әлде жүре бітті ме деген таласты пікірге әйгілі шешен Цицеронның осы бес әдісі жауап бергендей. Цицерон адам табиғатына жаратылыстан берілген табиғи қабілетті (дарынды) мойындай отырып, тек қана соған малданып қалмай, оны үнемі жетілдіру қажет деп санайды. Шешендік өнер адам баласының танымдық әлеуетіне тікелей қатысты. Адам дүниедегі заттар мен құбылыстарды тани келе, оны жарыққа шығарғанда шешендікке тән элементтерді пайдалану арқылы өз өнерін паш етеді. Риторика ғылымында шешендік өнердің өкілдері әркелкі аталады. Мәселен, би-шешен, ділмар, оратор, лектор, т.б. титулды атауларды жатқызуға болады. Алайда бұл атаулар ресми тіркелген атаулар емес, халық өзі таныған жанға (тұлғаға) аталған атауларды бейресми түрде теліп отырған. Бұл ерекшелік қай тілде болмасын кездеседі.

Адам баласының қай-қайсысы болмасын шаршы топ алдында немесе қандай да бір ортада өз ойын шебер де шешен жеткізуге тырысады. Алайда ондай мүмкіндік екінің біріне бұйыра бермейтін қасиет. Мәселен біреудің өз ойын жеткізу үшін дайындаған трактофкасын орта қабылдамайды, немесе еріксіз тыңдайды. Яғни, оның жаттанды сөзі сіңімді емес. Ал енді біреудің сөйлеген сөзі еріксіз тыңдарманды өзіне қаратуы ол адамның табиғи болмысына тән қасиет екендігі даусыз. Бұл жерде әрине шешендіктің элементтерін қабілетіңнің бар-жоқтығына байланысты мүлде пайдаланба деген сөз емес. Керісінше пайдалану қажет. Алайда оны әсерлі, ұтымды

етіп пайдалану керек. Ал оны оңды-солды қолдану сөздің қадірі мен эстетикалық талғамның тұнығын лайлаумен бірдей.

Шешендік өнерге тән көптеген элементтер сонау Цицерон заманынан бастап күні бүгінге дейін қалыптасу үстінде. Шешен адам үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Қандайда болмасын шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, бейнелі сөзге, тапқыр логикаға құрылады. Сондай-ақ, табан астында тауып сөйлейтін тапқырлық, топ алдындағы тайсалмайтын батылдық, мүдірмей сөз бастайтын өткірлік, сөз сайысында саспайтын сабырлы болу да қажетті шарттардың бірі.

Жалпы риторика ғылымындағы шешендік сөз өнері жазбаша немесе ауызша айтылып (көбіне көп ауызша айтылған) дүниеге келеді де, одан кейін ауыздан-ауызға тарап, кейінгі ұрпаққа сөз өнерінің өлмес-өшпес мұрасы болып қалып отырған. Шешендік сөз өнері өзге сөз өнеріне (прозалық, поэзиялық туындылар) қарағанда ел мен жерге, ұлт пен нәсілге бөліне бермейтін, жалпы халықтық мәні басым өнер. Оған күнделікті тұрмыстағы коммуникативтік акт барысындағы анау айтыпты, мынау айтыпты деген мысалдарды жатқызуға болады. Шешендік сөздің астары тек тапқырлықтан тұрмайды. Ол ой салу мен ойлантудан, насихат пен даналықтан тұрады. Шешендік сөз айтыла келе бастапқы нұсқасының уақыт талабына сәйкес өзгеріске түсуі табиғилық.

Шешендік сөздің анық көрінер тұсы ақындар айтысы, түрлі сөз тартысына құрылған дискуссия мен дебатта (теледебат), алқалы топ алдында сөз сөйлеуде, әртүрлі даулы істерді шешуде, оңаша ой толғау не сұхбат құруда, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет айтуда анық көрінеді. Шешендік сөздер көбіне көп объектінің болмысына қатысты арыдан айтылған түсінік сөзден басталады. Сол арқылы өткен мен кеткенді таразылап, бүгінгі мен ертеңгінің не боларына көз жүгіртіп баяндаудан тұрады. Шешендік сөз өнері өзге өнер түрлеріне қарағанда жасампаз жанр. Ол үнемі жаңғыру мен жаңарудан тұрады. Өйткені адам баласының қандай қоғамдық формацияда болмасын басты қаруы – тіл. Ал сол тілдің бір саласы шешендік өнердің қоғамдық, әлеуметтік сипаты басым. Сондықтан шешендік өнерде қолданыстан шығып қалу, айналымнан кету құбылысы бола бермейді. Оған дәлел бүгінгі тілдік қолданыстағы ежелгі көне грек, рим дәуіріндегі, қала берді орта ғасырлардағы, ре-

несанс дәуіріндегі шешендік шиырларының күні бүгінге дейін тілдік айналымда жүргендігін алға тартуға болады. Ал бұл дегеніміз шешендік сөз өнерінің астарындағы таным қатпарларының күні бүгінге дейін сыр шертіп жатуы, шешендік сөз өнерінің концептуалды мүмкіндігінің күшті екендігін көрсетеді.

Риторика, шешендік өнер әлем тарихындағы көне ғылым саласы деп атауға болады. Шешендік өнер – өнер ретінде де ғылым ретінде де қоғам дамуының әртүрлі кезендерін басынан өткізіп келеді. Ежелгі грек-рим мәдениеті қарыштап дамыған дәуірлерден бастап, күні бүгінге дейін шешендік өнердің бірде маңызы артса, енді бірде мәні төмендегенімен, өзінің даму процесін үзбей жалғастырып келеді. Алайда шешендік өнерге деген қызығушылық қай қоғамда да артпаса, ешбір кеміген емес. Шешендік өнер сөз мәдениетіне тікелей қатысты жанр. Тіпті шешендік өнерді сөз мәдениетінің ең жоғарғы көрсеткіші деп тануға болады. Тіл білімінде «сөз мәдениеті» дегенде «тіл мәдениеті» деп атау орын алған. Бұл мәселе жөнінде тілшілердің арасында орныққан тұжырым әлі қалыптаса қойған жоқ. Дегенмен де «тіл мәдениеті» дегенге қарағанда «сөз мәдениеті» деп атасақ, мәдениеттің неге қатыстылығын және «тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғым-түсінікті білдіреді. Ал, «сөз мәдениеті» дегеннің ғылыми анықтамасына келетін болсақ, бұл мәселені қазақ тіл білімінде арнайы зерттеген ғалымдардың ғылыми пікірлерін басшылыққа алуға болады. М.Балақаевтың тұжырымы бойынша, «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» - десе, Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде, «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деп анықтама береді. Ал тілші-ғалым Р. Сыздық: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру,

жетілдіру», – дегенді айтады. Жоғарыда аталған ғалымдардың тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларына көз жүгірте отырып, лингвистикалық нормаларды сақтаған сөзді дұрыс айту мен дұрыс жазуды берік ұстанған, сол арқылы көңілдегі көрікті ойдың айқын, әсерлі жетуі мен екі ұдайы ойдың болмауы шешендікке тән көрсеткіштер екендігін анық байқауға болады.

Шешендік өнер қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Ақиқат өмірдегі түрлі саяси-әлеуметтік, қоғамдық жағдаяттарды ретке келтіруде шынайы шешендік өнер қызмет етеді. Шешендік өнердің қоғамдық қызметіне зер салсақ, шешендік әсіресе қоғамдық мәселелерді шешуде өте-мөте белсенді қызмет атқарды. Жалпы шешендік өнердің өкілдері әр алуан әлеуметтік топ арасынан шығып отырған. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың заман талабына сай өзгеруіне байланысты, шешендер мен шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді. Бүгінгі шешендік сөз бұрынғыдай өлең түрімен емес, таза қара сөзбен айтылуы қоғамдық-әлеуметтік өзгеріс пен сұранысқа қатысты болды.

Шешендік өнердің антропоцентристік парадигмаға негізделуін адресат пен адресент арасындағы қатынасты дамытып, сөз құдыретін тану басты бағыт етіп алынады. Әрбір сөздің сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қатынасты жоғары сапаға көтеру үшін екі жақтың да білімділік, адамгершілік, этикалық әлеуетінің теңдей дамытылуы көзделеді. Себебі адам баласы сөйлеуші ретінде де, тыңдаушы ретінде де ол тілдік және танымдық кодтарды меңгеруі қажет. Шешендік өнердің коммуникативтік сапаларының ішіндегі ең маңыздысы сөз қысқалығы. Мәселен тілдік таңба – стимул, тыңдаушы санасындағы білімнің мәні (реакциясы) күшті болса, аталған тілдік код пен когнитивтік код ұштаса келе, сөз субъектілерінің арасында тілтанымдық диалог орнайды. Ал тілтанымдық диалог – адамзат қоғамы өмір сүруінің басты көрсеткіші. Сондықтан шешендік өнер нормаларын меңгеру, сөз сапасына қатысты аялық білімді қатысымдық тұлғалардың өмірлік дағдыларына тірек етіп ұстану – бүгінгі антропоцентристік парадигманың басым бағыты болып табылады.

Соттағы шешендік

Еліміз егемендікке ие болып, өркениетті құқықтық мемлекет құруға шындап бет бұрған қазіргі таңда әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті жоғары деңгейде болуы шарт.

Конституция мен басқа да заңдарда өздеріне берілген қарапайым құқықтық нормаларды білмеудің салдарынан азаматтардың опық жейтіні жасырын емес. Міне осыдан келіп, адвокаттық қызметтің қажеттілігі туындайды.

Бастау көздерін антиалық дәуірден алатын соттағы шешендік сөздің басты мақсаты – қоғамдағы әділдікті орнықтыру, жеке адам мүддесі мен қоғам мүддесін таразыға салып безбендеу, әділетсіздікке қарсы үн көтеру.

Соттағы шешендік сөздің түрлеріне прокурордың айыптау сөзі, әлеуметтік айыптаулар мен қорғаушылардың сөздері, адвокаттың сөзі, айыпкердің қорғану сөзі жатады.

Адвокаттың сот өндірісіне қатысуы – ӨзР Конституциясы мен қылмыстық іс жүргізу заңдары бойынша айыпталушының қорғау құқығын жүзеге асырудың маңызды құралы екендігін біз бәріміз жақсы білеміз және білуге тиістіміз.

Қылмыстық іс жүргізу бойынша басты сот талқылауында адвокат-қорғаушының рөлі өте маңызды және мәнді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, қорғаушының қызметі қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі кепілі болып табылады.

Сотта сөйлеу – қылмыстық сот өндірісіне қатысатын прокурор, қорғаушы және басқа қатысушылардың өте күрделі және жауапты сәттерінің бірі.

Шынында, ешқандай іс жүргізу әрекетіне, сот жарыссөзінде сөз сөйлеу тәрізді жан-жақты, көптеген талаптар және сондай тыңғылықты дайындықта қажет емес. Мен өз жұмысымда негізінен адвокаттардың сот өндірісіндегі шешендік өнерін, оның ішінде оның қорғау сөздерінің мазмұнын ашуға тырыстым.

Қазіргі таңда, бұл мәселелерді зерттеген мақалалар, оқу құралдары көптеп шыға бастады. Оған қуануға болады. Бірақ егер адвокат монографияда, мақала да, әдістемелік құралдар да қорғаушының сөзі өзі-өзінің кәсіби шеберлігін көтеруді күнделікті жүзеге асыр-

маса, бірде-бірі көмектесе алмайды.

Сондықтан, барлық заңгер-авторлар, оның ішінде мен өзім де, адвокаттарға және болашақ адвокат боламын деген үміткерлерге өздерінің кәсіби біліктілігін жұмыс тәжірибесіндегі Өзбекстан Республикасы заңдарымен ғана көтеруге болмайтынын, қазіргі кездегі және кеңестік, қазіргі қазақстандық заңгер-адвокаттардың, өткен шешендік өнердің үлгілі тәжірибелерін пайдалансақ, әрі қарай қызметімізді кәсіби, жоғары дәрежеде атқаратынымызға сеніміміз зор.

Бұл мәселелер бойынша көрсетілген бекітулер, ұсыныстар және пікірлер қазір барлық елде, барлық мемлекеттің адвокаттарына тән нәрсе. Рас, теория практикамен сай келмеуі де мүмкін. Өйткені, қазір бізде заман да заң да өзгерді. 70 жыл Кеңестер Одағының қарауында болған кезде қазақтың атақты би-шешендерінің шешкен даулары, шешендік сөздері тарихтың астарында қалып қойды да, сот мәжілістеріндегі қорғау сөздері де айыптау сөздері де қатаң регламенттелген заңдарға ғана негізделіп, формальды күйде ғана өтіп отырды.

Қазір енді нарықтық экономикалық қатынасқа көшуде қазақ халқына дінімен қатар тілі де оралды. Енді процестердің көпшілігі қазақ тілінде өтіп, қылмыстық іс жүргізу заңдарының баптарында жоқ, сот мәжілісінің мәдениеті, сот этикасы деген терминдермен бірге «сотта сөйлеу өнері», «сот шешендігі» деген терминдер кірді.

Сот процесіндегі әрбір іс – бір тағдыр. Сол тағдырдың иесіне әділетті үкім, шынайы айыптау, кедергісіз қорғауды жүзеге асырса, әрбір процесс тарихта өшпей, өз маңыздылығымен, құндылығымен болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік сабақ болар еді. Ал, біздер сол болашақ ұрпақтармен бірге, өз замандастарымыздың ішіндегі әріптестеріміз сот, прокурор, адвокаттардың есімін біліп, еңбектерін елеп, жоғары мәртебе берер едік. Өйткені, небір істің сыншысы – халық. Сол халық өздерінің қандай әділетті соттары, прокурор айыптаушылары, қорғаушы адвокаттары бар екенін білер еді.

«Дала өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды – ол сөз құдыреті мен заң құдыреті. Ең бастысы осы екі құндылыққа негізделген билер әділ соты өзінің реттеушілік мәнін жойған жоқ. Билер әділ соты жалпы адами құн-

дылықтарын өмір ағысының қатаң талаптарына қарамастан сақтап, жаңа дәуірге дейін жеткізді. «Қазақтар ерте кезден бастап-ақ шешендікті өнердің ең биік шыңы деп бағалады. Өйткені, шешендік сөздер – елдің әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқарды».

Сонымен қатар адвокаттың қорғау сөзінің прокурордың айыптау сөзінен өзіндік ерекшелігі бар екендігі айқындалды. Біздің ойымызша олардың ішіндегі елеулілері мыналар: Біріншіден, прокурор мен адвокаттың монологтық сөзі – сот процесінің ең қажетті бөлігі болып саналғандықтан, қылмыстық істі тергегендегі прокуратураның міндеті: фактілердің дәлдігін, қылмыстың жасалуын, объективтік негіздер бойынша сотталушының кінәлілігін дәлелдеуге келіп сайса, адвокат қызметінің негізгі желісі: қылмыстық жауаптылыққа тартылған кісіге оның азаматтық құқығын қорғау үшін заң тұрғысынан қолдау, білікті заң көмегін, ақыл-кеңес беруден тұрады. Екеуі де өздерінің көзқарастарын сот алдында ауызша сөйлеу түрінде жалпыға паш етеді. Адам тағдыры таразыға салынып жатқан сот процесінде бұл бөліктің қылмыстық істі қарап, шешім шығарардағы алатын орны аса ерекше. Екіншіден, адвокаттар қылмыстық іс жүргізуді тез меңгеріп алады. Өйткені олар «сыйақы» алу үшін жұмыс жасайды, сондықтан өздерінің қорғауындағы адамы үшін прокурормен айтысуда «жер қазғаннан» әрі қызмет атқарады, адвокат өзінің қорғауындағы адаммен ұсталған кезден бастап жіберілгендіктен, ол іс бойынша ұсақ-түйек нәрселердің бәрін біледі. Прокурор кей жағдайларда басқа процестер бойынша өзінің жұмысының көптігінен істі процесте бірақ көріп, істің өзімен сол жерде танысып жататындары бар. Ал кез келген айтысуда бәсекелесін кішкентай жерден ұстап, жеңуге болады.

Қорғаушы мен мемлекеттік айыпталушының басты сот талқылауы кезіндегі өздерінің процессуалдық және азаматтық міндеттерін мүлтіксіз атқаруы, құқықтық сауаттылықтың озық үлгісін танытуы, олардың сот мәжілісі үстіндегі мінезқұлықтары, талқыланып отырған іс бойынша әділдік пен шындықты анықтауға бағытталған іс-әрекеттері, тыңдау және сөйлеу мәдениеті, мәжіліске қатынасып отырған тараптардың ынтасын еріксіз өзіне аудару қабілеті біз талдап отырған мәселенің мазмұнын толықтыратын субъективті әрекеттер санатына жатады.

Сондықтан сот жарыссөздері күнделікті өмірімізде ашық өтіп, адвокаттар мен прокурорлардың шешендік өнерінің бағасы – соттағы жарыссөздеріне іске қатысушылармен бірге басқа да азаматтар мен заңды тұлға органдарының, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысуын қамтамасыз етсе және прокурорлар мен адвокаттардың сот жарыссөзіндегі сөйлеген тезистері бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып тұрса онда олар қағаз жүзінде емес, саналық түрдегі ақылой мен шешендік өнердегі өз қабілеттіктерін жетекшілікке алар еді.

Сот академиясы тәрізді Адвокаттар Академиясында практик-адвокаттардың сот жарыссөзі бойынша болашақ адвокаттардың шешендік өнерін қалыптастыру мәселелерін күн тәртібінен түсірмеу керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет құру жолында адвокатура мен адвокаттардың құқықтық мәртебесі жоғары болмақ.

«Сотталушының қорғаушысы сот жарыссөзінде қорғау сөзін айтуға міндетті. Адвокаттың қорғау сөзі – бұл қорытынды, қорғауды аяқтау, бүкіл іс материалдары бойынша сот мәжілісінде зерттелген қорытынды. Қылмыстық іс бойынша қорғаушының сот мәжілісіне қатысуының кульминациялық сәті – қорғаушының өз қызметін жүзеге асыруындағы маңызды құрал болып табылады. Яғни, қылмыстық іс бойынша қорғау сөзі – соттың ішкі нанымын қалыптастыру үшін нақтылықпен, айқындылықпен сотқа әсер ету, бұл қорғаушыдан өзінің білімін көтеру үшін үлкен маңдай терін төгуді қажет ететін маңызды шығармашылық акт».

Зерттеген ғалымдардың еңбектеріне көңіл бөле отырып, адвокаттардың сот өндірісіндегі шешендік өнерінің негізі – қорғау сөзіне анықтама берілді. Адвокаттың қорғау сөзі – дәлелдемелерді саралау мен бағалауға және істің барлық мән-жайларын анықтап, сотталушы тұлғасына адами және психологиялық мінездеме бере отырып, оған берілген жазаны, қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайларды келтіре отырып, көрсетілген дәлелдемелерге сай, қорғауындағы адамның әрекетін дәрежелеп, қорытындысында ақтауды не жеңіл жаза қолдануды сұрайтын адвокаттық істің аяқталуын сипаттайтын кульминациялық сәті болып есептеледі. Адвокаттардың қылмыстық сот жарыссөздеріне қатысу міндеттілігі және оның қорғау сөзінің сот шешендігін жетілдіру үшін маңызы бар екенін айтуға болады. Сондықтан, адвокаттардың қорғау сөзін

құрастыру мен дайындау негізін және олардың шешендік өнерді қолдануы, іс жүргізу бағыттары мен рөлін айқындай отырып, адвокаттардың қорғау сөзінің мақсаты мен міндеттерін былайша сипаттауға болады:

- Бірінші мақсаты – ол тыңдаушыларды нақты бір іс саласына жетелей отырып, оны осы процестің негіздерімен, сипаты мен орындалу амал-тәсіліне, мақсаты мен ниетіне терең талдау жасау және болған жағдайды, оқиғаны толық қайта қалпына келтіру.

- Екінші мақсаты – қылмыстың жеке бөліктеріне тиісті баға беру және сотқа қатысушы тұлғаларға талқыланып отырған істің мазмұнын терең түсінуге және шығарылған үкімнің қаншалықты әділ шығуына көз жеткізулеріне мүмкіндік беру. Кәсіби шеберлігін шешендік өнер яғни сөйлеу өнерімен жалғастыра сабақтастыра отырып, адвокат-қорғаушы нақты бір жүйеге құрылған, мән-мазмұнға бай, сауатты сөйленген сөз ғана сот төрелігінің мейлінше әділ шығарылуына кепіл бола алатынын дәлелдейді.

Қорғау сөзі – адвокат қорғаушылар мен айыпталушының өзін-өзі қорғау үшін ең бір маңызды, кәсіби және жауапты міндеттің бірі. Сондықтан, қорғау сөзінің мақсаты мен бағыты қылмыстық іс жүргізудегі қорғаудың мақсаты мен бағытынан туындайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Соттың міндеті – әрекетке дұрыс негізді құқықтық баға беру, әрекетті дұрыс дәрежелееу, заңды тура қолдану.

Қорғаушының міндеті – бұл жерде де соттың міндетінен алысқа кетпейді. Қорғаушы өзінің міндетінен соттың заңдарды тек өз клиенті сотталушының мүддесі үшін заңдары дұрыс қолдануды сұрамайды.

Сот жарыссөзіндегі адвокаттың қорғау сөзінің рөлі мен маңызын аша келіп, қорытындысында сот жарыссөзі жарыссөз болмай, полемика формасы болмай, сот жарыссөздерінің қарама-қарсы пікірдегі көзқарас болмай бәсекелестік болмайды.

19-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Осы күнде қазақта ауыл басына жүз үй. Жүз үй басына бір би. Биді Құдай қаңғыртқаны болмаса, би түзу болса, билік әділ болса, би үй қасында, желіп барып биге түсіп, дау біте қалатын жерде. Биге закон – жол жасап беріп, осы соқпақпен жүр деп жүргізсек, биді кім болса содан қорықпайтын қылсақ, ауыл басына бір би жұртқа

жақындығынан, жұрт ортасында болғандықтан, жұртқа пайдалы, жұртқа ыңғайлы болмай ма?

(Ә.Бөкейханов.)

20-тапсырма. Төмендегі нақыл сөздердің ішінен қалаған біреуін соттағы шешендікпен байланыстырып таладаңдар.

Ақылдан тірегі болмаса,
Алмастай өткір жүрегі болмаса
Яшешендік мінсіз бе?

Көкірек таза болмаса,
Көз тасзасы не керек?
Денің таза болмаса,
Тіл тазасы не керек?

Әділ биі болмаса,
Бірлігі кетіп, ел ғаріп.

Қас шешеннің белгісі
Топтан торай шалдырмас.

Ел шетіне сөз келсе,
Билер көрер бейнеті.

Өз басына дау келсе,
Билігің – зая.

 1. Мәтінде қазақ биі мен билік жолының қандай ерекшеліктері сөз болады?

2. Автор әділ билік жасаудың қандай алғышарттарын ұсынады (биге жасалар жағдайлар бойынша әңгімелесіңдер).

3. Автор айтқан қоғамдық дерттің бүгінгі жайы туралы не айтар едіңдер?

Академиялық шешендік сөз

Күнделікті дайындықты, үнемі толықтыруды, жетілдіруді қажет ететін, уақыт пен қоғамның тынысын дәл бағамдап отыруымен, жаңашылдық сипатымен, ғылыми негіздерінің тереңдігімен ерекшеленетін шешендік сөздің маңызды бір тірегі – академиялық шешендік.

Академиялық шешендік сөздің мақсаты – тыңдаушыларға ғаламды танудың жолын көрсету, жаратылыстың заңдары мен заңдылықтарын түсіндіру, шындықты логикалық жүйемен аша отырып, адамның ғылыми-танымдық өрісін кеңейту, дүниедегі алуан құбылыстардың табиғатын саналы түсінуге жол ашу.

Академиялық шешендік сөздің түрлеріне – жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндамалар, ғылыми хабарламалар, шолулар, ғылыми-көпшілік дәрістер жатады. Тыңдаушыларымен бетпе-бет отырып сөйлеу, шешеннің ерекше біртұтастық, тікелей байланыс болады.

Шешен қандай күрделі жағдайда болмасын (оқыстан қойылған сауалдарға, репликаларға) тапқырлық, ұтқырлық, икемділік танытардай тас түйін дайындықта тұруы тиіс. Ол, ең алдымен, ой-пікірн сәтті сабақтастыруға шебер, аудиторияның тосын сұрақтарына ішкі серпіліске шапшаң, жанды жауап беруге төселуі қажет.

Аудиторияны өзіне бағындыру, ықыласына бөлену – үлкен өнер. Аудиторияның әлеуметтік құрамын, білім деңгейін, жас ерекшеліктерін, яғни түсіндіру мен қабылдау мәселелерін зерделей білуі де шешеннің сұңғылалығын қажет етеді. Жаңалықты құбылысты тыңдаушылардың жүрегіне ұялатып, санасына сіңіру үшін белгілі бір нақтылы жайлармен салыстыру, қиыстыру амалдарына жүйріктік те шешен беделін көтереді.

Ғалым Р.Сыздықова: «Біздің заманымыздағы жоғары оқу орнының оқытушысы кәсіби дәрісші болып саналады. Ол – ғылым мен техниканың әдебиет пен өнердің табыстарын тиісті аудиторияға жеткізуші, насихаттаушы адам. Ал дәріскердің басты құралы – шешендік. Бұл типтегі шешендік сөздің негізгі сипаты тілдік-көркемдеуіш элементтерден емес, айтылған ойдың қажеттігінен, дәлелділігімен және ақпарат беретін мақсатынан танылуға тиіс. Мұндағы аргумент мақалдатып-мәтелдетіп берілмейді. Психологиялық

эффект те сөздің «сылдырап өңкей келісімімен» емес, логикалық желінің күштілігімен, қорытынды түйіннің дәлелділігімен жасалады», - дейді.

«Пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.» *(А.Байтұрсынұлы.)*

Академиялық шешендіктің басты ерекшелігі – шешендік сөздің ғылыми, танымдық негіздерінің мықты болуы, деректік мағлұматтардың дәлдігі, пайымдама, тұжырымдардың объективтілігі, түйіндеулердің дәйектілігі. Шешендік сөздің бұл түріне сан тарау қағидаларды, заңдылықтарды өз ретімен, жүйесімен қолдана отырып, салыстырулар жасау, анализ, синтез әдістерін тиімді қолданудың мәні зор.

Стильдік тұрғыдан келгенде ғылымилық та, ресмилік те, публицистикалық та сипаттағы сөз қолданыстары тоғысатын академиялық шешендікке лириканың да қатысуы сөз әсерін сәулендіреді. Академиялық шешендіктің құны тыңдаушыны «үркітетін» ғылыми терминдер тасқынымен емес, барынша түсінікті, қысқа да нұсқа болуымен, қабылдауға жеңілдігімен өлшенеді. Дәріскердің түйдек-ті ойлары бір-бірінен тындап, өрбіп, дамып отыруы қажет.

Академиялық шешендікте дәріскер мен аудиторияның жиі кездесуі, қарым-қатынасының біршама тұрақтылығы да оның өзіндік ерекшелігі болып саналады. Сондықтан әр кездесу сайын тың деректер, жаңашыл сипаттары болуымен қатар, кешегі, бүгінгі, ертеңгі сөздерінің біртұтастылығын, сабақтастығын дамытушылық тұрғыда жалғап ойтру да, шешеннің саликалық қасиетіне сын.

«Сөз шешендік қисынға, ой-пікір жүйелілігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделуі тиіс», - деген әл-Фараби тұжырымы осы академиялық шешендікке сәйкес келеді. Академиялық шешендік сөздің сапалық белгісінің бірі – уәжділігі мен тәрбиелік-тағылымдық мәнінің болуы. Мұнда формалдық пен әсіре боямалыққа орын жоқ. Шешеннен психологиялық-педагогикалық мәдениет талап етіледі.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік

Шешеннің сөйлеу шеберлігінің жарқырай көрінетін адами асыл қасиеттері мен жеке көзқарастарының, сезімінің тоғысынан туатын шабытты сөздің бір түрі – әлеуметтік-тұрмыстық шешендік.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке бүгінде мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында, қабір басында айталытн сөздер жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық сөздердің мақсаты – белгілі бір оқиғаға қатысты немесе жеке тұлғалардың қоғамдағы, өз ортасындағы атқарған ісін дәріптеу, мадақтау, оның сіңірген еңбегін бағалау тұрғысында тағылымды ой тастау.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөзге ауызекі сөйлеу стиліне, публицистикалық стильге лайық белгілер, әсіресе көркем әдебиет стиліне сай көркемдік сөз айшықтығы, биік пафос, мөлдір романтика, шұрайлы шындық тән.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің озық үлгілері шешендік арнауларда, шешендік жоқтау сөздерде ерекше дараланып көрінеді. Әсіресе еліне сіңген халық көсемдерінің, айтулы тұлғаларының бейнесін биіктеткен сөз үлгілері қазақ жырауларының, ақындарының шығармаларында жиі ұшырасады.

Заман талабына сай айтылатын әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздер қазір де жиі кездеседі. Мүшелтойға, мерейтойға қатысты жиындарда, баспасөзде, ақпарат құралдарында айтылатын мадақсөздердің ішінде салиқалы, сырлы, сұңғыла сөз маржандарын табу қиын емес.

Ұлттық дәстүрге сай бата беру, көңіл сұрау, көңіл айту, естірту де әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің түріне жатады. Онда адами қатынастың ең биік үлгілері бой көрсетеді.

Азалы, қаралы жиындарда жан тебірентер қоштасу сөзінде қаншама тағылымды із бар. Осының бәрінде шешеннің терең ойы мен сындарлы сөзі ұштасып жатады.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздерде қолданылатын тілдік құралдар: афоризмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, оқшау сөздер, ажарлау, айшықтау, шешендік фигуралар: риторикалық сұрау, риторикалық қайталау, т.б. Онда эмоциялық-экспрессивтік мәндегі сөздер де орынды қолданылса, нұр үстіне нұр.

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөздердің әулеттің, отбасының ауқымындағы жиын-тойларда да әсері мол.

Бүгінде түрлі құттықтауларда да шешендіктің асып-төгілетін сөз үлгілерін қолдану – ұлттық шешендік дәстүрдің жалғастығының куәсі.

Сонымен шешендік сөздердің тектері мен түрлеріне қатысты мағлұматтардың жинақталып берілуін, төмендегі кестеден көруге болады.

Шешендік сөздердің тектері мен түрлері

№	Шешендік сөздің тектері	Шешендік сөздердің түрлері	Стильдері	Негізгі тілдік құралдары
1	2	3	4	5
I	Әлеуметтік-саяси шешендер	Баяндамалар, съезд, конференция, мәжіліс, парламенттегі, митингідегі сөз. Әскери-патриоттық, үгіт-насихаттық саяси шолу, дипломатиялық сөз	Публицистикалық, ресми ғылыми	Афоризмдер, терминдер, фактілер, сілтемелер, қаратпа, қыстырма сөздер
II	Академиялық шешендік	Мектептегі, жоғары оқу орындарындағы дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама, ғылыми-көпшілік дәріс	Ғылыми, ресми, публицистикалық	Деректер, терминдер, сілтемелер, салыстырулар
III	Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік	Мерейтойдағы, салтанатты дастарқандағы, қабір басындағы сөйленетін сөздер, көңіл айту, көңіл сұрау, естірту, жұбату, т.б.	Көркем әдебиет, публицистикалық, ауызекі сөйлеу	Мақал-мәтелдер, афоризмдер, тұрақты тіркестер, оқшау сөздер, метафоралар, ажарлау тәсілі, риторикалық сұрау
IV	Сот ісінде қолданылатын шешендік	Прокурордың айыптау сөзі, адвокаттың қорғау сөзі, айыпкердің қорғану сөзі	Публицистикалық, ресми сөйлеу	Іскерлік қатынасқа тән сөз орамдары, мақал-мәтелдері, риторикалық сұраулар
V	Діни шешендік	Уағыздар, иман сөздер	Публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдеби	Дінге қатысты терминдер, имандылыққа үндейтін сөз орамдары, т.б.

21-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқындар.

Қайғысыз, мұңсыз жан бар ма?

Сандыбай өлгенде, бәйбішесі қайғырып жатып алыпты. Көңіл айтып жұбатқандардың сөзін құлағына ілмепті. Бір күні Шорман келсе де, бәйбіше күрсініп жата беріпті.

Сонда Шорманның айтқаны көңілі екен:

- Жатырмысың қайғырып,
Өтіп кеткен Абыланға.
Алладан бұйрық келгенде,
Кім тұрады жалғанда?
Қайғысыз, мұңсыз жан бар ма?
Талайы қалған арманда.
Айтатұғын сөз бар ма,
Бір жаратқан алғанда?
Өзелде жазған тағдырды
Бір жаратқан бұзған ба!
Үш жүздің анасы емес пе ең,
Өзің көңіл айтсаңшы,
Біздей жетім қалғанға!

Сонда бәйбіше: «Ә,солай ма?» - деп басын көтеріп, Шорманмен амандасқан екен.



1. Көңіл айту дәстүрінің адамгершілік негіздермен байланысын әңгімелеңдер.

2. Көңіл айту үстіндегі шешеннің тапқырлығын дәлелдендер.

3. Көркем әдебиеттен, шешендік сөздер жинақтарынан осы дәстүрге қатысты озық үлгінің 2-3 түрін «Асыл сөз» дәптеріне жазындар, оларды ауызша талдандар.

22-тапсырма. Батаны оқындар, оның әр жолындағы тілектің мәнін түсіндіріңдер.

Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйұысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Сапарлының жолын бер.
Қыздың қылығын бер,
Судың тұнығын бер.

Асаудың арынын бер,
Түнгі оттың жалынны бер.
Асқар таудың **паңдығын** бер,
Бұлбұлдың таңғы үнін бер.
Даланың жазықтығын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер.
Лашынның жүрегін бер,
Нағыз достың тілегін бер.

(А.Сейдімбек.)



1. Бата сөздегі шешендік сөзге тән белгілерді атап көрсетіндер. Өз орта

2. Бата сөздің қандай маңызы бар? Өз орталарыңыздағы батагөй адамдар жөнінде әңгімелендер.

3. Батаның бұрынғы шешендік және қазіргі шешендікке қатысты екі түрін алып, мазмұны, тілі жағынан салыстырыңдар.

Шешеннің өзін ұстау әдебі мен мәдениеті

Шешендік сөздің әсерлілігін арттыратын факторларға тек тілдік (лингвистикалық) не сөз мәнері (паралингвистикалық) ғана емес, шешеннің көпшілік алдында өзін өзі ұстау әдебі- сыртқы келбеті мен бетжүзі, дене қимылдары (кинетикалық) да жатады. Сондықтан бұл да шешенге қойылатын талап ретінде арнайы сөз етуді қажет етеді.

Сөйлеушінің сыртқы түріне қатысты мәселелер де шешеннің болмыс мәдениетімен бірлікте қамтылады. Көпшілік алдында шығатын адамның киім киісі, жинақылығы, өзін ұстауы, бет-жүз, қол, дене қимылдарының сөз мазмұнымен үйлесімді болуы да шешен сөзінің мәнін арттырады.

Шешеннің мәдениеті тыңдаушы ортаның ерекшелігін ескеруден және соан қарай өзін бейімдеуден анық көрінеді. Сөз саптауда тыңдаушылардың жас, әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру қандай маңызды болса, шешеннің бет-жүз, және дене қимылдарын сөз мазмұнына сәйкестендіре алуы соншалықты мәнді. Себебі бет, қол, барлық тән мүшелерінің қозғалысы – шешен сөзінің «көмекші

құралдары». Оларды қолданудың да өзіндік реті, талаптары, принциптері бар: біріншіден, бет-жүз, дене қимылдары шешен сөзінің табиғатымен сәйкес болуы тиіс. Мәселен, әлеуметтік – саяси мазмұнды шешенді сөзді айтушы мен әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөзді айтушының ым-ишаралды қолдануы бірдей емес. Біріншісіне – ресмилік, өзін-өзі шектеушілік тән болса, екіншісіне – қызу қандылық, әсершілдік басым болуы заңды. Екіншіден, бет-жүз, дене қимылдары шешен сөзіне көмекші құрал ретінде қызмет етуі тиіс. Себебі кейде сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезім толқындарын көз жанары, қол не дене қимылдары дәл береді. Ең қарапайым мысал, қызықты, тартысты сұрақ төңірегіне дабырласып кеткен аудиторияны үстелді тоқпақтап, не дауыс көтеріп тоқтатқаннан гөрі, жымия қарап, оң қолды сәл жоғары ұстап, алақанды жазып белгі беру әлдеқайда ұтымды. Үшіншіден, ым-ишаралар шешен сөзінің әсерлілігін арттыру мақсатында жұмсалуды тиіс. Мысалы, шешен бір затты не құбылысты суреттеуде әсерлеудің литота не гипербола тәсілдерін қолдануда оған қосымша қол қимылдарын да жарасымды сәйкестендіре алса, тыңдаушыны одан сайын еліктіре түсері сөзсіз. Төртіншіден, ым-ишаралар барынша табиғи болуы тиіс. Біреуге еліктеуден немесе шешендікте ым-ишара қайткенде қолданылуы керек деген тұрғыда жасалған қимыл-қозғалыстар құмері әсер туғызуы мүмкін. Сөзбен жанаспайтын, оймен қабыспайтын қозғалыстар күлкі тудырады, сөз әсерлілігін төмендетеді. Атқаратын қосалқы қызметтеріне орай, ым-ишаралар іштей мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) өзгермелі ишаралар;
- 2) суреттеуші ишаралар;
- 3) нұсқаушы ишаралар;
- 4) реттеуші ишаралар.

Шешендік мәдениеттілігі оның жан-дүние қозғалыстарының бет-жүз, дене қимылымен жарасымды ұштасуынан айқын аңғарылады. Ым-ишаралар ой-сезім толқындарымен, сондай-ақ шешеннің мінез-құлық ерекшеліктерімен де тығыз байланысты. Мәселенің мәселесі адамның жүзінде. Барша қуаттың ұясы – көзі. Сөздің қозғаушы күші - жан дүниесі болса, жанның бейнесі – бет, оның ішіндегі ерекшесі – көз. Бұл – дененің бірегей, ең жалқы үздік мүшесі. Өйткені ол – көңіл күй толқындарын, өзгерістерін елеусіз

реңктерін мейлінше толық, жетік, жан-жақты жеткізетін құдіретті мүше. «Көз – көңілдің айнасы» деген сөз мәні сол. Шешен жүзіндегі имандылық, жүріс-тұрысындағы, отырысындағы сыпайлық бәрі – мәдениеттілік белгілері. Қазақта «Жүрісі жаман құл болар, отырысы жаман күң болар» деген сөз бар. Олай болса, сөз бен қимылдың адам болмысын танытудағы рөлі бірдей.

Әрине шешен қимылы сахналық жасанды болмауы – негізгі шарт. Ойды, пікірді, сөзді мазмұн жағынан тұспалмен түсіндіруге, ыммен иландыруға қызмет ететін кинетикалық құбылыстар маңызды деп есептеледі.

23-тапсырма. Қазақтың тыйым сөздеріннен ым-ишараға қатыстыларын теріп жазыңдар. Оларға тыйым салыну себептерін үлкендердің көмегімен анықтандар.

24-тапсырма. Курстастарыңдағы жолдастарыңның сөйлеу кезіндегі бет-жүз, дене қимылдарын бақылаңдар. Ең мәдениетті деп кімді есептейсіңдер, сөздерінді дәлелдендер.

25-тапсырма. Шешендік сөздердің ішінен даналардың ыммен, ишарамен ғана ұғынысқанын баяндайтын мысалдардың біреуін тауып жазыңдар. Ым-ишараның тапқырлықпен байланысы жөнінде ой түйіндендер.

26-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын,сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.
Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол бояу,
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын сөзде тез?
Әбілет басқан елер ме?
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзілмесін білген ез?
«Айтыш-айтшылап» жалынар.
Ұшқыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалынар.

Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар
Ұйқылы — ояу бойкүйез.
Жас баладй жеңсік қой
Байлаулы емес ақыл, ой,
Ойлағаны — айт пен той,
Ыржаң-қылжаң ит мінез.
Сұлу қыз бен, я батыр
Болмаған соң, тәңір алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без.
Жаксыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез?
«Ой, тәңірі-ай» щыл кер есек,
Қулық, сұмдық не өсек
Болмаған соң, бір есеп —
Мейлі қамқа, мейлі бөз.

(Абай.)



1. Абай өлеңдеріндегі сөз өнері, оның құдіреті жөніндегі тұжырымды нақтылап атаңдар.
2. Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қандай байланыс көрсетіледі? Әңгімелеңдер.
3. Мәтінге сүйеніп, тыңдаушыға сипаттама жазыңдар.

27-тапсырма. Мәтінді дауыс ырғағын құбылтып оқыңдар.

Үш бәйтерек

Сәкен, Бейімбет, Ілияс! Үшеуінің де жөргегі — ұлан-ғайыр бір даланың топырағы. Біреуі - соның кіндік ортасында, біреуі теріскей, біреуі — күнгей шалғайында бір жылы туыпты. **Үшеуі** де бір жаздың майсасынан алғаш нәр тартып, бір қыстың ызғарынан алғаш қар басыпты.

Үш бәйтерек. Үшеуінің туысы қандай бір болса, тұрысы қандай әр

бөлек. Біреуі – дәйім биікке талпынып, алға ұмтылған өр халықтың асыл арманындай асқақ, біреуі – талайды бастан кешіп, тауқыметке төзіп өскен қауымның сырқылмас сабырынан жаратылғандай сом, мығым. Біреуі – көпті сүйген халықтың парасат-парқын сіңіргендей қуатты да нәрлі. Үшеуі де – ел өміршеңдігінің түлегі. Үшеуі де – халқы мен заманының ауыздарынан түсе қалғандай адал ұл.

(Ә.Кекілбаев.)

28-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Мұқағали орны бар, еңбегі бар ақсақалдарды қатты сыйлап өтті, алдынан кесіп өтпей, сол адам өткенше күтіп тұратын. «Асықты жілік сыйлағанға жамбасыңды сақта» деп атамыз қазақ айтқандай, қайрылып сәлем бергенге қарамай кеткен кезі болған емес. Ол туралы күнделіктерінде де жазылған. **Ақ көңіл**, адалдығына шек болған жоқ.

Айғымайтын, аймалайтын, ашуланбайтын серігі, досы – өлеңі еді. «Өлең жазғанда бір жасап қалам», - дейтін-ді. Өлеңін оқығанда дауысы кең, шалқып-тасып жатады, әр сөзі түсінікті. Өлеңін көңілді отырғанда ғана оқитын. Дауысында ешбір мүкі жоқ, өзі қандай зор болса, дауысы сондай таза, мөлдір, еріксіз ұйып тындап қаласың.

(Л.Әзімжанова.)



1. Мәтінді оқуда қандай тілдік амалдар қолданылады? Сөйлемдегі дауыс құбылысына назар аударыңдар.

2. Автордың сипаттауынан Мұқағали ақынның қандай мінездері байқалады? Олардың шешендікке қатысы бар деп ойлайсыңдар ма? Ақын мен шешенде қандай ортақ қасиет болуы мүмкін? Ойларыңды дәлелдендер.

Сынақ – тапсырмалар

1. Шешендік сөзге қойылатын талаптардың ішінен, өздерің ең маңызды деп санайтын үшеуінің мәнін таратып айтыңдар.

2. «Шешендік – тапқыр ойдың, биік талғамның жемісі» тақырыбында ойбөліс ұйымдастырыңдар.

3. Шешендік сөзге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өздерің қалаған бір тақырыпта мәтін дайындаңдар.

4. Соңғы кезде жарияланған бір проблемалық тақырыптағы мақалаға шешендік талап тұрғысынан талдау жасаңдар.

5. «Менің болашақ мамандығымдағы шешендік өнердің мәні» тақырыбында публицистикалық сипаттағы шағын мәтін құраңдар.

6. «Сөз – жібек жіп, жыр - кесте» тақырыбында өздерің қалаған шешендік сөзге талдау жасаңдар.

7. Бүгінгі күннің өзекті тақырыбына арналған әлеуметтік-саяси шешендік сөздің бірін тауып, оған талдау жасаңдар.

8. Теледидардан жазылып алынған бейнетаспа материалы бойынша діни мәселе көтерілген хабарға қатысушы ретінде, өз пікірлеріңді сабақтап айтыңдар.

9. Жұптық жұмыс. Жаңа заманға лайықталған әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктің рөлі туралы сұхбаттасыңдар.

Тарауға тиісті түйіндер

Шешендіктің атасы – демократия.

Шешендік сөздің тірегі – шындық, көркі – әсемдік, мәні - табиғилық.

Шешендік сөздің тектері: әлеуметтік-саяси шешендік, академиялық шешендік, соттағы шешендік, діни шешендік, әлеуметтік-тұрмыстық шешендік.

Шешеннің адамгершілігі – оның сөз өнерінің алтын қазынасы.

Шешенге қойылатын талаптар: табиғи дарындылық, білім, тіл.

Шешен сөзін нәрлендіретін үш арна бар: лингвистикалық (тілі), интонациялық (сөйлеу мәнері), кинетикалық (Өзін ұстау әдебі, ым-ишаралары).

ШКІРТАЛАС МӘДЕНИЕТІ

Орынды айтылған орнықты сөзге тоқтауды – біліктілік белгісі, аралықтың айғағы деп санаған ата-бабалар өз ішіндегі де, ру арасындағы да, мемелкет арасындағы да даулы мәселелерді тілмен шешіп отырғаны аян. Осындай озық дәстүрді дамыту бүгінгі демократия замнында қайта мүмкін болып отыр. Ендігі жерде әркімнің өмірден алар еншісі ақыл-ой қабілеті мен өз идеясының өтімділігін дәйектей білер шешендігіне тәуелді болар кезеңге келдік. Мәселен, келешекте шағын бизнестен бастап, алып компаниялардың өзі де өмір сүру үшін өзін-өзі дәлелдеуге

мәжбүр болады. Олай болса, талапкер, осы қоғамның белді бір мүшесі ретінде сендерге де өз ойларыңды ортаға салуға мүдделілік туары хақ. Тек пікірталастың өзіне тән қағидалары мен ережелері, заңдылықтары, тәртібі бар екенін естеріңде сақтаңдар! Пікірталасқа қатысты талаптарды білмейінше, жеңіске жетем деу – бос қиял! Ендеше, пікірталас мәдениетін жетік білгіңіз келсе, осы тараудағы мағлұматтармен мұқият таныс болыңдар! Пікір додасында жеңіске жетіндер!

Пікірталастың қоғамдағы орны, маңызы, қажеттігі

Бүгінгі уақыт талабы әр адамның өз көзқарасын, пікірін қорғай білуін, өз ойын дұрыс жеткізе алуын қажет етеді. Демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі – сөз еркіндігінің өріс алуы. Бірақ бұл не айтқың келсе, соны айта бер деген ұғымды білдірмейді. Керісінше,өзінің айтары бар, жеке ой-пікірлері ұтымды, өзіндік көзқарасы қалыптасқан адамдарға, топтарға өзін танытуға мүмкіндік беру дегенге саяды.

Пікірталас – ақыл-ой қабілеті дамуының басты тетігі. Бернард Шоу: «Бір-бір алма ұстап отырған екі адам алмаларын алмасса, екеуінде де бәрібір бір алмадан қалады, ал өзіндік ойы бар екі адам пікір алмасса, екеуінде де екі-екіден ой қалыптасады», - деп ой алмасудан адамдардың тек ұтатыны жөнінде қызықты салыстыру жасайды. Пікір алмасу ойды байытудың негізгі бір жолы. Әйтсе де барлық адамның ойы, көзқарасы үнемі бір жерден шыға бере ме? Әрине жоқ. Егер барлық адам бірдей ойлап, бірдей сөйлесе не болар еді? Ендеше, әртүрлі пікірлердің болуы жеке адамдардың, топтардың арасында сөз қақтығыстарының, пікірталастардың тууына әкеледі. Мұндай сөз майдандарында тек ақылдылар ғана емес, ойы алымды, сөзі шалымды шеберлер жеңіс тұғырына көтерілмек. Сондықтан өзіндік көзқарасы бар кез келген адам полемикалық маңызы бар мәселелерді жан-жақты талқылауға қатыса алады. Ол үшін өз пікірін дәлелдей алу, пікірінің дұрыстығына түрлі амал-тәсілдер арқылы басқалардың көзін жеткізу, сөзіне сендіру, қарсыласына тойтарыс бере білу секілді шешенге қажетті іскерліктерді меңгере білуі қажет.

Пікірталас – белгілі бір қоғамдағы айтыс, тартыс, дау.

Пікірталасына көзқарастар қақтығысы, жарыс, бәсекелестік тән. Бұл күресте кім білімді, шынайы, сыпайы, ұстамды болса, сол жеңеді. Ол үшін пікірталасына қатысатын адам төмендегідей мәселелерді:

- 1) пікірталас мәдениеті талаптарын;
- 2) пікірталастың тақырыбы;
- 3) өзі қатысатын пікірталастың мәнін;
- 4) пікірталастың түрін, оның өзіндік ерекшеліктерін (пікіралмасу ма, пікірсайыс па, т.б.);
- 5) дәл осы пікірталасқа лайық әрі қажетті полемикалық тәсілдерді нақты білуі шарт.

Пікірталастың сипатын анықтайтын белгілер:

- **мақсаты** (шындықты іздеудің көзі, құралы; қарсыластың көзін жеткізу, т.б.);
- **әлеуметтік мәні** (жалпыадамзаттық мүддені; жеке бас мүддесін көздейді);
- **қатысушылардың саны**; диалогтік (екі адам), полилогтік (бірнеше адам);
- **өткізілу сипаты** (бетпе-бет, баспасөздер арқылы, т.б.).

Пікірталас мәдениетінің талаптары

Пікірталасына қатысушы адамның бойында батылдық пен сыпайылық, салқынқандылық мен тапқырлық, шешендік пен сөзге тоқтай білу, т.б. қасиеттер тоғысып жатуы қажет. Сөз додасына түсетін адамның әсіресе сөзді мағынасына қарай дәл қолдану, терминдердің мәнін дұрыс түсіну, ауыпалы мағынадағы сөздерді орынды жұмсай білу, тілдік жағдаятқа сай сөз орамдарын мол әрі жарасымды пайдалану, т.б. секілді біліктерді еркін меңгеруі оның жеңіске жету мүмкіндігін арттырады сөзсіз. Сондай-ақ қарсыластың сөзіндегі негізгі ойдың астарын тез ұғып, оған жылдам жауап дайындау, шиеленіске бастайтын сөз қақтығысынан жол тауып шыға білу, өзінің жіберген қателігіне тез талдау жасап, шұғыл шешім қабылдау, т.б. іскерліктердің де көмегі көп.

Пікірталасқа түсер алдында мынадай нәрселерге назар аударылуы тиіс:

1. Бұл мәселе айтысуға тұра ма, қажеттігі қандай?
2. Айтысты ұйымдастырудағы мақсат не? Қандай міндеттер

жүзеге асырылады?

3. Қарсыластың деңгейі қандай?
4. Қарсыластың көзқарасы, позициясы қандай?
5. Қарсыластың мықты және осал тұстары қандай?

Осындай сұрақтардың жауабы қанағаттанарлық болғанда ғана пікірталасқа қатысушылар көздеген межеден көрінбек.

Пікірталасқа қатысушыюдан тікелей талап етілетін нәрселер:

- 1) Тақырыптан ауытқымау;
- 2) Өзіндік айқын көзқарастың, поэзияның болуы;
- 3) Өзін-өзі дұрыс ұстай білуі;
- 4) Сөйлеу шеберлігі;
- 5) Жоғары мәдениеттілік (сөзге тоқтау, дауыс көтермеу, ашуланбау);
- 6) Қарсыласын да аудиторияны да т.б.
- 7) Қара басының намысымен қатар ортақ пікірге деген мүдделілік;
- 8) Қарсыласына кезек беріп отыру;
- 9) Регламент сақтау;

Бұл талаптар пікірталастың барлық түрінде сақталуы тиіс қағидалар болып саналады.

29-тапсырма. Өздерің күнделікті өмірден, баспасөз, ақпарат құралдарынан көріп жүрген пікірталас түрлерін атаңдар. Олардың қоғамдық мәні туралы әңгімелендер.

30-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар:

1. Егер қолдарыңа билік тисе, теледидардан пікірталастың қандай түрін ұйымдастырар едіңдер? Неге? Ойларыңды дәлелдендер.
2. Егер теледидарда өткізілетін пікірталастың тақырыбын таңдау сендерге жүктелсе, қандай мәселені күн тәртібіне қоюдан бастар едіңдер? Пікірлеріңді таратып, дәлелдеп айтыңдар.
3. Баспасөз бетінен кімдердің пікірталасын көргілерің келеді?

Пікірталастың түрлері

Көпшілік алдындағы сөз монологтік, диалогтік және полилогтік болып үшке бөлінеді. Қоғамда қалыптасып келе жатқан жағдайлар,

түрлі саладағы реформалар мен өзгерістер қарым-қатынастың диалогтік, полилогтік түрлерінің кең қанат жаюына ерекше алғышарт қалыптастырып отыр.

Жүргізілу тәртібі, өзіндік ережелері, қатысушылардың саны да әр түрлі болатындықтан әр деңгейдегі мәселелер төңірегінде өткізілетін диалогтік, полилогтік пікірталастар да іштей бірнеше түрге бөлінеді. Ғылыми әдебиеттерде оларды бөлу критерийлері де, пікірталасының түрлері де біршама анықталған.

Көпшілік еңбектердегі негіздемелерге сүйеніп, пікірталастың бірнеше түрлерін саралауға болады. Мысалы, әріптестердің, мүдделес адамдардың өзара пікірлесуі түрінде өтетін әңгімелесудің, «дөңгелек үстелдің», ақпараттық-насихаттық сипаттағы кездесулердің; күрделі де тартысты жағдайларда өтілетін пікір алмасу, ойталқы, ойкөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыстардың өзара ортақ белгілері де, қатаң сақталуы тиіс ерекшеліктері де бар. Олардың әрқайсысының мақсаты әр түрлі болатындықтан, тілдік те, ұйымдастырушылық та тұрғыдан өзгешеліктерінің болуы заңды. Шешен мәдениеті осы түрлердің өзіндік ережесін, қалыптасқан қағидаларын сақтаудан көрінеді.

Әңгіме және «Дөңгелек үстел»

«Дөңгелек үстелдің» мақсаты – қоғамдағы өріс алып отырған өзекті бір мәселе жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру, көпшілікке ой тастау.

Әңгімеге не «Дөңгелек үстелге» бірнеше адам қатысатындықтан, әр қатысушыдан мәдениеттілік, жалпы әңімені үзбей өрытіп отыру талап етіледі. Өйтпеген жағдайда, тыңдаушылар үшін қойылып отырған мәселенің түйіні белгісіз болып қалады, бас қосудың мақсаты айқын болмауы мүмкін.

Егер әңгімелесу үстінде тыңдармандар сұрақ қоятын болса, ол сұрақтарды соңына дейін зейін қоя тыңдап, оның сұрағының негізгі мәнін дұрыс түсінуге тырысқан жөн. Кейде тыңдаушылар тарапынан түсінбестіктен не жеке басқа тиетіндей қолайсыз сұрақтар да түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда жүргізуші мәселені ушықтырмайтындай етіп мәдениетті түрде шешуі тиіс.

Әдетте, кезесу не «Дөңгелек үстел» сипатындағы полилогтерге

қатысты сұрақтарды тыңдармандар алдын ала беруі де кездеседі. Мұндай жағдайда жүргізушінің ол сұрақтарды мазмұнына қарай топтастырып, тыңдаушылардың бәрінің мүддесі мен мақсатына лайықтап түгел қамтуына мүмкіндік туады. Оның үстіне мұнда тыңдаушылардың зейінін бір бағытқа орайластырып, сақтауға және басқаруға жол ашылар еді, сөйтіп тыңдаушылардың да сөзге белсенділікпен ат салысуына, өз ойларын айтуларына қол жеткізер еді.

«Дөңгелек үстелді» «сұрақ пен жауап кешіне» немесе «мини-дәрістердің қосындысына» айналдыруға болмайды. Ең бастысы – «үстелде» талқыланатын тақырыпты таңдау. Тақырып ретінде елді қызықтыратындай, ортақ мәселе алынуы тиіс. Тақырып аудиторияның түсінуіне лайық, солардың өзін қызықтыратын өзекті мәселе болғанда ғана сенім туғызады. «Дөңгелек үстелге» сол тақырыпты зерттеп жүрген не осы мәселені қоғамдық ортада жиі-жиі көтеріп жүрген, оған қатысты ақпараттары жеткілікті, өзіндік көзқарасы бар арнайы маман шақырылады. Ол «Дөңгелек үстелде» талқыланатын тақырып бойынша мағлұмат береді. Сонда ғана «үстел» басындағы әңгіме таласты боп өрбиді. Егер маман шын мәнінде білімді, шешен адам боп мәселені егжей-тегжейлі түсіндіре алса, тыңдаушылар да өзін толғандырған жайтты сауатты түрде түсініп, дұрыс бағдар алатын болады.

Егер талқыланатын мәселе даулы нәрсе төңірегінде болса, маманның осы төңіректегі қоғамдық ой-пікірлерді толығырақ келтіріп, олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін ғылыми түрде саралап түсіндіруіне тура келеді. Бұл жағдайда сөз ойталыс түрінде өтуі де мүмкін.

Қазіргі «Дөңгелек үстел» соңында нақты ұсыныстар әзірленеді. Олар көпшіліктің қатысуымен талқыланады, толықтырылады.

«Дөңгелек үстелді» ұйымдастырудағы бір маңызды мезет – қатысушылардың дөңгелене қойылған үстел басында бір-біріне қарап отырып бетпе-бет сөйлесуі. Бұл аудиториядағы психологиялық ахуалды өзгертеді: өзара теңдік және ынтымақтастық атмосфера туғызады; бір-бірінің көзқарасын жақсы түсінуге септеседі; қатысушылардың белсенділігін арттыруға әсер етеді.

31-тапсырма. «Дөңгелек үстел» түрінде өтетін пікірталасқа кімді шақырар едіңдер. Онымен қандай тақырыпта сөйлесуді қалар

едіндер? Неге? Ойларыңды дәлелдендер.

32-тапсырма. «Біздің қоғамдағы адам факторы», «Жастар ұйымын құру: көзқарастар, пікірлер» тақырыптарының бірін таңдап алып, аудиторияда «Дөңгелек үстел» ұйымдастырыңдар. Соңынан пікірталас туралы өз ойларыңды жазабаша білдіріңдер.

Пікір алмасу (Дискуссия)

Пікір алмасу (discussion - латын тілінен аударғанда – «зерттеу», «қарау» деген мағынаны білдіреді) – көпшілік қатынастың әкірталас түрі. Мақсаты – пікір таластыра отырып, әр түрлі көзқарастардың тоғысуы нәтижесінде дұрыс, ортақ бір шешімге келу. Пікір алмасуға қатысушылардың барлығының ортақ мақсат-мүдделері болады. Соңында бір шешімге тоқтайды.

Пікірталастың бұл түрінде арнайы баяндамашы белгіленбейді, қатысушылар тек тыңдарман болып қаламайды, олардың әрқайсысының да пікірталастыруға құқығы болады.

Көпшілік қатысатын пікірталасның бұл түрінде төрағадан басқалар тең дәрежеде өз ойын білдіруге құқықты болады. Жиын арнайы бір мәселені белгіленген тәртіппен, регламентке сүйене отырып, алдын ала тағайындалған төрағаның басқаруымен талқылайды.

Пікір алмасуға жалпы көпшілік қатысатын митингілер, арнайы құрылған комиссияның мәжілістері, семинарлар, іскерлік сессиялар, т.б. жатады.

Пікір алмасу нәтижесінде қатысушылар саналы түрде бір келісімге келеді. Тек дұрыс сөздің, дәлелі мен дәйегі анық әрі мықты пікірдің, шешендік талаптарына сай оралымды сөздің өтімділігі бағаланады да, ортақ шешімнің негізіне де сол алынады.

Пікір алмасудың нәтижелі болуы жүргізушінің (төрағаның) де, оған қатысушылардың да ішкі мәдениетіне, яғни дайындық деңгейлеріне қатысты болады. Өкінішке орай, көп адамдардың бұл мәселеге атүсті қарап дайындықсыз келуінің салдарынан қалай болса солай аяқсыз қалатын пікір алмасулар да болады.

Пікір алмасуға қатысушының мәдениетін танытатын тағы бір қыры – оның өз ойын қысқа, дәл, түсінікті әрі көркем тілмен

жеткізе білу іскерлігі. Ұзынсонар кіріспе айту, алдыңғы айтылған ойдың «терісін айналдырып» қайталау – өзін де, өзгені де сыйламау деген сөз.

Пікір алмасу үстінде жиі көрініс беретін қолайсыз нәрсенің бірі – қатысушылардың тыңдау мәдениетінің жетіспеуі. Өзіне дейінгі сөйлегендердің пікірін шатастыру, айтылған сөздің мәнін түсінбей жатып, өзінше бұрмалау фактілері шешен мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Егер түсінбей қалған жағдайда, пікірді атпас бұрын, сөз иесінен қайталап сұрап алу, дұрыс түсініп барып сөзін жалғаудың ешқандай өрескелдігі жоқ.

Пікір алмасудың мәдени талабына қатысты келесі мәселе - бір-бірінің пікірін сыйлау, сөйлеушілердің жеке басын құрметтей білу.

Мәдениеттілікке ерекше сын болатын жағдай, - жеңілгенін мойындау, әділетті болу, дұрыс пікірді қабылдай білу сәті. «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», - деген бабаларымыз. Олай болса, әдемі жеңіле білу де – өнер, ол шешеннің адамдық қасиетіне де тікелей қатысты. Кекшілдікпен, қыңырлықпен мүлде қабыспайтын бұл қасиет екінің бірінің бойында кездесе бермейді. Қате болса да айтқанынан қайта аламау – рухани әлсіздік.

Өзгелерді кие жарып қайта-қайта сөз сұрау немесе сөйлеушінің пікірін аяғына дейін тыңдамай, қарсы сөз айтып қалу, ашық мысқылдау, бет-жүзін тыжыру, қолын, аяғын ебедейсіз қимылдатып қарсылық білдіру – мәдениетсіздік белгілері. Сөз кезегін тосып, байыпты ой айту шешеннің беделін көтеруде үлкен рөл атқарады.

Әдетте, пікір алмасу барысында жүргізуші, яғни төраға сөзге тілек білдірушілердің сөйлеуіне мүмкіндік жасап отырады, күн тәртібіндегі мәселеден ауытқымауға бағдар береді. Сөйлеу тәртібі мен регламентті көпшіліктің ұсынысымен төраға белгілейді. Бірақ төрағаның жеке мүддесінен туындайтын көзқарастарға басымдылық берілуіне, не оның өз беделін көлденең тартып, заңсыздыққа баруына тыйым салынады.

33-тапсырма. Аудиторияда өздерінді толғандырып жүрген, пікір алмасу өткізуге лайық тақырыпты таңдандар. Оның жоспарын жасап, уақытын, тәртібін белгілеңдер. Пікір алмасу өткізіңдер.

34-тапсырма. Бүгінгі күн тақырыбына жазылған көркем шығармалардан пікір алмасудың түрлеріне қатысты материалдарды табыңдар. Оған талдау жасандар.

Ойталқы (Диспут)

Ойталқы (disput- латын тілінен аударғанда—«таласу», «талқылау», «ойласу», «жарыссөз» деген мағынаны білдіреді)- белгілі бір мәселені арнайы жиылған топ алдында талқылау түрі. Мақсаты – өзекті мәселе төңірегінде әр түрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру. Онда ортақ бір шешімге келу міндетті емес. Бірақ сол айтылғандардың негізінде бір түйін жасалады.

Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төңірегінде пікірталастыру жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие болады. Сондықтан оған қатысушыларға қорғану да, қарсы пікір айтуға да ерік беріледі. Сөйлеушілердің оң немесе теріс пікір беруіне шек қойылмайды.

Белгілі бір мақсатты көздеп, арнайы тақырыптағы айтылатын ой талқылауға ұсынылуы үшін, әрине онда жеке адам баяндама жасайды.

Ойталқының түрлеріне ғылыми диссертациялар қорғайтын кеңес мәжілістері, белгілі бір шығарманы талқылау жиындары жатады. Ойталқыға қатысушылар талқыланатын мәселе жөнінде өз еріктерімен сөйлейді. Талас диалог түрінде өтеді.

Төраға талқылауға ұсынылатын тақырыпқа қысқаша түсінік береді.

Ойталқы өткізілуі жағынан сырттай қарағанда пікір алмасумен ұқсас болғанмен, бұл екеуінің мақсаты екі бөлек. Сондықтан онда ойды білдіруде де біршама өзгешеліктер бар. Мәселен, пікір алмасуда сөйлеушілер өзіне дефінгілердің пікіріне сүйеніп, сондағы ойға өз пікірін қоса білдіріп отырса, ойталқыда әр сөйлеуші баяндама жөнінде пікірін тікелей дербес айтуына құқылы.

35-тапсырма. Араларыңнан баяндамашы мен төраға сайландар. Өздерің қалаған пән бойынша ғылыми реферат тақырыбын таңдап, сол бойынша ойталқы өткізіндер.

36-тапсырма. Әдебиет сабағында жазылған ең үздік деп бағаланған шығарма бойынша ойталқы ұйымдастырыңдар.

37-тапсырма. Қазақ тарихына көз салыңыздар. Ұлы тұлғалар жөнінде сан түрлі көзқарастар бар. Таласты пікірге арқау болып жүрген тақырыптың бірі – Жәңгір хан тағдыры. Өз еріктерімен біреуің баяндама жасаңдар да, ойталқы ұйымдастырыңдар.

Ойкөкпар (Дебат)

Ойкөкпар («дебат» - француз тілінен аударғанда – «талас», яғни *бір мәселені көпшілік алдында талқылау* дегенді білдіреді) белгілі бір мәселе төңірегінде пікір таластыру. Бұл нақты мәселе жөнінде ойды, пікірді, жобаны қолдау не жоққа шығару сипатында жүргізіледі. Ойкөкпарда бір-біріне қарама-қарсы пікірді қолдайтын екі топ сайысқа түседі. Бұл саяси ұйымдар, топтар өкілдері арасында да жүзеге асады.

Ойкөкпардың мақсаты – қарсылас топтың ой-пікірін жоққа шығара отырып, өз көзқарастарын дәйектеу арқылы жеңіске жету.

Ойкөкпардың тақырыбы алдын ала айтылып, нақты резолюция ұсынылады. Оған екі топ қатысады. Әр топта үш адамнан болады. Жүргізуші тақырыпты айтып, топтың ақтаушы не даттаушы болатынын хабарлайды. Ол ойкөкпар кезеңдерінің уақытын белгілеп отырады. Жүргізуші тайм-кипер тағайындайды. Ол уақытты дәл санап ескертіп отырады.

Ойкөкпар үстінде сөйлеушілер тек нақты дерек көздерін пайдалануы тиіс. Әр топтың мүшелері спикер деп аталады. Ойкөкпарда жақтаушы да, ақтаушы да өз критерийін – мақсатын бір-ақ сөйлеммен нақты, түсінікті, тақырыпқа сай етіп айтады. Сол пікірге қатысты айғақ-дәлелдер келтіреді.

Ойкөкпарда, әдетте, жақтаушы топ бірінші сөйлейді. Шыққан спикер өз сөзін аяқтап болған соң, оған қарсы топ сұрақ қояды. Оған спикер қолма-қол жауап беруі тиіс. Егер сұрақ болмаса, орнына отырады. Дәл осы ретпен даттаушылар тобының өкілі де сөйлейді.

Ойкөкпардың екінші кезеңінде екі топ бір-біріне сұрақ қояды. Ойкөкпарда топтар бір-бірінің ойын, пікірін жоққа шығаруға, өз пікірін қорғауға мүдделі болатындықтан, қарсыласына соққы жасаудың, тойтарыс берудің түрлі амал-тәсілдері қолданылады. Бірақ мұнда да сыпайлылық пен ұстамдылық, тапқырлық шешен

мәдениетінің көрсеткіші болып саналады.

Ойкөкпардың нәтижесін арнайы белгіленген сарапшылар қорытындылайды. Сонымен қатар ойкөкпарға қатысушы топтардың жеңісі аудиторияның дауыс санымен есептеледі. Тыңдаушылар алдында пікірталасына түсу психологиялық тұрғыда біршама қиындықтар тудырады.

Кейде тек тыңдаушылар үшін арнайы өткізілетін пікірталастар да болады. Мұндағы талас шындықтың түбіне жетуді емес, көпшіліктің назарын белгілі бір мәселеге аудару үшін, оларға ой қозғау салу үшін ұйымдастырылады.

38-тапсырма. Өздеріңді толғандырып жүрген мәселе төңірегінде ойкөкпар ұйымдастырыңдар.

39-тапсырма. 1. Ойкөкпардың басқа пікірталас түрлерінен басты-басты үш ерекшелігін тұжырымдап жазыңдар. 2. Төмендегі ескертулерді оқи отырып, пікірталасында жеңіске жетуге кедергі келтіретін факторларды саралап жазыңдар.

Ойкөкпарға түспес бұрын, сендердің айтыстарыңа себеп болып отырған мәселенің пәнін дәл анықтап алыңдар.

Егер оны нақты білмесеңдер, сөзталастыруға асықпандар. Егер сендерге не туралы пікірталастыратындарың белгілі болса, оған бар күштеріңді салып, аянбай дайындалыңдар!

Өздеріңнің де, қарсыластарыңның да талас мәселесінен ауытқуына жол бермеңдер.

Талас үстінде анық та айқын позиция ұстаныңдар!

Пікірталасқа, сөзсайысқа дайындық барысында оның пәніне қатысты негізгі ұғымдарды бөліп ала біліңдер! Әсіресе терминдерге ерекше мән беріңдер де, оларды орынды пайдалануға тырысыңдар!

Пікірсайыс (Полемика)

Пікірсайыс – пікірталасының ең бір қызықты да күрделі түрі. (Полемика – грек тілінде «соғысқұмар», «дұшпандық», «қыру», «жою» деген мағыналарды білдіреді). Пікірсайыс – пікірлер, идеялар күресі, сөзбен сайысу өнері. Оған қатысушылар ымыраға келмейді: не жеңеді, не жеңіледі. Сондықтан пікірсайысқа қатысушыда бір ғана мақсат бар. Ол – қарсыласты ойыстыра жеңіп,

өз пікірін дәлеледеп шығу.

Пікірсайыс, негізінен, жаңа көзқарастарды енгізу, жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғау, адам құқығын сақтау, т.б. мәселелер төңірегінде ұйымдастырылып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ұйытұқы болады. Ол үшін әр шешен өзі көтеріп отырған мәселенің көкейкестілігіне, маңыздылығына, қажеттігіне тыңдармандардың көзін жеткізуге тырысады. Ол үшін принципшілдікпен қатар, айтар уәждің ғылыми негіздемесінің мықты әрі сенімді болуы – басты шарт.

Пікірсайыста қарсыласты ықтырудың алуан түрлі тәсілдері қолданылады. Әрине әдеп нормаларынан ауытқуға жол берілмеуі көзделеді. Жеңудің мықты құралы – терең білім, биік ой, шешен тіл болып қала бермек. Сонымен қатар шешеннің азаматтық позициясы мен елжандылық рухы ерекше мәнге ие. Себебі өзінің мүддесімен үндес ой-пікір ғана жұртшылық көңілінен шығары анық. Қоғамның болашақтағы даму бағдарын айқындауда себеп болатын аса маңызды тақырып бойынша өткізілетін пікірсайыстардың саяси, әлеуметтік мәні, қамтитын ауқымы қашанда кең болуы заңды.

Пікірсайыстар қоғамдық пратиялар арасында, жекелеген қайраткерлер арасында болады. Пікірсайысқа түрлі көзқарастағы топтардың жетекшілері де қатысады. Сөзбен, идеямен жекпе-жекке шыққан тұлғалар тайталаста бар күшін жұмсайды. Пікірсайыс адам тағдыры сынға түсетін сот процесінде ақтаушы мен қаралаушының арасында да, мемлекеттік ұйым мен оппозиция өкілдері арасында да жүргізіледі.

Пікірсайыста сөйлеушінің жеке беделінен гөрі оның шешендігі, ұстанған бағыт-бағдары шешуші рөл атқарады.

40-тапсырма. Теледидарда ауыл өмірі жөнінде пікірсайыс ұйымдастырылып, оған қатысуға сізге шақыру қағазы келді делік. Дайындықты неден бастайсыңдар? Пікірталаста қандай идеяны өзек етіп аласыңдар? Ойларыңды жүйелеп жазыңдар.

41-тапсырма. Қазақ шешендік сөздерінің ішінен пікірсайыс табиғатына сай келетін мысалдарды табыңдар. Оның пікірталастың дәл осы түріне жататындығын дәлелдендер.

Айтыс

Пікірталас түрлерінің ішінде қазақ ұғымына жақыны әрі халқымыздың өмірінде өзіндік дәстүр қалыптасқан айтыстың орны бөлек. Сонау көне замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан айтыс – сөз өнерінің өзгеше түрі, ой жарысының, сөз додасының мейлінше көркем де күрделі, асыл да айшықты нұсқасы болып саналады.

Қазаққа ашық аспан астының, кең жазира дала төсінің кез келген жері айтыс үшін дайын сахна ретінде қызмет ете берген. Айтыс көтерген мәселенің әлеуметтік мәніне, айтысушылардың өзара қарым-қатынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Пікірталастың біртүрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыс бойында да сақталады. Мысалы, айтысушылардың өзіндік ой-көзқарастарын қорғауы, қарсыласын сынауы, сөз орамдарын қорғану құрылы ретінде тиімді пайдалануы, ұтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігін ұмтылыс, т.б. айтыскер үшін де маңызды.

Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуші ел өкілдері. Олардың аузымен қоғамда қалыптасқан пікірлер ашық айтылады. Жалған сөз, артық мақтан айтыскерді орға жықса, батылдық, өр мінез, әдемі әдеп оның беделін биіктетіп, кең танылуына әсер етеді.

Айтыс жанрларында көне заманнан жалғасып келе жатқан түрлері сақталғанмен, сөз мазмұны жаңа дәуірдегі толғақты мәселелерге құрылады.

Айтыс соңғы жылдары даталы күндерге, ұлттық мейрамдарға арналып не белгілі қоғам қайраткерлерінің, елге белгілі тұлғалардың құрметіне орай ұйымдастырылып жүр.

Айтыстағы, қазақ айтысындағы ең басты ерекшелік – оның өлеңмен өрілуі, сөз аспабымен сүйемелденіп, әнмен, әуенмен астасуы. Бұл – айтыстың әсерлілігін арттыра түседі, тыңдарманға жағымды көңіл күй қалыптастырады. Әрине айтыскердің даусы, ән айту қабілеті қанша ғажап болса да, тыңдаушының күтетіні – терең мағыналы, дәйекті сөз, салмақты ой, сөзді ұйқастыра, ұйыстыра білер шешендік.

42-тапсырма. Қазақ ауыз әдебиетіне қатысты еңбектерді пайдаланып, өздерің қалаған айтыс түрлері жөнінде реферат

жазындар. Айтыс өнері туралы ойкөкпар ұйымдастырындар.

43-тапсырма. Теледидардан көрген 2-3 жұптың айтысын бейнетаспаға жазып алып тыңдаңдар, олардың ішінен өздерің қалаған біреуіне талдау жасандар. Онда көтерілген мәселе, айтыстың түрі, соған орай айтыскердің қолданған тәсілдері жөнінде пікір жазыңдар.

44-тапсырма. Топтық айыстың тақырыбы: «Өмірде не қымбат?». Қарсы жаққа қоятын сұрақтарыңды жазыңдар. Онда сұрақтың қандай түрлері қамтылғанын ажыратыңдар.

Сөз қолданудағы стильдік қателер

Газет-журнал, радио, телевизия, кітап - білімнің қайнар бұлағы. Мындаған адам олардан жалпы, арнаулы білім алумен қатар, сөз шеберлігін, сауаттылықты, сөзден сөйлем құраудың жақсы үлгілерін де үйренеді. «Қазақ әдебиеті» газетінің шыға бастаған қуанышына арнап Мұқтар Әуезовтің «Сәт сапарға дос ниет» деп жазған мақаласында әдебиетке мынандай да міндет артқан болатын:

«Анық өскелең сапаға ие болған өнерлі әдебиет өз жұртының тіл өнері жөніндегі тәрбиешісі, көмекшісі. Әрбір жеке ірі шығарма тәрізді жеке баспа орны да өз оқушы жұртшылығын тіл өнеріне тәрбиелейді. Біздің газетіміз ойдағыдай сапалы тілмен шығып тұрса, оқушы мен жас жазушыларды шешендікке, орамды тіл шеберлікке баулиды».

Халыққа ондай тілдік тәрбие беретін баспасыз бетінде, радио, телевизия хабарларында әдеби тілдің өнегелі үлгілері аз емес. Әсіресе «мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген Абай қағидасын жақсы ұғынған С. Мұқанов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты сөз шеберлердің шығармалары тіл өнерін үйренем деушілердің мектебі болып отыр.

Кеңаңғарлы әдебиетіміз де тілге шорқақ болмаса да, тіл мәдеинеті төмен кітаптар, жеке шығармалар жоқ емес. Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқандай, «...тілдегі жетіспеген олқылық, олақтық, дәмсіз, нәрсіз, сұрғылт жүдеулік пен штамп тәрізді арзан қолды схемалық көп болса, сондай міндерді де түзей отыру керек». Осындай міні көп кітайтың бірі — Кәмен Оразалин жолдастың «Жексен» деген кітабы. Көркем-сөз күйін шертемін де жасандылыққа салынған сол

автордын кітабынан бірнеше мысал келтірейік:

Анна Ивановна... екі **иығын** тонына **сұғылыстырыңқырап** түймесін салды. Қала қардың астында, мойнына **шейін көміліпті**.

— Анна,-Анна! — деген **қырылданқы дауыс** естілді. **Бодамдағы** қысқа кендір **арқанын беліне мықтап** буды . Айғай-шу бәрі құлағына **дыбырласып жамырады...** Бірақ осының бәрі **көңілге көрінген елес қана болатын**. Тұншықтыра басқан жуан қол Аннаны мегдетті, басы төмен **тұқырып астына айналып еді**. Аннаның да қолы **жан-дәрмен** оның алқымына жабысты . Әйелердің **ешкімі** де қайта жауап қайырған жоқ . Ыстық, сорпа Рейхнаудың **кенезесін кептірді** . Сүйірленіп біткен қоңқақ **танауы таңғы** тамақтың жақсы **иістерін тегіс жинап алды** .

Бұл мысалдардағы карамен терілген сөздердің дөрекілігін, тіркестерінің шөлкестігін дәлелдеудің керегі де жоқ. Әдеби тілді пайдалануда бұдан артық олақтық болмас!

Келешегінен көп үміт күтетін бір жас автор «қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзақ салды» депті. Осы бір сөйлемде екі қате бар: біріншіден: қыл шылбыр қырық құлаш болмайды; — қыл арқан қыры құлаш болуы мүмкін; екіншіден, қазақ аттың мойнын тұзақ емес, бұғалық салады, тұзақты құсқа құрады.

Қазақ тіліндегі мәндес сөздердің бәрі бірдей әдеби, қолдану аясы кең бола бермейді. Сондай сөздің бірі - «кезігу». Сонымен қатар әрбір синоним қатарына енетін сөздер жазған жазуда, сөйлеген сөзде аздап болса да стильдік ең алып тұруға тиіс. Мысалы: «жүзінді көруге ынтықпын», «*дидарыңды* көруге ынтықпын» дегендер бір емес: «жүзін» — қарапайым, «дидарың» — эмоциялы поэтикалық сөз. Мәндес сөздердің осындай жақтары елеп қолданудың орнына өзгелерге түсініксіз, әдеби тілде көп қолданылмайтын «соныларын» жазуғаға әуестіктен пайда жоқ. «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздагінін» авторы Ә. Болғанбаев та мәндес сөздердің қатарын көрсеткенде, олардың әдеби, әдеби емес екенін-айырмайды, оның үстіне мағынасы алшақ сөздерді де бір ұяға енгізіпті; Мысалы, *үнемі, өнебөйі, әруақытта, әрқашан, әрдайым, ылғи* сөздерінін, синонимдік қатарына «әмен», «әмсе», «мүләйім», «үртіс» сөздерін қосыпты . «Әмен», рас, «үнемі» деген мағынадағы сөз. Бірақ ол әдеби емес, диалектизм ғой. («Бір бұл емес, бұл жігіттің маған әмен істейтіні — осы»). Ол сөздікте жоқ «бойлай» да солай.

Ал *әмсе*, *мүләйім*, *үртіс* — мүлде басқа мағынадағы сөздер. Біздегі сөздіктерде, осындай, талғам болмаған соң, әдеби тілде дөрекі сөздерді қолдануға тыйым салу да қиын.

Әдеби тіл жалпыға ортақ болатындықтан, ол мүмкін болғанша сымға тізген моншақтай түзу, кедір-бұдыры жоқ бір тегіс, әрі айқын болуға тиіс. Ал белгілі мағынаны толып жатқан әдеби өздердің бірімен айтудың орнына, қайдағы ұсқынсыз бір бұлдыр, бұралқы сөздерді пайдалану мәдениеттілікке жатпайды. Мысалы, *бет*, *жүз,елбет*, *дидар*, *мүсін*, *бейне...* сияқты синонимдер тұрғанда, «пошын» сөзін қолдану мүлде дұрыс емес: «Өзіне таныс **пошындарың** біріне де ұқсамайды» («Қ. әд.»).

Сондай-ақ *бағзы біреу* (кейбіреу), *өбу* (сүю), *құдды* (дәл, нақ), *әйбәт* (жақсы), *бәден* (дене), *әмсе* (және де), *ғұмыр* (өмір), *әтеш* (қораз) сияқты сөздерді диалогта болмаса, автор сөзінде қолдану әдеби тілдің сиқын бұзады.

Осыдан келіп әдебиетте сөзді тыңдап, талғап қолдану керек деген міндет қойылады. Шеберлік шыңына қол созудың ешбір сөкеттігі жоқ. Бірқатар жас авторлар сол сапарында өзіндік жаңалық орнатам деп,- Максим Горький айтқандай, «Мешандық эстетикаға» бой ұрады; халық тілінің, әдеби тілдің табиғи байлығын, заңды құрылысын қомсынып, қалайда «жаңалық» тауып, сырты сұлу, іші қуысқа әуестенеді. Әрине, ондай, бөспе «сөз шеберлерінің» жазғандары онша түсінікті бола бермейді, кейде тіпті кісі түсінбейтін бірдеңе болып шығады. Осындайдың жақсы мысалдары М. Қаратаевтың «Көркем әдебиет тілі көркем болсын» деген мақаласында келтіріліпті.

Жас прозаиктер және жастар образы» деген мақаласында, жас сыншы А. Сүлейменовтың тілінен өзінше сөйлеу, өзгелерден ерек сөйлеу талабын көресіз. Тегінде бұл жақсы талап. Әрине, бірақ «өзінше сөйлеу» тілдің түсініктілік, құлаққа жағымдылық, ақылға сыйымдылық принципін бұзбауы керек қой. Ал А. Сулейменовтің стилінде осы секілді алабөтен өзгеше сөйлеймін деп, шектен шығушылық тым жиі ұшырасады. Бір повестің тілі туралы сыншы былай дейді: «Жазу техникасы да орашалақ емес, жұтындыра баяндап кеп, кейіпкер аузына жұтынған сөз сап, орынды жеріне кеулеп кемерлесе, реті кел генде шындық қимылмен-ақ оңай қайырады». Бұлай сөйлеу тек таң қалдыру үшін болмаса, түсінісу

үшін пайдасы шамалы-ақ.

Р. Тоқтаровтың «Қара сөздің құдіреті» деген мақаласын оқысаңыз, бұдан да өткен сорақылықтар табасыз. «Сан-саралы үнді, қалың қатпарлы үлкен тірлікті суреттеп беруге өнер шоғыры, стиль шоғыры керек (?). Кейін ол өнер асыл шыны үйірген күн сәулесіндей бір жерге ұялап, адамның өзін алға жетеледі. Жүрегіне жүрек, миына ми қосты». Мұндай ешкім түсінбейтін сөйлемдер ешкімді ештеңеге үйретпесе керек.

Ал енді осы «ұстаздың» «романда осындай жайлардың көбімен мұрындық соғыстырамыз» (?). «Көп әйел алушылықтың таптық сипаты бары баршамызға белгілі. Аққан-тамғанның бәрі оны жасай алған жоқ» (?), Баланың әкеге үйреткен...«емес» (?), «Соншалық нәзік сезімдерді алтын табакқа салыш, шебер даяшыдай қалт еткізбей әкеледі де, көңіл шымылдығын еріксіз желбіретеді, қанды тасытады. Алайда, динамика құбылыстың өзі жоқ» (?) тағы-тағы осы секілді шатпақтардан аяқ алып жүруге болмайды».

Бұл мысалдарда аздап жылт еткен бояма әсемдік сезіледі, бірақ авторлардың не айтайын деп отырғанын түсіну қиын. Ондай, жұртқа түсініксіз әсемдіктің құны —керегі не? Бүркеуді, бүкпелеуді керек етпейтін біздің идеологиямызға ондайлар жат. Біздің ойымыз айқын, жазуымыз барынша түсінікті болуға тиіс.

Тілде жаңалық болмайды емес, болуға тиіс. Бірақ ол тілдің ішкі заңы негізінде, тілде бар дәстүрді, норманы бұзбай, соларды дамыта, қалыптастыра түсу үшін іздену жолымен жасалады.

Творчестволық жолмен әдеби тілдің рухына, өскелен ойымыздың талабына үйлесімді жасалған жаңалықтар көркем әдебиетте де, публицистикалық әдебиетте де бола береді. Мысалы, бір заманда қазақ тілі ғылыми термин сөздерге жарлы болатын, Осы күні *ұйым, басшылық, орталық, табыс, өнім, құрылыс, құрам, оқулық* сияқты, көптеген сөздің бертінде пайда болғанын ересектер болмаса, ендігі жастар білмеуі мүмкін.

Осылайша жаңа сөздер жасау процесінде тіл қабылдамаған, халық қабылдамаған сөздердің қалып қойып, басқаша аталуы тіл мәдениеті үшін күрестің талабынан туады. Қазақ тілі үшін ғана емес, тіпті, орыс тілінің ғылыми терминологиясын жасау да оңайға түскен жоқ. Әдеби тіл-халық тіліндегі қарапайым сөздерді де өз елегінен өткізуге тиіс. Сонда ғана керегі жоқ сөзді орынсыз қолдану

елеулі стильдік қате деп танылады.

Сөз қолданудағы стильдік қателердің бір түрі — бір сөзді әлсін-әлсін жұмсай беруде. Әдетте ысылғақ жазушы бір сөзді қайта-қайта айтып жұртты ығыр қылмайды, бір сөзді бір сөйлемде мүмкін болғанынша екі рет айтпауға тырысады. Сөз қайталаудың, рас, стильдік те жүгі болатыны бар. Мысалы: «...бала көп; бығып жатыр, жайнап жатыр — бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Мәз-мейрам болып ойнап жатыр — өздерінше қуанышты, шаттық тойын тойлап жатыр». Б. Майлин осы үзіндідегі «жатыр» сөзін әдейі — ұласқан экспрессивті тізбек тобын күшейте, түсу үшін бес рет қолданған. Сондықтан ондайды орынды қайталау деп білеміз. Сол сияқты, мына екі үзіндіде «жатқан», «көрді» етістіктері қайта-қайта айтылған — орынды айтылған: 1.Қабакқа келіп қарасаң, көз ұшындағы жердің бәрі көрінеді: еріп жатқан қар, ойдым-ойдым қара жер, көлкіп жатқан су, қардан-қарды сағалап итініп бара жатқан жүргінші, андағайлап жайылып жатқан мал, асыр салып асық ойнап жатқан жас балалар, суат басына алқа-котан тұра қалып әңгіме соғып жатқан қыз-келіншек...(Б. Майлин). 2. Үйге кіріп отырғаннан Құрымбайдың көзі Күләшта болды. Алдымен Күләштің мәнерлі қызыл тақиясын көрді. Қою қара шашын маңдайынан екі айырғандағы ағарған жігін көрді. Одан төмен — жазық маңдайын, күлімсіреген қара көзін, мұрнын, аузын — тағы-тағыларын көрді. Әсіресе көзі! Мұндай көзді Құрымбай өмірінде көрмеген секілді болды. Әлде көрді ме екен? Жапақтың үйіне қонатында бойжеткен қызы шай құйып беріп еді. Оның көзі де осы сияқты емес пе еді? — Жоқ, ол — өлген балықтың көзі секілді бозғылт еді. Мына көз басқа! (Б. Майлин).

Мұндай емес, бір сөзді орыңсыз езгілеуді, бір айтқанды қайталақтап жауыр еткенді жаны жек көретін жазушының бірі Ғ. Мүсірепов «Әдебиет тілі жайында» деген мақаласында мына мысалға назар аударады: «Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ болып, поэмасы лирикалық болып, лирикасы мен асының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахтың өлеңдері әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ болып келсе, поэмалары сюжетсіз болып, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік лирика болып келеді».

Бір сөйлемнің ішінде «болып» деген жарымжан етістік бес рет қайталанады! «Әлеуметтік лирика болып» — екі рет, «лирика

болып, лирикалы болып» — үш рет!»

Кісі үйреншікті сөздерін қайталай бермеуді өзі қадағалап жазбаса, көршілес, арасы жақын сөйлемдерде бір сөзді бірнеше рет жаза салу қаупі күшті болады. Жазушы ә дегенде, ондай стильдік қатенің көркем сөз арасындағы «арам шөп» тәрізденіп тұратынын сезбей де қалуы мүмкін. Сондықтан болар, мысалы, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің шығармаларынан да ондайға мысалдар табылып қалады:

«Бүгін Шермен жынынан айрылған баксы сияқты. Күлімдеген көзін қара бұлт қаптаған сияқты. Асқындаған, аспандаған бақытын әлде кім келіп жоққа шығарып, күлін көкке ұшырған сияқты. Күні кешегі қатты төсек, жұмақ сияқты көрінген көк мәнерлі бөлме— бүгін аждаһа сияктанып, аузын ашып, обып қоятындай болып тұр».

Бұл қатар айтылған бес сөйлемнің алдыңғы үшеуінде «сияқты» сөзінің үш рет айтылуы орынды. Ал олардан кейінгілерде оның орнына басқа сөз қолдануға болар еді ғой. Мұндай стильдік қателерден аулақ болу үшін жазушы, журналист қазақ тілшінің синоним (мәндес) сөздерін к ең түрде пайдаланады. Мысалы:

Жел жіберіп, бір желпіп
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай.

(Жансүгіров)

Ежелден табан аңдасқан,
Ата дұшпан сен едік.
Ата жауың мен едім,

(Махамбет)

Сөз — тілдің аса керекті құрылыс материалы. Сөз жеке тұрғанда, жансыз жасық дегендей дәрменсіз болып көрінеді. Оның жандана түсетін де, гүл-гүл жайнайтын да жері сөз тіркесі, сөйлем құрамы. Балықтың өмірі суда болатындай, сөздің де өмірі сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында болады. Сөздің осы табиғатын түсінген кісі оның өмір сүру дағдысымен есептеседі.

Сөздердің өзара тіркесу қабілеті әр түрлі: кейбір сөз аз сөзбен, кейбір сөз көп сөзбен тіркеседі. Мысалы, сын есім көбінесе зат есімдермен тіркеседі де, етістікпен оқта-текте тіркеседі. Соның өзінде кез келген сын есімді кез келген зат есіммен тіркестіруге

болмайды. Мысалы; *жазықсыз, жалқау, екіқабат* сөздерін адам туралы - *жазықсыз кісі, жалқау бала, екіқабат әйел* деп айтуға болады да, «жазықсыз ағаш», «жалқау тауық», «екіқа бат сиыр» деуге болмайды. Сол сияқты, *көмескі естіледі, көмескі сөз* деуге болады, «көмескі шайнады», «көмескі ат» деуге болмайды. Өйткені соңғылар өзара мағыналық байланыстағы сөздер емес. Тіркескен сөздер әрі мағылық, әрі синтаксистік байланыста жұмсалса ғана, айтылған ой өзгелерге барынша аян болмақ. Егер сөйлемдегі сөздер өз теңін тауыш мағыналық, синтаксистік байланыста дұрыс тіркеспесе, айтылмақ ой түсініксіз не көмескіленіп тұрады. Мысалы:

Мен барда, сұлу жырлама,
Грузия әнін қаралы:
Аламын еске мұңлана
Өзге өмір шалғай жалғаны. («Қазақ әдебиеті»)

Осындағы «өзге өмір шалғай жалғаны» — бірі мен бірінің басы қосылмай бытырап жатқан сөздер тізбегі. Сондықтан одан ештеңе түсінуге болмайды.

Кейбір авторлар сөз өрнегін бұзып, өзінше айтуды сән көріп, еркін тіркестерді ғана емес, тіпті тұрақты тіркестерді өзгертіп құрастырады. Мысалы, «қайратқа мінді», «шамасы келмеді», «көңілі тасыды», «аузынан тастамады», дегендерді «Жексеннің» авторы «қайратқа жігерленді» (86), «шамалары жетпеді» (88), «жігерін тасытты» (217), «аузынан бір түсірмейді» (18) деп жазады. Шәлкес құралған мұндай тіркестерде ешқандай сәндік те, әсемдік те болуы мүмкін емес.

«Шұғыла» бірлестігінің дикторы телевизор экранын. да тартымды әуенмен жап-жақсы сөйлеп отырып құлаққа түрпідей тиетін бір сөзді айта қалса, тыңдаушылар мұнысы несі ! — дегенді айтасың. Оның себебі - сөз кісінің ойын білдіріп қана қоймай, сезімін де білдіреді. Орынсыз қолданылған бұзып айтылған, дөрекі, былапыт, жағымсыз сөздер тыңдаушылардың сезіміне теріс әсер етеді де, мазмұнына марынасы сай, жұмсалыуына айтылуы сай-сыпайы, әсерлі сөздер тыңдаушылары мен оқушыларын еліктіріп отырады. Ой-пікірді білдіріп, сезімге әсер етпейтін сөздер — жасық сөздер. Халық аузынан мұндай жасық сөздер шықпайды. Халықтан шыққан асыл сөздерді сөз қолдану мәдениеті төмен жандар жасытады.

Стилі нашар кісілердің сөйлемдері шұбатылып жатады. Күрделі ойды аз сөзбен барынша сығымдалған сөйлеммен айту – жазу өнерінің басты шарттарының бірі.

Қазақта «көп сөз — көмір, аз сөз — алтын» деген де мақал бар. Бұл мақалдың-мағынасын аз сөйле, аз жаз деп түсінбейміз, аз сөзбен түсіндіруге болатын ойды мылжындап көп сөзбен айтып, сөздің берекесін қашырма, сөзге сараң бол да, ойға терең бол деп түсінеміз, Сондай

бірі — Б. Майлин. Оның сөздері дәл, сөйлемдері ықшам, ойы айқын.

-  1. Сөз қолданудағы стильдік қателердің қандай түрлері бар?
2. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті қандай сөздермен тіркеседі?
3. Стиль дегеніміз не?
4. «Көп сөз - көмір, аз сөз –алтын» деген мақаладың мағынасын түсіндір?

Тұрақты тіркесудің қолданылуы

Тілдік әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының біразы — тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер.

Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, публицистикалық әдебиетте, көпшілікке арналған лекция, әңгімелерде мол пайдаланады.

«Жел үп етсе болғаны, қалың қамыстай тары сыбдыр қағып, сыбырласа жөнеледі» (Ғ. *Мұстафин*) тәрізділер көркем әдебиет стиліне тән. Шаруаларға тары өндіру туралы жасаған баяндамада солай сөйлеу ерсі болар еді. Бірақ баяндама, лекция, әңгіме тілін жандандыру үшін әдеби тілде бар кестелі сөздерді пайдалануың ешқандай ерсілігі жоқ, қайта олар ұтымды сөздің аса керекті элементтері болады. Олар мыналар:

Мақал-мәтелдер — халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі болып келеді. Олардың «бәрі заңның, өсиеттің, ереженің күшіндей күші бар қысқа-қысқа нақыл сөзге айналып, тілде сақталып қалады».

Мақал-мәтелдер аз сөзді, терең мағыналы әрі ұтымды болатындықтан, сөйлеген сөзде пайдалана білу керек-ақ. «Сөздің көркі — мақал, жүздің көркі — сақал» дегендей, мақал-мәтел сөзіне нәр береді.

Сол сияқты, мысалы «Көрмес түйені де көрмес», «Шегірткеден қорыққан егін екпес» дегендей мақал-мәтелдерді қоса сөйлесе, олар мазмұнды сөзді жандандыра түседі. Сол сияқты, еңбекті дұрыс ұйымдастыру жөніндегі әңгімеде «Еңбек түбі береке», «Еңбексіз егін бітпес, оқусыз білім бітпес» тәрізді мақал-мәтелдерді қоса сөйлегенге не жетсін!

Осылай, орынды қолданған мақал-мәтелдер ауызекі сөздің де, әдеби тілдің де шешендік, көркемдік элементтерінің бірі болатындықтан, халықтың тіл байлығын қадір тұтып, тіл өнерін үйренем деушілер оларды көп біліп дұрыс қолдануға тырысады. «Мен мақал-мәтел арқылы образды ойлауға үйрендім» деген М. Горький тәжірибесінен үлгі алады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бәрі бірдей ұстамды емес біздің қазіргі идеологиямызға жанасымды, тәрбиелік мәні зор өнегелілері бар да, ескі өмірдің кертартпалар шығарған ұстамсыздары да бар. Оларды таңдап, талғап орынды жерінде пайдалану керек. Осы талаптар тұрғысынан кейбір өткір нақылдарды керісінше, не аздап өзгеріс енгізіп, қазіргі өмірге жанасымды етіп пайдалануға да болады. Орысша «Один в поле не воин» — «И один в поле воин» деп өзгертіп айтқанындай, С. Мұқанов «Құрылыс жырында»:

«Құм жиылып тас болып,
Құл жиылып бас болып,
Шаруа ұстап ел болып...» — деп жазыпты.

Фразеологиялық тіркес — кісінің ойын мәнерлі түрде айту үшін жұмсалатын сөздер тобы. Ондай тіркестер әдетте тұрақты болады. Олар «идиомалық т і р к е с», «ф р а з а л ы қ т і р к е с» деп екіге бөлінеді. Идиомалардың білдіретін мағыналарына олардың құрамындағы сөздердің, мағыналары қатынаспайды, мүлде басқа мағынада, сол тұрақты қалпында ойды әсерлі, көрікті етіп айту үшін жұмсалады; олар мынандай тіркестер: қара қылды қақ жару, қой үстіне боз тор-ғай жұмыртқалау, жүрегі шайылу, қас пен көздің арасында, қой аузынан шөп алмау, тіс қаққан, сіркесі су көтермеу, аузымен орақ ору.

Фразалық тұрақты тіркестер де ауыспалы мағынада мсалады. Олардың идиомалық тіркестерден айырмашылығы— құрамындағы сөздердің (не бірінің) әдепкі мағынасы айтылған ойға қатысты болады. Мысалы: тіл «алмау, көз қырын салу, жаны ашу, түйедейді түймедей ету, басына әңгір таяқ ойнату, үрейін ұшыру, тасы өрге бомалау, жар құлағы жастыққа тимеу, тырнақ астынан кір іздеу. Бұл топқа мынандай тіркестер де енеді: аузынан тастамау, қайратқа міну, күш жұмсау, қолқабыс ету, шамасы келмеу, қолынан келмеу, көзі түсу, басы қату, ойын бөлу, есіне салу, көңіліне келу. Фразеологиялық тіркестерді қолдана білу — тіл білудің бір белгісі. Халық тілін жақсы білетін кісі тілдің осы байлығын да молынан, дұрыс қолдану арқылы ой өрнегін түрлендіріп, ұтымды, түсінікті, ықшамды етіп салады. Сондықтан әрбір мәдениетті, сауатты кісі, тілге шешен болғысы келген оқушы, студент халық тіліндегі тұрақты тіркестерді көңілге тоқи жүріп, пайдалануы рас.

Идиома, фразалық тіркестердің бір тілде қалыптасқан құрамын жөн-жорығы жоқ, өзгертіп айтып, жазуға болмайды. Мысалы, «табан астында» дегенді «Табан ауында», «Қаға берісте қалып қойды» дегенді «Қаға беріске қарай айнала берді» (С.Шаймерденов) тәрізділер кездеседі. Мұндай ойсыраған кемшілік жоқ, сонда да ол айтқанда «аяқты» дәл баспай, сәл қия басқандық байқалмай ма? Мүкін болғанша тұрақты тіркестердің тобын жазбауға тырысу керек. дәлдікке бой ұрған кісі үшін «екі көзді төрт қылды» (сағындырды) дегеннің сөздерін өзгертіп, орнын ауытырып айтудың жөні жоқ. Тек өлеңді сөйлемде ұйқас үшін ол сөздер басқаша құралуы мүмкін:

Төрт қылып екі көзді сағындырып
Жүр екен біздің қалқа қандай жерде!

(Майлин)

Өзім жоқта орныма шөп сап қойып,
Ақ жүзімді ел-жұртқа қылма салық.

(Абай)

Бір тілде бар идиомалық тіркестерді екінші тілде сөзбе-сөз аударуға болмайды. Өйткені олардың білдіретін мағыналары құрамындағы сөздердің мағыналарынан құралмайды, мүлде басқа ауыспалы мағынаны білдіреді.

«Қанатты сөздерді» — «нақыл сөздер» деп те атаймыз. Оларды айтылатын оймен орайластырып дұрыс қолдана білсек,

сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге бірден ұялай қалатын дәл, әрі ықшамды болады. Қанатты сөздер бұрынды-соңды шешендер мен көрнекті ақын-жазу-шылардың аузынан, қаламынан шығып халыққа тарайды да, олар халықтық касиетке ие болып кетеді. Мысалы, «Кімнің тарысы піссе, соның тауығы», «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады», «Соқыр тауыққа бәрі бидай», «Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды», «Ит үреді, керуен көшеді», «Сырдың суы сирағымнан келмейді», «Байтал түгіл бас қайғы» сияқтыларды о баста кім айтты, қашан айтты? дегенге жауап беру қиын. Сондықтан олар авторы жоқ халық өлендері сияқты халықтың нақыл сөздері деп есептеледі.

Бірқатар қанатты сөздердің кім шығарғанын анық айтуға болады. Мысалы, «Аз болсын, аз болса да саз болсын», «Бір адым ілгері, **екі адым кейін**», «Ештен кеш жақсы» (орыс тілінен аударылған), «Баяғы жартас бір жартас», «Адасқанның алды жөн, арты — соқпақ» (*Абай*), «Қиналған Жамбыл жері осы» (*Жамбыл*), «Достың сыры досыңа паш» (*Сұлтан-махмұт*), «Жақынды араз, татуды жат қылатын — өсек» (*Мұқтар*), «Сыншының бәрі бірдей мінші ме?» (*Ғабиден*), «Адамның ішкі сезімінің айнасы — көз» (*Сәбит*).

Қанатты сөз — ұшқыр ойдың қанаты. Оны көп біліп, сөзде, жазуда жұмсай білу — үлкен өнер. Мысалы: М. Әуезов «Абай» романында Абайдың болашақтан үлкен үміт кутетін жаңашыл адам екенін көрсету үшін оған мына сөзді айттырады:

— *Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей ме? Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас!* — деген қазақ неткен дана!

Б. Майлин кулактарды кәмпескелеу кезінде бір кейіпкерін былай сөйлетеді:

— *Бәрі де бір, бөлтірігі де бір.* Жамандықты адамның жаны сезе ме екен, осында калса, соның бір кесірі тиетіндей көрдім де тұрдым.

Ғ. Мұстафин «Миллионерде»: — *Игіліктің ерте кеші жоқ, жоспарыңызды қалдырып кетіңіз,* — дейді.

Осы мысалдардағы қанатты сөздердің ойды дәл басып айтумен қатар, көрікті етіп тұрғанын да аңғару қиын емес.

Бірқатар офоризмдер Қарабай, Құнанбай, Мырқымбай сияқты

кісі аты ретінде және цитата ретінде айтылады; мысалы, Х. Есенжановтың «Ақжайық» романында Әбдірахман Хакіммен әңгімелескенде:

*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан —*

дейді Абай.

Дүниенің қазіргі кетігі көп, кез келген жерге барып, қалана беруге болмайды, бірақ Абайдың тілегені ол емес, өзінің тұратын орнында тауып қалан, халыққа керекті, кетікті толтыр дейді. Әбдірахман тағы бірде:

— ...Ехлас ағаларың шығар, оған дауым жоқ, бірақ *Атаның баласы болма, адамның баласы бол*» — дейді ай, дұрыс-ақ емес пе?

Қазақ жазушыларының қанатты сөздерді халық тілінен өзгеден алып, өздері жасап қолдануы тегін емес. Онда үлкен шеберлік қасиет бар. Сондықтан, мысалы, Мұстафин «Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп», «Нөсер алдында нажағай ойнайды», «Қызыл темір суға салса, шыжылдар да шынығар» тәрізді ел аузында барды өз орнына орынды пайдаланумен қатар, өзі де солардың үлгісімен: «Сыншның бәрі бірдей мінші ме?..», «Қөп алдында көсем пікір ойнайды», «Қызба жүрек суық сөзден дір етер де суынар» тәрізді қанатты сөздер жасаған. Мұндайды шеберлік демеске болмайды.

?

1. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы неде?
2. Фразеологиялық тіркес деген не және оның неше түрі бар?
3. Қанатты сөздер дегеніміз не және оған қандай сөздер жатады?
4. Фразалық және идиомалық тіркестердің өзара айырмашылықтары неде?

Мақал-мәтелдер - халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі.

Фразеологиялық тіркес - (фразеология деген термин грек тілінен шыққан, *сөйлемше туралы ұғым, ілім*) кісінің ойын мәнерлі түрде айту үшін жұмсалатын сөздер.

Қанатты сөз - ұшқыр ойдың қанаты.

ГЛОССАРИЙ

Тіл мәдениетінің тірегі - әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астарласып жататындықтан, «тіл мәдениеті» деген ұғымның аясы кең. Өйткені тілдік нормалар мен тілдің стильдік тармақтарының әдеби тілдің қоғамдық қызметі ұлғаю барысында көп жылдар бойы берік қалыптасқандарға да, жаңадан пайда болғандары да бар.

«**Мәдениет**» сөзін бұрын қоғамның материалды, рухани байлықтарының түрлі тарамдарын қамтиды деп қолдансақ, осы күндері оның жұмсалыу аясының кеңейгені байқалады, мысалы: еңбек ету мәдениеті, сауда-саттық мәдениеті, егін жинау мәдениеті, мәдениетті дақылдар. Осылардың қатарында «тіл мәдениеті» деген ұғым да жиі қолданылатын болды.

Бұл атаудың пайда болуы тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшейюімен, тіл білімі ғылымының ілгері дамуымен байланысты болса, мақсат-жұртшылықты сол мәдениетке баулу болмақ.

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Тіл арқылы айтылатын ой сөзге, сөз тіркесіне, солардың құралған сөйлемдерге негізделеді. Тілдің бас арқауы - сөз. Арқаусыз кілем, алаша, мата тоқылмайтын сияқты, сөзсіз сөйлем де құралмайды. Сөйлем адам ойын айтудың негізгі формасы болатындықтан, оқушының сөзден сөйлем құрап, өзгелермен тілдесе, жаза білуі - оның ақыл-ойының дамып, сана-сезімінің арта түскенінің белгісі.

Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Сондықтан бастауыш мектептен бастап бала ана тілін білу, үйрену, тіл мәдениетін арттыруды барлық саналы өмірінің әрекеті деп түсінуі керек.

Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік... тіл мәдениеті дегенге енеді. Мақсат – сол мәдениетті дамыту сол үшін күресу. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді

дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық.

Орфографиялық қателер. Қазақ халқының жазу мәдениетін жақсарту мақсатында алфавит пен орфографияға бірнеше рет реформа жасалды. Алайда кітаптарда, газет-журналдарда сөздерді қате жазу кездеседі. әсіресе біріккен, дублет сөздерді жазуда бірізділік жоқ. Ондайды жөнге салатын орфографиялық сөздіктердің де кемшілігі аз емес. Мәдениеттің елдердің жазуында, кандай болса да, жеке сөздің жазылу нұсқасы барлық әдебиетте, күллі халық жазуында бір түрлі болады. Егер бір сөзді, мысалы, орыс тілінде шыққан бір газетте қате жазып қойса, оқушылар ондайға түксіе қарайды. Біздің баспасөзде, мысалы, қадірлі, қадырлы, кәдірлі деп ақиқат, ақиқат, ақиқат деп, педагогтік, педагогтық деп түрлендіріп жаза береді.

Орфоэпиялық қателер. Әдеби тіл сөйлеу тілінен нәр алып дами келе, сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді. Мәдениетті кісілер елдегі қарапайым кісілерше сөйлегенде де, әдеби тілдің нормаларына бой ұра, әдеби тілдің қалпын бұзбау сөйлеуге тырысады. Осы бағыт жалпы халықтық дәстүрге айналып, жұрт әдеби тілде сөйлейтін болады. Бірақ сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Мына сөз былай айтылмайды, былай айтылады, мынасы дұрыс, мынасы теріс дегенді көп есітпейміз. Кім қай сөзді қалай айтады, қалай есітеді – бәрі бір, әйтеуір нобайы келсе болғаны. Бұл кемшіліктен арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек.

Стильдік қателер. Сөйлеуде де, жазуда да нысанамыз – ой дәлдігі болмақ. Қолына қалам ұстаған кісі басына келген ойды қағазға түсіргісі келсе, соны қалай жазсам екен деп ойланады. Бұл – оның өз бойына лайық сөз іздеп, сөйлем құрудың жолын қарастырғаны. Тілде бар мыңдаған сөздерден дәл сол ойға лайық сөз талғап, оны басқа сөздермен тіркестіріп, сөйлемді дұрыс құру оңай жұмыс емес. Кісі оқу, үйрену, жаттығу арқылы ойын емін-еркін, әрі дұрыс жазуға төселеді. Соның өзінде құнтты, ұқыпты болу керек. Жарыққа шыққан кейбір кітаптар мен газет-журналдардан кейде білместіктен, кейде ұқыпсыздықтан жіберілген стильдік қателерді көзіміз шалып қалады: сөздерді орынсыз қолдану, дұрыс тіркестір-

меу, сөйлемдерді құрастыра алмау сияқты қателер жиі кездеседі.

Сөйлеу тілінің мәдениеті дегенде, жұртшылықтың алдымен әдеби тілді игеру дәрежесінің қандай екеніне қараймыз. Сөйлеушілердің өздеріне тән тілдік ерекшеліктері болумен қатар, ол бүкіл халыққа ортақ әдеби тілдің де байлықтарын бойына сіңіруге тиіс. Оның толып жатқан қиын - қыстау, ұзын сонар жолдары бар: мектеп, институт, кітап, журнал, газет, радио, телевидение, театр... бәрі тіл мәдениетіне де баулыттын орындар. Қазіргі адам солардан, өнегелі тәрбиешілерден үйрену, оқу арқылы тіл мәдениетіне қанық болады.

Тілдік норма дегеніміз «әдеби» деген ұғыммен тайталас айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары – «тілдік норма» дегенге жатады. Тілдік нормадан тысқары құбылыстар, ауытқулар ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып есептеледі. Сондықтан «әдеби тіл», «әдеби емес тіл» дегенді халық тілінің нормалану нысаналарына қарап айтамыз.

Нормадан ауытқу тілде барды қоғамның таңдау, талғау елегінен өткізу негізінде және де тілге енген жаңалықтарды үйлесімді бір арнаға салу негізінде қалыптасады. Әдеби тілдің нормалары әрдайым сол түр - тұрпатын сақтап қатып қалмайды. Олар да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ондайды *нормадан ауытқу* дейміз.

Әдеби тілдің нормасы деп - тілдің таңдамалы қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін айтады.

Жөнімен ауытқу деп - әдеби норманы белгілі мақсатпен стильдік өңі болғандықтан өзгертіп қолдануды айтады.

Жөнсіз ауытқу деп - әдеби норманы жөн-жосықсыз бұзып, естіген білгенін қалай-болса солай талғамай қолдануды айтады.

Лексикалық норма дегеніміз - әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды.

Диалектизмдер. Бірқатар сөздер жалпы халыққа бірдей түсінікті болмай, тек кейбір облыстағы, кейбір аудандағы қазақтардың сөйлеу тілінде кездеседі.

Профессионализм. Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы: Каспий, Арал, Балқаш, Сырдария, Амудария өңіріндегі балықшылар тілінде былайғыларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ, бау-бақша, мақта,

күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар.

Дөрекі, былапыт және жаргон сөздер. Бұлар - әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алмауы мүмкін емес.

Дөрекі – тұрпайы, анайы, оғаш, ерсі деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Қаншама сыйымды ғып айтам дегенмен Ерғалидың осы сөзі – есіткен құлаққа бір түрлі жат, дөрекі секілденіп тұрды.

Сөйлемде қолданылатын, жазба әдебиетте қолданылатын, әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай дөрекі сөздерді қарапайым сөздер дейміз.

Былапыт - ұқыпсыз, салақ, қалай болса солай, бей-берекет деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Алғашында есеңкіреп, оңды-солды былапыт қимылдаған Қоспан кейін есін жиып, тілсіз жаудың әдісін алайын деді.

Жаргон – жалпы халықтық тілден оқшауланған бір немесе бірнеше тіл элементтері. Көпшілікке түсініксіз шет сөз, диалект, жаргондар олардың өлеңдерінде мейлінше аз кездеседі.

Сөздердің айтылу нормасы туралы. Сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады. Сөйлеу тілінің бұл қасиеті ауыздан шыққан сөздің дәл, анық айтылуын керек етеді. Анық айтылмаған сөз көмескі естіліп, көздеген жеріне жетпей жатады.

Орфография – (грек. orfhos – дұрыс, grapho - жазамын) – сөзді бірізді жазудың тәсілдерің белгілейтін ереже.

Орфоэпия – (грек. orthoepia, orthos – дұрыс, epos - сөз) – ауызша сөздің бірізді дыбысталуын қамтамасыз ететін ұлттық тіл нормасының жиынтығы.

Қысқарған сөз - күрделі сөздің бір түрі. Әр алуан әлеуметтік, қоғамдық ұйымдардың, мекеме және мемлекет, құрылымдарының аттарын тілімізде қысқартып, ықшамдап айту.

Грамматикалық нормадан ауытқулар. Мағыналық, стильдік қызметі бар ерекшеліктерді пайдалану нормадан жөнімен ауытқу болады. Мысалы, болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының бірі 1- жақта –ма-й-мын.. болуы-грамматикалық норма. Сонымен қатар ол ауытқып –ман... түрінде де жұмсалады:

*Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап!*

(Абай)

Грамматика – (грек.grammatike- әуел баста әріптерді оқи алу және жаза білу өнері,граммa -әріп).Тілдің грамматикалық құрылысын, оның заңдылықтарын зерттейтін, яғни тілдегі сөз таптарын, олардың түрлену жүйесін, грамматикалық тұлғалары мен категориялардың, сөздердің бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің сөйлемдегі қызметін, сөйлем жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Конспект – (латын. konspektus- шолу) болашақ баяндаманың, лекцияның ықшамды түрі.

Тезис – (грек. thesis автордың не шешеннің дәлелдейтін, қорғайтын қағидасы, түйінді қорытындысы) онда айтылуға тиісті жайлардың негізгі қағидалары, мазмұны тұжырымдалып жазылады.

Жоспар - күні бұрын жасалған план, мөлшер, жоба.

Стиль — көркемдеп сөйлеу амал - тәсілдерінің жиынтығы, сөйлей білудің қалыптасқан жүйесі, тілдің айрықша белгілерінің бірі деген ұғымды білдіретін термин.

Стилистика — тіл материалдарын мағынасына, әсеріне қарай пайдалана отырып, ойды дәл, анық және тартымды етіп жеткізе білу үшін қолданылатын құралдар туралы ілім.

Сөз - ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз үй салуға болмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі.

Таза сөйлеу дегеніміз—сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеу. «Бөгде сөз» дегеннің түсінігі өте шартты. Өйткені өзге тілден сөз қабылдамаған,«таза тіл» болмайды. Егер өзге тілдерден ауысқан сөздер сол тілге сіңіп, сол халықтың тіл байлығына айналса, олар «бөгде сөздер» болып есептелмейді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі *.кітап, нан,өмір, отан, жан, баға, сағат* сияқты сан алуан өмірлік сөздер — о бастағы араб-парсы сөздері. Орыс тіліндегі, мысалы, *вагон, рельс, чабан, радио, интенсификация, штурм* — басқа тілдерден енген сөздер. Сол сияқты, қазақ тіліндегі *сиса, қамыт, доға,*

жәрмеңке, лампа, ферма, совхоз, радио, институт... орыс тілінен ауысқан. Осылардай шетел, көрші халықтар тілдерінің сөздері бұл күнде қазақ тілінің, «қанша сіңіп», әбден жымдасып кетсе, оларды қолданып қазақша сөйлеушілерді кінәламауға тиіспіз. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы» — деген Абай да тіліміздегі өзге тілдерден ауысқан сөздерді «бөтен сөз» деп танымаса керек. Өйткені ол өз шығармаларында мынау «бөтен сөз» деп айырмайды. Ақынның «бөтен сөз» дегені халық қабылдамаған, тілдік дәстүрде жоқ, әдеби тілге енбеген сөздер болу керек.

Мақал-мәтелдер - халық данышпандығының айнасы, оларды удырған халықтың тіл байлығының алтын азынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің ережесі.

Фразеологиялық тіркес - (фразеология деген термин грек тілінен шыққан, *сөйлемше туралы ұғым, ілім*) кісінің ойын мәнерлі түрде айту үшін жұмсалатын сөздер. Ондай тіркестер әдетте тұрақты болады. Олар «идиомалық тіркес», «фразалық тіркес» деп екіге бөлінеді. Идиомалардың білдіретін мағыналарына олардың құрамындағы сөздердің, мағыналары қатынаспайды, мүлде басқа мағынада, сол тұрақты қалпында ойды әсерлі, көрікті етіп айту үшін жұмсалады; олар мынандай тіркестер: қара қылды қақ жару, қой үстіне боз торғай жұмыртқалау, жүрегі шайылу, қас пен көздің арасында, қой аузынан шөп алмау, тіс қаққан, сіркесі су көтермеу, аузымен орақ ору.

Қанатты сөз - ұшқыр ойдың қанаты. Қазақ жазушыларының қанатты сөздерді халық тілінен өзгеден алып, өздері жасап қолдануы тегін емес. Онда үлкен шеберлік қасиет бар. Сондықтан, мысалы, Мұстафин «Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп», «Нөсер алдында нажағай ойнайды», «Қызыл темір суға салса, шыжылдар да шынығар» тәрізді ел аузында барды өз орнына орынды пайдаланумен қатар, өзі де солардың үлгісімен: «Сыншының бәрі бірдей мінші ме?...», «Көп алдында көсем пікір ойнайды», «Қызба жүрек суық сөзден дір етер де суынар» тәрізді қанатты сөздер жасаған. Мұндайды шеберлік демеске болмайды.

Ана тілі - бүкіл ақыл ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы.

Тіл тазалығы үшін күрес — тіл мәдениеті үшін күрестің бір бөлегі. Қазақ әдебиет тілінің тарихында бұл күрестің алатын орны

ерекше. 1888 жылдары шыққан «Дала уәлаяты» газетінің бір бетінде, кейін Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың творчестволарында, «Айқап» журналының беттерінде «қазақ тілінің тазалығы» үшін деген мәселе өте маңызды мәселелердің бірі болып көтерілді. XVIII ғасырдың екінші жартысында әдеби тілдің екі түрі болды; бірі — ескі өзбек әдеби тілі («шағатай тілі») негізіндегі әдеби тіл, екіншісі — дінді, діншілдікті уағыздайтын кітаби тіл. Солардың тілі шым-шытырық, шұбар-ала болатын. Кейін, XIX ғасырдың екінші жартысында, жаңа сапалы әдеби тілді қалыптастыруға шұғыл бет бұрылды

С. Көбеевтің сөзімен айтқанда, «Айқап» журналы қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елеулі мәселелер көтереді. 1913 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айқап» журналында жарияланған мақаласының бірінде былай делінген: «Біз енді Самарқанд, Түркістан, Бұхара, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жәйттарынан арылып, Европа мәдениетіне суарылған жаңа өнерлі тілді жасайық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптан таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік».

Тіл дамыту дегеніміз – адамдардың белгілі дәрежеде тіл байлықтарын игеру әрекеті, әдетте оның нәтижелері әр алуан болады. Өйткені әркімнің тіл байлықтарын қабылдау қабілеттері мен оған деген ықылас, талап-талпынулары түрліше болса, соған керекті жағдайдың кезінде жасала қоюы екіталай. Баланың тілі шығып сөйлей басатағаннан кейінгі өмірінің бәрінде адамның қоғамдағы қызметі, орны, іс-әрекеті ... айналып келгенде оның ой өрісіне, тілінің дамуына әсер етпей қоймайды. Оқушының тілін ширататын табиғи орталығы (семья, айнала) оқып-үйренумен, еңбек процесімен ұласып, жатса құба-құп. Адамды адам еткен, оған тіл бітірген еңбек болса, келешекте де адамның дүниетанымын, ақыл-ойын, тіл жұмсау әрекетін кеңейтетін еңбек майданы оның саналы өмірінің мектебі болса, солардың бәрімен ұштасып жататын тіл дамытуды, ана тілін жете меңгеру болып табылады.

Шешендік – ой-пікірді тыңдаушыларға айқын, анық, әсерлі етіп айту (жазу) шеберлігі. Сөйлесудің, сөйлеудің әдеттегі қарапай-

ым қызметі пікір алысу, өзгелерге сөйлесушінің ой-пікірін білдіру болса, шешендік трибунасына шыққандар нәрлі, тартымды сөздер арқылы тыңдаушылардың сана-сезіміне әсер етуді көздейді. Ол үшін ұшқыр ойлы, адамның әсем сөз кестелерін пайдаланып, бар ынта-жігермен айтқандары объективті шындық-дәлелді болуға тиіс. Алдамшы, көзбояу сөздер де өзінше нақышты, біршама тартымды болуы мүмкін, Бірақ ондай бөспе, жел сөздер көңілден жай таппай, тез ұмытылады. Өзгелерді ойлантыратын, көңілге қонымды, мазмұнды, дәлелді ой-пікірлер шешендік сөз орамымен, өтімді әуенмен ұштасып шындалған болса, құлақтың құрышын қандырады, адам жүрегінің түкпірінен орын алады, көпке дейін ұмытылмайды.

Тіл – адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару қиын емес. әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірткісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқан шешен деп дәріптейді. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениет-тілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіларқылы үйренеді.

тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеленеді. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды. Қазақ халқының жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы лабораториясы, әдеби тілді шыңдаудың әдепкі дүкені болғаны рас, бірақ оның тілі шын мәнінде әдеби тіл есептелмейді.

Әдеби тіл – жүйелі тіл. Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады; жазу мәдениеті арту арқылы халықтың тіл мәдениеті артады. Сөйлеу тілінде, мысалы, көптеген сөзді әркім әр түрлі айтатын болса, түрліше қолданатын болса, әдеби тілде олар жұрттың бәріне бірдей, бір қалыпты жұмсалады. Нормаға түспеген әрі-сәрі тіл әдеби тіл деп есептелмейді.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

1. Адамбаев Б.Шешендік өнер. Алматы, 1992.
2. Адамбаев Б.Қазақтың шешендік өнері. Алматы, 2006.
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасу жолдары. Алматы,1999.
4. Аманжолов С, Хасенов Ә, Ұйықбаев И. Қазақ тілі. Алматы, 2001.
5. Асыллов Ұ. Сөз қадірі – өз қадірің. «Әдебиеттану», 4-басылымы. Алматы, 2003.
- 6.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 2012 .
- 7.Әміров Ә. Балаларды әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1998.
8. Әуезов М. Абай жолы. 1-2 кітап. Алматы, 2003.
9. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. А.,2003.
10. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1992.
11. Болғанбаев Ә. Лекторлық өнер – шеберлік. Алматы, 1997.
12. Ботирова Ш.И. Адабий тағлим кластери. Тошкент, 2021.
13. Ботирова Ш.И. Адабиётшуносликкириш. Тошкент, 2020.
- 14.Ботирова Ш.И. Проблемные аспекты, связанные с применением педагогических технологии и интерактивных методов на уроках// Мактаб ва ҳаёт (илмий-методик журнал)// Тошкент. 2020, 1-сон (махсус сон). 38-39-Б.
15. Ботирова Ш.И. Об обучении студентов филологии основам анализа и литературным терминам// Преподавание языка и литературы//Ташкент. 2020, №7, 82-83-стр.
16. Дәулетбекова Ж., Раев Қ., Қыдырбаев Ә. Қазақ тілі (оқу құралы). Алматы, 2000.
17. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. Алматы, 1991.
18. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Алматы, 1999.
19. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002 .
20. Құнанбаев А. Қара сөздер. Алматы, 2010.
21. Малайсарин Ж. Қазақ мақал- мәтелдері. Алматы, 2003.
22. Негимов С. Шешендік өнер. Алматы, 2001 .
23. Нұртазин Т. Сөз құдіреті. Астана, 2007 .
- 24.Расулов Р., Муйдинов Қ. Нутқ маданияти. Тошкент, 2004.
25. Расулов Р., Хусанов Н, Муйдинов Қ. Нутқ маданияти ва нотиклик

санъати. Тошкент, 2006.

26. Ботирова Ш.И. Адабий таълим кластери. Тошкент, 2021.
27. Сағындықұлы Е. Педагогика. Алматы, 1999.
28. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 2004.
29. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. (XVIII- XIX ғасыр)
30. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы, 2006.
31. Ұйықбаев Ә. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. Алматы, 2002.



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	5
I тарау. Мәнерлеп оқу жайлы мағлұмат	9
Мәнерлеп оқудың характері мен мазмұны жайында	9
Мәнерлеп оқудың мақсаты мен міндеттері.....	11
Мәнерлеп оқудың техникалық негіздері мен жаттығудың жолдары	14
Көркем шығарманы жанрына қарай оқу	27
II тарау. Әдеби тіл туралы түсінік	37
Әдеби тіл және тіл мәдениеті	41
Әдеби тілдің тарихы туралы	48
Оқушының әдеби тілді оқып үйрену дағдысы	50
Жастардың тіл мәдениетін дамытуға ата-ана қамқорлығы	52
Әдеби тілдің мәдениеті туралы	57
Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті	64
Тілдік норма туралы түсінік.....	69
III тарау. Нормалар туралы түсінік	74
Орфоэпиялық және орфографиялық норма.....	78
Грамматикалық норма	82
Таза сөйлеу — ой айқындығының белгісі.....	93
Сөзді сазына келтіріп сөйлеу	98
Сөз қолданудың негізгі принциптері	100
Коқырсық және былапыт сөз туралы бірнеше сөз.....	106
Тіл дамыту жұмыстары.....	114
Шешендік өнері туралы.....	137
Сөз мәдениеті және шешендік өнер.....	142
Пысықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар.....	159
Академиялық шешендік сөз.....	171
Тұрақты тіркесудің қолданылуы.....	201
Глоссарий	206
Библиографиялық көрсеткіш	214

**БАЙҚАБЫЛОВ ӨСЕРБАЙ ӘЛІМХАНҰЛЫ,
БАТИРОВА ШАХЛО ИСАМИДДИН ҚЫЗЫ**

МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығына арналған оқу қолданба)*

Мұхәррир: Х. Тахиров
Техник мұхәррир: Т. Рахматуллаев
Мусаххих: Н. Исмадова
Сахифаловчи: А. Мухаммад

Нашр. лиц № 2244. 25.08.2020 й.
Босишга рухсат этилди 10.07.2021 й.
Бичими 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсет қоғози. “Times New Roman”
гарнитураси. Ҳисоб-нашр табоғи. 13,75.
Адади 100 дона. Буюртма № 35.

«ZEBO PRINTS» МЧЖ босмахонасида чоп этилди.
Манзил: Тошкент ш., Яшнобод тумани, 22-ҳарбий шаҳарча.

[illegible]

[illegible]